

ЖУРАСОВА А.Ш

**Орал қаласының тарихы:
әлеуметтік -экономикалық
және мәдени дамуы
(1946-2011 жж.)**

ЖУРАСОВА АЛТЫНАЙ

**Орал қаласының тарихы:
әлеуметтік -экономикалық
және мәдени дамуы
(1946-2011 жж.)**

Орал – 2013

УДК 908
ББК 26.89
Ж79

Пікір жазғандар:

Ә.Қ.Мұқтар – тарих ғылымдарының докторы

С.Ө.Смағұлова – тарих ғылымдарының докторы

ЖУРАСОВА А. Ш.

Орал қаласының тарихы: әлеуметтік -экономикалық және мәдени дамуы (1946-2011 жж.): Монография – Орал: БҚМУ баспа орталығы, 2013.-194 бет.

ISBN 978-601-266-145-3

Бұл кітапта Орал қаласының Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңнен қазіргі уақытқа дейінгі әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму тарихы, қаланың дамуындағы өзгерістер сөз болады.

Кітап тарихшыларға, студенттерге және өзінің өмір сүру ортасын білуге құштар барша оқырманға арналған.

УДК 908
ББК 26.89

ISBN 978-601-266-145-3

©Журасова А.Ш.; 2013

© БҚМУ баспа орталығы,2013

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы дамыған елдердің қатарына кіруге нақты қадамдар жасап отырған кезеңде Орал қаласының республика экономикасының дамуына қосып отырған қомақты үлесі мен қаланың халықаралық жан-жақты байланыс деңгейіндегі алатын орны зор болып табылады. Сонымен қатар тәуелсіздік алғаннан кейін экономикалық және мәдени орталықтар ретіндегі қалалар мәселесінің көтерілуі және оның аймақтық ерекшеліктерді түсіну үшін қажеттігі Орал қаласының тарихын жазу міндетін алға тартады. Сондай-ақ инновациялық-интеграциялық процесстердің сабақтастық негізде жедел қарқынмен дамуын осы қаланың өнеркәсіп орындарынан көруге болады. Сондықтанда жұмыс интеграциялық процестердің негізін, Орал қаласының тыныс-тіршілігін түсінуде өз құндылығын арттыра түседі. Қаланың дамуына өз үлестерін қосқан қарапайым жұмысшыдан үлкен басшыға дейінгі тұлғалардың саны шексіз, олардың бәрінің аты мен атқарған қызметін бір еңбек көлемінде атап көрсету мүмкін емес. Оның үстіне қаланың тұтас тарихын жазу үлкен энциклопедиялық еңбек. Сондықтан бұл зерттеу жұмысы алдағы уақытта да толықтырылатын еңбек болып табылады.

Қалалар тарихын зерттеудің өзектілігі

Әлемнің озық елдерінің қатарына қосылуға ұмтылып отырған тәуелсіз Қазақстанның алдында маңызды міндеттер, соның ішінде ғылыми-гуманитарлық саланы әлемдік үрдістегі озық модель деңгейіне көтеру қажеттігі тарих ғылымына да қатысты мәселе. Сонымен қатар президент Н.Ә.Назарбаев «соңғы он жыл кұқықтық, экономикалық және саяси жаңалықтарға қоса, ұлт психологиясына түбегейлі өзгерістер енгізіп, тарихтағы орнын танып-білу сезімін орнықтырды»деп атап көрсетті [1;16]. Осы тұрғыдан алғанда азаттық алған халықтың тек бүгінгісін ғана біліп қоймай өткенге де үңіліп, өзінің өмір сүру ортасының өткені мен қазіргісін жете білуге деген ұмтылысы тарих ғылымының алдына жаңа зерттеу тақырыптарының легін шығарғаны сөзсіз. Осыған орай тәуелсіздік алып, егеменді ел болғаннан бері жаңа көзқарасты қажет еткен тарих ғылымындағы зерттеуден шет қалмаған маңызды тақырыптардың бірі - қалалар тарихы. Қалалар тарихының маңыздылығы туралы ғалым-философ Ғарифолла Есімнің «Дүниеде бар нәрсе жоғалып кетпейді, сондықтанда мемлекеттің негізгі ұлттық байлығының бір бөлігін жасақтауға септігін тигізуші қалалардың жүйесін сақтап қалу керек. Онсыз қалаларды жоғалтуымыз мүмкін, яғни қалалардағы рухани-материалдық құндылықтардан айырылып қалуымыз мүмкін. Сондай-ақ қалаларда өнім өндіріп отырған мекеме-кәсіпорындармен қатар белгілі бір саяси-қоғамдық ұйымдар жұмыс жасайды. Мұның өзі саясаттың қалада жасалатынын көрсетеді. Қалалар-мемлекеттің байлығы» деген пікірімен толық келісуге болады[2]. Сондықтанда зерттеу тақырыбының өзектілігі тарихи дамудың белгілі бір кезеңіндегі қоғам мен мемлекет өмірінде қалалардың алатын орны мен ролін анықтаудан келіп шығады. Өйткені қалалар халықтың экономикалық, саяси және рухани өмірінің орталығы ретінде көрініс ала отырып, қоғам дамуында жетекші роль атқарады. Себебі бүкіл өзгерістер мен жаңалықтардың басталар жері мен үкімет саясатының алғаш жүзеге асар орны болып табылатын қалалар-қоғам тарихының бөлінбес бөлшегі болып табылады. Қалалардың даму тәжірибесін терең зерттеу қоғамның,

әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында болып жатқан өзгерістердің себептері мен мазмұнын түсінуге мүмкіндік береді.

Қазіргі тарих ғылымында ХХ ғасырдың 50 жылдардан бастау алған Қазақстан қалаларының тарихын жаңаша көзқарас тұрғысынан қайта қараудың өзі маңызды болып отыр. Өйткені қоғам дамуын түсіну елдің әртүрлі қиырларындағы шаруашылық жағдайлары алуан түрлі аудандарды, оның орталығы - қалаларды жекелей алып қарастыру қажеттігін сөзсіз талап етеді.

Қалалар- көп салалы әлеуметтік организм және экономикалық-жағрафиялық контекст деп алсақ, олар әлеуметтік-саяси тұрмыс орталығы, онда үкімет билігінің ұйымдары мен әртүрлі саяси және қоғамдық бірлестіктер топтасқан. Сондықтан қалалар тарихын зерттеу аймақтың жергілікті ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді. Осыған орай тақырыптың қазіргі таңдағы өзектілігі Қазақстанның қазіргі кезеңдегі тарихын зерттеумен, қоғам тұрмысы мен мемлекет өміріндегі қаланың алатын орны мен ролін анықтауда маңызы зор. Себебі қазіргі Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және әлеуметтік-мәдени келбетінің қалыптасуының өзі Қазақстандағы қалалардың, оның саяси, мәдени-әлеуметтік өмірінің дамуымен тікелей байланысты. Өйткені Кеңес Одағында ұзақ жылдар бойғы әлеуметтік саясаттың жалпыға бірдей заңдылығымен өсіп-жетіліп өмір сүрген қалалар саны 2 мыңнан асқан. Сондай қалалардың қатарында Орал қаласын да атап өтуге болады.

Соңғы жылдардағы қалалар мен қала өмірінің тарихын зерттеуге ерекше қызығушылық туындап, халықтың өз ортасын, ондағы оқиғаларды білуге ұмтылысының орын алуы бай тарихы бар Орал қаласына да қатысты мәселе. Оның үстіне тарих ғылымының саясатпен аралас қабаттасқан беттерінің бірі ретінде қазіргі қалалардың тарихына терең талдау жасап, өзіндік бағада зерделеу мен тың көзқарастан баға берудің сұранысы да ерекше болып отыр. Жалпы қалалардың ерекшелігін түсіну оның пайда болуы мен қалыптасуын, әртүрлі кезеңдердегі даму тарихын ғылыми тұрғыдан талдап, қорытындыламайынша мүмкін емес. Мұны өзінің творчестволық қызметінде қала тарихымен айналысушы М.В.Ломоносов атындағы Москва университетінің профессоры Е.Н.Перциктің өзі «қала –ғылыми зерттеудегі тамаша объект» деген пікірімен де толық қуаттайды [3;8]. Өйткені қалалар саяси, экономикалық, әлеуметтік процестердің

басты аренасы. Онда көптеген мәселелер орын алады, атап айтсақ саяси-экономикалық, әлеуметтік, урбанизация, экологиялық мәселелермен қатар мәдениеттің, ғылым мен өнердің дамуы да жүзеге асады.

Тақырыптың ғылыми-теориялық маңыздылығының өзі Қазақстан территориясындағы қалалардың пайда болуы мен даму тарихына байланысты бірқатар арнаулы зерттеулердің шығуымен байланысты. Бұл Қазақстандағы қалалар тарихын зерттеуді алға бастырған қадам болса, қалалардың роліне, оның даму стратегиясына 1980- жылдардан бастап үкімет тарапынан ерекше көңіл бөліне бастады. Осы кезеңнен бастап Үкіметтің қаулы-қарарларында ірі қалаларда бұдан былай ірі өнеркәсіп орындарын салуды шектеу керектігі, оның есесіне кіші және орташа қалаларды дамытып, солардың шаруашылық мүмкіндіктерін толық пайдалану керектігі баса көрсетілді.

Тәуелсіздік алғанға дейін қалалардың даму процесінің бір жақты зерттелуі, саясаттың шеңберінен шықпай көпшілік жағдайда шындықтың бүркемеленіп қалуы қазіргі кезде осы мәселелерді жан-жақты зерттеуге деген ғылыми қызығушылықты туғызып, тақырыпты өзекті мәселеге айналдырып отыр. Қазақстанның өндіргіш күштері мен өндірістік қатынастарының дамуында маңызды орын алған бірқатар қалалар тарихы жазылғанмен Орал қаласының қазан төңкерісіне дейінгі тарихы өте қысқаша түрде жазылса, қазіргі кезеңдегі тарихы зерттелмеген. Сондықтан да экономикалық, саяси мәселелерімен қатар урбанизация, экологиялық-демографиялық мәселелері де қордаланған, ірі өнеркәсіп орталығы болып есептелетін Орал қаласының тарихын зерттеу Қазақстан Республикасы тарихы үшін өте актуалды, ғылыми-практикалық маңызы зор мәселе. Себебі көпғасырлық тарихы бар, 1932 жылы 10 наурызда Батыс Қазақстан облысы құрылған кезден оның орталығы болып келе жатқан Орал қаласының Евразия кеңістігіндегі Европа мен Азияны жалғастырушы канал ретінде саяси- экономикалық, әлеуметтік және мәдени маңызы жоғары. Неліктен қаланың 1946 жылдан бергі даму тарихын бөліп алып қарастырып отырмыз деген мәселеге келсек. Жалпы Қазақстан қалаларының тарихын жазу 1950 жылдардан бастау алғанын атап кеттік. Дегенмен бұл қалалар тарихында Орал қаласы өзіндік орнын толық иеленбеген, бірқатар зерттеулерде қаланың ролі айқын көрсетілмеген. Оның

үстіне академик М.Қ.Қозыбаевтың «Қазақстанның Батыс аймағы ғылыми ізденіс үшін қызықты объект...Көптеген мәселелер, әсіресе археологиясы, тарихы мен этнографиясы, мәдениеті мен өнері, қоғамдық қатынастар мен әлеуметтік құрылымы тағы басқалары фундаментальды зерттеуді қажет етеді.» деген пікірінің осы мәселелердің орталығы ретіндегі Орал қаласына да қатысы бар десек қателеспейтін болармыз деп есептейміз[4;231]. Сондықтан Европа мен Азияны жалғастырушы ірі орталық ретіндегі Орал қаласының республиканың халық шаруашылығы мен мәдени дамуында қаншалықты орын алғанын көрсету біз зерттеп отырған тақырыптың өзектілігін одан әрі айқындай түсетіндігі сөзсіз. Оның үстіне республикада жүргізіліп отырған ономастикалық саясаттың өзі, Орал қаласы «кімнің қаласы?» деген мәселенің көтерілуі Орал қаласының тарихын жазудың қажеттілігін сөзсіз талап етеді.

Әрине Орал қаласының пайда болуы мен дамуының біртұтас тарихын жазу бір зерттеу жұмысы үшін өте ауқымды. Сондықтанда үлкен ауыртпалық жылдары болып саналған Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңдегі қиындықтарды жеңе отырып ірі орталыққа айналған қаланың даму жолын қарастыру негізгі мақсат болып отыр. Себебі «қала кімнің қаласы?» деген мәселенің талас туғызуы кеңестік дәуірде жүргізілген саясатпен тығыз байланысты. Тек соғыстан кейінгі кезеңнен тәуелсіздік алғанға дейінгі аралықтағы жүзеге асқан саясат негізіндегі өндіріс орындарында өзге ұлттың басым болуы, барлық істің орыс тілінде жүруі қаланың қандай бағытта дамығанын көрсетеді. Сондықтанда жоғалтқанымыздың орнын толтырып біртіндеп қаланы ұлттық бейнеге көшіру біз үшін күн тәртібіндегі өте ділгір мәселе болып саналады.

Қоғамда өзіндік ролі мен маңызы бар Орал қаласының кеңестік және тәуелсіздік жылдарындағы тарихын тарихи деректер мен нақты құжаттарға сүйене отырып зерттеу жүргізу бүгінгі күн талабына сай келер деп ойлаймыз. Сондықтан қазіргі Қазақстанның өнеркәсіптік-әлеуметтік келбетінің қалыптасуының өзі осындай қалалардың өмірімен тығыз байланысты.

Осы тікелей зерттеуге алынып отырған бай тарихы мен дәстүрлі мәдениеті бар Орал қаласының тарихы тақырыбын кімдер зерттеген; қала тарихын қай жағынан алып қарастыруға

болады деген ой тұрғысында тақырыптың тарихнамасына, зерттелу жағдайына әріден, яғни ең алдымен жалпы қалалардың тарихнамасын зерделеуден бастағанды жөн деп санадық. Жұмысты жазу барысында қарастырған отандық зерттеушілердің ғылыми-зерттеулерін саралай отырып, жалпы қалалардың тарихын 1917 жылға дейінгі және кеңестік кезеңдегі даму тарихының тарихнамасы деп бөліп қарастыруға болады. Қазақстан территориясындағы 1917 жылға дейінгі қалалар тарихының тарихнамасында Орал қаласының географиялық-экономикалық жағдайын сипаттайтын зерттеулер бар, ал кеңестік кезеңдегі қаланың даму тарихына қатысты арнаулы тарихи еңбектер жоқ.

Орал қаласының тарихына тікелей қатысты зерттеулерді жинақтай отырып, оларды былайша топтауға болады:

- қаланың пайда болу тарихы туралы еңбектер;
- қала туралы анықтамалық жинақтар;
- қарастырылып отырған кезеңдегі республиканың дамуының жекелеген салалары, яғни экономикалық, мәдени, әлеуметтік, демографиялық мәселелер бойынша зерттелген Орал қаласының тарихына қатысты тарихи еңбектер.

Орал қаласының пайда болуы туралы алдымен тарихи бағытта жазылған зерттеулер басшылыққа алынды. Кеңестік кезеңдегі көптеген тарихи ізденістерде қаланың негізі 1613 жылдан бастап қаланды деп жазылып келген болатын. Алайда батыс өлкенің тарихын жете зерттеп жүрген ғалым академик Т.З.Рысбеков өз еңбегінде қаланың пайда болу тарихына, қазақ халқының арғы тектерінен, ата-бабалар өмір сүрген дәуір сонау I мың жылдықтан басталатындығын, қола дәуірі кезінде скифтердің, готтардың, ғұндар мен қыпшақтардың мекені болғандығын дәлелдеген [6;33-37]. Сондай-ақ Т.З.Рысбековтың пікірінше XX ғасырдың 60-70 жылдары мен қазіргі таңда жүргізіліп жатқан археологиялық зерттеулердің нәтижелеріне сүйеніп қаланың пайда болу тарихын орта ғасырлық Саксин қаласымен, “Курения” тұрағымен байланыстырды. Ал археологиялық зерттеулер Орал қаласының тарихы сонау неолит заманынан басталатынын дәлелдеуде. Шын мәнінде қалалардың пайда болуының тарихи методологиялық негіздеріне сүйенсек қаланың бос жерде пайда болмайтыны шындық. Сондықтан Орал қаласының орны да XVII ғасырдан бұрын, Жайық казактары

келіп қоныстанған уақыттан ерте пайда болғаны сөзсіз. Сондай-ақ XVI ғасырдың өзінде боярин Благов, Астрахань әскер басы князы Лобанов–Ростовскийлердің патшаға жазған мәлімдемелерінен казактардың Ресейден бос жерге келмегенін, оларға тұяқ тірер орын болғанын публицист Н.Чесноковтың еңбегіндегі мәліметтерден көруге болады [7;3]. Бірақ Н.Чесноковтың еңбектері публицистикалық сипаттағы еңбектер болғандықтан кейбір мәліметтер нақтылай дәлелдеуді қажет етеді. Сөйтіп қалыптасу тарихы сонау ерте кезден басталған Орал қаласы осы батыс өңірде болған ұлы тарихи оқиғалар мен тарихи дүрбелеңнің барлығын да азды-көпті бастан кешіріп, тарих толқынында дағдарыс пен қиындықты, жетістік пен өрлеуді бастан кешіре отырып, дамып, жетіліп, ірі экономикалық – әкімшілік, мәдени орталыққа айналды. Әсіресе соғыстан кейінгі шаруашылық-тұрмыстық міндеттерді шешуде облыстың орталығы ретінде маңызды роль атқарды.

XX ғасырдың 30 жылдары отандық тарихнамада қалалар тарихына арналған алғашқы арнайы зерттеулер анықтамалар түрінде жарық көрген. Бұл зерттеулер қатарында Г.Н.Дроздовтың, К.Данилевскийдің, Е.Рудницкийдің еңбектерін де батыс аймақтың қалалары туралы анықтамалар деп өтуге болады[8]. Г.Н.Дроздовтың еңбегінде Орал қаласы мен оның аймақтарына жалпы географиялық-экономикалық жағдайына шолу түрінде сипаттама берілген.

Қалалар тарихы мәселесінің ғылыми-теориялық маңыздылығына орай Қазақстан территориясындағы қалалардың пайда болуы мен даму тарихына 1950-жылдарда бастап ерекше көңіл бөлініп, қалаларды арнайы зерттеу жұмыстары жандана бастайды. Осы кезден бастап Қазақстандық қалалардың пайда болуы мен даму тарихына көңіл бөлініп, жеке қалалар тарихына байланысты кітаптар, мақалалар жазылып, ғылыми зерттеулер жүргізіле бастады. Олар А.А.Горячева, К.Туманшин, Э.И. Герасимова, Б.Чемирбаева, Г.Алпысбаева, Б.О.Медетов, Н.В.Алексеев тағы басқаларының еңбектері болды. Бірақ бұл зерттеулердің көпшілігі қалалар тарихының қазан төңкерісіне дейінгі кезеңін қамтыды [9].

Ғылыми-публицистикалық сипаттағы еңбектердің ішінен Орал қаласы тарихына қатысты географ Г.Е. Москалевтің [10]еңбегін бөліп алуға болады. Оның еңбегінде Орал қаласындағы сауда

капиталының өнеркәсіпке енуі және қала халқының әлеуметтік-кәсіптік құрамына ықпалы туралы мәселе көтеріледі. Темір жолдың салынуы бұл аймақтағы капиталистік қатынастардың таралуына және жалпы экономикалық дамудың өзгерістерге ұшырауына тиімді ықпал еткені туралы ой өрбітеді.

Жалпы осы жылдардан бастап қалалар тарихына арнайы көңіл аудару Қазақстан тарихнамасының кеңеюіне, қалалар тарихын зерттеудің тереңдей таралуына және жаңа сипатта дамуына ықпал етеді. Оның нәтижесінде 1960-1980 жылдарда қалалар тарихын зерттеу одан әрі жалғасын табады. Әсіресе отандық зерттеушілердің басым бөлігі Верный, Орал, Риддер, Жамбыл, Семей тағы басқа қалалардың қалыптасуы мен дамуы, шаруашылығы, саудасы мен мәдени өмірі, патша үкіметінің саяси-әкімшілік шаралары туралы мәселелерге ерекше көңіл аударылады. Қалалар туралы жинақ еңбектермен қатар диссертациялық жұмыстарда жазылды. Оның ішінде Орал қаласының пайда болу және даму тарихын ғылыми айналымға алғаш рет енгізген тарихшы-ғалым Э.Н. Герасимованың еңбегін ерекше атауға болады[12]. Зерттеуші Орал қаласының пайда болуынан бастап 1917 жылға дейінгі тарихын қарастырған. Ол қала халқының санының өсуі туралы жаза отырып, олардың әлеуметтік жіктелуін қала экономикасына ақша – тауар қатынастарының енуінен және капиталистік қатынастардың дамуымен байланыстыра түсіндіреді. Сондай-ақ ғалым батыс аймақтағы сауда капиталы мен өңдеу өнеркәсібінің тезірек дамуына Қазақстанның басқа қалаларына қарағанда Ресейдің өнеркәсіпті орталықтарының жақындығы ықпал етті деп санайды. Қазақстан қалаларының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері мен қатар демографиялық аспектілері У.М.Искаков еңбектерінде қарастырылса[13;16], Т.Басенов еңбегінде Қазақстанның қалаларының дамуына шолу ретінде сипаттама берілген[14]. Сонымен қатар А.Е. Елагиннің бірнеше құнды зерттеулеріде осы бағытта жарық көрді. Осы ғалымның басшылығымен Қазақстанның бірқатар қалаларының тарихы бойынша топтастырылған ғылыми жинақ жарияланды[15]. Бірақта бұл еңбектерде Орал қаласының тарихы жайлы еш мәліметтер келтірілмеген.

Қалалар тарихын зерттеуде тарих ғылымына өз үлесін қосқан ірі ғалым Ж.Қ.Қасымбаевтың еңбектерінде көтерілген мәселелер

мен оларда жасалынған тұжырымдарды методологиялық негіз ретінде қарастырудың маңызы өте зор [16]. Оның негізгі тұжырымдарына келсек, біріншіден, әскери қорғаныс орындары ретінде негізделген қалалар Қазақстан аймағының экономикалық дамуында маңызды роль атқарғанын көрсетілген. Екіншіден, автор мұндай қалалар арқылы қазақ аулына капиталистік элементтер еніп, патриархалды-феодалдық қатынастардың ыдырауы жылдамдады деп көрсетеді. Үшіншіден, қала тұрғындарының өсу динамикасын талдауда да “қазақ даласына капиталистік қатынастардың енуі, патриархалды-феодалдық құрылыстың ыдырауы және сонымен бірге Ресейдің өнеркәсіпті аудандарымен сауда-экономикалық байланыстардың нығаюы, қазақтар шаруашылығының жалпыресейлік экономика жүйесіне тартылуы-мұның бәрі қала тұрғындарының артуына ықпал етті” деп айқын сипаттайды.

Қаланың орталық ретінде қалыптасуы ең алдымен өнеркәсіп саласымен тікелей байланысты екендігі белгілі. Қалалардың ұлғаюына әсер еткен факторлардың бірі - өнеркәсіп орындары, сондықтан қалалар тақырыбына қатысты индустрия мәселелеріне арналған А.Ғ.Сармурзиннің, А.Қ Қошановтың, Т.А.Ашимбаевтың, Т.Сарсембаевтың еңбектері индустрия, өнеркәсіптің белгілі бір салаларының даму мәселелерін талдауға арналған [17]. Соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қайта қалпына келтіруде жүзеге асырылған негізі шаралар мен өнеркәсіптің жалпы даму мәселелері Г.Чуланов, В.Кольцов, К.Симаков еңбектерінде орын алған [18]. Ал жалпы Қазақстан өнеркәсібіндегі жұмысшы табының қалыптасуы мен өсу мәселелері А.Н. Нүсіпбеков, А.Ш.Алтаев, М.Х.Асылбеков, С.Б. Нұрмұхамедов еңбектерінде қарастырылған [19]. Бірақ Орал қаласындағы жұмысшыларға қатысты нақты мәліметтер келтірілмеген.

Кейбір еңбектерде қалалардың демографиялық дамуына байланысты бірқатар деректер келтірілген. Әсіресе қалалар тарихының экономикалық- әлеуметтік дәрежесі, демографиялық сандық көрсеткіштері М.Х. Асылбеков, А.Б. Ғали еңбектерінде, Қазақстан қалаларындағы 1920-90жж. тұрғындардың тұрмыс дәрежесі А.Н. Алексеенко еңбектерінде, Г.А.Мынтаеваның кандидаттық диссертациясында берілген [20].

Отандық зерттеушілер қалалардың экономикалық, мәдени және білім беру, денсаулық сақтау ісі саласының даму барысын жекелей мәселе ретінде қарастырған. Мысалы, республикамыздың қалаларындағы білім беру мен мектеп ісінің даму мәселелерін қарастыруда А.И.Сембаев, Г.Задорожный[21] еңбектерінің, педагогикалық кадрларды даярлау ісі мен жоғарғы мектептің даму тарихы туралы Л.З.Рустемов пен К.Жуламанов еңбектері мен С.Т.Рысбекованың, Г.К.Балахметованың диссертациялық жұмыстарындағы мәліметтердің маңыздылығын атап өтуге болады [22].

Сондай-ақ Н.Джандильдин мен А.Канапин, Х.М.Әбжанов,Х.Б. Табылдиевтың еңбектері мен О.Т.Ельчибаеваның диссертациялық жұмысында мәдени-ағарту жұмыстарының формалары, кітапхана ісінің, мәдениет пен ғылымның дамуы туралы мәселелер кеңінен қозғалған[23]. Қаладағы мәдени дамудың бір саласы кітапхана ісінің дамуы, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстары, мәдени ошақтар мен ұлттық-мәдени орталықтар, олардың жұмыстары, мәдениет саласындағы мемлекеттің саясатының бағыттарын анықтауда Ш.В.Тлепина, В.В.Бардаков еңбектері мен С.З.Баймағанбетовтың, А.Т.Капаеваның докторлық диссертацияларының[24] өзіндік орны бар екенін атап өтуге болады.

Қазақстандағы денсаулық сақтау ісінің тарихы Р.И.Самарин еңбегі мен С.Х. Душманов докторлық диссертациясында қаралған. Соның ішінде С.Х.Душмановтың диссертациясында 1971-1985 жылдардағы Батыс Қазақстанның денсаулық ісінің даму мәселесіне үлкен мән берілген [25].

Бірақ қоғамды қыспағында ұстаған кеңестік қатаң идеологиялық талап ғылыми талдаулардың объективті қалыптасуына және қалалардың пайда болуы мен даму мәселелеріне кең талдау жасауға мүмкіндік бермеді. Тек Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қалалар тарихын зерттеу ісі жанданып, жаңа бағытқа түсе бастады.1980 жылдардың II жартысы мен 1990-жылдарда қоғам өмірінің барлық саласында демократиялық өзгерістер басталған кезде тарих ғылымы да жаңару жолына түсіп, тарихи мәселелерді кеңінен қарауды қолға алды. Осыған орай Қазақстан қалаларының 1917 жылға дейінгі және кеңестік кезеңдегі тарихына арналған бірқатар жаңа

зерттеулер жарық көре бастады [26]. Бұл еңбектер жаңа көзқарастар негізінде жазылып, қалалардағы орысшыл отаршылдықтың зардаптарына мән берген.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның жалпы экономикалық дамуына арналған Т.Ашимбаев, В.В.Парамонов, Н.К.Мамыров, түрік ғалымы Фейзуллах Будак еңбектерінің тәуелсіздік жылдарындағы қаланың саяси-экономикалық даму бағыттарын айқындауға тигізген көмегі сөзсіз[27]. Сондай-ақ Орал қаласының тарихына қатысты жекелеген мәселелер жергілікті тарихшы-ғалымдар мен өлкетанушылар еңбектерінде де орын алған. Мысалы, ғалымдар Т.З.Рысбековтың, Б.Қ.Бірімжаровтың, С.Б.Курманалиннің, Ж.Ж.Жақсығалиевтің еңбектерінде қала мен облыс аудандарының арасындағы байланыс, қаланың ауылға көмегі, ауыл шаруашылығының дамуына қаланың өндіріс орындарының қандай дәрежеде ықпал еткені жан-жақты ашып көрсетіліп, қаланың тарихи атауына қатысты мәселелер көтерілген [28]. Ал тарих ғылымдарының докторы М.Н.Сдықов монографиялары мен А.И.Қаржаубаева диссертациясында қаладағы демографиялық мәселелер талданған [29]. Жергілікті өлкетанушы, филолог Жайсаң Ақбайдың еңбектері мен мақаларында Орал қаласының тарихының кейбір мәселелері қамтылған [30].

Осы жоғарыда аталған арнаулы зерттеулер мен ғылыми еңбектерге шолу жасаған кезде Қазақстанның маңызды орталығының бірі ретіндегі Орал қаласының тарихына байланысты кеңестік кезеңге дейінгі тарихын зерттеудің аздығы мен кеңестік кезеңдегі тарихи дамуы жайлы жинақталған ғылыми еңбектің жоқтығын байқатады.

Сондықтан зерттеудің мақсаты—адамзат қоғамының дамуында маңызды орын алатын қалалар жүйесінің тарихын кешенді зерттеу ісінің құрамдас бағыты ретінде Орал қаласының 1946 жылдан қазіргі кезге дейінгі даму тарихын зерделеу.

1 ҚАЛАНЫҢ 1946-1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК -ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ.

1.1 Қала экономикасының негізгі салаларының дамуының бағыт-бағдарлары.

Қазақстанның солтүстік-батыс аймағында, Каспий ойпатының солтүстік беткейінде орналасқан Орал қаласы жақын маңдағы елді мекендерді қоса есептегенде 700 шаршы километрден астам жер көлемін алып жатыр. Қалада 100-ден астам ұлт өкілдері тұрады. Қалыптасу тарихы ерте кезеңдерден бастау алғанмен қала 1613 жылы бекініс ретінде рәсімделген. 1868 жылы қала Орал облысының әкімшілік орталығы болды, оған Арал мен Каспий теңіздері аралығындағы Қазақстанның бүкіл батыс бөлігі енді. Қаладағы бүкіл билік генерал-губернаторлықтың қолына шоғырланған еді. Бұл кезеңде Оралда екі көпір, екі мыңнан астам ғана үй болды, қалада шамамен 12400 адам тұрды. XIX ғасырдың аяғында қала экономикасында кірпіш, тері тағы басқа ұсақ өндіріс түріндегі кәсіпшілік сипаттағы қолөнер өнеркәсібі дамыды. Әрине бұл аталған кәсіпорындар ерекше ғимараттар, техникалық жабдықтар иеленген жоқ. Осыған қарамастан бұл кезеңде Орал қаласы ірі сауда орталығы болды. Онда дүкендер мен түрлі сауда сөрелері болды. Олар негізінен қаланың орталығындағы Михайлов көшесінде (Достық даңғылы) орналасты. Осы жерде қаланың бүкіл әкімшілік мекемелері шоғырланды. Қала өмірінде болған басты өзгерістердің бірі 1926 жылдың басында Оралда өнеркәсіп мекемелерін қалпына келтіру ісінің толық аяқталуы болды. 1927 жылы қалада үш тері зауыты, екі кірпіш, сыра, механикалық, ізбес зауыттары жұмыс жасайды. Бұл соғысқа дейінгі кезеңде қаланың қандай деңгейде болғанының көрсеткіштері болды.

1932 жылдың 10 наурызынан Батыс Қазақстан облысының орталығы болып келе жатқан Орал қаласында кеңестік құрылысты жүзеге асыру партиялық, кеңестік органдардың басшылығы арқылы жүрді. Сұрапыл соғыс жылдарында қала Ресейден келген кәсіпорындармен біріге отырып майданға қызмет атқарды. Ал соғыстан кейін қаланың барлық кәсіпорындарында қайта құрылу ісі жүзеге асырылды. Өйткені Ұлы Отан соғысынан кейінгі КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1946

жылғы 18-науырыздағы алғашқы сессиясы елдің соғыстан кейінгі дамуының бағдарламасын бекіткен еді. Қабылданған жарлық «КСРО халық шаруашылығын қалпына келтіру мен дамытудың 1946-1950 жылдарға арналған бесжылдық жоспары» туралы заңда негізделді. Бұл жоспар халық алдына жаңа міндеттер бағытын қояды. Бағдарламада «...елдің зардап шеккен, соғыс ауқымында болған аудандарын қалпына келтіру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының соғысқа дейінгі дәрежесін қалпына келтіріп, содан кейін осы көрсеткіштен асыра түсіру жоспарланды».

Осындай одақтық бағдарламаға сәйкес әрбір республикада оны орындау бағыттарына қарай директивалық жоспарлар қабылданады. Көп салалы өнеркәсібі бар Қазақстан республикасы да соғыстан кейін халық шаруашылығын бейбіт бағытқа көшіруге, азаматтық өндірісті дамытып, оның деңгейін одан әрі арттыруға кіріседі.

1946 жылдан бастап Орал қаласының тұрғындары да Одақ тапсырмаларына үндеу қосып, партия жетекшілерінің ұйымдастырған жұмысшы отрядтарымен шаруашылық жұмыстарына белсене қатысады.

Жалпы соғыстан кейін Қазақстан соғыстан зардап шеккен аудандарды қалпына келтірудің тірек базаларының бірі болды. Осыған орай республиканың әрбір аймағынан, соның ішінде өнеркәсіпті қалалармен бірге Орал қаласынан да Украинаның аудандарына металл, шикізат қорлары, отын, құрылыс материалдары, өнеркәсіп тауарлары мен азық-түлік, асыл тұқымды малдар мен мал өнімдері жіберілді.

Сонымен қатар ұзақ уақыт бойы майданның мұқтажына жұмыс істеп келген өнеркәсіп орындары да бейбіт өнімдерді шығаруға кіріседі. Соғыстан кейінгі уақытта Халық шаруашылығын қалпына келтіру ісіне бөлінген күрделі қаржы негізінен кәсіпорындарды қалпына келтіруден гөрі бұрыннан жұмыс жасап келе жатқан өнеркәсіп орындарын кеңейтіп, жаңа кәсіпорындарды салуға бағытталды. Әсіресе эвакуацияланған, одақтың орталық аудандарынан келген өнеркәсіп орындары бейбіт өнім өндіруге ауысады. Соғыстан кейінгі осындай игі істің белді ортасында болған Орал қаласындағы К.Е.Ворошилов атындағы машина жасау зауыты мен Р.С.Землячка атындағы зауыт болды. Бұлардың қатарында 1942 жылы Воронеж

облысының Усмань қаласынан келген құйма бұйымдар жасау зауыты да болды. Бұл зауыт 1956 жылы Сантехдеталь зауыты, ал 1962 жылы(СМО) құрылыс монтаж бұйымдарын жасау зауыты болып өзгерді. Сондай-ақ Арматура зауыты 1942 жылы Ресейден көшіп келген «Арманит» зауытымен біріктіріліп, 1946 жылдан бастап өнеркәсіп арматураларын жасауға маманданады. Соғыстың барлық азапты кезеңдері артта қалған кезде 1946 жылдан бастап бұл өндіріс орындары тұрғындардың сұранысын өніммен қамтамасыз ете бастады. Бұл кезеңде қаланың өнеркәсіп орындары 5 топқа бөлінді. Олар:

1. Одақтық деңгейдегі кәсіпорындар
2. Республикалық деңгейдегі кәсіпорындар
3. Жергілікті кәсіпорындар
4. Өнеркәсіп кооперативтері
5. Жеке кооперативтер.

Бұл кәсіпорындардың мақсаты 4-ші бесжылдық жоспарын орындау мен халық сұранысын өтеу болды. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін өздеріне алған міндеттемелерін орындауды белсене жүргізді. Мысалы, 1947 жылы Орал өндіріс орындары 8-айлық жоспарын артығымен орындаған. Олардың ішінде Орал механикалық зауыты жоспардан тыс 193 мың сомның өнімін, «Красный октябрь» зауыты 1120 аяқ киімді жоспардан артық шығарған. Сондай-ақ осы кезде жұмыс жасаған қаладағы 11 артельдің ішінде «Ремонт», «Шорник», «Светлый путь» тағы басқа артельдер де өз жоспарларын орындап, соғыстан кейінгі қала экономикасының дамуына үлес қосқан.

Соғыстан кейінгі бесжылдықтағы еңбек ету әдістерінің ең тиімді бұқаралық формасы - өнеркәсіп орындарында ұйымдастырылған жаңашылдық мектептер болды. Бұл мектептердің жұмысының маңызды көрсеткіші - өнеркәсіп орындарындағы шаруашылық іс-әрекетін сипаттайтын өнім сапасын артыру болды. Бұл көрсеткішке жетудегі жұмыстың негізгі бағыттарының біріншісі, көптеген кәсіпорындарда өткізілген үздік сапа үшін жарыстар; ал екіншісі, үнемділік үшін қозғалыс болды. Көптеген кәсіпорындарда үздік сапа үшін жарыстар өткізіліп, оған смена, бригада, цехтар, учасоктар қатысты. Кең таралған жарыс түрі-стахановшылар қозғалысы еді. Бұл қозғалыс соғыстан кейінгі Орал кәсіпорындарында жұмыс жасаған 4000-дай әйелдердің арасында кең орын алған.

1947 жылы 23 қыркүйекте қалада жалпы қалалық стахановшылар жиыны өтіп, оған 500 алдыңғы қатарлы стахановшылар қатысқан [33]. Еңбекте үлкен үлгі көрсетуші стахановшылар мен екпінділер саны 1948 жылы қаладағы өндіріс орындарында өскен. Мысалы, 1.01.1948жылы өнеркәсіп пен транспорт саласында -2403 стахановшылар, 1740-екпінділер еңбек етсе, 1948 жылдың 1 сәуірінде стахановшылар саны -2883-ке, екпінділер -1892-ке жеткен. Ең жоғарғы көрсеткіште еңбек еткен Механикалық зауыт стахановшылары В.Артоманов, Р.Абзуқанов, П.Грязнов тағы басқалары болды. Орал қаласының өндіріс орындарында жүргізілген мұндай жарыстар мемлекеттік жоспарды орындауға мүмкіндік береді. Үнемділік жаңашыл ұсыныстарды енгізу арқылы жүзеге асырылып отырды. 1948ж Орал қаласының техниктері, жұмысшылары 500-дей рационализаторлық ұсыныстар енгізіп, 3,5 млн сомды үнемдеуге мүмкіндік берген. Мысалы, Арматура зауытында В.Плозунов бірқатар жаңашылдық ұсыныстар жасаса, Ворошилов зауытында 1948 жылы 9 ай ішінде 220 ұсыныс жасалып, оның 129 өндіріске енгізілген және зауытқа 1536 мың сом пайда әкелген. Жаңашылдық ұсыныстардың авторларының 55%-жұмысшылар,45%-инженер-техниктер болған. Жұмысшы В.А.Чувилиннің өзі двигательді жетілдіру арқылы 350 сомға үнем жасаған. Сондай-ақ Москвалықтардың өнімділік пен жоспардан тыс қор жасауға шақыруына үн қосып Орал қаласының өнеркәсіп орындары алғаш рет жылдық өндіріс жоспарларын 109%-ке орындап, жоспардан тыс 6,5 млн сомнан астам пайда әкелген. Әсіресе Облпромсоюз, Коопинсоюз жүйесіндегі артельдер, Облместпромның қалалық кәсіпорындары өз жұмыстарын жолға қойып, жақсартқан. Москвалықтардың үндеуін қолдаған Ворошилов атындағы зауыт – 1800 мың сом, Нан комбинаты – 1162 мың сом, Совхоздар министрлігі зауыты 675,7 мың сом жоспардан тыс қор берген.

Мұның өзі қала кәсіпорындарының өндіріс жоспарларын мынадай деңгейде орындауына әкелді:

Облпромсоюз артельдері – 122,7%, Коопинсоюз артельдері – 118,7%

Облместпром кәсіпорындары – 105%, Артель «Шорник» - 157,8%

Киров атындағы артель – 132,3%, Гор пищекомбинат – 116,7%.

Қала өнеркәсібіндегі жалпы өнім 1947 жылмен салыстырғанда 1948 жылы 13640 сомға өссе, 1946 жылмен салыстырғанда өсім 17700 сом асып түсті. Бұл кезеңде өндірілген өнімнің өзіндік құнын төмендету ісі де жүрді. Мысалы, 1948 жылы өнімнің өзіндік құны Землячка атындағы зауытта -2,7%-ке, №22 жарма зауытында -8,6%-ке, Ворошилов атындағы зауытта -5,5%-ке төмендетілген. Жалпы жылдық жоспарды 5 Одақтық, 8 республикалық, 14 жергілікті деңгейдегі кәсіпорындар орындап шыққан. Олардың жалпы қанша көлемде өнім шығарғанын А.1-қосымшадан көруге болады [37;6]. Мұның өзі өнеркәсіп мекемелерінің күшінің өсіп келе жатқанын көрсетті. Қалалық партия ұйымы кәсіпорындардың ел алдындағы қарызын жою жолында үлкен жұмыстар жүргізді. 1948 жылы жоспарды орындай отырып кәсіпорындар 4 миллион 745 мың сомға жоспарды асыра орындады. Бірақ осыған қарамастан қала кәсіпорындары әлі де 2,3 миллион сомның өнімін беруі керек болды.

Өнім сапасын арттыру жолындағы күресте кейбір кәсіпорындар біраз жетістіктерге қол жеткізді. Мысалы, совхоздар министрлігінің зауыты (дир. Карасаев) жарамсыздықты 5,1%-ке азайту мен 43,5 мыңның шығынын төмендету арқылы үнемділік жасаған. Мұндай істер Землячка атындағы зауыт, қалалық сүт зауытында да жүргізілді. Жалпы алғанда бұл жылдарда өндіріс жоспарлары орындалғанмен, кейбір кәсіпорындар жоспарларын орындай алмай жұмыстары ақсап, артта қалып та отырған. Мысалы, 1948 жылы 11 кәсіпорын мен үш өнеркәсіп артелі өз міндеттемелерін орындамаған. Оның ішінде Облпромсоюздың «Заря» артелінің жұмысы нашарлап, ай сайын төмендеген, 1948 жылы жоспарды тек 67,1%-ке ғана орындаған. «Соцтруд» артелінің жағдайы да сондай күйде болды, ол жоспарын 70%-ке орындаған. Чапаев атындағы артельде 3254 пар аяқ киім даярлау керек болса, тек 1879 пар ғана даярлап, 57,7% орындаған. Оның себебін артель басшылары балалар аяқ киімінен пайданың аз түсетіндігімен, сапаның төмендігімен түсіндірген.

Ет комбинаты, арақ-шарап зауыты, жиһаз фабрикасы сияқты кәсіпорындар өздерінің өндірістік мүмкіндіктерін толық пайдаланбаған, шикізатты, материалды, отын мен электр қуатын үнемдеу тәртібі сақталмаған, өндіріске жаңашылдық ұсыныстар

өте баяу енгізілген. Мұның өзі мемлекеттік бюджетке 1,5 млн – нан астам сомды бере алмауға әкелді. Осы кезеңде қаладағы өнеркәсіп орындары товарлық өнімді 5-8%-ке орындамаған.

Бұл кезеңде орын алған кемшіліктер ең алдымен соғыстан кейінгі кезеңдегі өндірістегі бастауыш партия ұйымдары мен қалалық партия комитеті басшылығының деңгейінің төмендігімен, әкімшілік қызметтің тиісті дәрежеде бақыланбауымен, талап қоюшылықтың тиісті дәрежеде болмауымен түсіндіріледі.

Соғыстан кейінгі жылдарда Орал қаласы кәсіпорындары екі аудан: Приреченская және Орталық аудандар бойынша топтастырылған. Осы екі аудан кәсіпорындары арасында өнім сапасын көтеру, жоспар орындау бағытында жарыстар өткізіліп, оның қортындысы қалалық кеңесте қаралып отырған. Мысалы, Приреченская ауданында 19 кәсіпорын жарысқа қатысқан, ондағы 1372 жұмысшыдан жарысқа 1333 қатысқан. Бұлардың ішінде жақсы жұмысымен көзге түскен кәсіпорындар К.Цеткин атындағы артель (дир.Приятелева) мен Чапаев атындағы артель (дир.Шнейдерман) болды. Қаланың өндіріс орындарында жүргізілген Стахановшылық жарыстар жыл сайынғы мемлекеттік жоспарды орындауға мүмкіндік берді, нәтижесінде 1949 жылы қаладағы 21 кәсіпорын өздерінің 9 айлық өндіріс жоспарын мерзімінен бұрын аяқтаған. Мысалы, 1949 жылы қаңтарда Орал кәсіпорындары өз жоспарларын қандай деңгейде орындағанын 1-кестеден көруге болады]:

1-кесте

Р с	Кәсіпорындардың тізімі	жоспар	орындаған	%
1	Одақтық деңгейдегі өнеркәсіптер:	216	230,2	106,
	Землячка атын. зауыт	324,1	97,2	6
	№21 бор зауыты	190,0	194,0	30,8
2	Ет комбинаты	2239,	1746,4	102,
	Жалпы 9 кәсіпорын бойынша	6		1 78,0
3	Республикалық деңгейдегі кәсіпорындар:	24,1	17,4 210,7	

	Сүт зауыты	180,0	950,4	72,0
	Нан комбинаты	980,8		117,0
	Жалпы 14 кәсіпорын бойынша	46,0	30,2	97,0
4	Жергілікті кәсіпорындар:	54	32,7	
	Мебель фабрикасы	53	33,8	66,0
5	өнеркәсіп комбинаты	153,0	96,7	60,6
	тамақ комбинаты		719,8	64,0
	Жалпы	604,0	69,6	
	Жалпы өнеркәсіп кооперативтері бойынша	103,6	3597,4	118,9
	Жеке кооперативтер бойынша	4091,		57,9
	Жалпы қала бойынша	1		87,9

ақпан айында қала бойынша кәсіпорындар 836,0 жоспардың 827-ін, яғни 98,93% орындады.

Қаланың тек артельдерінің өзі 1949 жылдың тоғыз айындағы өндіріс жоспарын 102 %, ал жылдық жоспарды 75%-ке орындады. Осылардың ішінен бір ғана «Заря» артелін алсақ, 1949 жылдың қаңтар-ақпан екі ай ішінде 19,7 мың сом қор жинаған, ондағы еңбек жарысының барысында М.Бурмистров өз жоспарын -215%, В.Сидорова -205%, барлығы 7 адам жаңашылдар өз жоспарларын артық орындап, осыған дейін артта қалып келген артельдің жоғарғы көрсеткішке жетуіне өз үлестерін қосқан.

Сөйтіп соғыстан кейінгі жылдарда қала экономикасы біртіндеп реттеліп, өндіріс орындарының жұмыстары жолға қойыла бастайды. 1946 жылы барлық одақтық және республикалық министрліктерге қарайтын қаладағы кәсіпорындарда 6133 адам жұмыс жасаған, оның 924-сі жұмысшылар болған. Жұмысшылар жайында әңгіме қозғаған кезде ерекше көңіл аударар жайт өнеркәсіп орындарында жұмыс жасаған әйелдердің үлесі туралы мәселе. Соғыстан кейінгі жылдарда ер азаматтардың көбінің майданнан оралмауына байланысты өндірістегі жұмысшылар қатарын әйелдер толықтырды. Әйелдер арасында жұмыс жүргізуді ұйымдастыру үшін әйелдер Кеңестері құрылған. Бұл Кеңестер әйелдердің өндірістегі еңбегін ұйымдастырумен қатар әйелдерді басшылық орындарға ұсынып, стахановтық қозғалысқа да тартып отырған.

Мысалы, қаланың өнеркәсіптік-әкімшілік аудандары бойынша құрылған әйелдер Кеңесін алсақ, ол мынадай көлемде болған. Оны 2-кестеден байқаймыз:

2-кесте

Қала аудандары	Әйелдер Кеңесі	Өнеркәсіптегі жұмысшы әйелдер саны		Стахановшылар	Екпінділер
		Жалпы	қазақ		
Орталық	7	2000	белгісіз	350	136
Приреченск	28	844	165	203	72 (30қазақ)
Теміржол	20	1211	155	356	618

Ал жекелеген кәсіпорындар бойынша алсақ, ондағы жұмыс жасаған әйелдер санын, стахановшылар мен екпінділер қатарын, олардың орындаған нормаларын 3- кестеден көруге болады:

3-кесте

өндіріс орындары	Жұмыс жасаған әйелдер саны	Стахан овшы	Екпінді	Бригада саны	Орындаған норма %
Механика. 3-т	95	57	34	6	75
Нан комбинаты	104	57	47	3	104
Кр.Октябрь ф-ы	70	45	10	8	55
Арматура 3-ты	68	55	12	3	67
Мия зауыты	45	14	-	-	14

Бұл көрсеткіштер осы кезеңде қала өнеркәсібінің дамуында әйелдердің еңбегінің өте маңызды орын алғанын көрсетеді. Яғни әйелдер де шаруашылық-қоғамдық өмірден тыс қалмай партияның шақыруына үн қосып, одақтық қорды жасауға қатысып, қала экономикасының дамуына өзіндік үлестерін қосқан. Сондай-ақ осы кезеңдегі ең алғашқы кезектегі мәселелердің бірі өндіріс орындарын маман жұмысшылармен қамтамасыз ету болды. Өйткені соғыстан кейінгі жылдарда еңбекке жарамды адамдар санының азаюы мен кәсіпорында

жұмыс жасайтын маман кадрлардың көбінің майданнан оралмауына байланысты қала кәсіпорындарының көпшілігі бұл кезеңде мамандармен толық қамтамасыз етілмеген еді.

Мысалы, тек 1946 жылы жекелеген кәсіпорындардағы мамандарға деген сұраныстың қанша болғанын және қанша маман даярлағанын мына 4-кестеден көруге болады:
4-кесте

Кәсіпорындар	Қажетті жұмысшы саны	Нақты жұмыс жасағаны	Даярланғандар саны
Механикалық зауыт	148	60	32
Землячка атын. зауыт	95	47	29
Ворошилов ат.зауыт	391	1200	342
«Красный Октябрь» байпак фабрикасы	142	123	60

Осындай жағдайлардың көрініс алуы кадрлар даярлау ісін қолға алып, оны жаңадан даярлау, қайта даярлықтан өткізу, жеке-бригадалық оқу, арнаулы курстарда оқыту бағыттары арқылы жүзеге асырып, әрбір кәсіпорынға жұмысшыларды даярлау міндеттері жүктеледі. Осы міндетті жүзеге асыру үшін және өз қажеттіліктерінің орнын толтыру үшін 1946 жылы Ворошилов зауыты 90 маманды жаңадан даярлау, 252 адамды қайта даярлықтан өткізу ісін жүргізеді. Мұның ішінде 111-і әйелдер, төртеуі -16 жасқа дейінгі балалар болған. «Красный Октябрь» фабрикасы 15 адамды жеке-бригадалық оқу арқылы, 10 адамды стахановтық мектепте, 35 адамды арнаулы курстарда оқытқан. Ет комбинаты 16 адамды, облыстық өнеркәсіп одағы -78 адамды оқытқан.

Сондай-ақ мамандарға деген қажеттілікті соғыстан кейінгі жылдарда ФЗО мектептері орындады. 1947 жылы ФЗО мектептерінен мынадай көлемде мамандар бітіріп шыққан:

- 1 Землячка атындағы тері зауыты-196 адам.
- 2 Арматура зауыты-92.

3 Жарма зауыты-84.

Әрине мұндай мөлшердегі даярланған мамандар соғыстан кейінгі өндіріс орындарына қажет мамандарды толық қанағаттандыра алмады десек қателеспеген болар едік. Мысалы, осы кездегі қаладағы 16 артельдің тек 4-уі ғана жұмыс күшімен қамтылып, қалғандарына 150 маман жұмысшы жетіспеген. Бұл мәселені уақытында шешу кезек күттірмейтін мәселе болды. Осыған орай 1947 жылы Оралда облыстық еңбек резервтерінің басқармасы ұйымдастырылады. Оның мақсаты кадрларды даярлау мен тәрбиелеу болды. Осы басқарма басшылығымен 1947 жылы 9 сәуірде қаладағы кәсіпорындардың дені шоғырланған екі ірі өндірістік аудандар Приречная мен Орталық аудандардың арасында өндірістің ұйымдастырылу мен мамандар деңгейін анықтау мақсатында еңбек жарысы өткізіледі. Онда Приречная ауданының кемшіліктері анықталып, кейін ол партия ұйымының мәжілістерінде сынға алынады. Ол кемшіліктер негізінен жоспарларын орындай алмау, шикізатты үнемдемеу, қосымша шаруашылықтарға көмек бермеу сияқты мағынада орын алды. Бұл кемшіліктер аудандағы басшылардың жиі ауысуымен де байланысты болды. Мысалы, 1947 жылдың өзінде Приречная ауданында 2 бөлім басшысы ауысса, орталық ауданында нұсқаушылардың 80% ауысқан, мұндай тұрақсыздықтың басты себептері:

- 1 басшылық орынға асығыс қою,
- 2 партия ұйымдарының өз қатарларын үнемі толықтырмауы
- 3 кадрларға жағдай жасамауы болды.

Осындай жағдайлардың орын алуына қарамастан қала экономикасының дамуы тоқталған жоқ оның дамуына елеулі үлес қосқан ірі өндіріс орындарынан басқа оқу-өндірістік кәсіпорындары да болды. Бұл кәсіпорындар көру және есту қабілеті нашар мүгедек адамдарды кәсіпке баулып, қоғамдық пайдалы еңбекке тартатын өндіріс орны болды. Мұндай кәсіпорындар 1948 жылы құрылған «Қазақ зағиптар қоғамының тәжірибелік-өндірістік шеберханасы» мен «Қазақ саңыраулар қоғамының тәжірибе-сынақ шеберханасы» болды. Бұл кәсіпорындар соғыстан кейінгі уақыттағы қала халқының сұранысын өтеуге қатысы, халық тұтынатын товарларды өндірді.

Соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстан экономикасының ең дамыған саласы өнеркәсіп саласы болған. Өйткені соғыстан

кейінгі кезеңде өнеркәсіпке қаражат жұмсау көлемі өскен. Мысалы, 1940 жылы 53,1 млн. сом болса, 1950 жылы ол-177,3 млн. сом болған. Осылайша, 1940 жылмен салыстырғанда қаражат жұмсау көлемі 1950 жылы - 3,3 еседен астам болған. Оның үстіне өнеркәсіп орындарының көпшілігі Одаққа бағынған. Мысалы, 1950 жылы өнеркәсіптік кәсіпорындардың одаққа бағынатындары- 64%, республика, облысқа бағынатындары -36% болды. Жалпы өнеркәсіптен түсетін түсімнің өсу қарқыны 1945 жылы 1940 жылмен салыстырғанда -137% болды. Бірақ өнеркәсіп салаларының үлес салмағы біркелкі болған жоқ. Мысалы, 1950 жылғы бүкіл өнеркәсіптің жалпы өнімінің ортақ көлеміндегі жекелеген өнеркәсіп салаларының үлес салмағына келсек, машина құрастыру, металл өңдеу-12,9%, жеңіл өнеркәсіп-13,8%, тамақ өнеркәсібі-24,7% болған. Осыған қарамастан соғыстан кейінгі бесжылдықтың тапсырмалары мерзімінен бұрын орындалды. Оның басты себебі соғысты жеңіспен аяқтаған Кеңес елі адамдары сияқты Орал қаласы еңбекшілерінің де еңбектегі шабыт-жігері болды. Бұл кейінгі жылдарда өз жалғасын тапты.

1950 жылдарда Қазақстанның экономикасының күшқуатының өсуі үшін алғы шарттар жасалып, бұл жылдары халық шаруашылығының материалдық және техникалық базасын нығайту, шаруашылық айналымға

жаңа ресурстарды тарту, өндірістің техникалық дәрежесін арттыру шаралары жүзеге асырылды. Қала экономикасы одақтық және республикалық жоспарлармен қоса қалалық еңбекшілер депутаттарының Кеңесінің атқару комитетінің шаруашылық және мәдени-әлеуметтік шараларды дамыту жоспарына сай жұмыстанды. Басты міндеттері халық шаруашылығы жоспарын орындау мен өнім шығару болған Орал қаласының кәсіпорындары еңбектің әртүрлі әдістерін қолдана отырып өз жоспарларын орындауға ат салысты. Соның нәтижесінде Орал қаласы республикадағы жеңіл және тамақ өндірісі орталықтарының біріне айналды. Бұл кезеңде өнімнің негізгі түрлерін өндіру көлемі ұлғайды. Мысалы, қаладағы мия зауыты ұжымы өнім шығарудың жылдық жоспарын 29%-ке, еңбек өнімділігін 34%-ке асыра орындап, өнімнің өзіндік құнын 6,5%-ке, яғни жоспардағыдан 12,8%-ке кеміткен. Сондай-ақ өндірістік қуаттар мен алаңдарды толық пайдалану жолымен негізгі өнім шығаруды 1948 жылмен салыстырғанда 10 есеге арттырды.

Мұның өзі қала кәсіпорындарының жылдық жоспарларын орындауының нәтижесі еді. Мысалы, 1952 жылы статистикалық Басқарманың мәлімдемесі бойынша Орал қаласының халық шаруашылығының жоспарын орындауы мынадай болған: Қалалық сүт зауыты - 105 %; Механикалық зауыт - 89%; Кірпіш зауыты- 105; Қалалық тамақ комбинаты - 136%; Ет комбинаты- 78%; Қалалық өнеркәсіп комбинаты –113%; Киіз-байпақ зауыты - 64%; Тері-тон зауыты- 86%.

Қалалық өнеркәсіп орындарының халық қажетін өтеуіне өз үлестерін қосып отырған қаланың маңындағы қосымша шаруашылықтардың да жұмысын атап өтуге болады. Бұл кезеңде қаланың қосымша оқу-тәжірибелік және мемлекеттік шаруашылықтары өз жерлерін иелене отырып бақша өнімдерін өсірген. Мысалы, тәжірибе станциясы, селекциялық станция, құс комбинаты, ет комбинатының, жем совхозы, сондай-ақ педагогика институты, Ворошилов атындағы зауыт тағы басқа жер үлестерінде түрлі өнімдер өндірген. Бұл шаруашылықтар 1951 жылы өз жоспарларын мынадай тұрғыда орындаған(5-кесте):

5-кесте

№	Өнім түрлері	Жоспар	Орындағаны	%
1	Картоп	250	211,24	85
	Көкөніс	150	130,4	87
№	Құс	4885	3847	
	Ірі қара мал	1561	1217	
	Басқа бақша өнімдері	140,5	103,30	73,5

Мұндай қосымша шаруашылық өнімдері қала халқын азық-түлікпен қамтамасыз етудің бір тетігі болса, әрі бұл кәсіпорын халқын пайдалы еңбекпен шұғылдандыру мәселесін шешу жолы да болды.

1950-1960 жылдардағы экономиканы дамыту бесінші бесжылдықпен байланысты болды. 1952 жылы қазандағы КОКП-ның XIX съезі қабылдаған халық шаруашылығын дамытудың бесінші бесжылдық жоспарында ауыр өнеркәсіпті дамытуға ерекше мән берілді. Сондықтан Орал қаласы кәсіпорындары да бүкіл республикадағыдай бесжылдық жоспарды орындауға

жұмылдырылды. Ал 1950 жылдарда Орал қаласында мынадай өндіріс орындары болды және ондағы жұмысшылар мен өнім шығару көлемі төмендегідей көрсеткішті көрсетті(6-кесте):

6-кесте

№	Өндіріс орындары	Өнім көлемі	Жұмысшылар саны
1.	Арматура зауыты	7300	251
2.	Горпромкомбинат	4500	190
3.	Гор пишекомбинат	5550	71
4.	Землячка ат. зауыт	38127	615
5.	Ет комбинаты	69800	581
6.	Мия зауыты	1422	34

Бұл кәсіпорындарға мамандарды қаладағы №15 қолөнер училищесі -340, №11 ФЗО мектебі -118 кадр даярлады.

Қаладағы жетекші ұйым ретіндегі партия комитетінің ықпалымен бұл кәсіпорындарда жоспарды орындау үшін, әрі жұмысшылардың еңбек ету белсенділігін арттыру үшін әртүрлі әдістер қолданылды. Соның бірі рационализаторлық ұсыныстарды енгізу және оны қолдау болды. Мысалы, 1952 жылдың өзінде тері-тон зауытының слесары В.Клочков-6 ұсыныс, механик С.И.Селенцов – 2 ұсыныс беріп, олардың тәжірибелік жұмысына 0,3 мың сом жұмсалып, авторлар 2,7 мың сом сый алған. Бұл ұсыныстар нәтижесінде зауытта 35,8 мың сомға үнемділік жасалған.

Мұндай ұсыныстар өнім шығарудың өсуіне де ықпал етті. Мысалы, 1952 жылы Арматура зауытында өнім шығару – 10 есеге, еңбек өнімділігі 1950 жылмен салыстырғанда 48% өссе, өнім құны 25 % төмендеді.

Сөйтіп 1950-1954 жылдар арасында облыс пен оның орталығындағы өнеркәсіп орындарының жұмысы қарыштап алға басты. Әсіресе өнеркәсіп орындарында өндірілетін бұйымдардың түрлері 1950 жылмен салыстырғанда едәуір дәрежеде көбейіп, олардың сапасы да жақсарды. Облыс кәсіпорындарының тұтас алғанда жалпы өнім шығаруы 1945 жылға қарағанда 237,9 пайызға көбейді.

1950-1954 жылдары өнеркәсіпте істейтін әрбір жұмысшының айлық еңбек ақысы орта есеппен 73,85%-ке артқан. Ал өнеркәсіп

орындарында жұмыс жасайтын жұмысшылардың саны осы кезеңде 43,3%-ке көбейген. Бірақ ондағы қазақ ұлтының үлес салмағы төмен болды.

Бесінші бесжылдықтың 1950-1954 жылдарында өнеркәсіпте жалпы өнім өндіру 1950 жылмен салыстырғанда 121 миллион сомға немесе 54%-ке артқан. Бесінші бесжылдық жоспарын қаланың он алты кәсіпорны мерзімінен бұрын орындаған. Әсіресе КСРО совхоздар министрлігінің механикалық зауытының, №17 жарма зауытының коллективі өндірісті ұйымдастыру, техникалық прогресті енгізу, сапалы өнім шығару, өндірістік жоспарларды орындауда алдыңғы қатарда болған. 1950 жылы облыс кәсіпорындары 144 миллион сомның өнімін шығарса, 1959 жылы 700 миллионның, ал 1960 жылы 800 миллионға жуық сомның өнімін өндірген. Осы жылдағы қала өнеркәсібінің өндірген жалпы өнімі мен өндірістегі жұмыс жасаған жұмысшылардың саны қандай болғанын А.2-қосымшадан көруге болады.

1960 жылы қаладағы кәсіпорындарға қажетті мамандарды қаладағы кәсіптік бағыттағы оқу орындары мынадай көлемде даярлаған:

№9 техникалық училище -250;

ауыл шаруашылық механизациясы училищесі – 530.

Кейбір кәсіпорындар өнім өндіруде республикада жетекші орында болды. Мысалы, Тері комбинатын алсақ, ол республикада өндірілетін мехтың жартысынан астамын беріп отырған. Комбинат өндірген негізгі бұйымдар балалардың тері пальтосы, жаға, манто, тері бөріктер жақсы сұранысқа ие болған. 1960 жылы комбинатта өндірістік процестер механикаландырылып, киім тігуде конвейер бағыты жұмыс жасаған. Москваның тері фабрикасының тәжірибесі бойынша тері жағаларды пішуде үдемелі әдіс қолданылған. Бұл жартылай фабрикаттарды үнемдеуге жағдай жасады. Осындай республикалық маңызы бар тағы бір кәсіпорын Землячка атындағы былғары зауыты болды. Ол республикадағы былғары өндіретін қуатты кәсіпорындардың біріне айналды. Оның қуатының өсуін өндірген хромының көлемінен көруге болады. Мысалы, кәсіпорын 1951 жылы 76 миллион шаршы дециметр хром өндірсе, 1960 жылы 127 миллион шаршы дециметр хром өндірген. Сөйтіп 1950-1960 жылдарда

қала кәсіпорындары республикалық деңгейдегі басымдыққа ие бола бастады.

Экономиканың дамуында КОКП Орталық Комитетінің 1955 жылғы шілде Пленумы өнеркәсіптегі ғылыми-техникалық прогрестегі бетбұрыс кезең болды. Пленум «өндіріс процестерін электрлендіру, комплексті механикаландыру және автоматтандыру, мол өнімді ең жаңа станоктарды, машиналар мен аппараттарды енгізу, өндіріс технологиясын үнемі жетілдіріп отыру, атом қуатын бейбіт мақсаттарға қолдану негізінде өнеркәсіптің барлық салаларында техниканы жетілдіру қарқынын мықтап арттыруды» талап етті.

Сөйтіп Пленум өнеркәсіпті алға қарай дамыту, техникалық прогресс пен өндірісті ұйымдастыруды жақсарту жөнінде кең көлемді бағдарлама жасау міндетін қойды. Қаладағы өнеркәсіп орындары осы шілде Пленумының қаулысын жүзеге асыра отырып, өнім шығаруды арттырып, құрал-жабдықтарды тиімді пайдалану ісін жүзеге асырды. Қаланың өнеркәсіп орындары бүкіл облыс өнеркәсіп орындары сияқты бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға ат салысты. Мысалы, К.Цеткин атындағы тігін артелі бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап, 1956-1960 жылдардың есебіне өнім берген. Ал Землячка атындағы зауыт 1959 жылдың 10 айының ішінде 70 тонна шикізатты үнемдеп, өнімнің өзіндік құнын 800 мың сомға кемітті.

1950-1970 жылдарда қаланың шаруашылық дамуы бүкіл елдегі сияқты сандық мазмұн алды. Мұның негізі сталинизм идеяларынан бас тартып, Хрущевтің жылмық кезеңі басталған кезде қалыптасып еді. Өйткені осы өтпелі кезеңде кеңес елінің де, оның құрамындағы Қазақстанның алдында да дамудың екі жолын таңдап алу мүмкіндігі тұрды. Ол жолдың біріншісі нарықтық механизмдер тетігін іске қосып, қоғамдық меншік көзқарасынан арылып, еңбекшілердің өз еңбегінің түпкілікті нәтижелеріне деген қызығушылығын арттыру, осы арқылы еңбек өнімділігін көтеру, оның жаңа биік сатысына шығу жолы болды. Ал екіншісі бұрынғы қалыптасқан қоғамдық-шаруашылық қатынастарды ішінара өзгерте отырып, адамдардың белсенділігін көтеру арқылы сандық өсімді арттыру арқылы биік белестерге жету бағыты болды. Осы екі жолдың ішінен қайсысын таңдау керек деген мәселе қойылған кезде өкінішке орай кеңестік кезең

басшылары екінші жолды таңдап алды, өйткені алғашқы бағыт бүкіл қоғамның негізін, партияның жетекшілік күдіретін шайқалтады деп қауіптенді.

Кеңестік кезеңдегі Орал қаласы да осы екінші жолға түсіп экстенсивті экономикалық саясатты басшылыққа ала отырып, кәсіпорындар жұмыстарын жүргізіп, жаңа өндіріс орындарын іске қосты. Өндірістің барлық салаларында жоспарды орындау, асыра орындау, жаңа сандық көрсеткіштер беру жолында көптеген социалистік жарыстар ұйымдастырылды. Оған қаладағы көптеген өндіріс орындары қатысты. Мысалы, 1955 жылы қарашада Р.С.Землячка атындағы тері өңдеу зауыты еңбекшілері Бүкілодақтық социалистік жарыста үш айлық қорытынды бойынша 3-орын алады.

Бұл жылдарда жүргізілген бәсекелестік жарыс көшіне ілесе алмай, сол кезең талаптарына жауап бере алмай көптеген кәсіпорындардың басқа кәсіпорын түрлерінің қалыптасуына жол беруіне алып келді. Өйткені бәсекелестік жарыста жоғарғы көрсеткіштерге жету үшін ұсақ кәсіпорындарды ірілендіру істері жүзеге асырылды. Мысалы, 1957 жылы тамызда №5 ұн зауыты мен №17 жарма зауытының базасында ұн-жарма комбинатының құрылуы осындай мақсаттан келіп шыққан еді. Қазақстанның жалпы одақтық экономикадан қалмауын қамтамасыз ету кезек күттірмейтін, әрі үнемі бақылаудағы мәселенің бірі болды. Осыған орай 1951-1955 жылдар арасында Қазақстан өнеркәсібіне 12 миллиард сом ақша қаржысы бөлінген, соның 94,7% ауыр өнеркәсіпке, 5,3% жеңіл өнеркәсіпке бағытталды. Мұндай мөлшердегі қаржының бөлінуі барысында осы жылдарда Қазақстанда 480 кәсіпорын мен ірі объектілер іске қосылған. Қаражат бөлу 1954 жылға таман 1231,9 млн. сомды құрады, ал 1954 жылы- 23,2 есе өсіп, 1954 жылы-360% құрады.

1956 жылдың 14-25 ақпаны аралығында Компартияның XX съезі болды. Съезде қабылданған КСРО-ның 1956-1960 жылдарға арналған халық шаруашылығын дамыту жөніндегі алтыншы бесжылдық жоспары экономика мен мәдениетті дамыту, халықтың тұрмыстық деңгейін көтеру жөнінде нақты міндеттерді белгіледі. Барлық Қазақстан қалаларындағы сияқты Орал кәсіпорындары да бесжылдық жоспардағы өнім шығару жоспарын мерзімінен бұрын орындау ісіне жұмылдырылды.

Мысалы, 1957 жылы қазан төңкерісінің 40 жылдығына орай Орал өнеркәсібі өнім шығару жоспарын 9 айда 106% орындаған.

Жалпы бұл жылдарда Халық шаруашылығы Кеңесіне қарайтын 11 кәсіпорынның тоғызы өз жоспарларын асыра орындаған. Оның қатарында Орал қаласының байырғы кәсіпорындары Р.Землячка атындағы зауыт, ет комбинаты, Арматура, Кірпіш зауыттары тағы басқалары болған. 1958 жылы Орал қаласының 19 өнеркәсіп кәсіпорны мемлекеттік жоспарды мерзімінен бұрын орындап, келесі жылдың 12 миллион сом өнімін шығарған. 1959 жылы жалпы өнім өндіру облыс кәсіпорындары бойынша 101%, қала бойынша 102,4% орындалған. Оның ішінде Совнархоздар кәсіпорындары бойынша -106,5%, жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындары бойынша-103%, кооперативтік-өнеркәсіптік кәсіпорын бойынша -105,8% орындалған. Қала кәсіпорындары бұл кезеңде 12 млн. сом жоспардан тыс өнім берген. Мұндай артық өнім беру осы кезеңдегі еңбек өнімділігінің өсуін көрсетті. 1959 жылы еңбек өнімділігі 102,4%-ке өскен.

1950 жылдардың екінші жартысы өндіріс техникасы мен технологиясының одан әрі жедел дамып, жұмысшылардың өнертапқыштық пен жаңашылдыққа деген ынта-ықыластарының артқан кезі болды. Кәсіпорындарда өнертапқыштық пен жаңашылдық жөніндегі бюролардың, техникалық прогресс жөніндегі секциялардың жұмысы күшейді, көптеген салалық өндірістік кеңестер құрылып, қоғамдық байқаулар мен конкурстар өткізілді. Тұрақты өндірістік кеңестерде жұмысшылар мен қызметкерлер өз ұсыныстары арқылы өндірісті басқаруға қатысып отырған. 1958 жылы тамызда рационализаторлар мен өнертапқыштардың қазақстандық бірінші конференциясы өткізіліп, онда республикалық қоғам құрылып, ол облыстағы рационализаторларды топтастырды. Ғалымдар, өндіріс жаңашылдары мен өндірісті ұйымдастырушылар техникалық прогресс мәселелері жөнінде лекциялар оқыды. 1964 жылдың аяғы мен 1965 жылдың басында республикада ғылым мен техника жетістіктерінің халық шаруашылығында игерілуіне байқау өткізілді. Тексеру 6,5 мың объектіні қамтып, оған 145 мыңнан астам жұмысшылар мен мамандар қатысты [56;404]. Тексерудің барысында еңбек өнімділігін арттырудың резервтері ашылып, техникалық прогресті жеделдету мүмкіндіктері

табылды. Бұл кезеңде Қазақстанның 23 мыңнан астам жас жұмысшы, колхозшы мен маманы «Бесжылдыққа – жастардың шеберлігі мен ізденісі» деп аталған бүкілодақтық конкурсқа қатысқан, олардың қатарында «Қаланың үздік токары», «Жас және үздік маман жұмысшы» атақтарын алу үшін Орал қаласының жастары да болды

Жалпы бесінші, алтыншы бесжылдықта еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту, зауыттардың өндірістік қуатын кеңейте отырып, өнім шығаруды ұлғайту тапсырмалары орындалды.

Қала еңбекшілерінің өмірлік мүдделеріне сай келетін партияның XX съезінің шешімдері де оларды жаңа еңбек өрлеуіне ынталандырды. Бұл қала кәсіпорындары ұжымдарының техникалық прогресті жеделдетуге ұмтылыстарынан нақты көрініс тапты. Мұнда өндірістің жаңашылдары-өнертапқыштардың ролі айырықша болды. 1960 жылы облыс кәсіпорындары мен құрылыс орындарында 1209 жаңашыл ұсыныстар өндіріске енгізіліп, осының нәтижесінде 778,5 мың сом үнемделген. Осы кезеңде бір ғана Механикалық зауыттың өзінде 1960 жылы 156 жаңашылдық ұсыныс өндіріске енгізіліп, 400 мың сомдай қаржыны үнемдеген.

Орал қаласы кәсіпорындары 1958-1961 жылдарда жетіжылдықтың осы жылдардағы жоспарын жалпы өнім өндіру жөнінен 101,2%-ке орындады. Бұл кезеңде өнеркәсіп өнімінің жылдық орта өсімі 13,9%, еңбек өнімділігінің жылдық орта өсімі 8% болды. Жалпы өнім өндірудің жоспары 1961жылдың жеті айының ішінде 103,6% орындалған. Осы кезеңде 1 млн 679 мың сомның жоспардан тыс өнімі шығарылды. Жылдық жоспардан тыс мынадай мөлшерде өнім өндірілген: 113 пар киіз аяқ киім, 888 мың құты консерві, 252 тонна шұжық тағамдары, 1898 тонна қаймағы алынбаған сүт өнімдері, 3164 мың шаршы дицетр қой терісі. Өнім шығаруды өсіруде кәсіпорындарда коммунистік еңбек коллективі атағын алу жолындағы жарыс үлкен роль алды. Осы кезеңде экономиканы басқарушы партия-үкімет ұйымдарының нұсқауымен жұмыс жасаған, әрі осы кезеңдегі еңбек етудің озық үлгісі болған коммунистік еңбек бригадаларының белсенділігінің ролі зор болды. 1958 жылы қала кәсіпорындарында 40 коммунистік еңбек бригадасы болса, 1959 жылы оның саны 180-ге, ал 1961жылы тамызда 304 коллективке

жеткен, оның ішінде 1 зауыт, 2 депо, 27 цех, 20 смена, 247 бригада және 700-ден аса екпінділер болған. Бұл құрметті атақты 51 коллектив, 170 екпінді жеңіп алған. Коммунистік еңбек үшін күреске 5 мыңнан астам жұмысшылар, инженер-техниктер, 1500 коммунистер мен комсомолдар қатысқан.

Өнеркәсіп мекемелері жылдан жылға өнім өндіру көлемін өсіріп отырған. Жетіжылдықтың бірінші жылымен салыстырғанда жалпы өнім көлемі 9137 мың сомға немесе 262%-ке өскен. Оның ішінде Совнархоз мекемелері бойынша – 32,7%, жергілікті өнеркәсіп мекемелері бойынша – 12,6% болған. Ал жекелеген кәсіпорындар бойынша алып қарасақ 1961жылдың 7 айының ішінде 1959 жылдың осы кезеңімен салыстырмалы түрде алғанда Жөндеу зауытында – 44,6%, Механикалық зауытта – 95,6%, СМО зауытында – 60,7%, Металл жасау зауытында -49% өскен. Жекелеген кәсіпорындардағы өнім өндірудің өсімін алып қарасақ, бір жылдың ішінде Ворошилов атындағы зауыт трактор бөлшектерін шығаруды 2 есеге, токарлық станоктар мен үтіктерді шығаруды -2,5 есеге арттырған. Алайда осындай көрсеткіштерге қарамастан кәсіпорындарда едәуір кемшіліктерде орын алып отырған. Сондай кемшіліктердің бірі жұмыстың бірқалыпты еместігі, коллективтердің көпшілігі товарлық өнімді шығару жоспарын айдың соңғы үшінші декадасында орындап отырған. Бұл сапасыз өнімдердің шығуына, тек сандық көрсеткіштердің ғана орындалып, сапалық көрсеткіштің ақсап қалуына әкеліп отырған. Жалпы қала кәсіпорындары бұл жылы өндіріс жоспарын асыра орындағанмен жергілікті өнеркәсіптің 13 кәсіпорнының 9 өндіріс жоспарын орындамаған. Олар: Чапаев атындағы тері аяқ киім зауыты (дир.Сальников), К.Цеткин атындағы фабрика (дир.Гриченко) тағы басқалары болды. Нәтижесінде жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындары жеті айда 439,9 мың сомның өнімін бермеген. 170 түрлі зат түрлерінің тек 75 позициясы бойынша ғана жоспар орындалған.

Бұл кезеңдегі өнеркәсіптің дамуындағы тағы бір кемшілік – қалалық партия комитетінің өндірістен тыс шығындардың орын алуына тиісті дәрежеде көңіл бөлмеуі. Өндірістік емес шығындар вагондардың тұрып қалуына, өнімдерді уақытында жеткізбеуге байланысты салынған айыптардан, өндірістік сапасыз өнімдер шығындарынан құралған. Мысалы, Механикалық зауыттың өндірістік емес шығынының өзі 1961 жылы 16,4 мың сомды

құраған. Дегенмен осы кемшіліктердің орын алуына қарамастан қала кәсіпорындарының өндірістік қуаты едәуір кеңейді. Орал жылу электр орталығы, нан зауыты, сүт зауыты тағы басқалары салынып, пайдалануға берілді. Өндіріс орындарында жұмыс жасайтын жұмысшылардың жалақысы 8-10 %-ке өскен. Жаңашыл өнертапқыштық жұмыстар күшейтілген. Мыңнан аса адам 1300 рационализаторлық ұсыныстар берген, оның 971 өндіріске енгізіліп, 600 мың сомнан астам экономикалық тиімділікке қол жеткізілген. Бірақ техникалық сауатты адамды қолдау, еңбекті марапаттау тиісті дәрежеде болмады, кейде рационализаторлық ұсыныстың авторлығын өндіріс басшыларының өз аттарына жазып алу жағдайлары орын алған.

Жаңашылдар мен өнертапқыштар қызмет саласы аясының кеңеюі, техникалық прогресті жеделдетудегі жаңашыл ойдың өскелең ролі өзінің орталығын құруды талап етті. Республиканың барлық аймақтарында жаңашылдар мен өнертапқыштар қоғамының ұйымдастыру бюросын құру туралы қаулы қабылдаған кезде Оралда да 1960-жылдарда қоғамдық бастама негізінде кәсіпорындар мен мекемелерде 24 қоғамдық-конструкторлық бюролар құрылып, оның жұмысына 175 адам қатынасқан. 1962 жылдың I кварталында 32 жаңашыл болған, 1962 жылы Жергілікті өнеркәсіп Министрлігі ұйымдастырған конкурс бойынша «Металл бұйымдар жасау» зауытына 2-ші сыйлық беріліп, 3 шығармашылық бригада мен 5 рационализатор сыйлыққа ие болған. 1963 жылдың I кварталында 53 жаңашылдар болған. Олардан 55 ұсыныс түсіп, оның 24 ұсынысы өндіріске енгізіліп, 32 мың сом экономикалық тиімділік әкелген. Жеке кәсіпорындардың өзі бұл жаңашылдық іске белсене қатысып отырған. Мысалы, Механикалық зауыт жаңашылдарын алсақ 1963 жылдың I кварталындағы жаңашылдық ұсыныстардың нәтижесінде 4 тоннадан астам қара металды, 2 тоннадай шойынды, 23 мың квт сағат электр энергиясын үнемдеген. Жалпы 1962-63жж. 971 жаңашылдық ұсыныс түскен, оның 625-сі (64,3%) өндіріске енгізілген. 223 ұсыныс бойынша 148,8 мың сомға экономикалық тиімділікке қол жетті. Бірақ 1963 жылы қала кәсіпорындарындағы жаңашылдық бойынша жалпы экономикалық тиімділік 1962 жылмен салыстырғанда төменгі көрсеткіште болды. Мысалы, 1962 жылдың I кварталында үнемділік 378,9 мың сом болса, 1963 жылдың I кварталында

148,8мың сом болған. Бұлайша төмендеу ең алдымен 178 мың сом пайда әкелген №412 Мостопоезд коллективінің Пенза облысына көшуімен, содан соң осы жұмысқа жауапты адамдардың жауапсыздығы мен немқұрайлығына байланысты. Яғни бұл алдыңғы қатарлы тәжірибенің зерделенуі, жинақталуы мен таратылуы тиісті дәрежеде жүргізілмеді және ғылымның жетістіктерін өндіріске енгізуде белсенділік жекелеген кәсіпорындарда төмен болды. Мұның өзі экономикалық дамудың барысына өз зиянын тигізгені сөзсіз, яғни өндіріс орындары техникалық дамудан кенжелеп қалып отырды. Дегенмен өндіріс орындарындағы тұрақты өндірістік кеңестер еңбекшілерді өндірісті басқаруға қатыстыруды күшейту шараларын жүргізіп, өндірістік кеңестер мәжілістерін өткізген. Мысалы, 1964 жылы құрамында 90 адам болған, оның 68-і жұмысшылардан тұрған Орал ет-консерві комбинатында алты айда өндірістік кеңестің 4 мәжілісі өткізіліп, өндірістік маңызы бар мәселелер талқыланған. Кеңесте 15 рационализаторлық ұсыныс қабылданып, оның 9-ы өндіріске енгізілген.

Кәсіподақ ұйымдарының жұмыстарында прогрессивтік бастамалармен қатар кері жағдайлар да орын алып отырған. Мысалы, Ворошилов, Землячка атындағы зауыттарды еңбекті қорғау мен техникалық қауіпсіздіктер дұрыс сақталмаған жағдайлар орын алған.

Жалпы 1960 жылдарда Қазақстанда бұрын болып көрмеген өнеркәсіп құрылысы жүргізілді. Өнеркәсіптің негізгі салаларының өмір сүруі мен дамуы өндірісті интенсификациялау арқылы емес, негізінен күрделі қаржыны молайту, жаңа қуаттарды іске қосу есебінен жүргізілгеніне қарамай республиканың базалық, әсіресе шикізат салаларында тоқырау байқалған жоқ. Тек 1961-1965жж. ғана республиканың халық шаруашылығындағы күрделі қаржының бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда көп игерілуінен республиканың өнеркәсіп потенциалы екі есеге өсті. 729 ірі өнеркәсіп орны және 535 цех қатарға қосылды. 60-жылдардың екінші жартысында тағы да 445 ірі кәсіпорын және цех іске қосылды, жүздеген зауыттар мен фабрикалар қайта құрылып және техникамен қайта жабдықталды[62; 63]. 60-жылдардың басында жұмыс жасап отырған кәсіпорындармен қатар Орал қаласында да жаңа өндіріс орындары да іске қосылды. Мысалы, 1960 жылы қарашада

«Сантехдеталь» кәсіпорны (СМО зауыты) жаңа техникамен жабдықталса, 17 желтоқсанда Орал жылу электр орталығы (ТЭЦ) сияқты кәсіпорындар іске қосылып, қала кәсіпорындарының қатарын толықтырды. Қала кәсіпорындары тек құрылып қана қоймай өз өнімдерін шығарып, Қазақстанды әлемге танытуға да өз үлестерін қосты.

1960-жылдар Орал қаласының кәсіпорындарының өнімдерінің экспорт үшін шығарыла бастау кезеңі болды. Мысалы, 1961 жылы сәуірде Орал Арматура зауыты өз құбырын 16 шет елге шығарса, 1962 жылы 20 елге экспортқа шығарады. 1962 жылы науырызда «Қызыл Октябрь» фабрикасының мия цехы АҚШ, ФРГ, Югославия елдері сатып алатын экстракт шығаруды ұлғайтса, 1964 жылы қаңтарда экстракт үлгісі Жапониядағы халықаралық арнаулы дәрілік шөптер көрмесінде көрсетіледі. Мұндай жетістіктер жалпы одақтық нұсқауларды орындаумен қатар Қазақстан, соның ішінде Орал қаласы кәсіпорындарының даму, жетілу сатысы, жаңа өзгерістерге икемделу кезеңі болғанын көрсетеді. Тек қана 1954-1964 жылдар арасында жеке аймақтардағы кәсіпорындардың жұмысы нәтижесінде Қазақстанда металл өңдеу өнеркәсібі -3 есеге, жеңіл өнеркәсіп 3,5 есеге, қабырға металлдарының өндірісі-7есеге өскен. 1964жыл жетінші бесжылдықтың жоспарларын орындау кезеңі болғандықтан Орал кәсіпорындары 1963 жылмен салыстырмалы түрде алғанда өз жоспарларын мынадай тұрғыда орындаған(7-кесте) :

7-кесте

№	Кәсіпорындар	1963ж %	1964 %
1.	Орал механикалық зауыт	89	100,4
2.	Орал ет комбинаты	103	100,2
3.	Орал сүт комбинаты	105	92
4.	Орал тері комбинаты	100,2	97
5.	Орал тігін фабрикасы	105	85
6.	Кондитер өнімдер фабрикасы	100,7	103

Жылдық жоспарды орындағанмен 1964 жылы көптеген қала кәсіпорындары төмен деңгейде жұмыс жасаған. Өндіріс жоспары 1963 жылдың 2 айының ішінде 97,6 % орындалса, 1964 жылдың

екі айында 96,9%-ке орындалған. Өндіріс жоспарын қаладағы 8 кәсіпорын орындай алмай, 400 мың сомның даяр өнімін шығармаған. Олар: аяқ киім, тері, тұрмыстық қызмет көрсету комбинаттары, жиһаз фабрикасы тағы басқалары. Бұл жағдай 1964 жылы 17 наурызда болған қалалық партия-шаруашылық активтерінің жиналысында көтеріліп, себебі анықталған. Себеп көптеген басшылардың цех, бригада, кәсіпорын жұмысын терең жан-жақты талдамауы, өздерінің өндірістік қызметке енбеуі, тек нұсқау берумен шектелуі, өз коллективтерін міндеттемелерді орындауға нашар ұйымдастыруы деп атап көрсетілген. Бұл кезеңде қала экономикасында өндірістен тыс шығындар да кең орын алған. Мысалы, 1964 жылы қаңтарда қала кәсіпорындары бойынша шаруашылық айналымнан алынған қаржы 1789 мың сом болған. Сондай-ақ қала кәсіпорындарында нормадан тыс қорлар 846 мың сомға жинақталған, оның ішінде даяр өнім 387 мың сом болған. Нормадан тыс даяр өнім қорлары жекелеген кәсіпорындар бойынша былайша көрініс алған: Механикалық зауыт – 152 мың сом, Арматура зауыты – 58 мың сом, қалалық тұрмыстық комбинат – 27 мың сом, жиһаз фабрикасы – 27 мың сом. Айналымдағы қаржыны дұрыс пайдаланбау кейбір кәсіпорындарда қаржы тапшылығын туғызды. Бюджетке, тапсырыс берушілерге төлем, жұмысшылар мен қызметкерлерге еңбек ақы кешіктірілді. Бұл қала экономикасының дамуының көлеңкелі жақтары болды.

Кәсіпорындардың қатарының өсуі үнемі болып тұрған процесс болды. Оның дәлелі 1965 жылы Орал кәсіпорындарының қатарының жаңа асфальт зауытымен, 60 мың бөтелке сүт, мындаған сыр шығаратын сүт зауытымен, қабырға материалдарын шығару зауытымен, жылу-энергетикалық орталықпен, нан зауытымен толығы болды. Жалпы 1965 жылы Қазақстан өнеркәсібінің, соның ішінде Орал кәсіпорындарының шарықтап, даму кезеңі, әрі жетіжылдық жоспарды орындау кезеңі болды. Орал қаласының кәсіпорындары жетінші бесжылдық жоспарын 1965 жылдың 10 желтоқсанында орындап, жоспардан тыс 6,7 миллион сомның өнімін шығарған. Бұл кезеңде Орал қаласындағы ірі кәсіпорындар 9 министрліктің қарамағында болды. 1965 жылғы өндіріс қорытындысын, яғни өндірілген өнім мен өндіріс орындарында жұмыс жасағандар санын А2-қосымшадан көруге болады. Кәсіпорындарды жекелей алсақ,

мысалы, Р.С.Землячка атындағы тері аяқ-киім комбинаты тері шикізатын өңдеудің жылдық жоспарын 1 миллион 150 мың сомға орындаса, Орал тері комбинаты 77 миллион 789 мың сомға, Орал жөндеу зауыты 10 миллион 118 мың сомға орындаған. Әсіресе Орал жөндеу зауыты жоспар орындауда алдыңғы орындарда болды.

1966 жылдың 29 наурызы мен 8 сәуірі аралығында болған СОКП-ның XXIII съезі партияның Орталық Комитетінің саяси бағыты мен практикалық қызметін мақұлдап, халық шаруашылығын дамытудың 1966-1970 жылдарға арналған бесжылдық жоспарының нұсқанамаларын бекітіп, сегізінші бесжылдықтың басты міндеттерін нақтылады. Онда: «...ғылым мен техниканың жетістіктерін, барлық қоғамдық өндірістің индустриялық дамуын, еңбек өнімділігі мен оның тиімділігін арттыруды жан-жақты пайдалану негізінде өнеркәсіптің одан әрмен елеулі өсімі, ауыл шаруашылығы дамуының жоғары тұрақты екпіні қамтамасыз етілсін және осылардың негізінде халық тұрмысының материалдық және мәдени деңгейін елеулі түрде көтеруге мүмкіншілік жасалсын»- деп тұжырымдалған.

Осы бесжылдық міндеттеріне сай 1960-жылдардың аяғынан қала еңбекшілері бесжылдық жоспарын орындау жолында еңбек етті.

Одақтық тапсырмаларды орындауда ерен еңбектері үшін кәсіпорындар мемлекеттік деңгейде марапатталып отырды. Мысалы, тапсырманы орындағаны үшін Орал жөндеу зауытына 1967 жылы 22 шілдеде Ленин ордені берілген. Өнеркәсіп орындарының жоспарларды орындауы бір жағынан халық тұтынатын тауарлар өндірісінің өсуіне әкелсе, екінші жағынан Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңмен салыстырғанда Қазақстанның өнеркәсіп өнімінің 20 есеге өсуіне әкелді.

Қаладағы экономика, өндіріс мәселелері қаланың партия ұйымы тарапынан үнемі бақыланып отырды, әрі өндіріс мәселесін жолға қою мәселелері көтеріліп отырды. Мысалы, 1968 жылы 17 шілдеде Орал қалалық партия комитетінде өнеркәсіп кәсіпорындарында, транспорт пен құрылыста еңбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру мен өндіріс мәдениетін көтеру жөнінде 1-қалалық конференция өткізіліп, онда өндірістегі жаңашылдық ұсыныстарды қолдау, еңбек жарыстарын кеңінен қолдану, партиялық бақылауды күшейту мәселелері көтерілді.

Еңбекті ұйымдастырудың жетілдірілуі мен еңбек жарыстары 1968 жылы Орал жөндеу зауыты, Землячка атындағы зауыт, Орал механикалық зауыты, Арматура зауыттарының жылдық жоспарды орындауға қол жеткізуіне ықпал етті. Өндірістегі еңбекті белсендендіру мен еңбекшілерді ынталандыру мақсатында 1969 жылы «ең үздік маман» атты облыстық жарыстар өткізіліп, оған Орал жөндеу зауытының токарлары В.Киренюк, А.Цой, С.Мартыненко ие болған. Мұндай жетістіктер басқа жұмысшыларға үлгі болып табылды[70;25].

Өндірістің дамуы ондағы жұмысшылар саны мен кәсіптік білім сапасына да байланысты. 1960-жылдары Қазақстан жұмысшылары қатарының сан және жағынан өсу кезі болды. 1970 жылы Қазақстанда 3,4 миллионнан астам жұмысшы болды, бұл 1940 жылғыдан 5 есе көп еді.

1960-жылдардың ортасына дейін жұмысшылар санының өсуі республика халқының өсуінен шамамен 1,5 есе озып, олардың үлес саны тоқтаусыз артты. 1960-жылдардың ортасында жұмысшылардың жалпы саны үнемі өсіп отырған жағдайда өнеркәсіп-өндірістік персоналдың құрамында олардың үлес саны біраз төмендеді, бұл инженер-техникалық қызметкерлер санының шапшаң өсуімен байланысты болды.

1960-1970 жылдарда өнеркәсіп жұмысшылары 39,6 процент (530 мыңнан 877 мыңға дейін) өсті. 1960-1970 жылдардан бастап өнеркәсіптің жаңа салаларының пайда болуы еңбекшілердің жұмыс қабілетін арттырып, олардың еңбек ақысының өсуіне де әкелген. Мысалы, еңбекшілердің жылдық табысы облыс бойынша 7702 мың сомнан 83589 мың сомға дейін өссе, әрбір жұмысшының еңбек ақысы 74,6 сомнан 135 сомға дейін өскен.

1950-1970 жылдар өндірістің қарқыны экстенсивті сипатта болды. 1958-1965 жылдар арасында республикада машина құрастыру, металл өңдеу -13,3%; жеңіл өнеркәсіп-14,4%; тамақ өнеркәсібі-18,9% болған. Республика кәсіпорындарының ішінде жеңіл және тамақ өнеркәсібінің дамуы аймақтық сипатта болды. Мұның өзі бұл салалардың әртүрлі аймақта түрлі деңгейде дамуына әкелді. Сондықтан республикадағы бұл салаларды белгілі бір жүйеге келтіру үшін 1958-1965 жылдар арасында жеңіл және тамақ өнеркәсібін дамыту үшін едәуір дәрежеде қаражат бөлініп, өндіріс көлемі кеңейтіледі. Әсіресе, бұл кезеңде дамуда тежеліп қалған жеңіл және тамақ өнеркәсібін дамытуға

ерекше көңіл аударылады. 1960-жылдарда республиканың 64 қаласының тек 30-да ғана жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары болды. жалпы жеңіл өнеркәсіптің бұйымдарына деген қажеттілік, әрі арнаулы қаржы қорларының бөлінуі осы жеңіл өнеркәсіптің үлес салмағын 28%-ке жеткізген. Ірі өндірісті дамытып, жеңіл және тамақ өнеркәсібіне тежеу салудың нәтижесінде 1970 жылы республиканың жеңіл өнеркәсібі жалпы республикалық өнеркәсіп өнімдерінің небары 16% шығарды. Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының өнім шығаруында өңдеу бағыты тігін, трикотаж, аяқ киім жасауға қарағанда шапшаңырақ өсті соның салдарынан республикада жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіру еліміз бойынша орташа дәрежеден екі еседей аз болды. Әсіресе тамақ өнеркәсібін дамытуға ерекше көңіл бөлініп, бұл салада 1960-жылдардың екінші жартысында ғана 40 жаңа кәсіпорын салынып, қатарға қосылды. Ал 1970-жылдарда тамақ өнеркәсібінің үлесіне негізгі өнеркәсіп өндірістік қорларының небары 75% және жалпы өнеркәсіп көлемінің 17% тиді, бұл Одақты тұтас алғандағыдан әлдеқайда аз еді.

Бұл кезеңдегі Орал қаласындағы жеңіл өнеркәсіптің даму жағдайына келсек негізінен алпысыншы жылдарға дейін қаладағы тұтыну заттарын болар-болмас мөлшерде кәсіпшілік артельдер шығарып келген. Ал 60-жылдары қаланың Батыс Қазақстан облысының экономикалық-әкімшілік орталығына айналуына орай ұсақ артельдер тарап, жеңіл өнеркәсіп салаларының өсіп, дамуына жағдай жасалды. Қаладағы таратылған кәсіпшілік артельдердің орнына тігін, мебель, аяқ киім, фабрикалары құрылған. Қалада жеңіл өнеркәсіппен қатар тұрғындардың өскелең талап-тілегін күнделікті қанағаттандырып отыратын тамақ өнеркәсібі де дамиды. Олардың қатарын ет комбинаты, кондитерлік тағамдар фабрикасы, сүт зауыты толықтырды. Тамақ өнімдерінің сапасы жақсарып, түрлері көбейіп, көлемі ұлғаяды. Жеңіл, тамақ өнеркәсібі бұйымдарына деген халық қажеттілігін өтеу үшін, әрі арнаулы қаржы қорларының бөлінуі осы жеңіл өнеркәсіп аймақтарының бірі болған Орал қаласындағы кәсіпорындар қатарын 1970-жылдардың басында Орал кондитер фабрикасы, Орал ет комбинатының жаңа цехтарының іске қосылуымен толығына әкелді. Өндірістің дамуы мен өсуі, ондағы жоспар орындау жолында еңбекшілерді ұйымдастыру әдістері 1970 жылы Орал

өнеркәсібінің 8-бесжылдықтағы өндіріс көлемінің тапсырмасын 4 жыл 8 айда орындауға мүмкіндік берді.

Қала өнеркәсібінің дамуы 1970-жылдардың басынан бұл өңірге республикалық партия, кеңес органдарының көңіл аударуына мәжбүр етті. Оның дәлелі ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің 1971 жылы «Орал қаласы мен Орал облысының Чапаев орталығын дамыту туралы» қаулысының шығуы. Мұның өзі өнеркәсіпке жаңа техниканы қолдануға және ауыл шаруашылығының дамуына жол ашуға мүмкіндік берді. Қала кәсіпорындарының халық шаруашылығын дамытуға қосқан үлесі, еңбекшілердің социалистік жарыстағы жетістіктері жоғары жақтың қолдауы мен марапаттауына ие болып отырды. Мысалы, Орал қаласы еңбекшілерінің социалистік жарыстағы жетістіктері үшін КСРО-ның құрылуының 50-жылдығына орай ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы, республиканың Министрлер Кеңесі, кәсіподақтар кеңесі Орал қаласына 1972 жылы 29 желтоқсанда Қазақстан Коммунистік Партиясының Орталық Комитетінің Қызыл Туын тапсырды. Сондай-ақ социалистік жарыс жеңімпазы болғаны үшін өтпелі Қызыл Ту 1974,1975 жылдарда да Орал қаласы еңбекшілеріне берілді. Мұның өзі Орал қаласы еңбекшілерінің үлкен серпіліспен, әрі жоғарғы жақтың бұйрығын бұлжытпай орындай отырып жұмыс жасағанының дәлелі болды.

Жалпы 1950-1970 жылдар Қазақстан өнеркәсібінің дамуының экстенсивті негізде жүруіне орай Орал кәсіпорындары да осы негізде дамыды.1950-1970 жылдарда өнеркәсіптік даму жалпы одақтық өнеркәсіптік экономикалық бағдарламаны қамтамасыз ету бағытында жүрді де, онда Қазақстан республикасының өнеркәсібі КСРО-ның шикізат базасы ролін орындады.

1970 жылдардың аяғында қаланың өндірістік-экономикалық потенциалы алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда айтарлықтай дәрежеде өскенмен, ол өзінің даму мүмкіндігін толық пайдаланды деп айта алмаймыз. Себебі экономикада үлкен алшақтық, сөз бен істің сәйкессіздігі, жоспар орындаушылық бағыт ұстау сияқты жартыкеш жағдайлар орын алып тұрды.

1960-жылдардың басынан бастап Халық шаруашылығының кең көлемде дамуы, соның ішінде өнеркәсіпте күрделі құрылыс көлемінің едәуір өсуі құрылыс индустриясын жасауды талап етті. 1953 жылы қаладағы құрылыс ісіне 843,6 мың сом жұмсалған.

Бұл қаржыға қалада құрылыс жұмыстары басталып, Маметова, Баскакчи, Восточный көшелерінде 8 пәтерлі үш кірпіш үй мен 2 пәтерлі 3 қамыс-ағаш үйлер салу басталады, бірақ олар осы жылы пайдалануға берілмеген. Өйткені 1954 жылға тиісті деңгейде құрылыс ісін жүргізетіндей облыста бірде бір құрылыс ұйымы болмаған. Сондықтан 1954 жылы күзде бірінші хатшы болып келген Сабыр Біләлұлы Ниязбеков басқарған облыстық комитеттің одақтық және республикалық органдар алдына қойған ең алғашқы мәселелерінің қатарында – Орал жылу-электр орталығы құрылысын бастау, Жайық және Шаған өзендерінің үстінен тартылатын автокөлікке арналған көпірлер құрылысын жүргізу, арматура зауытын қала орталығынан шетке көшіру, телеорталық салу тағы басқа мәселелер болды. Осындай көлемдегі күрделі құрылысты жүргізу үшін 1955 жылы «Уральскстрой», «Бурлинстрой» сияқты алғашқы құрылыс трестері, ауыл шаруашылығы басқармасы жанынан құрылыс-монтаж Кеңесін құру ісі қолға алынады.

Партияның XX съезінің қарарларында және КСРО Министрлер Кеңесі мен КОКП Орталық Комитетінің 1957 жылғы 31 шілдедегі «КСРО-да тұрғын үй құрылысын дамыту туралы» қаулысына сәйкес 10-12 жыл ішінде тұрғын үй мәселесін шешу басты мәселелердің бірі болды. Бұл кезеңдегі қала мен облыс көлеміндегі құрылыс индустриясының базасы жылына 2-2,5 млн. дана кірпіш шығаруға қабілетті төңкеріске дейін салынған ескі зауыт пен қарапайым үлгідегі әктас пештері мен Теректі ауданындағы алебастр кенішінен тұрды. Мұндай база ірі көлемдегі құрылысты жүргізу үшін мардымсыз еді. Осындай құрылыс саласындағы кемшіліктер құрылысқа бөлінген қаржының толық игерілуіне мүмкіндік бермеді. Мысалы, 1959 жылы құрылысқа бөлінген 116,7 миллион сом қаржының тек 60,1 миллион сомы ғана игерілген. 10 мың шаршы метр тұрғын үй салу қажет болғанмен, оның 51,8% ғана орындалған. Сондықтан құрылыс трестері өздерінің өнеркәсіп базаларын ұйымдастыруға шешім қабылдап, шақпақ тастарды, қиыршық тас пен құм қоспасын өндіру ісі басталады, асфальт-бетон зауытының құрылысы қарқынды жүріп, қалада құрылысшылар даярлайтын мектептер, училище ашылады. Мысалы, №11 училище мен №30 мектеп. 1960 жылы құрылыс жұмыстары үшін №11 құрылыс училищесі -150, №30 құрылыс мектебі -326 маман даярлаған.

Осындай игі істердің нәтижесінде 1960 жылы қалада құрылыс өнеркәсібі дами бастайды. Бұл кезде қалада жұмыс жасаған құрылыс мекемелері мен күрделі қаржы көлемінің қандай болғанын және құрылыс саласында жұмыс жасаған жұмысшылар санын мына 8-кестеден көруге болады:

8-кесте

№	Құрылыс мекемелерінің атаулары	Күрделі қаржы көлемі (мың сом)	Жұмыс жасайтындар саны	
			Барлығы	жұмысшылар
1	412-мостопоезд	11377	408	356
2	Казстрой электромонтаж	6279	140	113
3	«Уральсксантехстрой» ҚММ	5082	149	120
4	8- жол құрылыс участогы	4304	221	159
5	ОДСР-27	6344	186	144
6	Обл.тұтыну одағының құрылыс басқармасы	2988	161	140
7	Құрылыс жөндеу конторасы	3182	135	114
8	№1 Құрылыс басқармасы	3400	76	68

Құрылыс мекемелерінің ішінен ең жақсы көрсеткіш берген №412 Мостопоезд және «Гордорстрой» құрылыс басқармасы болды. Негізгі құрылыс жұмыстарын осы мекемелер жүргізді. 1961жылы қаладағы өнеркәсіптік, мәдени-тұрмыстық және тұрғын үй құрылысына 15 млн. 895 мың сом қаржы бөлінген. Қаладағы құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін жоспардан тыс 1457 куб метр жиналмалы темір бетон, 350 мың күйдірілген кірпіш, 890 тонна ізбест алынған. Осындай істердің атқарылғанына қарамастан қала құрылысы бұл кезеңде өте баяу қарқынмен жүрген. Мысалы, 1961 жылы 9600 шаршы метр тұрғын үй салынып, пайдалануға берілуге тиіс болған, бірақ 5600 шаршы метрі ғана берілген. Қаладағы ең ірі құрылыс ұйымы «Уральскпромстрой» өз жоспарын 21% ғана орындаған.

Жалпы 1960-жылдарға дейінгі кезеңдегі құрылыстың баяу жүруі құрылыс техникасының нашар жабдықталуымен, құрылысшы кадрларды даярлау мәселесінің төмендігімен түсіндірілді. Осы кезеңде қалада жұмыс жасаған №11 училище мен №30 құрылыс мектебі бүкіл қала құрылысына қажетті мамандарды даярлауды материалдық-техникалық базасы төмен болғандықтан толық жүзеге асыра алмады. Қала құрылысын жолға қою мақсатында қала құрылысын жоспарлайтын жобалау ұйымы Оралда 1962жылы дүниеге келеді, ол 1975 жылы мемлекеттік құрылыс жұмысының ең қуатты мекемелерінің бірі – «Уральскгорсельпроект» жобалау институты деп аталды (дир. Г.И.Пустобаев). Осы ұйымның басшылығымен жетінші бесжылдық жылдарында қалада 13 объект салынған. Олар сүт зауыты, мәдени-тұрмыстық объектілерден 90 және 140 орындықты бала бақшалар, саңыраулар қоғамының клубы, 964 орындықты мектеп үйлері салынған.

Республиканың бүкіл экономикасы сияқты өнеркәсіп те өндіріс алаңдарын кеңейту, шаруашылық айналымға шикізаттың жаңа көздерін тарту, кадрлардың санын көбейту есебінен дамып отырды. Табиғатты қорғау мәселелерін шешуге комплексті көзқарасты қамтамасыз ете алмаған, қалыптасқан, мейлінше орталықтандырылған әкімшілік жоспарлау жүйесі, демократия мен жариялық дәрежесінің жеткіліксіздігі, экологиялық мәдениеттің болмауы салдарынан индустрияның дамуымен бірге зиянды қалдықтардың қоршаған ортаға әсері қауырт күшейе түсті. Осы кезеңде өмір сүрген саяси жүйе табиғи ресурстарды игеру мен өндіріс орындарын дамытуда варварлық механизмді қолдан жасады.

Әрине кеңестік кезеңде табиғи ресурстарды пайдалану мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы ондаған нормативті актілер қабылданды. Олар 1950 жылы Одақтас республикалардың табиғатты қорғау туралы Заңы мен 1951 жылғы Қазақстандағы табиғатты қорғау Заңы. Бірақ олардың барлығы дерлік декларативтік сипаттағы құжаттар болды. Нақты шешімдердің қабылданып, жүзеге асырылуына ықпал етпеді. Сондықтан бұл жылдарда экология мәселесі назардан тыс қалды, басшылық органдар бұл мәселеге мән де бермеді. Экономикада экологиялық «лас» шикізат салаларының басымдығы жағдайды қиындатып, бұл салаларда жетілдірілмеген, табиғатқа залалды

технология пайдаланылды. Шынтуайтқа келгенде бұл халық назарындағы мәселе еді.

Қорыта айтқанда 1960-жылдардан бастап халық шаруашылығына ендігі жерде бюрократтық жолмен басшылық жасаудың өміршең еместігі аймақтағы қала өнеркәсібінің ұйымдастырылуынан айқын сезіле бастады. Осыған орай елдің жоғарғы билігі өзгеріс жасаудың қажет екенін түсініп, экономиканы қайта құруға әрекет жасай бастады. Көптеген кәсіпорындар республиканың қарамағына берілді. Жалпы осы кезде республика қарамағына өткен 144 кәсіпорынның ішінде Орал ет комбинаты да болды. Мұндай жағдай жер-жерде кәсіпорындарды басқаруды жақсартып, белгілі бір деңгейде олардың дамуына көмектесті.

КОКП Орталық Комитетінің 1965 жылғы науырызда, қыркүйекте, қазанда өткен пленумдары өнеркәсіпке басшылықты жақсарту, жоспарлауды ынталандыруды жетілдіру шараларын белгіледі. Осыған орай кәсіпорындар мен салаларда шаруашылық есепті жүргізудің аясын кеңейту көзделіп, кәсіпорындардың қызметін шектен тыс шектеу жойылып, олардың шаруашылықты жүргізу дербестігі кеңейтілді. Экономика саласындағы ынталандыру әдістері сияқты пайда, баға, сыйлық, несие сияқты аса маңызды экономикалық тіректер тиімді пайдаланылды. Нәтижесінде неғұрлым жоғары жоспарлы тапсырма алуға, өндірістік қорларды, жұмысшы күшін, материалдық және ақша ресурстарын толық пайдалануға, өндіріс техникасын жетілдіруге және өнімдердің сапасын жақсартуға деген қызметкерлер мен коллективтердің материалдық ынтасы артты. Шаруашылық реформасы жалпы республикамен қатар Орал қаласы экономикасының дамуына да белгілі бір дәрежеде қозғау салды. Бірақ реформаны жүзеге асыру біркелкі жүзеге асты деп айта алмаймыз, өйткені жоспарларға түзету енгізу, кәсіпорындардың құқын шектеу, орталықтың өктемдігін күшейту сияқты әрекеттер дамуға кедергі жасап, жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа принциптерінің артықшылықтары мен мүмкіндіктері толық пайдаланылмады. Саяси жүйеге өзгеріс жасамай, басқарудың әкімшілік әдістері мен экономиканың жаңа әдістерін үйлестіруге әрекет жасау бюрократизмнің өрістеуіне және кәсіпорындардың дербестігін шектеуге әкелді. Соның

салдарынан экономикада қымбатшылық, бағаның өсуі сияқты жағдайлар көрініс алды.

XX ғасырдың 80-90-жылдарында Қазақстан халқының экономикалық-әлеуметтік жағдайы бір қарағанда тұрақты сипатта көрініс алды. Бірақ шын мәнісінде «тоқырау кезеңі» деп аталатын 1971-1985 жылдарда экономика бұрынғысынша, техникалық прогреске қабілетсіз, қарабайыр әдіспен дамытылып, елде терең дағдарыстық процестер басталған еді. Дағдарыс қоғамдық өмірдің барлық саласын толықтай қамтыды. Әсіресе партиялық элитаның билікті узурпациялауына халықтың наразылығының өсуіне, ұлттық мәдениет пен тілдің дамуының күрделі мәселелеріне, шаруашылықтағы ұйымдастыру ісінің төмендеуіне байланысты дағдарыс қоғамдық-саяси саланы да қамтыды. 1966 жылы басталған елдегі экономикалық реформа экономикалық дамуға белгілі бір дәрежеде серпін берді. Бұл жылдарда өнеркәсіпті дамытудың барысында республиканың индустриялық потенциалы едәуір дәрежеде өсті. Осы жылдарда жалғасын тапқан жарыстың көптеген жеке түрлері әрбір жұмысшыға өзінің кәсіптік шеберлігін, мәдени-техникалық дәрежесін көтеруге мүмкіндік берді. Жарысқа ынталандыруда 1972 жылы өнеркәсіп бұйымдарына үш категория бойынша аттестациялаудың бірыңғай жүйесінің енгізілуі маңызды роль атқарды. Жоғарғы категориялы (отандық және дүниежүзілік таңдаулы станоктарға сай келетін) бұйымдарға мемлекеттік Сапа белгісі берілді. Қаланың көптеген кәсіпорындары тоғызыншы бесжылдықты табысты аяқтап, социалистік жарыста жоғарғы көрсеткіштерге жеткені үшін 1975 жылы «Облыстық Еңбек даңқы» құрметті кітабына жазылған.

X-бесжылдықтың басында Орал қаласының негізгі өндірістік қоры жаңарды. Көптеген цехтар қайта құрылып, машина жасау, металл өңдеу мен құрылыс материалдарының өнеркәсіптері тез қарқынымен дами бастады. Бұл кезеңде қаладағы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 13% дейін өсті. 10-бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін жарысушы 40 цех, бригада, 600-ден астам алдыңғы қатарлы өндіріс озаттары өздерінің бесжылдық жоспарын орындады. Бұл кезеңде еңбекшілерді өндірісті басқаруға тарту және техникалық ойды өркендету жөніндегі экономикалық талдау мен нормалау жөніндегі қоғамдық бюролар, техникалық информация және озық

тәжірибені қорыту топтары, техникалық прогресс, өндірістің тиімділігі мәселелері жөніндегі әртүрлі творчестволық бригадалар мен бірлестіктер секілді талапкерлік, өндірістік ұйымдар, қоғамдық кадрлар бөлімдері көп жұмыс атқарды. Яғни оныншы бесжылдық жылдарында, одан кейінгі жылдарда да рационализаторлар мен өнертапқыштар техникалық прогреске үлкен үлес қосты. Әсіресе Ворошилов, Землячка сияқты кәсіпорындардың жаңашылдық іс-тәжірибелері кеңінен орын алып, насихаттауға тұрарлықтай дәрежеге жеткен. Мысалы, Ворошилов зауытының өзі өндіріске 52 өнертабыс енгізіп, 892 мың сом экономикалық тиімділікке қол жеткізген. Бұл кезеңдегі жаңашылдардың ой-пікірлері мен ұсыныстары өндірістегі еңбек шығынын кемітуге, үнем жолындағы күресті күшейтуге, өнім сапасын жақсартуға бағытталған. Дегенмен барлығы бірдей жақсы жетістіктерге жетті десек шындыққа жанаспас еді, өйткені өздерінің өндіріс жоспарларын орындай алмаған көптеген кәсіпорындар да болды. Мысалы, 1979ж қорытындысында 12 кәсіпорын немесе өндірістің 13,3% өз өнімін шығарудың жоспарын орындай алмаған. Әсіресе өз мүмкіндіктерін төмен жұмыс жасаған кәсіпорындар қатарында «Оралөнеркәсіпқұрылысы», «Уральсксельстрой», «Уральскводстрой» мекемелері болды. Бұған себеп болып отырған ең алдымен «жоғарыдан» басқарылатын қатаң директивалық бақылау, еңбекақы төлеудегі теңгермешілік принциптер болып табылды. Бұл жағдайлар еңбекшілердің белсенділігін, ынтасын күрт төмендетті. Өнім сапасы төмендеп кетті, көптеген өнімдерде стандартты, гост нормаларын бұзу белгілері орын алды да, олар өтпей, кері қайтарылып отырды. Бұл сапасыз өнімдердің көбеюіне әкелді. Жоспар орындауды мақсат етіп, жоспар қуушылық бағыт ұстаған көптеген партия, кәсіподақ ұйымдары шикізатты үнемді жұмсау, материал, отын, электро-энергиясын тиімді пайдалану сияқты мәселелерге жеткілікті көңіл аудармады. Мысалы, 1979 жылдың тоғыз айының ішінде қаладағы 17 кәсіпорын материалдық-энергетикалық ресурстарды өте көп шығындаған. Бұл кәсіпорындардың өз ресурстарын тауысуына, қордың жойылуына әкелді.

Дегенмен, осындай кемшіліктерге қарамастан Х-бесжылдықта Орал қаласы едәуір жетістіктерімен де көзге түсті. Ірі

кәсіпорындар: тас кірпіш зауыты, механикалық зауыттың балқыту цехы, №3 нан зауыты іске қосылды. Арматура зауыты, «Союзлакрица» өндірістік бірлестігінің өнімдері халықаралық рынокта бәсекеге түсіп, әлемнің 39 еліне экспортқа шығарылды. Орталық Статистикалық Басқарманың мәліметі бойынша 1980 жылдың 1 қаңтарында республиканың өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1913 жылмен салыстырғанда 252 есеге, ал соғысқа дейінгі дәрежесімен салыстырғанда, яғни 1940 жылы салыстырғанда 30 есеге өскен.

Елдің экономикалық дамуында ерекше орын алған өнеркәсіп саласы болды. Бірақ өнеркәсіп саласы 70 жылдардың аяғы – 80 жылдардың басына дейін толық қарқынмен дами алмады. Оның басты себебі облыс орталығында орналасқан зауыттар – Ворошилов атындағы машина жасау, механикалық, металл бұйымдарын жасау тағы басқалардың негізінен Қорғаныс Министрлігіне бағындырылып, әскери күштерге қажетті өнім шығарып келсе, екіншіден, облыстағы жеңіл және тамақ өнімдерін шығаратын кәсіпорындар республикаға, одаққа қажетті өнімдерді шығаруда мардымсыз болды. Тек 1970-1980 жылдардың басында ғана өнеркәсіпке жұмсалатын қаржы көлемі ұлғаяды. Осы кезеңде халық шаруашылығына жұмсалған қаржының 32% құрайтын 40,8 млрд. сом қаржы өнеркәсіпті өркендетуге жұмсалған. Нәтижесінде 1970-1985 жылдары өнеркәсіпті дамыту барысында республиканың индустриялық потенциалы едәуір дәрежеде өскен.

Жалпы Орал қаласының өзінде 1980 жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 16,1% құраған. Бұл кезеңде Қазақстанның экономикалық дамуында ерекше орын алған 1578 кәсіпорын болды, оның ішінде 250-ге жуық кәсіпорын, ірі өндірістер мен цехтар 1980 жылға дейінгі уақытта қатарға қосылып, өндірістің жана салалары ретінде пайда болған. Оның қатарына Орал қаласында №3 нан зауыты, силикат кірпіш зауыты, механикалық зауыт сияқты кәсіпорындар да іске қосылды. Бұл кәсіпорындар мемлекеттік тапсырмалардан тыс қосымша 7,8 млн сомның өнімін шығарып, 56 бұйымға мемлекеттік сапа белгісін алды. Сөйтіп бұрын қазақ даласына өнеркәсіп өндірісінің өнімдерінің барлық түрі сырттан әкелінетін болса, енді Қазақстанның өзі өз өнімдерін экспортқа шығара бастайды. Осыған орай бұл кезеңде қала кәсіпорындарының көпшілігіне өнім сапасын басқарудың

кешенді жүйесі енгізілді, еңбек өнімділігін арттыру бағытында бірқатар істер жүзеге асырылды. Өнім сапасын басқару жүйесінің нәтижесінде 300 мыңдай сомға экономикалық тиімді пайдаға қол жеткен. Ал еңбек өнімділігін арттыру ісіне қала кәсіпорындары мен ондағы еңбекшілер белсене қатысқан. Мысалы, К.Цеткин атындағы тігін фабрикасы коллективінің өзі 1980 жылы еңбек өнімділігін 20% өсіріп, мемлекеттік сапа белгісімен 2 млн. 48 мың сомның бұйымын шығарған. Бұл жылдарда Орал қаласы кәсіпорындарында шығарылған көптеген бұйымдар халықаралық рынокта бәсекелесіп, әлемнің 39 еліне экспортқа шығарылған. Бұлар негізінен арматура зауытының, «Союзлакрица» өндірістік бірлестігінің бұйымдары болды. Қалада машина жасау, металл өңдеу, құрылыс материалдарының өнеркәсіптері тез қарқынмен дамыған. Сондай-ақ Батыс Қазақстан өнеркәсібінің дамуына 1977-1978 жылдары ашылған Қарашығанақ газ-конденсат өндіру кешенінің зор ықпалы болды. Өйткені осы өндіріс орнының ықпалымен Батыс Қазақстан өңірі аграрлы-индустриялы елден индустриялы-аграрлы аймаққа айналды. Бұл кезеңде қалада халық тұтынатын тауарлар шығаратын кәсіпорындардың көлемі 13% өсті. Алдыңғы бесжылдықтардан келе жатқан бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыс пен еңбекшілердің белсенділігі де бұл кезеңде де өз жалғасын тапты. Бұл жарысқа қатысқан қаланың 40 шақты цехы, бригадалары, 600-ден астам өндіріс екіпінділері өз тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындаған. Мысалы, қалалық өнеркәсіп саудасы мекемесінің 414 қызметкеріне «Коммунистік еңбек екіпіндісі» атағы, қала кәсіпорындарындағы 53 бригадаға, 18 комсомол-жастар бригадасына «Коммунистік еңбек бригадасы» атақтары берілген.

Қаланың өнеркәсібінің басқа салаларымен қатар жеңіл өнеркәсіп орындарында да мемлекеттік сапа белгісін алған өнімдер шығарылған. Мемлекеттік сапа белгісін алған өнімдер қатарында бас киімдер, балалар пальтосы, әйелдер пальтосы болған. 1980 жылы жоғарғы категориялы өнімдер шығару көлемі 5034 мың сомды құраған. Өнеркәсіп саласының үлес салмағы 1980 жылы -24,8%, 1981 жылдың 9 айының ішінде – 28,9% құрады. Осындай жетістіктерге қарамастан 15 кәсіпорын еңбек өнімділігі бойынша өз жоспарларын орындай алмаған. 1980 жылы әрбір төртінші кәсіпорын еңбек өнімділігінің жоспарлы

өсімін қамтамасыз ете алмай 10 млн-нан артық сомның өнімін бере алмаған. Қаланың жұмысшыларының төрттен бірі қол еңбегімен жұмыс жасаған. Кәсіпорындардың көбінде өнімі сапасын арттыруға байланысты өнеркәсіп мәселелері баяу шешімін тауып отырған. X бесжылдықтың басынан бастап кәсіпорындардағы сапасыз өнімінің салдарынан 4,5 млн. сом шығын болған. Көптеген өнімдер стандарт пен ГОСТ талаптарын бұза отырып өндірілді де, нәтижесінде өңдеу үшін кері қайтарылды. Бұған әсер еткен жағдайлардың бірі кәсіподақ комитеттерінің жұмысының төмен деңгейде болуы, олардың бұйым сапасын жетілдіруге нашар ықпал етуі болды. Сондай-ақ осы кезеңде кадрлардың тұрақсыздығы да орын алған. 1976-1980 жылдардың арасындағы кәсіпорындардағы кадрлардың тұрақсыздығын 9-кестеден көруге болады:

9-кесте

Өндіріс орындары	Қабылданғандар саны	Шығып кеткендер
Механикалық зауыт	1353	1424
Тері комбинаты	2536	1974
Қалалық өнеркәсіп саудасы мекемесі	704	564
Сауда басқармасының асханамен ресторандар тресі	1745	1596

Мұндай тұрақсыздықтың басты себебі тұратын орынның жоқтығы болды. Бұл кезеңдегі Орал қаласы экономикасында орын алған кемшіліктер Орталық Комитет Пленумдарында Қазақстан КП хатшысы Д.А.Қонаев «еңбек бастамаларын қолдаудағы, кәсіпорын жұмысын бақылаудағы, ұйымдастырушылық қызметтегі кемшіліктері үшін» Орал қалалық партия ұйымын сынға алған. Шын мәнінде 1980 жылдың өзінде 78 бастама болғанмен 18 еңбек бастамасы тек қағаз жүзінде қалып қойған. Дегенмен осындай кемшіліктердің орын алғанына қарамастан қала кәсіпорындарының көпшілігінің өз жоспарларын орындауы 1980 жылы Орал қаласына өтпелі Қызыл тудың берілуіне мүмкіндік берді. Бұл төрт жыл ішіндегі қала өнеркәсібі мен құрылысындағы өз жоспарларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы еңбек коллективтерінің жұмысының

нәтижесі болды. Себебі 4 жылда қаланың негізгі өндірістік қоры 1,5 есеге, кәсіпорындар кірісі 2 есеге дейін өскен. Тек 1980 жылдың I жарты жылдығының өзінде «К.Цеткин коллективі» еңбек өнімділігін 20% өсіруге қол жеткізіп, мемлекеттік сапа белгісі бар 2 млн. 48 мың сомның өнімін шығарған. Мұның өзі 1978 жылмен салыстырғанда 3,5 есеге өсу көрсеткішін білдірді. Өндіріс жоспарларының орындалуына кәсіпорындардағы рационализаторлық ұсыныстар мен жастар еңбегінің зор ықпалы болды. 1980 жылы жекелеген кәсіпорындардың өзінде бірқатар рационализаторлық ұсыныстар едәуір дәрежедегі экономикалық тиімділікке қол жеткізуге әкелген. Мысалы, Ет комбинатында 42 рационализаторлық ұсыныс 59,2 мың сом, Механикалық зауыт 1980 жылы 44 ұсыныс пен 2 өнертабыстан 96,5 мың сом, ал 1981 жылдың 8 айының ішінде 34 ұсыныс пен 1 өнертабыстан 72 мың сом, Сауданың облыстық басқармасының асханалар мен ресторандар тресті 2 ұсыныстан 65 мың сом, «Омега» зауыты 1980 жылы 130 ұсыныстан 105 мың сом, ал 1981 жылдың 8 айының ішінде 85 ұсыныстан 52 мың сом экономикалық тиімді пайда алған.

Бұл жылдарда кәсіпорындар жұмысында ерекше орын алған комсомол жастар бригадаларының жұмысы болды. 1981 жылдың 30-қарашасында қалада комсомолдың 250 бастауыш ұйымы, 336 комсомолдық топтары болған. Өнеркәсіпте 5298 жастар жұмыс жасаған, оның 4682-сі комсомолдар болған. Қалада жүргізушілердің «Маяк»(бр.Р.Солдатов), Желаев мекемелері тресінің «Урал» (бригадирі А.Поторочин), Ворошилов зауытында электрмонтажшылардың комсомол-жастар бригадасы (бр. Г.Б.Игнатьева) тағы басқалары белсенді еңбек етті.

1980-1981жылдардағы қала экономикасының басты салаларындағы жаңашылдық ұсыныстар саны мен одан түскен пайданы, осы салаларда еңбек еткен жастар үлесінің қандай деңгейде болғанын АЗ-қосымшадан көруге болады. Бірақ кәсіпорындар өз жоспарларын орындап экономиканың дамуына өз үлестерін қосқанмен экономиканың көкейтесті мәселелерінің көпшілігі әміршіл-әкімшілік әдістермен шешілді. Кәсіпорындарға директивалық жоспарлы тапсырмалар еңбек коллективтерінің келісімінсіз жоғарыдан жіберілді, ал еңбек коллективтері оны орындауға тиісті болды. Сөйтіп жоғарыдан келген нұсқау

кәсіпорынды қандай да болсын шығынға қарамай жоспарды орындауға мәжбүр етті.

Экономиканың осындай жолмен дамуы кезеңінде 1981 жылдың 23 ақпаны мен 3 наурызы аралығында партияның XXVI съезі болып өтті. КОКП съезі «КСРО-ның 1981-1985 жылдарға арналған экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі бағыттарын» бекітті. Съезд «XI бесжылдықтың басты міндеті – халық шаруашылығын тұрақты ілгері дамыту, ғылыми-техникалық прогресті жеделдету және экономиканы интенсивті даму жолына көшіру, елдің өндірістік әлеуетін неғұрлым тиімді пайдалану, қорлардың барлық түрлерін барынша үнемдеу және жұмыс сапасын жақсарту негізінде кеңес адамдарының тұрмыс жағдайларын арттыруды болашақта да қамтамасыз ету» деп белгіледі.

Партия съезі белгілеген міндеттерді іске асырудағы күрес кеңес қоғамының барлық саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани саласының басты мазмұнына айналды. Партиялық, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар, еңбек ұжымдары, бүкіл кеңес халқы өздерінің қызметтерінде партия съезінің нұсқауларын басшылыққа алды. КОКП Орталық Комитетінің 1982 жылғы мамыр Пленумы КСРО-ның тоқсаныншы жылға дейінгі кезеңге арналған азық-түлік бағдарламасын қарап, бекітті. Бұл бағдарлама азық-түліктің барлық түрлерімен қамтамасыз етуге, тамақ түрлерін елеулі түрде жақсартуға арналған. Бұл бағдарламаны орындаудан Орал қаласы да шет қалмады.

XI бесжылдық пен 1985 жыл Орал қаласы үшін экономика мен мәдениетті дамытудағы жаңа кезең болды. Бесжылдық жылдарында қала өнеркәсібі 2 миллиард 147 млн. сомның өнімін шығарып, жылдық жоспар сомасының үстіне 10 млн. сомның артық өнімін шығарған.

1985 жылдың өзінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1980 жылғы деңгейінен орташа жылдық 19%-тік өсімнен 32%-ке өсті. XI бесжылдық жылдарында 300 млн. сомның негізгі қоры іске қосылған және оның құны 448 млн. сомды құраған, 1980 жылмен салыстырғанда 24%-ке өскен. Социалистік жарыстың жеңімпаздары болған көптеген өнеркәсіп орындары тұрақты түрде жұмыс жасаған. Мысалы, К.Цеткин тігін фабрикасы, тері комбинаты, кондитерлік фабрика, Металл өнімдері зауыты, оларда В.В.Молосай, К.А.Нығметова, Т.И.Коновалова сияқты

депутаттар еңбек еткен. Бұл жылдарда шаруашылық механизмі мен басқаруды жақсарту ісі бойынша біршама шаралар атқарылған. Өндіріс пен еңбекті ұйымдастыруды жақсарту есебінен 1984 жылмен салыстырғанда 1985 жылы өндірістік шығын 18%-ке қысқарып, кадрлардың кету коэффициенті төмендеген. Барлық өндіріс орындарында еңбекті ұйымдастырудың бригадалық формасы кеңінен таралған. Алдыңғы жылдардағы жаңашылдық ұсыныстар бұл кезеңде де жалғасын тапқан. Мысалы, электр желілерін бөлу кәсіпорнындағы рационализаторлардың 17 жаңашылдық ұсынысының нәтижесінде 6,3 мың сомға экономикалық тиімділік алынып, 39,7 мың сом жылдық үнемдеудің жеті түрлі шарасы енгізілген. Бұл кезеңдегі жекелеген кәсіпорындардың экономикалық даму мүмкіндігін алсақ, Механикалық зауыт тракторларға қосымша бөлшектер шығару нәтижесінде еңбек өнімділігін 160%-ке, яғни 2 есеге өсірген. 1985 жылдың 1 қаңтарынан зауыт ірі масштабты экономикалық тәжірибе жағдайында жұмыс жасаған, ондағы басты көрсеткіш келісімдер бойынша міндеттерінің есепке алынуы. 11 айдың ішінде тапсырма 109,5% орындалды. Зауытта XI бесжылдықтың жоспарын 252 адам, 9 бригада мерзімінен бұрын орындаса, 1985 жылдың тапсырмасын 302 адам, 18 бригада орындаған. Қаланың байырғы кәсіпорны ретіндегі Арматура зауытын алсақ, 1984 жылға қарағанда 1985 жылы арматура шығару ісі 119,3%-ке өскен. 11 айдың ішінде халық шаруашылығы үшін 210 мың өнеркәсіп арматурасы шығарылған. Әсіресе экспортқа арматура шығару жоспары мерзімінен бұрын орындалған. Жалпы XI бесжылдықтың жоспарын экспорт цехы, 3 участок, 6 бригада, 300 өндіріс озаттары орындаған. Ал 88 адам өз міндеттемелерін 4,5 жылда орындаған. Олардың қатарында М.Н.Аубакиров, Н.С.Қарабасов, Н.П.Сургучева, С.Ж.Тлепова және тағы басқалары болды.

Қала экономикасының дамуын жетілдіру бағытында жұмыс орындарын инвентаризациялау мен аттестациялау ісі жандандырылған. Мысалы, 1985 жылы өнеркәсіп орындарында 11500 орын инвентаризацияланған, оның 63%-і еңбекті тиісті деңгейде ұйымдастыру талаптарына сай келмеген. Нәтижесінде 288 жұмысшы орны жойылып, 490 жұмысшы жұмыстан босатылған. Сөйтіп бұл жылдарда инвентаризация мен

аттестациялау нәтижесінде өндіріс орындарындағы жұмыстан қысқарту науқаны басталады. Сондай-ақ өндіріс орындарының жұмысында тоқтап қалу, бірқалыптылықтың бұзылуы, техникалық-экономикалық көрсеткіштерді орындамау сияқты жағдайлар да орын ала бастаған. Оны XI бесжылдық жоспарларын орындау барысы көрсетті. Мысалы, ет-консерві комбинаты XI бесжылдық жоспарын орындауда қарыз болып, жылдық жоспар сомасына қарай 26 млн сомның өнімін шығармады. Мұның қатарында Землячка атындағы зауыт та болды. Ол 1981 жылы 9,5 млн сомның өнімін шығарса, 1985 жылы 7,9 млн-ға, яғни 18%-ке қысқарып, 2,6 млн. сомның өнімін бермеген.

Бірақ бұл кезеңде экономикада өндірістің теңестірілмеуі, нұсқау арқылы басқарылу жағдайында жылдық, тоқсандық, айлық тапсырмаларды өзгертіп отыру үйренішікті іске айналды. Мысалы, 1981-1985 жылдары республиканың әртүрлі министрліктері мен ведомстволарында жоспарлар 300-ден астам рет өзгертілген. Мұндай жағдай қала экономикасына да өз әсерін тигізбей қоймады. Сонымен қатар халық шаруашылығының да бірқалыпты даму мүмкіндігінен айырылуына әкелді. Кәсіпорындардың өз жоспарларын орындай алмауы, бітпеген құрылыстардың санының көбеюі сияқты келеңсіз жағдайлар орын алып, қаладағы әрбір үшінші өнеркәсіп кәсіпорыны өнім беру жөніндегі өздерінің міндеттерін орындамаған. Сөйтіп бесжылдық жылдарында еңбек өнімділігінің өсуімен қатар 11%-ке жоспарлық тапсырма орындалмаған.

Дегенмен бұл кезеңде товарлы өнім шығару жоспары 111,9%-ке орындалып, еңбек өнімділігінің жоспары 1985 жылғы деңгейден 15,1%-ке артық орындалып, қала кәсіпорындары 600 түрлі тұтыну товарларын шығарған, еңбек өнімділігінің жоспары 110,7%-ке орындалған. Одаққа бағынышты кәсіпорындар арасындағы өндірісті ұлғайту мен халық тұтынатын товарлар сапасын жақсарту жөніндегі 1985 жылғы республикалық жарыс қорытындысында ҚазКСР мен кәсіподақ Кеңесінің өтпелі Қызыл Туын III квартал бойынша «Омега» прибор жасау зауыты, IV квартал бойынша Ворошилов атындағы машина жасау зауыты жеңіп алған. 1986 жылдың екі айының жұмысының нәтижесі бойынша халық тұтынатын товарлар өндірісінің жоспары 117,8%-ке орындалған және 2,2 млн. сомға артық шығарылған.

Бірақ ассортиментті кеңейту мәселелері өте баяу шешілген. Кәсіпорын басшыларының барлығы бірдей жергілікті шикізатты қолдану арқылы қарапайым товарларды шығаруды кеңейтуге тиісті дәрежеде көңіл бөлмейді, өндіріс күші тиісті мөлшерде пайдаланбаған. Мұндай жағдайлар әсіресе СМО зауытында, үй еңбегі фабрикасында ерекше орын алған. Сондай-ақ қалалық жоспарлау комиссиясы (А.Т.Бижанов, А.Ф.Солодовников) да экономика салаларын дамытуға, кәсіпорын қызметін тиісті дәрежеде бақылауға жүйелі түрде көңіл бөлмеген.

Қала экономикасының сәтті дамуының маңызды жағдайы күрделі құрылыс ісі болып табылады. КОКП ОК және Министрлер Кеңесінің 1969 жылғы 28 мамырдағы «Азаматтық тұрғын үй құрылысының сапасын жақсартудың шаралары туралы» қаулысы мен 1969 жылғы 22 шілдедегі қаулысына сәйкес тоғызыншы бесжылдықта (1971-1976 жылдары) қалада біршама игі істер атқарылған. Тұрғын үй, бала бақша, мектеп тағы басқалары да салынған. Мұндай объектілердің салынуы қалада осы кезде жұмыс жасаған құрылыс трестері мен құрылыс басқармасына біріккен жұмысшы-құрылысшылардың еңбегінің нәтижесі еді.

1975 жылы қалада алты жобалау институты жұмыс жасап, құрылыс мекемелері ретінде «Уральскпромстрой», «Уральсксельстрой», «Уральскводстрой», үй комбинаты құрылып, жұмыс жасаған. Бірақ шашыраңқы түрде жүргізілген құрылыс осы кезеңде қала ажарын ашпады, әрі құрылыс саласының төмен деңгейде екенін көрсетті. Дегенмен 1975 жылы облыс басшылығына келген М.Б.Ықсанов пен өнеркәсіп пен күрделі құрылыс жөніндегі салалық басшы М.К.Гиззатулиннің басшылығымен мамыр айында өткен партияның облыстық Пленумында «Облыстағы күрделі құрылысты күшейту жөніндегі» мәселе талқыланды[90;7]. Пленумнан кейін көп кешікпей қаланың орталық бөлігіндегі көптеген мекеме-кәсіпорындардың мекен-жайлары ауыстырылып, жедел қарқынмен бірнеше зауыттар салынып ірі құрылыс жұмыстарының жүргізілуіне жол ашылады. 1975 жылы қаладағы бұрынғы автокөлік жөндеу шеберханасының орнына «Рахат» дүкені, тігін фабрикасы цехтарының орнына «газжобалау» институты бой көтереді. Қала мен облыс көлеміндегі құрылыс үшін польшалық жабдықтармен жарақтандырылған силикат

кірпіш зауыты жылына 120 млн дана кірпіш, әктас зауыты – 50 мың тонна әктас және 100 мың текше метр керамзитті қиыршық тас, темір бетон конструкциялар зауыты 25 мың текше метр кірпіш шығарған.

Негізі Қазақстан ауыл шаруашылықты аймақ болғанына қарамастан КСРО Қазақстанды, оның бір аймағы ретіндегі Орал қаласын өзінің әскери-өнеркәсіп кешендерінің бір буыны ретінде ұстаған. Оны Орал қаласындағы әскери өнімдер шығаруға маманданған зауыттардың жұмыс жасағанынан көруге болады. Олар Ворошилов атындағы зауыт, Метал жасау зауыты. Бірақ жоғарыда атап кеткеніміздей Қазақстан бірінші кезекте ауыл шаруашылықты аймақ болғандықтан, оның қалаларының кәсіпорындары өнеркәсіп өнімдерінің кейбір түрлерін өндіруден КСРО-да елеусіз орында тұрды. Оны жеңіл өнеркәсіп саласының дамуынан көруге болады. Бұл кезеңдегі Қазақстандағы 9 мыңға жуық ірі және ұсақ өнеркәсіп кәсіпорындарының ішінен 65-і ғана жеңіл өнеркәсіп кәсіпорны болды, олардың кейбірі Орал қаласында орналасты, әрі көбінің тарихы төңкерістен бұрын басталған еді. Олардың көпшілігінің құрал-жабдықтары, технологиясы ескі болды да көбінесе сапасыз өнімдер шығарды. Бірақ осы қайта жабдықтау ісі көбінесе салғырттау жүргізіліп, қолда бар мүмкіндіктер толық пайдаланылмады. Кейбір кәсіпорындар мен өндірістік бірлестіктер өз өндіріс орындарын кешенді түрде техникалық қайта жабдықтаудың орнына өндіріс қуатын арттыруға шамасы келмейтін жекелеген механизмдер мен машиналарды ғана жаңартумен шектеліп отырған. Бөлінген күрделі қаржының өзі де жартылай игерілген. Кейде кәсіпорындарды техникалық қайта жабдықтау мен қайта құру шаралары ресурстарды үнемдеу жағына жеткілікті көңіл бөлмеген.

Жалпы 1970-1980-ші жылдардағы қоғам дамуындағы тоқыраудың, экономикалық дағдарыстың айқын салдарын, яғни халықтың қатысуынсыз, зауыттардың күш-қуатын есептемей, шикізат қорларын ескермей жасалған жоспарлардың өнім шығаруда сапа емес, сан қууға, жұмысшылардың ынта-ықыласын төмендетуге әкеліп соқтырғанынан көреміз. Сөйтіп бұл жылдарда КСРО-ның бірыңғай халық шаруашылығы жүйесіне кірігіп кеткен Қазақстан экономикасы да, оның бір аймағы Орал қаласы өндірісі де қалыпты да, қарқынды дами алмады. Қалада маман

жұмысшылар саны өсіп, творчестволық белсенділік жетілдіріліп, өнеркәсіп орындарының үздіксіз дамуына жағдай жасалғанмен оның өзі орталықтың саясатының әсерінен қарама-қайшылыққа толы болды. Өйткені бұл кезеңде республика өнеркәсібінің жартысына жуығы Одақтық министрліктердің қарамағында болды. Одақтық ведомстволар республикадан шикізат ресурстарын алып, зор пайда тауып отырды. Бірақ Қазақстан бюджетіне, оның экономикалық аудандарына инфрақұрылымды дамыту үшін қаржы бөлмеді. Бұл кезеңде Одақ республика кәсіпорындарынан жылына 15 млрд сом жалпы табыс алып отырса да республикалық бюджетке тек қана 31 млн. сом немесе 1%-тей ғана қаржы аударған. Мұндай қаржы көлемі кең байтақ Қазақстан жеріндегі өндіріс ошақтары үшін тамшыдан да аз болатын еді. Осындай қаржы бөлу мәселесіндегі кемшіліктер өнеркәсіп өнімінің кейбір түрлерін өндіруде жоспарлық тапсырмалардың орындалуын тежеді. Сондай-ақ өндірісті жоспарлауда, еңбек тәртібін бұзуда, технология, ғылым мен техника жетістіктерін өндіріске енгізуде кемшіліктер орын алды. Бұл жылдарда жалпы өнім көрсеткішін өсіру ауыр өнеркәсіп пен күрделі құрылыс саласында басты орын алды. Әсіресе бұл салаларда қымбат, бірақ жоғары ғылыми-техникалық көрсеткіштерге жетуді қамтамасыз ете алмайтын объектілердің салынуы негізгі орын алды. Олардың салынуының ұзақ мерзімге созылуы ұлттық байлықтың шығынының орын алуына әкелді. Бірақ партия съездерінде бұл кемшіліктердің аталып өтуінің орнына ірі зауыттардың қатарға қосылуы туралы зор мақтанымша есеп беріліп отырған. Еңбекті, материал мен ақшаны көп жұмсаған қызметкер мен кәсіпорын көрсеткіштері жоғары бағаланып, марапатталған. Сондықтан кемшіліктерді атап, сынға алмау, түземеу салдарынан республикада да, оның аймақтарының экономикасында ілгерілеу қарқынынан айырыла бастап, шаруашылық пен мәдениет салаларында іркілістер көбейіп, қиыншылықтар жинақталып, шешілмеген мәселелер көбейді.

Республиканың Орталықтың шикізат базасы ретінде сақталуы, әрі экономиканы басқарудың қатаң орталықтандырылған жүйесі өнеркәсіптің шикізат өндірушілік сипатын сақтады. Сондықтан орталық үкімет республика экономикасында кен шығаратын салаларға басымдық беріп,

Одақтық министрлікке бағынышты өнеркәсіпке жеткілікті көңіл, қаржы бөлмеді. Одақтық ведомстволар республикалық шикізат ресурстарын құныға алғанмен, одан орасан зор пайда тапқанмен, республика бюджетін инфрақұрылымды дамытуға қаржы жұмсамады. Сөйтіп халық шаруашылығында істі жүргізудің дұрыс ұйымдастырылмауы елде дағдарысты тереңдетті.

Қорыта айтсақ соғыстан кейінгі кезеңдегі жалпы Қазақстанда да, Орал қаласында да өнеркәсіптің экстенсивті даму сипаты басым болды. Осы кезеңдегі экономикадағы нұсқаулық, ғылыми тұрғыдан жоспарланбау шалағай жоспар, шамадан тыс міндеттемелер алу тағы сол сияқты экономикалық өсім көрсеткіштері арасынан жалпы тауарлық өнімді үстем көрсеткіш ретінде пайдалану Қазақстанның да, оның аймағының бірі Орал қаласының да индустриалдық дамуын бұзушы негізгі элементтерге жатты. 1950-1970-жылдарда бүкіл Қазақстандағы сияқты Орал қаласының дамуында бірқатар кемшіліктер де орын алды. Олар:

- 1 экономиканың шикізаттық бағытта дамуы;
- 2 өндіруші секторға сай өңдеуші сектордың дамытылмауы.
- 3 өндірістің ысырапқорлық сипаты;
- 4 жоспар қуушылық;
- 5 құрылыс өнеркәсібінің баяулығы.

Бұл кемшіліктер ең алдымен Орталықтың біріншіден, өлкедегі аса бай табиғи ресурстарды қолдан келгенше көбірек пайдалану; екіншіден, қоршаған ортаны ластайтын, экологиялық зиянды, қуатты көп жұмсайтын өндіріс орындарын ұлттық шет аймақта қалдыру; үшіншіден, ұлттық аймақты мәңгілікке тәуелді аймақ ретінде қалдыру мақсатынан туындаған еді. Ол үшін аймақта сапалы бұйымдарды, машина, станок, электротехника тауарларын, көпшілік тұтынатын бұйымдарды шығармай, олардың негізгі бөлігін орталықтағы өндіріс орындарынан әкелу саясатын жүргізді. Соғыстан кейінгі Қазақстан экономикасының дамуын зерттеген батыс зерттеушілерінің бірі Зев Кац пен ағылшын зерттеушісі Ги Имарт 1946 жылды Қазақстан экономикасының кеңестік модернизациясының басталған кезі деп көрсетеді. Олардың мәліметі бойынша бұл кезеңде экономикада мынадай сюжеттер көрініс алған:

- Қазақстан – Кеңес Одағының отарлық, шикізат перифериясы болды.

- Экономиканың жекешелік басқарылу сипаты болмады.

Мұндай талдау және экономикалық өмірдегі даму деңгейі экономикалық-әлеуметтік тұрғыдан алғанда соғыстан кейінгі кезеңдегі жалпы Қазақстанның және оның аймақтарының агроиндустриялық кеңістігіне сипаттама беруге мүмкіндік береді. Ол 1946-1990 жылдарда мынадай сипатта болды:

1 республика және оның аймақтары КСРО-дағы даму мүмкіндігі ең мол аймақтың бірі болып есептелді. Яғни ұлан-ғайыр, аз игерілген, пайдалы қазбаларға бай, жұмыс күші арзан, соғыс жылдарында эвакуация нәтижесінде көбейген білікті жұмысшылар мен инженер-техник мамандар бар аймақ;

2 қаланы қамтамасыз ететін дәнді дақылдардың көлемді егіс алқаптарының әрі жыл сайын ұлғайып отыруы;

3 өнеркәсіп құрылымында ауыр индустрияның басым болуы; өнеркәсіптің диверсификациясының әлсіз болуы;

4 экономиканың экстенсивті және ысырапқорлық сипаты;

Одақтық саясатқа бағынышты болған республика жағдайында, оның елеусіз назарында болған Орал қаласы экономикасы үшін осындай кемшіліктердің орын алуы заңды құбылыс еді. Осы кемшіліктерге қарамастан 1950-1990 жылдарда қала экономикасында едәуір жетістіктерге қол жеткізілді. Олар:

- Қала өнеркәсібінің өндіруші саласының дамуы, ірі өндіріс ошақтарының салынуының қолға алынуы;

- жоспарлы экономикаға толық икемді болу;

- қалада құрылыс ісінің басталуы;

Сонымен соғыстан кейінгі 1946-1970 жылдар арасында қала экономикасы біріншіден, қалпына келтіру, өндірісті жүйеге келтіру міндетін жүзеге асырумен; екіншіден, Одақ белгілеген соғыстан кейінгі бесжылдықтар жоспарын орындау жолындағы жұмысшылардың еңбегін ұйымдастыру жұмыстарын жүргізумен сипатталса; 1960-1980 жылдар жаңадан өндіріс орындарының салынуымен, қалада өндірісті техникалық тұрғыдан қайта жарақтау және қайта құру ісі кең көлемде жүргізілуімен сипатталды.

1.2 Әлеуметтік жағдай және қала тұрмысының жаңаша үрдістері

Соғыс аяқталғаннан кейінгі кезеңде жалпы Одақ көлемімен қатар Оралда да қала құрылысы мен қаладағы әлеуметтік-тұрмыс

жағдайға да көңіл бөліне бастады. Қала құрылысы туралы КСРО халық комиссариатының 1943 жылғы 29 қыркүйектегі №1064 қаулысы бойынша архитектура ісінің арнаулы комитеті құрылады. Бұл комитет әрбір қаланың бас архитектура мекемесін құру мәселесін алға қояды. Осыған орай Орал атқару комитетінің еңбекшілер депутаттарының қалалық кеңесінің шешімі бойынша қаланың архитектуралық мекемесі құрылды. Оның негізгі міндеті-қала құрылысына бақылау орнату, тұрғын үй салу, тұрмыстық, қоғамдық құрылыстардың жобаларын қарап, бекіту, олардың архитектуралық-сәндік сипатына, қала көшелерінің әдемілігіне, көгалдандыру ісіне көңіл бөліп отыру болды.

Осыған орай қаланың дамуы үшін қала құрылысының Бас жоспары талқыланып, қабылданады. Жоспар сол кезеңдегі қала құрылысының жетістіктері мен ірі орталықтарды жоспарлаудың тәжірибелерін ескере отырып жасалады. Жоспарда қала тұрғындарының тұрмысы мен демалысына жағдай жасауға, көшелерді, жасыл аймақтарды мүмкіндігінше сәнді ұйымдастыру мәселелеріне баса назар аударылады. Сондай-ақ техникалық-экономикалық жағдайлар, кәсіпорындардың, ғылыми мекемелер мен оқу орындарының болашақтағы өсіп-даму мәселелері де қаралады. Соғыс аяқталғаннан кейінгі кезеңде Орал қаласының құрылысы бір қабатты балшық үйлер шоғыры орналасқан Юбилейная алаңынан Куренияға дейін созылып жатты. Қала көріксіз қарапайы қалалардың бірі болды. 1946 жылы қалада 1280 коммунальдық үйлер болды. Сондықтан жаңа өмірге аяқ басқаннан кейін бүкіл елде көркейту, тұрмыс жағдайын түзеу мәселесі көтерілді. Бұл бағыттағы алғашқы шаралардың бірі 1946 жылы қала үйлерін жөндеуге 677,8 мың сом ақшаның бөлінуі. Оның 470,3 мың сомы –күрделі жөндеуге, 207,5 мың сомы ағымдағы жөндеуге бөлінген. Бірақ тиісті құрылыс-жөндеу мекемелері, материалдардың болмауына, жұмысшылардың жетіспеуіне орай қаржының тек күрделі жөндеу бойынша 43,8%, ағымдағы жөндеуге бөлінгеннің 75,4% ғана орындалған.

Қаланың құрылысы мен оны көріктендіруде ерекше орын алған көгалдандыру ісі болды. Қаланың кәсіпорындары мен мекемелері көгалдандыру мақсатында 1947-1948 жылдарда 85 мың ағаш отырғызған, бірақ дұрыс күтілмеудің салдарынан оның 40 мыңы өспей қалған [33]. Ал 1950 жылы көгалдандыру ісіне

82,5 мың сом бөлінген, көктем-жаз айларында қалада 92030 шаршы метр жерге гүлзарлар мен газондар жасалған.

Осы кезеңде қаланы көркейту ісіне арнаулы 411 мың сом қаржы бөлінген. Оның 69,1 мың сомы-қаланы көгалдандыруға, 55 мыңы –жол шаруашылығына, 169,5 мың сомы –көпір салу ісіне, 117,4 мың сомы –қаланың басқа да көріктендіру істеріне бөлінген.

Бірақ бұл қаржы тиісті дәрежеде игерілмеген, оның себептері жұмысшы қолының, транспорттың, материалдың жетіспеуі, басшылықтың жеткілікті көңіл бөлмеуі болды. Қаланы көгалдандыру ісіне партияның шақыруымен сол кезеңде қала кәсіпорындары қатыса бастаған. Мысалы, 1947 жылы сәуірде Ворошилов зауыты жұмысшылары 140 түп, «Қызыл таң» кинотеатры қызметкерлері 80 түп, Орал кеме ісі жұмысшылары 700 түп ағаш отырғызған. Осындай істердің жүргізілгеніне қарамастан көркейту ісі баяу жүрді. Осыған орай КСРО Министрлер Кеңесі 22 наурызда 1948 жылы Орал қаласын көркейту мәселесі жөнінде кеңейтілген шешім қабылдайды. Бұл шешім бойынша КСРО коммунальдық шаруашылық Министрлігі Орал қаласына 60 тонна цемент, 3 тонна төбе жабатын темір, 1 тонна бояу, 1000 шаршы метр әйнек беруге тиіс болды[90;6]. Бірақ шешім уақытында толық орындалмайды да қаланы көркейтуді қала тұрғындарының өзі мен қала кәсіпорындары жалғастыра берді. Мысалы, 1948 жылы халық күшімен Киров атындағы мәдениет және демалыс паркі қалпына келтіріледі. Жоғарғы жақтың көмегі болмағандықтан қала өз бюджетінен қала құрылысына қаржы бөле бастайды. Оның дәлелі қаланың бас жоспарын жүзеге асыру үшін 1948 жылы қала бюджетінен қала құрылысына мынадай мөлшерде қаржы жұмсаудың белгіленгені:

- 1 Қаланы көркейтуге -1622,6 мың сом.
- 2 Тұрғын үй қорын жөндеуге-408,5 мың сом.
- 3 Көшелерге-300 мың сом.
- 4 Басқа шараларға-914,1 мың сом.

Дегенмен қала құрылысы мен қаланы көркейту ісінің көкейтесті мәселе ретінде бірнеше дүркін Жоғарғы Кеңес алдына қойылуы 1948 жылы 5 сәуірде ҚазКСР Министрлер Кеңесінің Орал қаласын көркейтудің арнаулы шараларын қарап, бекітуіне әкелді. Соның нәтижесінде көркейту ісіне 2 миллион 200 мың

сом ақша бөлінеді. Бұл 1947 жылмен салыстырғанда 2,5 есеге көп болды [98;36]. Мұның өзі қала құрылысы мен көріктендіру ісін белгілі бір деңгейде жүргізуге мүмкіндік берді. Осындай қаржының бөлінуіне қарамастан қаладағы тұрғын үй салу мен оны жөндеу мәселесі өте төмен дәрежеде болған. 1948 жылы 1-шілдеде күрделі жөндеуге бөлінген қаржының тек 26,2% ғана игеріліп, Толкачев басқарған «Ремстройконтор» мекемесінің тұрғын үй қорын жөндеу ісін тиісті деңгейде жүргізбей отырғанына партия ұйымы тарапынан үлкен сын айтылған. Шын мәнінде бұл мекеме жоғарыда көрсетілген тұрғын үй қорын жөндеуге бөлінген қаржының тек 97,7 мың сомын ғана жұмсаған [98;41]. Қаладағы тұрғын үй мәселесіне келсек 1947 жылы Орал қаласында жекелей өз есебінен және мемлекеттік кредит есебінен небары 34 үй ғана салынған[68;15]. Мұндай мөлшердегі құрылыс ісі қала құрылысының қарқынды түрде дамуына мүмкіндік бермеген еді.

Сондықтан соғыстан кейінгі жылдарда ең қарапайым да, өткір мәселе -халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету болды. Бұл кезеңде тұрғын үйлер салатын арнаулы құрылыс кәсіпорны қалада болмады, ал «Ремстойконтор» мекемесінің ауқымы мен жұмыс қарқыны баяу болды, әрі соғыстан енді бас көтеріп келе жатқан елде қаражат жағы да тапшы болды. Сөйтіп қаладағы арнаулы мекемелер жұмысының баяулығына орай бұл кезеңде қала құрылысын жүргізу ісіне әсіресе кәсіпорындар белсене қатысады. Мысалы, Ворошилов зауыты жаңа клуб, стадион, Землячка атындағы зауыт жұмысшылары 22 пәтерлік тұрғын үй мен 70 адамдық 2 жатахана салған. Қала еңбекшілерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартудағы тұрғын үй мәселесі мен қала құрылысы тек 1950-жылдардан бастап мемлекеттік тұрғыдан қолдауға ие болады. Тұрғын үй мәселесін шешудің көмекші көзі ретінде қалалық кеңес жеке меншік үй салушылар ниетін қолдап, көмектесіп отырған. Бұл жылдардағы құрылыс материалдарының тапшылығына байланысты үйлер негізінен саман тастардан салынған. 1950 жылдары мемлекет тарапынан берілген кредитті пайдаланып, қала тұрғындары жер учаскелерін алып, 1,2-ші жұмысшы поселкасы аудандарында қызу үй салу ісі кеңінен жүзеге асырған.

Елуінші жылдардағы қаланың қоғамдық тұрғын үй қорының негізгі проценті коммуналды үйлер болды. Мысалы, 1953-1954

жылдарда қаланың тұрғын үй басқармасынан қала азаматтарына 172 коммуналдық пәтер берілген. Бұлар адамдардың тұруы үшін өте тығыз болды. Жалпы бұл кезеңде қалалық тұрғын үй басқармасында есепте 76546 шаршы метрлік 3575 коммуналдық пәтер болған. 106 пәтер авариялық жағдайда екені анықталған, оның 66-сы күрделі жөндеуге келмейтін, есептен шығарылуға тиісті пәтерлер болды. Бес жылдың ішінде 24-пәтерлік үй салынып, ол 1960 жылы мұғалімдер мен дәрігерлерге берілген. Сонымен қатар осы кезде пәтер алу кезегінде 1216 жанұя тұрған. Оның 863-жалпы тізімде, 109-өкпе ауруларымен ауратындар, 49-үйлері авариялық жағдайда тұрғандар, 33-өте қажеттіліктегі жанұялар, 101-денсаулық қызметкерлері, 61-мұғалімдер жанұясы болды. Сондықтан қала әкімшілігі бесінші бесжылдық жоспарда тұрғын үй салуға 116,7 миллион сом күрделі қаржы бөлген, оның 60,1 миллион сомы, яғни 56,5% ғана игерілген. Оның себебі трестердегі құрылыс техникасының төмен деңгейі, құрылысшы кадрлардың аздығы болды. Сондай-ақ бесінші бесжылдық жылдарында тұрғын үй мәселесін шешуге өз қаржыларын қосып, халықтың үймен қамтамасыз етілуінің үлес салмағын арттыруға тырысқан кәсіпорындар да болды. Олар Ворошилов атындағы зауыт, СМО зауыты, теміржол бөлімшесі болды.

Партияның XX съезінің қарарларында және КСРО Министрлер Кеңесі мен КОКП ОК 1957 жылғы 31 шілдедегі «КСРО-дағы тұрғын үй құрылысын дамыту туралы» қаулысына сәйкес 10-12 жыл ішінде тұрғын үй мәселесін шешу туралы міндеттер қойылды. Бұл шешім қала басшылығының қолдауына ие болып, біраз оң нәтижелер берді. Оның дәлелі 5600 шаршы метрлік тұрғын үйлердің пайдалануға берілуі. Негізінен бұл жылдардағы үйлер «Хрущев үйлері» деген атқа ие болған 2-3 қабатты үйлер болды. Мұндай аз қабатты үйлер құрылысы қымбат, әрі үлкен қиыншылықтармен жүрсе де оларды салу тоқталмады. Үкімет тарапынан айтылған көп қабатты үйлер салу туралы нұсқаулар аяқсыз қалып отырды. Оның үстіне бұл кезеңдегі тұрғын үй салу ісінің қарқынды дамуына кедергі келтірген ол қала құрылысының құрылыс техникасымен, құрылыс материалдарымен нашар жабдықталуы және құрылысшылардың жаңашыл тәжірибелерінің ескерусіз қалуы болды. Осындай себептерге орай көп қабатты тұрғын үй құрылысы баяу жүрді, оның есесіне қала шеттерінде жеке меншік

үйлер салу, жұмысшы поселкелеріндегі құрылыс шапшаң жүрді. 1950-1966 жылдардағы қаладағы тұрғын үй құрылысының санын мына 10-кестеден көруге болады:

10-кесте

Жылдар	Мемлекеттік және кооперативтік ұжымдар арқылы салынған тұрғын үйлердің жалпы көлемі (мың шаршы метр)	Қала мен қала типіндегі жерлерде өз есебінен және мемлекеттік кредит есебінен салынған үйлер (мың шаршы метр)
1950	10 мың	-
1955	69	22
1960	145	66
1965	181	33
1966	164,3	36

1959-1964 жылдар арасында жеке тұрғын үйлер салу есебінен қаланың тұрғын үй қоры 183 мың шаршы метрге өскен. Әсіресе мемлекет бұл жылдарда тұрғын үй құрылысы мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Мысалы, 1964 жылы мемлекеттік тұрғын үй құрылысына 12,8 млн сом ақша бөлініп, соның есебінен қала тұрғындары 103 мың шаршы метр үйді иеленіп, 10 мыңнан астам адам ыңғайлы пәтерлерге қоныстанды. Бірақ мұнымен түпкілікті міндеттер толығымен шешілген жоқ, өйткені ең алдымен басшылық орындар бұл мәселені тек талқылаумен аяқтап отырды, әрі бөлінген құрылыс материалдарының сапасы да нашар болып келді. Нәтижесінде заман талабына сай келетін құрылыс, құрылыс-монтаж жұмыстары, үйлерді көркемдеу жұмыстары тиісті дәрежеде жүрмеді, сапасы төмен болды. Мұндай жағдай тек Орал қаласында ғана емес барлық Қазақстан қалаларына, тіпті Одақтың Свердловск, Минск сияқты қалаларына да тән болды. Сондықтанда бұл мәселеге 1960 жылы Москвада Бүкілодақтық қалалар құрылысы бойынша өткен кеңесте де көп көңіл бөлу керек екендігі атап көрсетілген.

Сондай-ақ 1961 жылы КОКП XXII съезінде де елдегі күрделі құрылысты өркендетудің жаңа міндеттері қойылды. Құрылыс ұйымдарындағы коммунистер құрылысшылар арасында саяси-мәдени, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, құрылысшыларды

еңбекке коммунистік көзқарас үшін қозғалысқа қатысуға шақырды. Сөйтіп 1960 жылдардан бастап үкіметтің жыл сайын күрделі қаржының мөлшерін көбейтуіне орай қалада құрылыс жұмыстары қарқынды дами бастаған. «Жилстрой» құрылыс басқармасының негізінде көрші Ақтөбе қаласындағы «Актюбжилстрой» сияқты «Промстрой» тресі құрылды. Құрылыс материалдарымен қамту үшін 1960 жылдарда кірпіш зауыты іске қосылды. Қала бюджетінен тұрғын үй және мәдени-тұрмыс мекемелерін салуға 2021 млн. сом қаржы бөлінген. Яғни тұрғын үй құрылысымен қатар қалада халыққа қызмет көрсететін мәдени-тұрмыстық объектілер салу ісі шапшаң қарқынмен жүрді. Мысал ретінде 90 және 140 орындықты балалар бақшасы, саңырау-сақауларлар қоғамының клубтарын атауға болады [66;20]. Сөйтіп қала құрылысында айтарлықтай өзгерістер болып, жақсы жабдықталған тұрғын үйлері бар жаңа ықшам аудандар бой көтере бастады. 1970 жылы қаладағы тұрғын үй қорына келсек, қоғамдастырылған тұрғын үй қоры -14781, оның 677 – жергілікті кеңестерге, 1538 – мемлекеттік және қоғамдық мекемелерге қараған, ал азаматтардың жеке меншігінде -125666 үй болған.

1970-жылдардағы КСРО-ның барлық республикаларындағы құрылыс жұмыстарының өсуіне ықпал еткен «Әр жанұяға жеке пәтер» деген бағдарламаға сай Орал қаласында да тұрғын үй құрылысының қарқынын күшейту мақсатында ірі панельді үй салу комбинатының күш-қуатының арттырылуы болды. Оның көмегімен жылма-жыл қалада 10 мыңға жуық пәтер пайдалануға беріліп отырған. Күрделі құрылыс саласындағы бұл кезеңдегі маңызды жетістіктер жаңадан «Омега», «Металлист», «Союзлакрица», «Коммунзапчасть», Керамика зауыттары сияқты ірі өндіріс орындары мен онкологиялық, өкпе аурулары диспансерлері мен теміржол ауруханасының іске қосылуы болды. Бірақ күрделі күрделі құрылысты дамытуда экономиканы басқарудың әміршіл-әкімшілдік жүйесінің билік жүргізуінен бірсыпыра проблемалар туып отырған еді. Ең алдымен 1970-жылдардағы қаладағы күрделі құрылыстағы негізгі кемшілік оның көлемінің үлкендігі мен оны жүргізуге бөлінген қаржының шектеулігі арасындағы үйлесімсіздік болатын, жобалау ұйымдарының құрылыстың жұмыс жобалары мен сметаларын сапасыз жасауының, технологиялық қателіктердің көптеген

фактілері орын алды. Құрылыс экстенсивті негізде өркендеді, объектілер мен кәсіпорындарды салу мерзімі нормативтен шығып кетіп отырды, аяқталмаған құрылыстардың көлемі жылдан-жылға көбейе берді.

КОКП Орталық Комитетінің және Министрлер Кеңесінің 1969 жылғы 28 мамырдағы №392-ші «Азаматтық тұрғын үй құрылысының сапасын жақсартудың шаралары туралы» қаулысы мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1969 жылғы 22 шілдедегі №450-ші «Қазақстанда құрылыс ісін дамыту туралы» қаулысына сәйкес тоғызыншы бесжылдықта (1971-1976 жылдарда) қалада бірқатар игі істер атқарылды. 1970 жылдардан бастап Орал қаласы гүлденіп, дами бастайды. Құрылыс ұйымдарының басшылығымен құрылысшылар 1970-жылдарда «таңдап салу» әдісімен қалада бес қабатты үйлер салды. Олар 1975 жылы №2,3 ықшамаудандарда (М.Ықсанов-Батуриң көшесі, Достық-Ленин даңғылы, Құрманғазы-Фурманов пен М.Маметова-Мир, Евразия-Дзержинский, Мұхит-Октябрь көшелерінің аралығындағы), Транспорт көшесіндегі, «Айгүл» дүкені маңындағы, жөндеу зауыты төңірегіндегі, Зачаганск поселкесіндегі салынған ғимараттар мен бес қабатты үйлер. Осылайша тұрғын үйлер салынып, көшелер саны көбейіп отырған кездегі қаланың көше атаулары қаланың тарихы мен халықтың әлеуметтік-мәдени ахуалын танытуға еш қатысы жоқ жалпылама зат есімдермен, мысалы, Вокзальная, 2-завокзальный тупик, Транспорт көшесі тағы басқаша аталған.

1980-жылдардан қаладағы құрылыс жұмыстарын «Уральскводстрой» тресінің ПМК-115, ПМК-116, «Кушумводстрой» тресінің ПМК-48, «Казстальмонтаж» тресінің ПМК-сының жұмысшылары жүргізді. Бұл кезеңде қалада көп қабатты үйлер құрылысына үлкен көңіл бөлінген, оның жалпы құрылыстағы бесжылдық кезіндегі үлесі 25% болды. 1976 жылы 24 қыркүйекте Дзержинский көшесінде 12 қабатты алғашқы үй бой көтерді. Құрылыс жұмыстарын жүргізуге өндіріс орындары да белсене қатыса бастайды. Мысалы, Гвардия көшесінің батысын тұйықтайтын 96-пәтерлік «Үш жапырақ» (Трилистник) деп аталып кеткен 12-қабатты үйді Омега зауыты, Есенжанов көшесі бойындағы 9-қабатты үйлерді «Уральскводстрой» мекемесі тұрғызған. Осы кезеңдегі қала құрылысы жөнінде 1981 жылы Оралда өткен Қазақстан Архитекторлар Одағының

Пленумында «Орал қаласының бет-бейнесі өзгерген, үй құрылысы ерекше көз тартады» деп атап көрсетілген. Бұл кезеңде құрылыс жұмыстарына қажет құрылысшыларды «Промстрой» тресі жанынан ашылған №78 училище даярлады. Бірақ экономика мен мәдениетті көтеруге бағытталған қаржының бөлінуіне қарамастан XI бесжылдықта ол толық игерілмеді, тек 85,6% ғана игерілді. Нәтижесінде қалалықтар 63,5 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға ала алмады. Тек 1985 жылдың өзінде төрт мың кв. метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілмеді. Тұрғын үй құрылысын қаржыландыру лимиті жылдан жылға өсіп, XI бесжылдықтың соңында 22 млн сомға жеткеніне қарамастан оның жылдық орташа игерілімі 80% құраған. «Тұрғын үй -91» бағдарламасы бойынша 1987-1991 жылдарда 24549 жанұяны тұрғын жаймен қамтамасыз ету белгіленген. Егер XI бесжылдықта қалада 460 мың шаршы метр тұрғын үй құрылысы жүргізілсе, 1987 жылмен 1988 жылдың 11 айында 259,3 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Мұндай бағдарламаны орындау ісіне «Коммунальхоз», «Казгипрострой» институты, СМП-372, Жиһаз фабрикасы сияқты кәсіпорындар белсене қатысуға міндеттеме алғанмен, бағдарламаны орындауда бірқатар кемшіліктер орын алды. 1987 жылы жалпы көлемі 163 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға міндеттеме алынғанмен тек 145 мың шаршы метрі ғана пайдалануға берілген. Жыл тапсырмасы 18 мың шаршы метрге орындалмады. Оның басты себебі «Уральскпромстрой» мекемесінің жоспардан тыс объектілерде өз бетімен жұмыс жасап, ресурстарды шығындауы мен оның барысында жоспардың бұзылуы болды. Жалпы бұл кезеңде құрылыстың нормативтік мерзімдері көбінесе сақталмаған, құрылыстың орташа ұзақтығының мерзімі 7 айдың көлемінде болса, ол XI бесжылдық жылдарында 17 айдан асып отырған. Қаладағы құрылыс жұмыстарына жауапты «Құрылыс пен архитектура ісі жөніндегі бөлім» (Смирнов, Мутагаров), Күрделі құрылыс (С.Д.Демин), Жобалау институты (Н.А.Шестаков) мекемелері мен тапсырыс берушілердің өздері құрылыстың нормативтік мерзімдерінің сақталуына тиісті дәрежеде көңіл бөлмеді. Құрылыс жұмыстарында кемшіліктер, сапасыз жұмыстар орын алып отырды. Мысалы, «Құрылысшы» ықшам ауданындағы 216 пәтерлік №9 тұрғын үй мен Дзержинский көшесіндегі 48 пәтерлік

тұрғын үй канализация, газ өткізгіші бойынша сапасыз ақаумен аяқталған. Оның зардабын кейін сол үйлерге қоныстанған тұрғындар көрді. 1989 жылы тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық комиссиясының тексеруі нәтижесінде тұрғын үй құрылысының жоспары бойынша құрылыс-монтаж жұмысына 3675 мың сом бөлінсе, оның 3354 мың сомы, яғни 91% ғана орындалған. Оның жеке салалар бойынша қалай орындалғанын 11-кестеден көруге болады:

11-кесте

Салалар	Жоспарланғаны (мың сом)	орындалғаны
Халыққа білім беру	420	175
Мәдениет	100	162
Денсаулық сақтау ісі	200	15
Тұрғын үй көлемі	17692 шаршы метр	15026

Мұның өзі тапсырманың орындалмағанын көрсетеді, оның себебі басты құрылыс ұйымы «Оралпромстрой» мекемесінің құрылыс қаржысының жұмсалыуына тиісті дәрежеде көңіл аудармауы. Құрылыстың қарқынды жүргеніне қарамастан құрылыс материалдарының тапшылығынан 1990-жылдарда құрылыс жоспары орындалмаған.

Жалпы бұл кезеңдегі қала халқының сұранысын қарайтын болсақ қалаға көп салалы аурухана, емдеу корпусы бар жедел жәрдем станциясы, қалалықтардың спортпен шұғылдануын қамтамасыз ету үшін 3 стадион, 45 спорт залы, 27 футбол алаңы, 25 аула алаңы қажет еді. Бала бақшамен қамтылу деңгейінің өзі тек 61% ғана құрады. Мың жарымнан астам арыз қанағаттандырылмады. 1981-85 жылдарда қала бюджетінің кірісі 8,7 млн. сомға өскенмен жоғарыдан аталған қажеттіліктер қамтамасыз етілмеді. Өйткені бюджетті артық шығындау мәселелері орын алған. 1985 жылы қаладағы 231 кәсіпорын мен ұйымдардың штаттық-сметалық тәртібін тексерген кезде оның 10-да тәртіп бұзушылықтың орын алғаны анықталған, яғни өндіріс қызметкерлерінің есебінен басқару аппаратында 249 штаттық бірлік артық жұмыс істеген, 66 млн. артық ақша алған, 26 лимиттен тыс қызмет және арнайы жеңіл машиналардың ұсталғаны анықталды. Жалпы 1985 жылы жалпы сомасы 711 мың заңсыз, артық қаржыландыру ісі анықталып, ол толықтай бюджетке қайтарылды.

Бұл жылдарда қордаланған мәселенің бірі кадр мәселесі болды. Кәсіпорындардың ұлғайып, салааралық маманданудың күшейе түсуі сыңаржақтылау жүрді, жергілікті жердің ерекшелігі, ұлттық мамандарды даярлау мен жетілдіру мәселесі ескерілмеді. Өндіріс орындарындағы жоғарғы және орта білімді мамандар арасында қазақтар аз болды немесе болмады. Мысалы, 1988 жылдың 1 қаңтарындағы статистикалық басқарманың мәліметтеріне қарасақ қазақ жұмысшылары мен қызметкерлердің пайыздық үлес салмағы облыс бойынша 48,4%, оның 21,8%-өнеркәсіпте, 79,5%-ауыл шаруашылығында, 29,9%-транспортта, 45,4%-байланыс саласында, 17,9%-құрылыста, 41,3%-саудада, 40,4%-денсаулық сақтау саласында, 48,9%-білім беру ісінде, 58,8%- мәдениет пен өнер саласында, 53,2%-шаруашылық басқару ісі мен мемлекеттік органдарда болған. Әрине бұл мәліметтер 1977 жылмен салыстырғанда облыстағы халық шаруашылығында қазақтардың үлес салмағының 39,9%-ке өскенін көрсетеді. Соның ішінде өнеркәсіпте-2,2, транспортта-2,8, құрылыста-1,8 есеге өскен. Бірақ өндірістің жекелеген салаларындағы қазақтардың үлес салмағы тең болмады. Мысалы, К.Цеткин атындағы тігін фабрикасында жатақхана болғандықтан мұндағы тігіншілердің 51,9%-қазақтар, 40,8%-орыстар болған. Ал «Омега» зауытында жатақхана болмағандықтан мұндағы қазақтардың үлесі -20% болды [105]. Облыстағы жұмысшылар үлесі негізінен ауыл шаруашылығында болды. Яғни жергілікті ұлт өкілдері қара жұмыс күші ретінде ғана пайдаланылып, қазақ ұлтынан шыққан мамандар шеттетілген. Басты өнеркәсіп салаларына бір орталықтан билік жүргізіп отырған Орталық жергілікті халықтан маман жұмысшылар даярлаудың орнына мамандарды басқа жақтан әкелу тиімді деп есептеген. Қазақ жастарын жұмысқа қабылдауға, оларды мамандығын жетілдіру үшін қазақша оқытуға мүлдем көңіл бөлмеген. Осы жылдарда жүргізілген жарыстың көптеген түрлері мен жаңашыл бастамалардың алдыңғы сапында болған жұмысшылар өнім түрлері мен сапасын арттыруда аянбай еңбек еткен, бірақ олардың еңбегі жоспардағы жалпы өнім өткізудегі көрсеткіштерді асыра орындаумен шектеліп, атақ, даңқ, алдыңғы қатарлы орын үшін болған талас-тартыстың көлеңкесінде қалып қойды. Мұның өзі өнертапқыштық пен жаңашылдықтың өндіріс мәдениетін көтеруге, жұмысшылардың жағдайын жақсартуға

қызмет ете алмағанын да көрсетті. Елдің қоғамдық-саяси өмірінде жұмысшы табы авангардтық рөл атқарған жоқ, ол тек партияның ішкі саясаттағы бағыт-бағдарын жүзеге асырушы топ ролін атқарды. Сөз бен істе бірліктің болмауы демократияның тежеліп, елдің тоқырауға ұшырауына әкелді.

Соғыстан кейінгі кезеңде Одақ тапсырмаларын орындау барысындағы қала экономикасының дамуы халықтың әлеуметтік-тұрмыстық дәрежесінің көтерілуіне азды-көпті ықпал етті. Халықтың өзі де өздерінің әл-ауқатын жақсарту үшін аянбай еңбек етіп, ат салысты. Әсіресе 1947 жылы желтоқсанда ақша реформасының жүргізілуі мен карточка жүйесінің, яғни азық-түлік пен өнеркәсіп тауарларын нормалап қамтамасыз етудің жойылуы халықтың тұрмыс-тіршілігінің артуында маңызды роль атқарды. Соғыс жылдарында құнсызданған ескі ақшаны онға бір арақатынасымен жаңа ақшамен ауыстыру ақша системасын және шаруашылық қызметін қалпына келтірді. Төртінші бесжылдықта жаппай тұтынатын тамақ және өнеркәсіп тауарларының бағасы үш есеге төмендетіліп, соның нәтижесінде халық бір жылға шаққанда үлкен пайда келтірді. Бағаның төмендеуі сауда айналымының өсуіне әсер етті. Мысалы, 1948 жылы сауда айналымы 1947 жылмен салыстырғанда 29 млн. сомға өсті. Халыққа қызмет көрсету мақсатында қалада 45 сауда нүктесі, 6 дүкен, 9 дүңгіршек, 2 асхана, 5 дәмхана ашылған. Олардың ірілері №11 гастроном, №54 даяр көйлектер дүкені, №10,53 дүкендер болған. Мұндай қызмет көрсету жүйесінің кеңеюі барысында қаладағы сауда айналымының өсуі қарқынды жүрді. Мысалы, 1950 жылы қаладағы 279 сауда мекемесі тексерілген кезде олардың сауда айналымы мынадай деңгейді көрсеткен: I кварталда – 94,5%, II кварталда -97,9%, III кварталда -102,1%, IV кварталда -98,3% болды. Сауда қызметінің мекемелерімен қатар бұл кезеңде қалада 12 қоғамдық тамақтандыру мекемесі халыққа қызмет көрсетті. Бұл уақытта КСРО-ның ұлттық табысы да жылдан жылға көбейді. Төртінші бесжылдық соңында ол 1940 жылмен салыстырғанда 64%-ке өсті. Ұлттық табыстың өсуі азаматтардың жеке табысының өсіп отыруына жағдай жасады. Мысалы, 1947 жылы Ворошилов зауытындағы орташа еңбек ақы 1946 жылмен салыстырғанда 25% -ке өскен. Мұндай өсім басқа да өндіріс орындарында да болды.

Республика, қала экономикасының дамуы бюджеттің кірісінің өсуіне де мүмкіндік берді. 1948 жылы бюджет кірісі 1945 жылмен салыстырғанда 707 млн. сомға, яғни 40%-ке өскен. Бюджеттің өсуіне сай бұл кезеңде мемлекеттің әлеуметтік-мәдени шараларға жұмсайтын қаржысы да жылдан жылға өсеті. ҚКСР-ның мемлекеттік бюджеті бойынша әлеуметтік-мәдени мақсаттарға жұмсалған шығын соғыс жылдарындағы 441,4 млн. сомнан 4 бесжылдықта 930,5 млн. сомға (58,8%) дейін немесе екі еседен астам өскен.

Мұның өзі республика еңбекшілерінің материалдық әлауқатын арттыруға одақтық бюджеттен де қаржы бөле бастады. Бұл қаржыдан Орал қаласы да белгілі бір үлес алды. 1947 жылы ҚазКСР-ның Жоғарғы Кеңесінің 9 сессиясы бекіткен облыстың жергілікті бюджеті-77,536 мың сом болды, кейін Министрлер кеңесі кіріс-шығыс есебінен оны 83,387 мың сомға өсірді. Бірақ қалалық қаржы бөлімінің басшысы А.К. Махмудов қала бюджетінің тиісті дәрежеде орындалуын дұрыс бақыламаған. Бөлінген қаражат тиісті дәрежеде пайдаланылмаған. Мысалы, халыққа білім беру ісіне бөлінген-58 млн. сомның тек 34,140 сомы орындалған. Оның ішінде балалар үйіне-8 млн., бала бақшаға-3 млн., кітапхана, клуб, оқу үйлерін дамытуға -2,811 мың сом, денсаулық сақтау ісіне-21,242 мың сом жұмсалған. Дегенмен қаржының толық жұмсалмағанына қарамастан бар жұмсалған қаржының өзі қаланың әлеуметтік-мәдени жағдайының едәуір дәрежеде дамуына ықпал етті.

Кәсіпорындар тез дамып, тұрғын үйлері мен халқының саны көбейіп, қала территориясы еріксіз кеңейіп отырған кезеңде Қалалық Кеңес коммуналдық шаруашылыққа 1950-жылдардан бастап ерекше көңіл бөлді. Қала тұрғындарын сумен, жылумен, жарықпен қамтамасыз ету күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін мәселеге айналды. Қалалық партия комитеттері, қалалық атқару комитеттері қала шаруашылығының жағдайы мен оның материалдық-техникалық базасын нығайту шаралары туралы мәселелерді үнемі талқылап отырды. Мысалы, 1955-жылы маусымда өткен қалалық кеңестің 5 сессиясы мен қалалық атқару комитетінің жиналысында қаралған 12 мәселенің 7-і қала құрылысы мен коммуналдық шаруашылық мекемелерінің жағдайына байланысты талданған мәселелер болған.

Соғыстан кейінгі жылдары республикада халық шаруашылығының дамуы транспорттың барлық түрлерін дамытуды талап етті. Қала халқына қызмет етудің бір түрі жолаушы тасымалы болса, 1954 жылы 79086 халыққа 17 автобус қызмет еткен. Қазақстанның пайдаланылуындағы теміржол желісінің ұзындығы 1945 жылы 8112 шақырымнан 1970 жылы 13669 шақырымға дейін өсті. Темір жол транспортымен қатар автомобиль, әуе және су жолы транспорты да дамыды. Қатты табанды автомобиль жолдарының ұзындығы 1960 жылғы 11,2 мың шақырымнан 1970 жылы 41,1 мың шақырымға дейін ұзартылды, яғни 3,7 есеге өсті. Цемент-асфальт-бетон жабылған жетілдірілген жолдың және қара шоссенің ұзындығы 5 есе, яғни 1960 жылғы 4,1 мың шақырымнан 1970 жылы 21,2 мың шақырымға дейін өсті. Осының арқасында қалалардың ауыл-селолармен байланысы жақсарды. Жаңа автовокзалдар мен автостанциялар салынды. Мысалы, 1970 жылы Қазақстанда салынған төрт автовокзалдың біреуі Орал қаласында салынды. Автопарктер шапшаң қарқынмен өсті. Жөндеу зауыттары іске қосылды. 1960-жылдар Қазақстанда біртұтас транспорт жүйесін жасау кезеңі болды.

Қаланы көркейтумен қатар көгалдандыру ісі де кеңінен жүрді 1021 ағаш, шыбық отырғызылып, 3043 мың шаршы метр жерге гүлзарлар мен газондар жасалған. Көгалдандыру ісіне қаланың кәсіпорындары да үлес қосқан. Олардың көмегімен жол жөндеу, тротуар салу жұмыстары жүзеге асырылған.

Халықтың материалдық әл-ауқатын арттыруда халыққа төленген төлемдер мен берілген жеңілдіктердің зор маңызы болды. Бұл кезеңде бір айдағы әртүрлі төлемдер мен жұмыс істейтін әр адамға берілетін әр алуан жеңілдіктер 1940 жылғы 7,5 сом орнына 1950 жылы орташа есеппен 18,2 сомға өскен. Соның нәтижесінде нақты еңбек ақы көбейді. Қоғамдық қорлардан берілген төлемдер мен жеңілдіктерді қосып алғанда жұмысшылар мен қызметшілердің айлық орташа еңбек ақысы 1940 жылғы 40,6 сомнан 1950 жылы 82,4 сомға дейін көтерілді. Еңбек ақы мөлшерінің өсуімен қатар әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалатын қаржы көлемі де 1940 жылы 4,5 млн сом орнына, 1950 жылы 16,8 млн сомға өсті.

Соғыстан кейінгі уақыттағы бұл қаржы есебінен Отан соғысының мүгедектері, қаза тапқандардың семьялары пенсиялар

алып, қартаюына байланысты, асыраушысынан айрылған жағдайдағы, еңбекке уақытша жарамай қалғандарға берілетін пенсиялар тағайындалып, көп балалы жалғыз аналар мен балалар жәрдем алды. 1946 жылдың қаңтарынан Ұлы Отан соғысының I топ мүгедектерінің материалдық жағдайын көтеру мақсатында арнайы жәрдемақылар тағайындалды. Жәрдемақының көлемі 250-300 сом болды. Бұл мүгедектердің мүгедектік зейнетақыларына 20% көлемінде қосымша қаражат қосылды. 1947 жылы қалада Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен 1952 қаза болған жауынгерлердің жанұялары болған. Осы жылдың тамызы мен желтоқсаны аралығында қалалық Кеңестің ұйымдастыруымен 880 мүгедек жұмысқа оргаластырылып, қаза болған жауынгерлер жанұяларына көмек беру үшін 3 жалпы қалалық жексенбілік ұйымдастырылып, жиналған жарты миллионнан астам ақшаға 336 пәтер жөнделіп, 123 пәтер берілген. Ал 1948 жылы әлеуметтік қамту органдары бойынша Орал қаласындағы Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне 7,5 млн. сом пенсия, майданда қаза болғандардың жанұяларына 13 млн. сомдай, әскери қызметкерлер жанұяларына 360 мың сом, көп балалы аналарға 3 млн. сомдай жәрдем ақы төленген.

1950-1960 жылдардағы әлеуметтік жағдайдағы басты өзгеріс 1956 жылғы 14 шілдедегі КСРО Жоғарғы Кеңесінің «Пенсия туралы заңы» болды. Бұл заң барлық кеңес адамдары сияқты Орал қаласы зейнеткерлерінің де жағдайының жақсаруына айтарлықтай әсерін тигізді. Осы заңды жүзеге асыру мақсатында қалалық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі 1956 жылы қазанда зейнеткердің құжаттарын қайта қарап, зейнетақының жаңа мөлшерін тағайындаған. Зейнеткерлермен қатар қаладағы тұрмысы төмен адамдар жағдайы да үкімет назарынан тыс қалмайды. Оларға арнайы ақшалай көмек белгіленіп, беріліп отырған. Мысалы, 1966 жылы тұрмысы төмендерге берілетін ақшалай көмек мөлшері -161,6 мың сомға жеткен.

Экономиканың өсуіне орай еңбекшілердің де жалақысы өсіп отырды. Бесінші бесжылдық жылдарында еңбекшілер жалақысы 39%-ке өскен. Халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартуда КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің «Қоғамдық тамақтандыруды одан әрі дамыту және жақсарту туралы» 1959 жылы 20 ақпандағы қаулысының үлкен маңызы болды. Бұл қаулы қоғамдық тамақтандыру ісін еңбекшілер үшін қолайлы да,

тиімді ету міндеттерін алға қойды. Осы қаулыны жүзеге асыру үшін қалада қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының саны көбейтіліп, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту шаралары жүргізіліп, қызмет көрстеу саласы жақсартылады. Мысалы 1954 жылы қалада 35 қоғамдық тамақтандыру мекемесі, 19 асхана, мейрамхана, шайхана, 97 дүкен, 28 тұрмыстық қызмет көрсету шеберханасы болған. Қоғамдық тамақтандыру орындарының саны 1960 жылы 152-ге жетеді, оның 117-сі қоғамдық тамақтандыру мекемелері, 33-асхана, 2-мейрамхана. Одан басқа 142 –дүкен, 15-тұрмыстық қызмет көрсету шеберханасы болған. Осындай істердің атқарылғанына қарамастан бұл еңбекшілер мен қаланың сұранысын толық қамтамасыз ете алмады. Себебі коммуналдық мекемелер, әсіресе санитарлық тазалық конторасы, электрстанциясы, көгалдандыру мекемесі, аурухана тағы басқалары өте төмен деңгейде жұмыс жасаған. Қалада тұрмыстық қызмет көрсетудің материалдық-техникалық базасын жақсарту, тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерінің жүйесін дамыту және халыққа қызмет көрсету мәдениетін көтеру шаралары кейінгі жылдарда жүргізілген.

X бесжылдықта қаланың барлық қаржыландыру көздерінен тұрмыстық-коммунальдық шаруашылық пен мәдени-тұрмыстық құрылысқа 85 млн. сом қаржы бөлінген. Нәтижесінде қаланың тұрғын үй қоры 4 жылда 363 мың кв. метрге өскен. Бұл кезеңде қаланың тұрғын үй қорының 52% су құбырымен, канализациямен, орталықтан жылыту көзімен қамтылып, 54%-і газдандырылған.

XI бесжылдықта 313 млн. сом күрделі қаржы игеріліп, жалпы көлемі 455 мың шаршы метр тұрғын үй, 1176 оқушыға арналған мектеп, 2120 орындықты 11 бала бақша, перзентхана, облыстық аурухананың операциялық блогы, кинотеатр, вокзал салынған. Сондай-ақ XI бесжылдықта тұрмыстық қызмет көрсету көлемі X бесжылдықпен салыстырғанда 1,5 есеге өскен және жоспардан тыс 400 мың сомға тұрмыстық қызмет көрсетілген. Тұрмыстық қызмет көрсету саласына 3,5 млн. сом қаржының бөлінуі нәтижесінде тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерінің қатары 51-ге өсті. Дегенмен бұл кезеңдегі тұрмыстық қызмет көрсету саласындағы басты кемшіліктер қала тұрғындарының тұрғын үйлерін жөндеу мен салу ісінен, жөндеу қызметтерінен, әсіресе

тұрмыстық техникалар мен радиоаппаратураларды, жиһаздарды жөндеу істерінен көрініс алды.

Халыққа тұрмыстық көрсетудің бір түрі – сауда саласы, дүкендер болып есептелетін болса, 1970-1980 жылдарда «Мелодия», «Трикотаж» сияқты өнеркәсіп тауарларының дүкендері мен «Колос», «Рахат», «Көктем» сияқты азық-түлік дүкендері жаңадан ашылған. Осы уақыт ішінде халыққа 762 млн сомның тауарлары сатылған, бұл жоспарланған мөлшерден 5,2 млн сомға артық болып шыққан. Бөлшек сауда айналымы XI бесжылдықта 1,4 есеге өскен. 1985 жылы жоспар 101,4%-ке орындалған. Сауда саласында өзіне өзі қызмет ету әдісі енгізіліп, бұл әдіс арқылы сауда сату үлесі 60%-ке жеткен. Осы жылдарда халық сұранысын қамтамасыз ету мақсатында қаланың 9 өнеркәсіп кәсіпорынында азық-түлік товарларына алдын ала сұраныс қабылдау столдары ашылған.

XI бесжылдық жылдарында коммуналдық шаруашылықты дамыту мен қаланы көркейтуге жергілікті кеңестер арқылы 15,5 млн қаржы аударылған. Бұл қаржы жаңа суқұбырының құрылысын іске қосуға, 360 орындықты қонақүй мен алты жер асты жолдарын салуға, 11 шақырымдық жылу жүйесін салуға мүмкіндік берді. XI бесжылдықта 92 км қатты жол мен 326 мың шаршы метр тротуар жөнделіп, жасалған. Күрделі жөндеуден кейін жалпы көлемі 28 мың шаршы метр 25 үй пайдалануға берілді. Әсіресе ағарту, білім беру саласындағы қызметкерлердің еңбек жағдайларына көңіл бөлу мәселесі де көтеріліп отырды. 1985 жылы қала мұғалімдері 34 пәтер алды. Сондай-ақ медициналық кадрларды тұрақтандыру үшін атқару комитеті дәрігерлерге 1985 жылы 19 пәтер мен жатақханадан 7 орын бөлген. Бюджеттің қаржыландыруы 1985 жылы -9,3 млн сом болса, 1986 жылы-11,2 млн сомға өсті.

Әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуде ерекше роль алатын транспорт пен байланыс мәселесі. X бесжылдықтың төрт жылында қаланың транспорт қызметінің дамуы үшін 20 млн. сом бөлініп, күн сайын қоғамдық транспорт арқылы 140 мың жолаушы тасымалданған. Ал XI бесжылдықта түнгі кезектегі жұмысшыларды тасымалдау үшін бұрынғы екі маршрутқа қосымша жаңадан үш маршрут ашылып, жұмысшылар мен қызметкерлерді тасымалдау үшін 36 арнайы маршрут қосылған. Жалпы қала бойынша 87 маршруттық бірлік жұмыс

жасаған. Бұл кезеңде жолаушы тасымалында «мурманск әдісі» деген қолданылған, яғни «қарбалас» сағаттарында қалалық жолаушы тасымалына көмек ретінде ведомстволық автобустар шығарылып отырды. Ведомстволар мен автобасқарма автобустардың қозғалыс схемаларын жасап осы арқылы қаладағы жолаушы тасымалын едәуір жақсартқан.

Қызмет көрсетуде байланыстың барлық түрі де маңызды орын алатыны сөзсіз. 1980-жылдарда қала халқына 32 байланыс бөлімі қызмет көрсетіп, қалалықтарға күніне 85 мың дана газет пен журналдар, 10 мыңнан астам жеделхаттар мен хаттар тапсырылып отырды. Телефон-телеграф станциясының қызметі жақсартылды. 1985 жылы байланыс көлемі 100,3%-ке 1984 жылмен салыстырғанда еңбек өнімділігі 11%-ке орындалған. Тек 1983-1985 жылдардың ішінде 1700 жаңа нөмір орнатылған, оның 550-і –Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне берілді.

1985 жылы қалалық атқару комитетіне әлеуметтік-тұрмыстық мәселе бойынша қала еңбекшілерінен 10400 арыз түскен. Оның 3856 - тұрғын үй мәселесі, 24-коммуналдық, 12- транспорт, 55- байланыс, қалғандары әртүрлі мәселелер бойынша болған. Олардың 2172-і қанағаттандырылып, 2107-і түсіндіріліп, қалғандары кері қайтарылған. 1985 жылы 1 қаңтарына дейін кезекте тұрған 648 жанұяның 283-не пәтер берілген.

1970 жылдарға дейін әлеуметтік салада алға жылжушылық болғанмен, 1980- жылдардағы экономикалық дағдарыстан бұл сала да шет қалмады. Халықтың әл-ауқатын көтеру мәселесі мемлекеттің әлеуметтік саясатының ең басты мәселесінің бірі болса да, ол жүзеге аса қоймады. 1971-1985 жылдары ең аз еңбекақы мөлшері 50,7%-ке, яғни 123,7 сомнан 186,5 сомға, соның ішінде жұмысшылардың жалақысы 133,9-дан 210,5 сомға (57,2%-ке) көтерілген. Зейнеткерлердің орташа айлық зейнетақысы жасына қарай 52,1-ден 81,2-ге көтерілген. Бірақ бұл шаралар жағдайды түзей алмады, себебі 1985 жылы сомның құны 1960 жылғы құнынан төмен болды. Көптеген товарлар қымбаттады, әрі тапшы болып жетіспеді. Талондық жүйе енгізілді. Тұрғындардың бірнеше сағаттар бойы кезекке тұруы әдетке айналды.

Әрине мұндай жағдайлар тек қарапайым тұрғындардың ғана басынан өтті, ал партия-кеңес қызметкерлерінің арнаулы дүкендері, ауруханасы, ательесі, санаториялары мен саяжайлары,

бақтары болды. Халыққа арналған дүкендерде сапасыз товарлар, іріктелініп қалған көкөністер мен жемістер, су қосылған сүт-айрандар сатылды. Сөйтіп саудада талан-тараждық, қоғамда енжарлық, қылмыс пен маскүнемдік орын алды.

Халықтың тұрмыс дәрежесін арттыруда медициналық қызмет көрсетуді жақсарту маңызды орын алды. Соғыстан кейінгі жылдарда денсаулық сақтау саласы қиын жағдайда болды. Арнаулы медициналық қызметкер мамандар жетіспеді. Мысалы, 1946 жылы қала халқын қамтамасыз ету үшін 107 дәрігер қажет болған, оның тек 47 ғана қамтамасыз етілген, 60 штаттық бірлік жетіспеген. Мұның өзі халыққа толық түрде дәрігерлік көмектің көрсетілмеуіне, аурулардың алдын алуға толық мүмкіндіктердің болмауына әкелді. Сондықтан жоғарыда аталған мекемелер толық түрде жұмыс жасау үшін республикалық басшылық органдардың қолдауы керек болды. Осыған орай Кеңестік кезеңде емдеу орындарының, стационарлық аурухана, амбулаториялық емхана, санаториялық-профилакториялық мекемелер жүйесі кеңейтіледі. Егер 1916 жылы қалада небары 12 дәрігер, 4 фельдшер болса, 1952 жылы қалада 375 кереуеттік 3 аурухана, 75 кереуеттік инфекциялық аурухана, 60 кереуеттік өкпе ауруларына қарсы диспансер, 100 кереуеттік 1 перзентхана, 40 кереуеттік 1 тері ауруларының диспансері жұмыс жасаған. 1954 жылы денсаулық сақтау жүйесінде 144 дәрігер, 341 орта білімді медициналық қызметкерлер жұмыс жасаса, 1967 жылы 410 дәрігер мен мыңнан астам орта білімді медицина қызметкерлері жұмыс жасаған. Дегенмен денсаулық сақтау саласында да едәуір кемшіліктер орын алған. Соның бірі жас мамандарды тұрғын үймен қамтамасыз етпеу. Бұл жас мамандардың тұрақтамауына, кетіп қалуына әкелді. Мысалы 1959 жылы жұмысқа қабылданған 25 дәрігердің 19-ы осындай себеппен кетіп қалған. Кеңестік кезеңдегі қаладағы денсаулық сақтау жүйесінің даму қарқыны мен ондағы медициналық қызметкерлер санын мына В.1 -қосымшадан көруге болады [101;157]. Үкіметтің халыққа жасаған қамқорлығының бірі КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1960 жылғы 14 қаңтардағы №58 «КСРО тұрғындарының денсаулығын сақтау және оларға медициналық қызмет көрсетуді одан әрі жетілдіру шаралары туралы» қаулысы болды. Осыған орай денсаулық сақтау ісін қаржыландыр- ісін қалалық партия ұйымы өз тарапынан

бақылауға алады. Егер 1966 жылы денсаулық сақтау ісіне 2 миллион 739 мың сом жұмсалса, 1967 жылы 2 млн. 921 мың 200 сом, яғни 182 мың сом артық жұмсалған. Бұл қаржыларға осы кезеңде қалада 100 кереуеттік инфекциялық аурухана, 100 кереуеттік 2-ші қалалық аурухана, 200 кереуеттік жүйке-неврологиялық аурулар ауруханасы салынып, балалар ауруханасы 50 кереуетке, облыстық аурухана -100 кереуетке кеңейтіледі.

Жалпы 1950-1970 жылдардағы қаладағы денсаулық сақтау ісінің даму деңгейін Аб-қосымшадағы мәліметтерден көруге болады. Бұл мәліметтер денсаулық сақтау ісінің баяу да болса даму деңгейінің көтерілгенін көрсетті. Денсаулық сақтау қызметі біртіндеп санитарлық-профилактикалық бағыт алып, ауруларды анықтау, диагностика жасау үшін халықты диспансерлік тексеруден өткізу істері жүргізіледі және ол кейінгі жылдар да жалғасын табады. Бұл атқарылған істердің барлығы соғыстан кейінгі қырық жылдан астам уақыт ішінде қала өмірінің жаңа бағытқа қарай өзгергенінің дәлелі болып табылады. Қала халқы жақсы өмір сүруге, өз тұрмысына игі жаңалықтарды енгізуге ұмтылып отырды.

Сонымен соғыстан кейінгі уақыттан 1990 жылдарға дейінгі уақыттаға қала халқының әлеуметтік-тұрмыс жағдайындағы өзгерістерді былайша қорытуға болады.

- 1950 жылдардан басталған құрылыс индустриясының дамуы негізінде қала келбеті толықтай өзгерді. Қала құрылысының дамуының барысында қала территориясы ұлғайды, 1946-50 жылдарда қала келбетін берген жатаған үйлер қатарында және жаңадан әсем де биік ғимараттар мен көпқабатты үйлер бой көтерді, жаңа ықшам аудандар қалыптасты;
- Коммуналдық шаруашылықтың жолға қойылуы, көгалдандыру, аббаттандыру жұмыстарының барысында қала қарапайым қалашықтан көрікті ірі орталыққа айналды;
- Қала халқының тұрмыстық қамтылу жағдайы 1946-1950 жылдар мен 1970-1989 жылдарда төменгі көрсеткіште болып, халық көптеген мұқтаждықтарды бастан кешсе, 1950-1970 жылдар арасында тұрмыстық жағдайда бірқатар оң өзгерістер болды.

2 1946-1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЛАНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МӘДЕНИ ДАМУЫ

2.1 Қаланың әкімшілік басқару құрылымы.

Қала тарихы, оның экономикалық-әлеуметтік дамуы қаланың саяси жүйесі мен әкімшілік құрылымымен өте тығыз байланысты. Өйткені қаланың жалпы даму барысы оның әкімшілік құрылымымен басқарылып, саяси сипат алып отырады. Сондықтан да соғыстан кейінгі жылдардағы қаланың әкімшілік құрылысына келсек соғыстан кейінгі уақытта қала негізі үш әкімшілік ауданға бөлінді. Олар: Орталық, Приреченск және Теміржол аудандары. Қаланың басқарылуы қалалық депутаттар Кеңесі, облыстық, қалалық және осы әкімшілік аудандардың атқару комитеттері, партия комитеттері арқылы жүзеге асырылды. Атқару комитеттерінің арнаулы бөлімдері шаруашылықтың жекелеген салаларын, мәдениет пен білім беру ісінің жағдайларын бақылап, бағыттап, басшылыққа алып отырды.

Облыспен қатар қалалық партия комитетінің жоғарғы органы – облыстық, қалалық партия конференциясы мен Пленумдары болды. Партия конференциялары мен Пленумдарда қалалық атқару комитетінің, партия комитетінің, қалалық депутаттар Кеңесінің есебі, тексеру комиссиясының есебі, мандаттық комиссия есептері тыңдалды.

Бұл есептер халықшаруашылығы мен мәдениетінің дамуындағы атқару комитеттерінің атқарған істерін, оның жетістіктері мен кемшіліктерін анықтап, партиялық басшылықтың дәрежесін көтеруге көмектесті. Негізі соғыстан кейінгі кезеңде партия ұйымдарының алдында партия қатарын өсіру және реттеу, кадрларды идеялық-саяси жағынан тәрбиелеу мәселелері тұрды. Бұл мәселелер Қазақстан КП (б) облыстық комитетінің 1946 жылдың 1-4 желтоқсанындағы ХҮІІІ-ші Пленумында қарастырылған «Облыстық партия ұйымдарының өсу жағдайы мен жас коммунистерді тәрбиелеудегі жұмыстар туралы» мәселеде, сондай-ақ Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің ХІХ-шы пленумында қабылданған «Қазақстан партия ұйымының

идеологиялық жұмыс деңгейі туралы» қаулысын жүзеге асыруға бағытталған шаралар жөніндегі облыстық комитеттің 1948 жылдың 1-3 сәуірінде өткен II-Пленумында, 1950 жылдың 28-29 наурызындағы «Облыстық партия ұйымдарының мамандарына большевиктік тәрбие туралы» IV Пленумында, 1951 жылғы наурыздағы VІІ Пленумда талқыланды.

Пленум материалдары осы кезеңде партия қатарының өскендігін де көрсетті. Мысалы, 1946 жылғы он айда облыстық партия ұйымына 3532 адам қабылданса, 1948 жылы Орал қаласының өзіндегі 168 бастауыш партия ұйымында 3753 адам, ал 1949 жылы 203 партия ұйымының қатары 3886 адамға жеткен. Бұлардың білімділік деңгейіне келсек, 275-жоғарғы білімді, 115-аяқталмаған жоғарғы білімді, 811-орта білімді, 866- аяқталмаған орта білімді, 1565-бастауыш білімі барлар, 254-білімі жоқтар болған. Ұлттық құрамына келсек, 435-қазақтар, 2812-орыстар, 186-татарлар, 318-украиндар, қалғандары басқа ұлт өкілдері болды. Осы жылдардағы коммунистік партияның негізі, оның саясатын жүргізуші, бұқараны ұйымдастырушы –бастауыш партия ұйымдары қаладағы шаруашылық пен мәдени құрылыспен қатар білім беру, халықты әлеуметтік-тұрмыстық жағынан қамту жұмыстарына да басшылық жасады.

1948-1949жылдардағы қаладағы негізгі мәселелер әр ауданның партия ұйымдарында қаралып отырған. Мысалы,1948 жылы - 46 партия бюросы өтсе, 1949 жылдың өзінде Орталық ауданның партия ұйымында -246, Приреченск ауданының партия ұйымында -269, Теміржол ауданының партия ұйымында -129, қалалық партия комитетінде – 780, барлығы 1414 мәселе қаралған. Оның ішінде партияға қабылдау туралы -179, оқу орындарының мәселесі туралы -14, өнеркәсіп орындарының жұмыстары туралы – 22, үгіт-насихат жұмыстары туралы -27 және тағы да басқа мәселелер қарастырылған.

Ал қаланың халық шаруашылығы мен мәдени-ағарту саласы атқару комитеттерінің бөлімдері арқылы басқарылып отырды. 1950-жылдарда қалалық атқару комитетінің 8 бөлімі жұмыс жасаса, 1960-жылдарда 10 бөлім қала өмірін басқарған. Қалалық атқару комитеті 1950 жылы қала

өмірінің әртүрлі мәселелері бойынша 540 шешім қабылдаса, 1956 жылы 41 мәжіліс өткізіп, 755 шешім қабылдаған. Олардың қатарында 7. 02.56 жылғы 3-қабатты 18 пәтерлі үй салу құрылысы, жеке құрылыс жүргізу үшін жер учаскелерін бөлу туралы шешімдерді атауға болады.

Осы кезеңде қалалық депутаттар Кеңесінің құрамында 250 адам болған, оның 141-ер, 109 әйел адам болса, оның 35-қазақ, 185-сі орыс болды. Депутаттардың 118-сі өнеркәсіп пен транспорт саласында жұмыс жасайтындар болса, 25-сі-партия-кеңес органдарының өкілдері, 38-дәрігер, мұғалім, ағарту мекемелерінің қызметкерлері, 25-цех, кәсіпорын жетекшілері, 13-сауда мен қоғамдық тамақтандыру қызметкерлері тағы басқалары болды. Қалалық Кеңестің 1963 жылғы 1 сессиясы қаланы көркейту шаралары туралы, ал 2-сессиясы қаладағы сауда және қоғамдық тамақтандыру ісінің жағдайы мен оны жақсарту шаралары туралы болды. Мұның өзі қала өмірінің көкейтесті мәселелерінің қалалық атқару комитеті мен қалалық депутаттар кеңесі сессияларының негізгі мәселелері болғанын көрсетті.

Қаланы басқару ісінде ерекше орын алған қаладағы түрлі қоғамдық ұйымдар болды. Сондай ұйымдардың бірі - әйелдер Кеңестері болды. Мысалы, 1949 жылы Орталық ауданда - 7, Приреченск ауданында - 28, Теміржол ауданында - 20 әйелдер Кеңесі жұмыс жасаған.

Соғыстан кейінгі 1946-1960 жылдарда облыстық және қалалық партия комитеттері өзінің партиялық принциптеріне сүйене отырып қоғамдық-бұқаралық ұйымдар арқылы қаланың экономикасы мен мәдени-тұрмысын қалпына келтіру мен одан әрі дамытуға бағытталған барлық шараларды жүзеге асырды. Бұл кезеңдегі партияның басшылыққа алған негізгі принциптері: ғылыми негізделген, дұрыс саясат құру және оны жүзеге асыру, саяси және шаруашылық қызметтің біртұтастығы, мемлекеттік және шаруашылық органдардың функцияларын нақты белгілеп беру және олардың жауапкершілігін арттыру; бұқараның еңбектегі белсенділігі мен творчестволық инициативасын дамыта беру; кадрларды іріктеу және тәрбиелеу; мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың жұмысына бақылау жасау.

Осы принциптерді басшылыққа ала отырып, партия өзінің ішкі жұмысында болсын, мемлекеттік аппаратты басқару ісінде

немесе бұқара арасындағы тікелей қызметінде болсын ұйымдастыру жұмысына айырықша назар аударды.

Қалалық басқару аппаратын құру мен оның қызметін ұйымдастырудың аса маңызды принциптерінің бірі – мемлекеттік басқару ісіне еңбекшілерді тарту болды. Бұл қалалық еңбекшілер депутаттарының Кеңесі арқылы жүзеге асты.

Еңбекшілерді мемлекет ісіне тарту жұмыстарымен қатар партия – кеңес органдары, жергілікті депутаттар Кеңесі мәдени–тәрбие жұмыстарын да жүзеге асырды. Негізі соғыстан кейінгі кезеңде Орал қаласындағы қоғамдық-саяси өмір партия ұйымдарының басты көңілді идеологиялық жұмыстарға, әсіресе коммунистерді саяси жағынан даярлау деңгейіне, теориялық оқытуды жақсарту мәселелеріне аударуымен байланысты болды.

Қала еңбекшілерінің арасында саяси үгіт жұмыстарын жүргізуде қаланың партия комитеті 1947 жылы 25 қарашадағы ВКП(б)-ның «Үгітшілер жүргізетін жұмыстардың кемшіліктері мен оларды жақсарту шаралары туралы», Орталық комитеттің XIX, XX Пленумдарының қарар-шешімдерін, Ленинградтықтардың IV-ші бесжылдықты төрт жылда орындау үшін социалистік жарыстарды кеңейтуге шақырған үндеуін, Москваның зауыт-фабрикаларының 35 директорының жоспардан тыс қор жинауға шақырған ұсыныстарын басшылыққа алған. Осы құжаттарды, бесжылдықтың міндеттерін халыққа түсіндіруде қалада өз құрамында партия тарихы, саяси экономияны оқып үйрететін үйірмелерді қамтыған партиялық оқу жүйесі жұмыс жүргізді.

1948 жылдың 1 қаңтарында оның құрылымы мынадай болды:

- 1.«ВКП(б)-ның қысқаша курсы» оқыту жөніндегі үйірме саны - 93, ол 1962 адамды қамтыған;
2. Көсемдердің өмірбаяндарын оқыту үйірмесі –70, олар - 619 адамды;
3. Саяси мектептер - 34, 436 адамды қамтыған;
4. Кешкі марксизм-ленинизм университеті – 1,оның - 301 тыңдаушысы болды;
5. Кешкі партия мектебі -2, оның 180 тыңдаушысы;
- 6.Сауатсыздар мен аз сауаттыларға арналған мектептер -6, оның 49 тыңдаушысы болған. Бұларда штаттан тыс 180 үгітші жұмыс жасаған, оның 15 - қазақ болған [35;1]. Жалпы қаладағы бұқаралық саяси үгіт жұмыстарын 25 - лектор, 163

саяси баяндамашы, 148 үгіт коллективі, тек қала кәсіпорындарының өзінде 43 үгіт коллективі жүргізген. 1948-1949 жылдарда бұқаралық-саяси жұмыстарды жүргізуші үгітшілер қатарында 850 коммунист, 130 комсомол, 210 мұғалім, 120 медицина қызметкерлері, 78 инженер - техник қызметкерлер болса, тек 35-і ғана қазақ болған. Партия ұйымдарының тапсырмасымен мәдени орталық ретіндегі Орал педагогикалық институтының оқытушылары қалада 100-ден астам лекция оқыған.

Қаладағы өндіріс, қызмет көрсету, мәдени салалардағы еңбекшілерді біріктірген бұқаралық-қоғамдық ұйымның бірі – кәсіподақтар болды. Кәсіподақтардың халықшаруашылық міндеттерді шешудегі ролін арттыруда БК(б)П Орталық Комитеті мен ВЦСПС XIX Пленумының қаулылары негізінде облыста 1948 жылдың 10-қарашасында кәсіптік одақтардың облыстық Кеңестерінің құрылуының маңызы жоғары болды. Осыдан соң облыста 710 фабрика-зауыт комитеттері мен жергілікті комитеттер құрылды. Соғыстан кейінгі жылдарда өндірістік жоспарды орындау, еңбекшілерге тұрмыстық және мәдени қызмет көрсетуді жақсартуда осы кәсіподақ ұйымдары көп игі істер атқарды. Олар социалистік жарыстарды ұйымдастырып, жаңашылдар қозғалысын қолдап, кәсіпорын әкімшіліктерімен шарттар жасап отырды. Әсіресе Ворошилов зауыты комитеттерінің жұмысын ерекше атап кетуге болады.

Кәсіподақтар осы кезеңдегі басты идеология бағыт еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісіне де көп көңіл бөлген. Кәсіподақ мүшелері саяси оқуларға тартылып, кәсіпорындар мен мекемелерде бірнеше лекциялар мен баяндамалар оқылды.

Қала өмірін ұйымдастырушы қоғамдық-бұқаралық ұйымның бірі – комсомол мекемелері болды. Қаладағы 94 комсомол-жастар бригадалары партияның халықшаруашылығын көтеруге арналған қаулы-қарарларын орындауда қажырлы еңбек етті. 1948 жылы 56 ең жақсы екіпінділер облыстық комсомол ұйымының Құрмет кітабына енгізіліп, ЛКСМ Орталық Комитетінің грамоталарымен марапатталды. Көптеген кеңес, жиналыс, мәжілістер өткізіліп жастарды іске жұмылдыру жолдары қарастырылды. Комсомолдар үнемділік пен сапа үшін жұмыс жасады. Мысалы, совхоздар министрлігінің зауытында әртүрлі материалдарды -20 мың сомға, отынды –3 мың сомға,

электрэнергиясын - 5 мың сомға үнемдеу ісі жүргізілген. Қала жастары мен комсомолдары стахановшылдық қозғалысқа белсене қатысқан. Мысалы, 1947 жылы жоспар орындаудан артта қалып келген Землячка атындағы зауыт 1948 жылдың бірінші жарты жылдықта 150 жас жұмысшының стахановшыл 29 жасының 15-нің айлық жоспарды, 5-нің жарты жылдық жоспарды орындауының барысында үш айлық жоспарды 114,4%-ке орындады.

Соғыстан кейінгі кезеңдегі қоғамдық өмірде ерекше орын алған ерікті қоғамдар жұмысы болды. КСРО Министрлер Кеңесінің 1948 жылғы 16 қаңтардағы ОСОАВИАХИМ-ді бөлу туралы шешіміне сай ДОСААФ, ДОСАРМ, ДОСФЛОТ қоғамдары құрылған еді. Бұл қоғамның Орал қаласындағы ұйымдары қаладағы мәдени-ағарту шараларына қатысып отырған. Осы кезде қалада ДОСАРМ-ның 31 бастауыш ұйымы, оның 2250 мүшесі, ДОСААФ-тың 63 бастауыш ұйымы, 3000 мүшесі, ДОСФЛОТ-тың 26 бастауыш ұйымы, 742 мүшесі болған.

Бұл ұйымдардың ішінде қалада неғұрлым белсенді жұмыс жүргізгені ДОСААФ ұйымы болды. Бұл ұйым қалалық Пионерлер үйі жанынан «Жас авиамоделистер» үйірмесін ашып, қалалық мектеп оқушыларын тартқан. 1949 жылдың он айының ішінде бұл ұйым қалада 3 лекция, 42 баяндама оқып, жергілікті баспасөзде 4 мақала жариялап, 3 рет радио хабар берген, 10 авиабұрыш ұйымдастырған. Осы ұйымдардың жетекшілігімен №3,6,10 мектептерде «Жас теңізші», «Моделистер» атты үйірмелер, №11 ФЗО-да, педучилищеде де бастауыш ұйымдар мен үйірмелер ашылды. Бұл бастауыш ұйымдар мен үйірмелер қалада 16 лекция, 117 баяндама, 37 әңгіме өткізген.

Қаланың экономикалық, саяси-қоғамдық және мәдени өмірі тікелей қалалық партия комитетінің бақылауымен жүзеге асырылды. Қаланың барлық мәселелері қалалық партия комитетінің бюроларында, партия активтерінің жиналысында, сессияларда қаралып отырды. Мысалы, 1949 жылдың өзінде қалалық партия комитетінің бюросында қаралған мәселелердің негізгі бағыты мынадай тұрғыда болған:

1. партияға қабылдау жөніндегі мәселе -179;
2. оқу орындарының мәселесі -14;
3. өнеркәсіптік мекемелердің жұмысы туралы мәселе -22;

4. үгіт-насихат жұмыстарының жағдайы туралы мәселе -27.

Барлығы -780 мәселе қаралған. Ал 1961 жылы қалалық партия комитетінде 75 негізгі мәселе мен 460 хаттар мен шағымдар қаралған. Оның 43% - коммуналдық пәтерлерді беру туралы, 13% - еңбекке орналастыру мен жөнсіз жұмыстан шығару, 18% - коммунистердің тәртіп бұзушылықтары туралы мәселе болған. Бұлардың көпшілігі мүмкіндігінше партия бақылауымен шешімін тауып отырған.

Жалпы Кеңес қоғамы дамуының соғыстан кейінгі жоспарлары демократияға қарсы, тоталитарлық жүйе үлгісіне сай болды. Дегенмен қоғамдық өмірде бейбіт көңіл-күйдің қалыптасуына байланысты белгілі дәрежеде құндылықтар қайта бағалана бастады. Халықтың санасында әлеуметтік бағдарламаларға, демократияға бет бұру қажеттігін түсіну барған сайын айқын пісіп жетіле бастады. Бірақ соғыстан бұрынғы кезеңде бастама алған қоғам мен партиялық-мемлекеттік басшылықтың әкімшіл-бұйрық беру тәсілінің арасындағы қарама-қайшылық соғыстан кейінгі кезеңде өсе түсті. Бұл кезеңде қоғамдық сананың барлығына әлеуметтік жаңғырудың комплексті бағдарламаларына көшуге осы кездегі қалыптасқан қоғамдық-саяси құрылым кедергі жасады. Оның үстіне қиында, қатаң соғыстағы жеңіс соғыстан кейінгі кезеңде басшылықтың жұмыс жасап тұрған жүйесі тиімді деген сенімді туғызса, басшылардың көпшілігі осы басқару тәсілдері мінсіз деп есептеді де, осы тәсіл бойынша жұмыс жүргізді. 1940-1950 жылдардың басында социализм идеологиясы өзінің шырқау шегіне жетті. Міне осындай күрделі жағдайда қоғам партия комиттеттерінің қатаң бақылауымен дамыды. Бұл қатаң бақылау жағдайында 1940-жылдардың ортасындағы және 1950-жылдардың басындағы рухани көңіл-күй тұншықтырылғанмен жойылып кете алмады.

КОКП Орталық Комитеті мен КСРО үкіметі одан әрі орталықтандыруды жоюға және одақтас республикалардың құқын кеңейтуге бағытталған шаралар кешенін 1954-1956 жылдар аралығында жүргізген еді. Бірақ экономика саласының дамуының жалпы бағыттарын белгілеу, кадрларды тағайындау мен ауыстыру және басқа көптеген мәселелер басшылықтың, партия ұйымының қолында болды. Сондықтан республика аймақтарының бәрі де партиялық басшылыққа тәуелді болды. Қоғамның құрылымы бұрынғысынша жоғарыдан төменге қарай

принципі бойынша құрылғандықтан жұмысшылар жоғарыдан қабылданған шешімдерді талқылаусыз орындауға тиіс болды.

1950 жылдардағы еңбекшілердің мемлекеттік басқаруға қатысуының бір формасы – қалалық Кеңестердің тұрақты комиссиялары болды. 1953-1954жж. қалада 10 тұрақты комиссия жұмыс жасап, олар 150 қалалық кеңес депутаттарын қамтыған. Осы кезеңде тұрақты комиссияларда 36 мәселе қаралған.

Көптеген жергілікті қалалық депутаттар Кеңестерінің атқару комитеттерінің жанында қоғамдық бөлімдер болды және олар өз жұмысына штаттан тыс қызметкерлерді тартты. Олар Кеңестердің және оның атқару комитеттерінің қаулы-қарарларының қалай орындалып жатқанын ұдайы тексеріп отырды, кәсіпорындар мен мекемелердің жұмысына бақылау жасады, анықталған кемшіліктерді жоюға шаралар қолданды

Бұлардан басқа қала тұрғындары халық шаруашылық және мәдени құрылыс міндеттерін шешуге тұрғын-үй пайдалану кеңселері жанындағы көше-квартал комитеттері, үй комитеттері, мектеп жанындағы ата-аналар комитеттері, әйелдер кеңесі тағы басқа бұқаралық ұйымдар да тартылды.

Қоғамдық-бұқаралық ұйымдардың ішінде жергілікті қалалық депутаттар Кеңестердің маңызы зор болды. Соғыстан кейінгі жылдарда еңбекші депутаттардың жергілікті Кеңестерінің сайлаулары маңызды роль атқарды. Мысалы, 1950 жылғы еңбекшілер депутаттарының жергілікті кеңестеріне сайлау науқаны бірінші рет депутаттардың сайлаушылар алдында белгілі бір атқарған жұмысы мен тапсырыстарды орындау деңгейі жөнінде есеп беру арқылы жүзеге асты. Өйткені 1952 жылы қазанда болған партияның XIX съезі 1951-1955 жылдарға арнаған халық шаруашылығын дамытудың бесжылдық жоспары жөніндегі Директиваны белгілеп, жергілікті кеңестік органдар алдына үлкен талаптар қойып, бесжылдық жоспарды орындауға халық бұқарасын кең түрде тартуды міндеттеді. Бұл міндеттерді сәтті шешудің өзі шаруашылық-мәдени жоспарларды орындаудағы кеңестердің рөлі мен жауапкершілігін көтеруді талап етті. Бұл шаралар жергілікті Кеңестер мен бұқараның арасындағы байланысты күшейтіп, партиялық басшылықты жақындата түсті. Сайлау нәтижесінде облыстық депутаттар Кеңесіне - 60 адам, қалалық депутаттар Кеңесіне -238 адам сайланған.

КОКП Орталық Комитетінің XX съезі мен 1956 жылғы 30 маусымдағы КОКП Орталық Комитеті «Жеке адамға табыну және оның салдарлары туралы» қаулыны қабылдағанына қарамастан жеке тұлғаны дәріптеу зардаптарын жою, партиялық нормаларды бұрмалауды шектеу өлкеде толық жүзеге аспады. Оны 1956 жылғы 13 шілдедегі КОКП Орталық Комитетінің «Берияның антипартиялық және антимемлекеттік әрекеттері туралы» қаулысы талқыланған Қазақстан КП(б) Батыс Қазақстан облыстық және Орал қалалық комитеттерінің біріккен Пленумынан көруге болады. Осы Пленумда баяндама жасаған облыстық комитеттің бірінші хатшысы М.Шахин де, одан кейінгі КОКП ОК шешімдерін талқылаған 1957 жылғы шілдедегі облыстық және қалалық партия комитеттерінің пленумдарында сөйлеген С.Б.Ниязбеков те әміршіл-әкімшіл жүйені, оның сүйеніші Коммунистік партияны толық ақтады. Мұның өзі демократиялық сипаттағы реформалар қала, тіпті облыс көлемінде әкімшілік жүйенің негізін шайқалтпағанын, яғни бұл кезеңде демократиялық қозғалыстың кең құлаш жая алмағанын көрсетті. Дегенмен қоғамды демократияландыруға бағытталған XX съезд ұйымдық-партиялық жұмысты, партия қатарын нығайту, оның бұқаралық ұйымдардағы кәсіподақ пен комсомолдағы басшылық ролін күшейту мәселеріне көп көңіл бөлді. Бұл кезеңде қалалық партия ұйымдарының қатары өсіп, сапасы жақсарды. Мысалы, 1954 жылы қалада 191 бастауыш партия ұйымы мен 22 партиялық топ болған, ондағы партия мүшелері -3733 адам, оның 490-қазақ, 925-әйелдер болған.

Халықтық маңызы бар мәселелер мен КОКП ОК XX, XXI, XXII съездерінің қаулылары облыстық партия комитетінің 1954 жылдың қаңтарындағы XI-ші, 1955 жылдың желтоқсанындағы кезектен тыс XII-ші, 1961 жылдың қыркүйегіндегі XVI-шы, 1964 жылдың желтоқсанындағы XVII-ші шақырылған конференцияларында талқыланып, оларды шешуге бағытталған шаралар жүйесі мен қалалық партия комитеттерінің алдына қойылған міндеттер анықталып отырған. Бұл жұмыстардың жауапкершілігін 1970 жылдардың аяғына дейін облыстық партия комитетінің I-ші хатшылары болған М.Шахин (1952-1954жж.), С.Тоқтамысов (1954-1956жж.), С.Б.Ниязбеков (1956-1960жж.), Ш.Қ.Қоспанов (1961-1975жж.) және қалалық партия комитетінің

I хатшылары болған Д.С.Инютина, И.Е.Гусев, З.П.Гапонов, В.Е.Курбатов, С.Е.Костаревтер атқарған.

Өндіріс орындары тек қаладағы өндіріс ісін дамытумен шектеліп қалған жоқ, олар облыстың ауыл шаруашылығының дамуына да үлестерін қосты. Облыстың ауыл шаруашылық өндірісін көтеруде ауыл шаруашылық машиналарын, құрал-жабдықтарды, қосымша бөлшектерді шығаратын өнеркәсіп орындары маңызды роль атқарды. Мұндай игі істердің бір көрінісі 1954 жылы Орал механикалық зауытының облыс колхоздарына 50 қар қопарғыш пен 25 жол тартқышты беруі. Қала мен село арасындағы байланысты орнатудың басты жолы – шефтік көмек болды. Бұл істің дамуына 1968 жылы 20 маусымда ҚазКСР-нің Министрлер Кеңесі мен партияның Орталық Комитетінің №362 «1968 жылғы ауыл шаруашылық өнімдерін даярлау мен өнімді жинауды қамтамасыз ету шаралары туралы» қаулысының қабылдануы ықпал етті. Орал қаласы еңбекшілері де партияның басшылығымен осы қаулыны орындау ісіне жұмылдырылады. Ауыл шаруашылық жұмыстарына шефтік көмек ретінде осы жылы өнеркәсіп мекемелерінен 2294 адам селоға жіберілген, оның ішінде 127-тракторист, 63-комбайнер, 139- жөндеуші слесарь, 1500-ден астамы қосымша жұмыс күші ретінде барған. Сондай-ақ осы кезеңдерде әрбір кәсіпорынға белгілі бір аудандар бекітіліп берілген. Мысалы, Ворошилов зауыты, Жылу-энерго орталығы -Теректі ауданына, арматура зауыты, тұрмыстық жөндеу комбинаты –Жымпиты ауданына, механикалық зауыт, теміржол бөлімшесі –Приурал ауданына бекітілген, бұл кәсіпорындар сенбі-жексенбі күндері осы бекітілген аудан шаруашылықтарына барып көмек берген. Сөйтіп қалалықтар егу, шөп шабу, өнім жинау кездерінде, сондай-ақ мал шаруашылығы фермаларына үлкен көмек беріп отырған. Мысалы, бірнеше жылдар бойы ауыл шаруашылық жұмыстарында белсенділік көрсеткен социалистік еңбек ері Л.И.Гуль, Локомотив депосының машинисі М.И.Беднов, К.Цеткин фабрикасының тігіншісі М.Мұсағалиева, профессорлар С.А.Ақмурзин, В.В.Иванов, В.И.Ивакин тағы да басқаларды атауға болады.

Бұл жылдардағы экономикалық-мәдени даму жұмыстары қаланың партия ұйымы мен қаланың атқару Кеңестері, комсомол және кәсіподақ ұйымдары, әйелдер Кеңестері арқылы жүзеге

асырылды. Олардың жұмысында ірі жетістіктермен қатар олқылықтар мен кемшіліктер де орын алып отырды. Ол 1954 жылы 25 қаңтарда КОКП ОК «Партия және мемлекеттік ақпарат жұмысындағы кемшіліктер туралы» да және 1954 жылы 14 қазанда КСРО Министрлер Кеңесінің «Министрліктер мен ведомствалар құрылымындағы кемшіліктер мен мемлекеттік ақпарат жұмысын жақсарту шаралары туралы» қарарында атап көрсетілген. Онда: «аппаратта зиянды бюрократтық тәжірибе қалыптасқан, онда белсенді ұйымдастыру ісіне, нақты істерге басты көңіл бөлінудің орнына көптеген дерективаларды, резолюциялар, хаттар мен есептер құрастыру орын алынған. Бұл штаттардың қожырауына, жауапсыздыққа, партия, шаруашылық қызметкерлерінің ұйымдастыру ісінен алшақтап кетуіне алып келді» деп көрсеткен.

Осыған орай барлық шаруашылық, кеңестік басшылардың алдына басқару аппаратын тез қимылдайтын, әрі икемді, нақты істерге қабілетті ету міндеті қойылады. Жауапкершілікті арттыру үшін үнемі, әрі жүйелі түрде партия мен үкімет шешімдерінің жүзеге асуын бақылау мен тексеру жүргізіліп отырған. Мемлекеттік аппарат құрылымын жақсарту ісі едәуір дәрежеде штаттардың қысқаруына әкелген. Мысалы, 1956 жылы Қазақстандағы 909,5 мың штаттық бірлікті қысқарту 9 млн. сомды үнемдеуге, 1957 жылы – 2607 штаттық бірлік пен 1955 – 1956 жылы – 9705,5 штаттық бірлікті қысқарту 23 млн. сомды үнемдеуге әкелді.

Кеңестердің жұмыс деңгейін көтеруге КОКП Орталық Комитетінің 1957 жылғы 22 қаңтардағы «Еңбекшілер депутаттары Кеңестерінің қызметін жақсарту және олардың бұқарамен байланысын күшейту туралы» қаулысының зор ықпалы болды. Осының нәтижесінде Кеңестік органдардың жұмысында бастамалар мен жауапкершілік жоғарлады, олардың бұқарамен байланысы күшейді. Әсіресе бұл жылдардағы саяси өмірдегі тағы бір өзгеріс депутаттар кеңестерінің тұрақты комиссиясын құру болды. Мысалы, 1957 жылы республикада 371 қалалық тұрақты комиссия, ал облыста 440, қалада 9 тұрақты комиссия жұмыс жасаған.

Бұл тұрақты комиссиялар еңбекшілерді де, коммунистерді де мемлекетті басқаруға тартудың бір формасы болды. Коммунистер өздеріне міндеттелген тапсырманы орындау жолында халық

шаруашылығының барлық салаларында да жұмыс жасаған. Мысалы, 1957 жылы облыстың өнеркәсіп кәсіпорындарында, транспортта, байланыс саласында 2698 коммунист жұмыс жасаса, 1961 жылы ол 4099-ға жеткен. Коммунистер басшылығымен тұрақты комиссиялар билік жүргізуші органдардың қызметіне бақылау жасап, тексерулер жүргізген. Осыған қарамастан іс жүзінде бүкіл үкімет билігін партиялық және шаруашылық аппарат өз қолына жинап алды. Әміршіл-әкімшілдік жүйеге тығыз кіріктірілген кәсіподақтар мен комсомол өз құқықтары мен бастамаларынан толық айырылды. Бірақ халық болашаққа деген сенімі мен жақсы өмірге деген үмітін жоғалтпады.

Қоғамда болып жатқан тоқырау мәселелеріне көзжұмушылықпен қарау орын алды. Оған 1959 жылғы КОКП ХХІ съезінің шешімдері дәлел болады.

Сондықтан 1964 жылдан басталған шешімдер негізінде саяси бағыт бұрын іске аспаған мәселелерден келіп шықты, яғни өзгеріс жасау қажеттігі шегіне жетті деуге толық болатын еді. Сондықтан да 1960-1980 жылдардағы қаланың қоғамдық-саяси өмірі де қайшылықты сипаттарымен ерекшеленген. Партияның авангардтық ролі мен бесжылдық жоспарларды орындауға еңбекшілерді жұмылдыру қабілетін күшейтуге бағытталған бірқатар игі істер атқарылды. Аяқсыз болса да өмірге енгізілген шаруашылық реформа өндірісті дамытуға байланысты ірі жұмыстар атқаруға түрткі болды. Олар:

- білім беру мен денсаулық сақтау ісінің жолға қойылуы;
- үгіт-насихат ісінің ықпалды түрде болуы.

Осыған қарамастан қоғамда, экономикада қиыншылықтар мен шешілмеген проблемалар жинақтала түсті. Білім беру ісі мен мәдени шаралар орыстандырушылық сипатта болды, жергілікті ұлт мүдделерімен санаспаушылық, оларды шеттету орын алды. Оның бір мысалы 1966 жылы қыркүйектегі өткізілген қала еңбекшілерін марапаттау туралы КП қалалық комитетінің бюросының шешімі болды. Онда облыстық «Құрмет тақтасына» енгізуге ұсынылған 30 адамның ішінде тек 4 қазақ, 1 әйел адам ғана болса, КСРО орден-медальдарымен марапаттауға ұсынылған облыс бойынша тізімдегі 18 адамның ішінде бірде-бір қазақ болмаған.

Мұндай жағдайлардың орын алуы, яғни жергілікті ұлт өкілдерінің ролін есепке алмау, барлық мәдени-саяси

шаралардың орыстандырушылық сипатта болуы осы кезеңдегі қала басшылығының кімге тиесілі болуына байланысты болғаны да ықпал еткені сөзсіз. Өйткені 1946-1989 жылдар арасында қалалық партия комитетінің I хатшылық қызметінде, 1977 жылға дейін қалалық атқару комитетінің төрағалық қызметінде бірде-бір қазақ ұлтының өкілі басшылық жасамаған. Оны Е-қосымшадан көруге болады.

1970-жылдардың аяғынан бастап партия ұйымдарында кең қолданылған жұмыстың формасы – коммунистердің есебі болды. Бұл СОКП XXV съезі шешімдерінде қолдау тапқан еді. Ол тапсырманы тексеруге, оның орындалуын бақылауға, тәжірибені зерттеуге, кемшілікті түзетуге мүмкіндік беретін құрал, әрі коммунистерді тәрбиелеу мектебі болды. Мысалы, 1977 жылы партияның қалалық комитетінің бюросында партия мүшесі К.Цеткин тігін фабрикасының директоры М.А.Чистенкованың есебі тыңдалады. Осы есеп фабрикадағы кемшіліктің себебін анықтауға және оны түзетуге мүмкіндік беріп, нәтижесінде 1978 жылы фабрика пайдаға шықты. 1977 жылы қаланың бастауыш партия ұйымдарында 639 коммунистің есебі тыңдалған. Оның ішінде басшылық орындағы коммунистермен қатар жұмысшы коммунистер де болды. Мысалы, «Оралпромстрой» тресті үй құрылысы комбинатының бригадирі, еңбек сіңірген құрылысшы Л.И.Алифанов та болды.

Қаладағы шаруашылық істі жақсарту мен қоғамдық-саяси өмірді жан-жақты ұйымдастыру мақсатында қаланың әкімшілік құрылымына жаңа өзгеріс енгізілді. 1983 жылы 4 мамырда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша Орал қаласында екі территориялық аудан: Ленин (I хатшысы Б.Т.Исмағұлова) және Өнеркәсіп (I хатшысы В.А.Кондратенко) аудандары құрылды. Ленин ауданында 15 өнеркәсіп кәсіпорны, 11 құрылыс ұйымы, 35 транспорт, байланыс, сауда мен тұрмыстық мекемелер, 49 мектеп пен мектепке дейінгі мекемелер, 8 жоғарғы және арнаулы орта оқу орындары, 14 театр, кинотеатр, клубтар болған. Халық шаруашылығында 27,5 мың адам, 34 бастауыш партия ұйымы жұмыс жасаған. Ленин ауданы мекемелерінде 35 техникалық прогреске ықпал ету Кеңесі, 7 өндірістік кеңес жұмыс жасап, әрбір 3-ші жұмысшы, барлығы 3600 адам 1983 жылы әртүрлі 750-ден астам

техникалық ұйымдастыру шараларын енгізіп, 1,1 миллион сом экономикалық тиімділікке қол жеткізген.

Өнеркәсіп ауданына келетін болсақ ол қаланың солтүстік бөлігін қамтыды. Бұл ауданда 41,4 мың адам халық шаруашылығы салаларында жұмыс жасаған. 120 бастауыш партия ұйымы болған, оның 26-сы өнеркәсіп мекемелерінде, 18-і транспорт саласында, 23-і құрылыс ұйымдарында, 24-і оқу орындарында, 29-сы басқа мекеме - ұйымдарда болды.

Қаланың барлық шаруашылық-мәдени өмірі осы екі ауданның атқару комитеттері арқылы басқарылып, коммунистерінің бақылауымен жүзеге асырылды. Қалалық атқару комитетінің 13 бөлімі жұмыс жасап, 9 есеп беру жиналысын өткізген. Қалалық депутаттар Кеңесіне келсек оның құрамында 300 депутат болған, тек 1981 жылдың өзінде 4 сессиясын өткізіп, 17 мәселені қарап, сайлаушылардың 154 тапсырыстарының 113-ін орындаған. Қалалық Кеңестің ұйымдастыру бөліміне келсек 1981 жылы депутаттарды социалистік жарысқа қатыстыру ісін кеңінен жүргізген. Осы шараның нәтижесінде өнеркәсіп, транспорт, құрылыс және байланыс саласында жұмыс жасайтын 133 депутат жұмысшылар жарысқа толығымен тартылған. Мысалы, Тері комбинатының депутаттары С.Лукбанова, Б.Сабилова, Ет консерві комбинатынан Е.И.Давыдова, Н.Е.Клинченко өз жоспарларын 4 жылда орындаған. Бұл жылдардағы коммунистерге ықпал етудің негізгі әдістерінің бірі – партиялық сөгіс болды. Ол коммунистердің өз жұмыстарына қандай жауапкершілікпен қарайтынына, өндіріс орындарындағы кемшіліктерге байланысты берілген. Мысалы, 1983 жылы облыс бойынша 86 партия мүшесі мен партияға кандидаттар қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Олардың ішінде қаладағы жөндеу зауытының бас есепшісі М.А.Нечеухин, зауыт директорының орынбасары В.Ф.Чаплыгин болды. Олар 4 мың сом қаржыны иеленгені үшін партиядан шығарылған. Мұндай өрескел партиялық-басқару тәртіптерін бұзу мәселелері 1983 жылғы 10 желтоқсандағы қалалық партия комитетінің XXXIII конференциясында Орал облыстық партия комитетінің I хатшысы М.Б.Ықсановтың сөйлеген сөзінде атап көрсетілген. Онда: «...қалалық партия комитеті жекелеген басшылардың, бастауыш партия ұйымдарының жоспарлық тапсырмаларды

жүйелі түрде орындамауымен толықтай келіскен. Ағымдағы жылда 8 кәсіпорын өнеркәсіп өнімін шығарудың 11 айлық жоспарын орындамаған, олардың қатарында Арматура зауыты, Землячка атындағы тері өңдеу зауыты бар. Әрбір бесінші кәсіпорын еңбек өнімділігін өсіру бойынша жоспарын, әрбір төртінші кәсіпорын келісім арқылы товар беру шарттарын орындамаған. Бұл көрсеткіштер өнеркәсіп кәсіпорындарының шаруашылық іс-әрекетінің нәтижелерінің маңызды критерийлері болып табылады.

Ал қалалық комитеттің осы кезеңде халықты жүйелі түрде қамтамасыз ету тәртібін бұзушы нан комбинатының, қалалық сүт зауытының басшыларына талап қоймай отырғаны қала халқына белгілі болды. Мұның өзі халықтың наразылығын туғызуы заңды нәрсе. Сондай-ақ өндіріс орындарында жоспарларды өзгерту, еңбек тәртібін бұзу әрекеттері де орын алған. Мысалы, Арақ-шарап зауыты ағымдағы жылда жоспарды 6 рет, жөндеу зауыты 3 рет өзгерткен. Мұның барлығы қала кәсіпорындарының ритмикалық жұмыс жасауына үлкен нұқсан келтіреді. Еңбек тәртібін бұзу мәселесіне келсек, Арматура зауытында 10 айда 310 адам жұмысқа келмеген, 29 адам айықтырғышқа түскен. Сондықтан қалалық комитет алдына қойылатын басты міндет: қалалық партия комитетінің I хатшысы В.В. Полюхов пен атқару комитетінің төрағасы М.Төлебаевтан КОКП Орталық комитеті қаулысы мен еңбек коллективі туралы заңды орындауды талап ету. Қаладағы жұмыс тәртібінің, жауапкершіліктің төмендеуі ұйымдастыру жұмыстарының төмен деңгейде болуында, бастауыш партия ұйымдары мен шаруашылық басшыларына талаптың тиісті дәрежеде қойылмауында» деп атап көрсеткен.

Осы кемшіліктерді жоюды жүзеге асыруда 1980-жылдардың ортасында қалада 1138 саяси хабарламашы, 3955 үгітшілер, 400 саяси баяндамашылар, 1800 «Білім» қоғамының лекторлары жұмыс жасаған. 1981-1984 жылдар арасында партия қатарына 1310 адам қабылданған. Олардың 69,5%-жұмысшылар, 39,4%-әйелдер, 70%-комсомол ұйымының ұсыныстарымен келгендер болды.

1980-жылдарда қалада алты жергілікті Кеңестер жұмыс жасап, оған 720 депутат сайланған, оның 60%-жұмысшылар, 33,4%-жастар, 40%-партия мүшелері, 21% комсомолдар, 48 %-

әйелдер болды. Бұл жылдардағы Кеңестердің бұқарамен байланыс жасау жұмысының маңызды каналы – сайлаушылардың аманаттары болды. Мысалы, жергілікті Кеңестерге сайлау бойынша халық депутаттарының 19-шақыруында қалалық кеңес депутаттарына 250 аманат берілген, оның 228 орындауға қабылданған. 1986 жылдың наурыз айына дейін 91 аманат орындалған, оның 48-і қалалық кеңес бойынша, 29 – аудандық кеңес бойынша, 14-поселкалық кеңес бойынша орындалған. 1980 жылдардың II жартысында да Қалалық Кеңес бұқарамен байланысты басқа бағыттар арқылы да жүзеге асырып отырған. Соның бірі қала тұрғындарын тұрақты комиссия жұмыстарына қатыстыру ісі болды. 1986 жылдың өзінде тұрақты комиссия жұмысына 600-дей белсенділер қатыстырылған. Сондай-ақ 472 адам көше комитеттеріне және 2300-ге жуық адам үй комитеттеріне тартылған. Жалпы осы кезеңде қаладағы қоғамдық әрекет етуші ұйымдарда 14 мыңнан астам адам жұмыс жасаған.

1980 жылдардың аяғында басты бұқаралық ұйым ретіндегі депутаттар Кеңесі мен атқару комитеттері іске жауапкершіліктен шеттеліп, қағаз басты ұйымға айналады. Қалалық партия комитеті қаланың барлық шаруашылық мәселелеріне тікелей араласуды, басқаруды қолға алады. Бір сөзбен айтқанда қалалық атқару комитеті қалалық партия комитетінің айдағанына көнуші ұйымға айналады. Оны 1988 жылғы қалалық партия комитетінің қызметін талдау барысында көруге болады. Өйткені осы кезеңде қалалық партия комитеті барлық назарын экономикалық мәселелерді шешуге арнап, оны өзінің мәжілістерінде шаруашылық механизмі тұрғысынан қарастырған. Мысалы, оны «қаладағы мекемелер мен ұйымдарға контейнерлерді әкелуді ұйымдастырудағы кемшіліктер туралы» деген қалалық партия бюросының күн тәртібінен көруге болады. Әрине бұл маңызды мәселе, оған практикалық көмек қажет болды, бірақ бұл партия комитетінің емес қалалық атқару комитетінің, оның бөлімдерінің жұмысы болуға тиіс еді.

Сөйтіп Қалалық партия комитеті идеологиялық ұйым ретінде партиялық-саяси, ұйымдастырушылық мәселелермен айналысуға тиіс болса да, ол керісінше шаруашылық мәселелермен айналысқан, тіпті кейде жеке мекемелер айналысатын мәселелерге де араласып отырған. Мысалы, 1987

жылы 19 тамызда №1 «Облагропром» бірлестігінің өнеркәсіптік-механикаландырылған колоннасына №3-08-75 телефонын орнату туралы» деген арнаулы шешім қабылдаған. Ал шын мәнінде калалық партия комитеті мұндай ұсақ іспен айналысу орнына осы кезеңдегі адамдардың жүйкесін тоздырған «Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен еңбек ардагерлеріне телефон орнату» мәселесін толық дәрежеде шешкені дұрыс болатын еді. Бұл мәселе шешімін таппай аяқсыз қалып отырды.

Мұндай мәселелер жылдан жылға көбейіп, қаладағы басқару ісінің де жүйелілігін жойып, нақты шешімдер қабылдау тәртібінің бұзылуына әкелді. Мұның өзі партиялық аппаратты қайта құруды талап етті. 1988 жылы Қазақстан КП Орталық Комитетінің XIII Пленумының «Республикадағы партия ұйымдары аппаратының құрылымын қайта құру туралы» шешіміне сай облыстық партия комитетінің 13 бөлімінің орнына 8 бөлім құрылып, аппарат саны 2 %-ке қысқартылды.

Қоғамдағы демократиялық қатынастардың тереңдей дамуы Кеңестердің қызметінен көрініс алады. Осы кезде «Барлық өкімет Кеңестерге берілсін!» деген ұранның жаңадан көтерілуі Кеңестер ролін күшейту мақсатын көздеген еді. Бірақ осы кездегі компартияның қызметіндегі кемшіліктер мен тоқыраушылық Кеңес қоғамының саяси жүйесіне реформа жүргізу қажеттігіне әкелді. Осыған орай 1988 жылғы маусым-шілде айларында өткен Бүкілодақтық XIX партия конференциясында осы реформаны жүргізу қажеттігі атап көрсетілсе, ол 1988 жылғы 1-желтоқсанда қабылданған «КСРО Конституциясына қосымша өзгерістер енгізу туралы» және «КСРО халық депутаттарын сайлау жөніндегі» Заңдарда шынайы көрініс алды. Осыған орай саяси реформаның бірінші кезеңі ретінде 1987 жылғы жергілікті Кеңестерге сайлау мен КСРО халық депутаттарын сайлау болса, екінші кезең – республикада, облыстарда, қалалар мен аудандарда басқарудың жаңа жүйесін құру болды. Сөйтіп қала халқы 1990 жылғы наурыздағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне сайлау науқанына қатыстырылды.

Қайта құру барысында іске асқан демократиялық өзгерістер бұқара халық арасында әртүрлі көзқарастардың, түрлі қоғамдық пікірлердің ашық айтылуына, көптеген саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың құрылуына жағдай жасады. Осы уақытта қалада Республикада құрылған Социалистік партияның(1992ж.),

«Азат» азаматтық қозғалысының (1991ж.), «Қазақстан Жастар Одағының» (1992ж.) бөлімдері құрылды.

Осы жылдарда КСРО-да басталған қайта құру жағдайында бұқаралық хабарлама органдары елдегі болып жатқан жағдайларды, өзгерістерді ешқандай бүкпесіз ашық жариялап отырды. Әсіресе республикада орын алып отырған әлеуметтік, ұлттық қайшылықтар туралы жан-жақты айтылды. Мұның өзі бұқара халықтың азаматтық және ұлттық сана-сезімдерінің өсуіне, саяси-әлеуметтік белсенділігінің күшеюіне ықпал етті. Қайта құру арқасында қазақ халқы өзінің тарихы, ұлттық қайта дамуы, тілі мен мәдениеті туралы талаптарын қоя бастады.

Жалпы қоғамдық-саяси өмірде ерекше орын алған 1990-жылдарда қозғалған қазақ тілінің статусын және оның өмірлік ролін күшейту мәселесі қоғамның ең өзекті проблемасына айналды. Мемлекеттің жергілікті ұлт тарихы мен тіліне назар аудармағанының қарапайым көрінісі 1980-жылдардың аяғында қаладағы 320 көшенің тек 36-ның ғана қазақша аталуы. Көптеген көше аттары қаланың тарихы мен халықтың әлеуметтік-мәдени ахуалын танытуға қатысы жоқ есімдермен аталған. Мысалы, Садовая, Переулочная, Упорный, Вокзалный, Деповская тағы басқалары. Көптеген көше аттары жер-су, қалалардың географиялық атауларын қайталаған. Мысалы, Оренбург, Алматы, Жамбыл тағы басқалары.

Осыған орай 1988 жылы қабылданған «Қазақ КСР-індегі тіл туралы Заңды» жүзеге асыру қаладағы осы көше аттарын, сан алуан сөздерді қазақшалаудан басталды. Қазақ тілін өмірге толық енгізу үшін 1990 жылы 27-қаңтарда Орал қаласында «Қазақ тілі» қоғамының облыстық бөлімшесі құрылып (А.Қадырбаева – төрағасы), құрамына 51 адам сайланады, оның 14 партия және кеңес ұйымдарының, 13 кәсіпорын мен мекемелердің, 19 мәдениет пен ағарту саласының қызметкерлері болған. «Қазақ тілі» қоғамы қалалық әкімшілік жүйесімен бірлесе және халық талабын ескере отырып қала тарихын зерттей келе көше аттарын өзгерту қажеттігі және көшелердегі жарнамаларды екі тілде жазуды басты мәселе ретінде көтеріп, қала әкімшілігі алдына қояды. Бұл жылдардағы қазақтардың ұлттық дәстүріне, тарихына, тіліне деген ұмтылысы бүкіл республикадағы сияқты Орал қаласындағы орыс диаспорасының қытығына тиді. Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан сияқты облыстармен қатар Оралда

да қазақ тілінде іс қағаздарын, ұлтаралық қатынастарды жүргізуден бас тартуға дейінгі әрекеттер көрініс алды. Әрине олар тілден басталған қадамдар түбінде әлеуметтік, экономикалық, саяси өмірді де қазақыландыруға бағытталатынын түсінді. Сондықтан да олар 70 жыл бойы өктем болып келген психологияның өзгергенін қаламады, «мықтымыз» деп келген үстемдіктен айырылғысы келмей, нақты арандатушылық әрекеттерге барды. Қазақ тілінің өмірге енуіне барынша қарсылық көрсетті. Мысалы, 1989 жылғы маусымдағы қазақша жазылған көше аттарының тақтайшаларын қара сырмен бояп кетуі, күштеп жұлып тастауы сияқты вандалистік әрекеттер, 1990 жылдың 16 тамызында қала және облыс басшыларының қала халқымен болған жиынында қазақ азаматтары қазақ тілінде сөйлей бастаған кезде айғайлап, тәртіпсіздік жасаған әрекеттерден көрінді. Мәдениеттілікке, ұстамдылыққа шақырған облыстық партия комитетінің басшысы Р.Х.Сүйербаяевтың сөзін елемей залдан шығып кеткен жағдайлар орын алған. Мұндай қарсылық әрекеттер үнемі көрініс алып, күшейіп, сорақыланып отырған. Қаладағы саяси жағдайдың ең ірі шиеленіскен тұсы «Автономиялы облыстар мен округтердің праволарын кеңейту, ұлттар жинақы тұрған жерлерде ұлттық аудандар, сондай-ақ өздерінің территориялық автономиясы жоқ, саны жөнінен ірі ұлттардың одақтық советтерін құру мүмкіндіктері бар», - деген пікірдің пайда болуын одақтағы сепаратистік күштердің өз мүдделеріне пайдалана бастағаны болды.

Әрине қайта құру басталған кезден Қазақстан үкіметі Қазақстанды мекендеуші этникалық-ұлттық топтардың да тұрмыс-тіршілігіне де өзгерістер енгізіп, ұсақ ұлттардың статусын мойындады. Орал қаласы көпұлтты қала болғандықтан қаладағы басқа ұлттардың да тарихы мен мәдениетіне, дәстүріне құрметпен қараушылық назардан тыс қалмады. Бұл оларды біріктіретін, ұлттың өкілдігін қамтамасыз ететін ұлттық-мәдени қоғамдардың құрылуынан көрініс алды. Соның бірі 1990 жылы 30 наурыздағы Орал қалалық атқару комитетінің №368 шешімімен құрылған «Қазақтардың тарихи-мәдени қоғамы» (төрағасы- Ю.В.Баев) болды. Осы қоғам мүшелері сепаратистік әрекеттерге барып, ұлттардың өзін-өзі билеу дербестігі праволарын кеңейту дегенді желеу етіп, ұлттық аймақтарда жаңа территориялық, ұлттық-әкімшілік құрылымдар құру, шекараны

қайта пішу туралы ұсыныстарына қосылды. Оған Орал қаласын мекендеуші казактар өкілдері Ю.Асманов, Ю.В.Баев тағы басқаларының әрекеттері дәлел болды. «Тарихи-мәдени қоғам» деп аталғанына қарамастан қоғам саяси мәселелерін көтеруге әрекет жасап, қаладағы саяси жағдайды шиеленістірді. Оның басты көрінісі -1991 жылға қыркүйек оқиғасы болды. Бірақ оқиға «Азат», «Қазақ тілі» сияқты қоғамдық ұйымдардың халықтың белсенді тобын сабырлыққа шақыруының арқасында бейбіт түрде шешілді. Дегенмен бұл оқиға тәуелсіздікті толық алудың арқасында ғана ұлттық тұтастыққа жетуге болатынын тағы да дәлелдеп берді.

Қала мен облыстағы ұлттар мәселесін дәйекті түрде шешу үшін Халық депутаттарының Орал облыстық Кеңесі жанынан ұлттық саясат, мәдениетті, тілді, ұлттық және интернационалдық дәстүрлерді, тарихи және мәдени мұраларды дамыту жөнінде тұрақты комиссия құрылады. Комиссия осы кезеңде қалада құрылған «Қазақ тілі» қоғамынан басқа 6 қалалық ұлттық-мәдени қоғамдар мен орталықтар, яғни «Корей мәдени орталығы», «Еврей мәдени-ағарту орталығы», «Татар мәдени орталығы», «Вайнах» шешен-ингуш мәдени орталығы мен казактардың «Тарихи-мәдени қауымдастығымен» біріге отырып жұмыстар жүргізді. Бұлардың жұмысының негізгі бағыттары ұлттық тілді оқыту, іс-шараларды келісе жүргізу, қаладағы мәдени-ағарту шараларына қатысу болды. Бұл мәдени бірлестіктердің жұмысының нәтижесінде тек 1991 жылдың өзінде селоларға госторльге 27 көркемөнерпаздар коллективі шығып, 39 спектакль көрсетіп, 314 концерт қойған. Сондай-ақ Жаңа жыл мерекесін, «Наурыз» мейрамын, «Қысты шығарып салу», «Орал өңірі халықтарының достығы» мерекелерін даярлап өткізу жұмыстары жолға қойылған. Осы жылы жалпы қалалық мейрамдар шеңберінде 48 бағдарлама даярланған, оның басым бөлігі екі тілде және қазақ тілінде жүргізілген. Мұның өзі қазақ тілінің мәртебесінің өскендігіні куәсы болды.

Қаланың әкімшілік-территориялық құрылымына келсек, әкімшілік-территориялық басқару принципі бойынша 1946-1960жылдарға дейін қала 3 әкімшілік ауданға, ал 1983 жылы 2 ауданға бөлінген. Бұл шартты түрдегі бөлінушілік болды. Шын мәнісінде қала бір ған партиялық қатаң бақылау арқылы басқарылды. Қала мемлекеттің территориялық бірлігі

болғандықтан ол міндетті түрде белгілі бір органдар арқылы басқарылады.

1946-1991 жылға дейінгі аралықтағы қаланың негізгі басқарушы ұйымдары облыстық және қалалалық атқару комитеттері, Облыстық және қалалық партия комитеттері болды. Басқаруда ұлттық мүддені ескермеу, басшылық орындағылардың қазақ тарихын, ұлттық табиғи ерекшеліктерді білмейтіндігі экологиялық, демографиялық, рухани зардаптарды туғызды. Тарихта «жылмық» деп аталып жүрген 1954-1964 жылдарда басшылықтың ұжымдық принциптері енгізіліп, әміршіл-әкімшіл басқару жүйесі босаңси бастайды. Қоғамдағы кеңес және қоғамдық ұйымдардың ролі біршама өседі. Бірақ бұл уақытша құбылыс болды. Себебі коммунистік идеологияны басшылыққа алған Н.С.Хрущев республиканың, оның аймақтарының өміріне тікелей араласып отырды. Ақмоланы- Целиноградқа, Батыс Қазақстанды –Орал облысына айналдырды.

Билік тармақтарының барлығы, қала әкімшілігінің барлық құрылымы партияға есеп беріп, оның бұйрық-жарлықтарын орындап отырған. Депутаттар «халық қалаулылары» деген атты иеленушілер ғана болды, шын мәнінде дауыс беруші өз қалаулыларын, яғни халық депутаттарын көрмеді. Дауыс беру сөз жүзінде жүргізілді. Депутаттарды халық таңдамады, жергілікті әкімшілік органдар «тағайындады». Қаланы басқарушы негізгі ұйым атқару комитеті болғанмен осы жылдар аралығында іс жүзінде партия ұйымдары өз үстемдігін одан әрі нығайту мақсатында атқару комитетінің функцияларын өз құзырына алды. Мұның өзі қаланың саяси жүйесіндегі өктемшілдіктің орнауының айқын көрінісі болды.

Қорыта келе айтатынымыз 1946-1990 жылдар аралығында қаланың әкімшілік құрылымы мен саяси жүйесіндегі басты өзгерістердің барлығы орталықтың әміршіл-әкімшіл басқару жүйесінің тікелей бақылауы арқылы жүзеге асып отырды.

2. 2 Қаладағы білім беру жүйесі мен мәдени өмір өзгерістері

Қаладағы білім беру ісіне келсек Ұлы Отан соғысы жылдарында мектептердің қалыпты жұмыс жасау тәртібі бұзылған еді. Бұл кезде майданға әскерге алынуға байланысты мұғалімдердің саны қысқарып, оқу құралдары мен оқулықтар жетіспей мектеп саны мен оқушылар континенті азайды.

Соғыс аяқталып, бейбіт өмірге көшу кезінде білім беру ісі де жолға қойыла бастады. Қаланың халыққа білім беру саласының қызметкерлері мен қоғамдық ұйымдар соғыс кезінде басқа мақсаттарға пайдаланылған мектеп үйлерін қайтарып алып, оларды жөндеп, қайта жабдықтайды.

Бұл кезеңде Қазақстан мемлекеті мектеп ісін, әсіресе қазақ орта мектептерін нығайтуға, олардың санын көбейтуге және қазақ жастарының онжылдық орта мектеп көлемінде толық білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасауға аз да болса көңіл бөле бастады. Осыған орай Қазақстан Компартиясының ОК 1946 жылы желтоқсанда «Қазақ орта мектептерін нығайту туралы» қаулы қабылдап, қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуды жақсарту жөнінде шаралар қолданады. Соғыс туғызған қиыншылықтарға қарамастан ағарту ісіне арналған қаржы артып, оны пайдалану ісі бақыланып отырды.

Орал қаласы да соғыстан кейінгі бейбіт өмірге көшу кезінде 1946 жылға арналған қалалық бюджетті бекіткен кезде, халыққа білім беру ісіне – 5206,1 мың сом бөлген. Ал 1947 жылы қалалық бюджеттен халыққа білім беру ісіне – 58 мың бөлінген. 8 ай ішінде оның 34,140 мың сомы жұмсалған. 1946 жылдан бастап мектептерде әрбір оқушы бір карточкаға күніне 100 гр. нан, 30 гр. жарма, 20 гр. қант алып отырған. Мұндай шаралар мектеп асханаларында ұйымдастырылған. Қалалық оқу бөлімі мектеп жасындағы балалар тізімін алып, балаларды оқумен қамту ісін ұйымдастырып отырған. 1946-1947 оқу жылында қалада 7-14 жас аралығындағы 9141 бала болса, оның 9057 оқыған, жыл аяғында оның саны 9313-ке жеткен. Оның ішінде орта мектептерде -4698, жетіжылдық мектепте – 1346, бастауышта – 3269 оқыған. Қаладағы 18 мектеп 2 кезекте, 8 мектеп – 3 кезекте, 2 мектеп – 4 кезекте оқыған.

Бұл мектептерде орынның жетіспеуімен байланысты болды. Мектептерде 337 мұғалім сабақ берген, оның 22-і ғана қазақ болды. Мектептерді дамыту ісінде кадр мәселесі осы кезеңде үлкен қиындық туғызып отырған. Мысалы, 1946-1947 оқу жылының өзінде мектептерге 2 математика, 1 физика, 20 бастауыш сынып мұғалімдері жетіспеген. Сондықтан соғыстан кейінгі жылдарда білім беру ісінде мектеп орындарының, мұғалім кадрлардың жетіспеуі сияқты мәселелер кең орын алды. Осыған орай соғыс жылдарында ақсап қалған білім беру ісін жолға қою

үшін 1947 жылы қарашада ҚазКСР Министрлер Кеңесі «ҚазКСР-де жоғарғы және орта дәрежелі білім беру ісін өркендету туралы» қаулы қабылдады. Осы қаулыны орындау мақсатында Орал қаласындағы білім беру жүйесінде өзгерістер жүріп, оқу орындары мен мектептер ашылды. Білім беру ісін жолға қою үшін қалалық бөлімдерде арнаулы инспекторлар тағайындалды.

1949-50 оқу жылынан бастап Қазақстанда жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық, ал облыс орталықтарында –он жылдық білім беруге көшу барлық жерде бірдей басталады. Жалпы соғыстан кейінгі кезеңдегі қала мектептері мен ондағы оқушылардың өсу деңгейі мынадай көлемде болған(12-кесте):

12-кесте

№	Жылдар	Бастауыш мектеп	Жеті жылдық мектеп	Орта мектеп	Оқушы саны
1	1945-1946	14	2	9	8003
2	1946-1947	14	3	10	10577
3	1947-1948	15	3	10	9314
4	1948-1949	15	5	8	11225
5	1949-1950	15	5	9	13274

1947-48 жылдары бір ғана қазақ мектебі болса, 1948-49 жылы 2 қазақ мектебі болған. Сондай-ақ жұмысшы жастарды оқытуға арналған кешкі мектептер де болды. Ондағы оқушылар саны 1947-1948 жылғы 193 оқушыдан, 1950 жылы 694-ке жеткен. Сондай-ақ қаладағы мектеп жүйесі 1946-1947 оқу жылынан бастап даму кемістігі барларға арналған ерекше режимдегі 2 мектептің іске қосылуымен толықты. Ол 18 оқушысы бар соқырлар мектебі және 27 оқушысы бар саңыраулар мектебі болды.

Бұл кезеңдерде қала мектептерінде оқу сапасына, сабақ өткізу әдістеріне көп көңіл бөліне бастады. Оқушылармен сыныптан тыс жұмыс жүргізу, үйірме жұмысы жақсы жолға

қойыла бастады. Үздік мұғалімдер ретінде В.З.Истомина, А.Е.Ивакина ерекше көзге түскен. Мектептерді оқу құралдарымен жабдықтау үшін қалалық оқу бөлімі азды-көпті Орталықпен байланыс жасап отырған. Мысалы, 1949-50 оқу жылында қаладағы 5 орта және 4 жеті жылдық мектептерге Астрахань және Саратов қалаларының оқу-көрнекі құралдар комбинатынан 66 мың сомға оқу-көрнекілік құралдар алдырылған. Қаланың бірқатар мектептерінде оқушылардың күшімен ақылы концерттер қойылып, одан түскен қаржыдан жаппай білім беру қорын жасап, жетім балаларды киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етіп, материалдық көмек көрсетіп отырды.

Бұл кезеңдегі білім беру саласындағы маңызды жағдай мектептің өндіріспен байланысы болған еді. Осыған орай жалпыға бірдей білім беру заңын жүзеге асыру мақсатында қосалқы шаруашылықтар мен жекелеген кәсіпорындар жанынан оқу филиалдары ашылды. Олардың мақсаты – мектептерге көмек көрсету болды. Олар көмек көрсетумен қатар жаппай білім беру қорын, жетімдер мен мұқтаж балаларға көмек беру қорын жасау жөнінде де арнайы жексенбіліктер ұйымдастырған. Мектептерді шефке алу мәселесінің Қазақстан бойынша бастама көтеруіне орай Орал қаласында да бұл мәселе қолдау тапты. Мысалы, Землячка атындағы зауыт №4, Бидай даярлау мекемесі №16 мектептерді шефтік көмекке алған. Бірақ бұл мәселе соғыстан кейінгі уақыттарда төменгі деңгейде болған. Мысалы, 1947 жылы Арматура зауыты (директоры Донсков), қалалық Отын бөлімі (дир. Жуков), облыстық байланыс бөлімшесі (дир.Клановицкий) мектептерге шефтік көмек беруді міндеттеріне алғанмен, ешқандай көмек бермеген.

Осындай кемшіліктердің орын алғанына қарамастан соғыстан кейінгі жылдарда бүкіл Қазақстан аймағы сияқты Орал қаласында да халықтың, кейбір мекемелердің белсене қатысуымен балаларды міндетті түрде оқыту заңы табысты түрде жүзеге асты. Облыстың орталығы болғандықтан шалғайдағы мал шаруашылығы аудандарындағы тұрғындардың балаларын оқыту үшін, жетім балаларды қамқорлыққа алу үшін мектептер жанынан жатақханалар салынған.

1950-1970 жылдардағы қалалық Кеңестегі алдыңғы кезектегі міндеттер:

- жалпыға бірдей тегін және политехникалық білім беру;

- қалаларда онжылдық білім беруге көшу үшін күрес.

Осы міндеттерге орай халыққа білім беру бөлімдері мектеп жасындағы балалардың тізімін қайта жүргізіп, оларды мектепке тарту істерін жүргізді. Мұндай жұмыстар нәтижесінде киімге мұқтаж балалар, бетімен кеткен балалар анықталған. Осыған орай халыққа білім беру мәселесі Атқару Кеңестерінде қарала бастаған.

Соғыстан кейінгі жылдардағы жалпы білім беру ісіндегі ең ықпалды құжаттар 1950 жылғы шілдедегі Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің Ү Пленумының «Республикада халыққа білім беру ісін одан әрі жетілдіру туралы» шешімі мен 1957 жылдың 7 желтоқсанындағы ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының «ҚазССР-індегі балаларды жаппай міндетті оқыту туралы» Жарлығы болды. Бұл құжаттар бойынша 7-15 жас аралығындағы балалар жеті жылдық білімді міндетті түрде алуға тиісті болды, ал 15 пен 20 жас аралығындағы жетіжылдық білім алмағандарға жұмысшы және село жастарының мектебінде, кешкілік мектептерде оқуға мүмкіндік берілді. Кешкілік мектептер жұмысшылардың білімін жетілдірудің, кейін кәсіби шеберліктерін шыңдауға жетелеген кәсіптік-техникалық оқуларға дайындаудың алғашқы баспалдағы болды. Жергілікті өкімет кешкі мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту үшін қолда бар мүмкіндіктерін толық пайдаланып, мұғалім-кадрлармен қамтып отырды. 1959 жылы Ақтөбеде 4 кешкі мектеп, онда 713 оқушы болса, Оралда 1954 жылы 5 кешкі мектеп, онда 1183 оқушы болған. Кешкі мектептердің және ондағы оқушылардың жалпы санының қандай болғанын мына көрсеткіштен көруге болады: 1950-1951 жылдарда -5 мектеп, онда 1015 оқушы, 1960-1961 жылдарда – 6 мектеп, 1214 оқушы, 1965-1966 жылдарда-10, 1456 оқушы, 1966-1967 жылдарда -10, 2315 оқушы, 1967-1968 жылдарда -10, 2237 оқушы болған.

Бұл кезеңде республиканың кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінде елеулі ілгерілеу кезеңі болды. 1954 жылдан бастап білікті кадрлар даярлау үшін техникалық училищелер ашыла бастады, оларға негізінен орта білімді жастар қабылданды. Бұл техникалық училищелер әмбебап станоктарда метал жонатын токарлар мен фрезершілер, кран жүргізушілер, экскаваторшылар, күрделі құрылыс машиналарының машинисі сияқты

мамандықтары бар жұмысшылар даярлап шығарды. Мысалы, Орал қаласындағы арнаулы кәсіптік білім беретін оқу орындары ретіндегі ауыл шаруашылық техникумында -567, гидротехникумда-414 оқушы болды. Техникумның, училищенің мыңдаған түлектері құрылыс алаңдарында қаланың өсіп-өркендеуіне қомақты үлес қосып отырды.

Республикада жұмысшылардың мамандығын арттыру жұмысының үнемі кең түрде жүргізілуіне орай жылма-жыл 280 мыңнан астам адам жаңа мамандық алуды үйреніп, республиканың барлық жұмысшы табының 11% астамы өздерінің мамандықтарын арттырған. Бұл мәселе Орал қаласында 1960-жылдардан бастап қолға алынған. Мысалы 1960-жылдардағы кадрларды даярлау мен қайта даярлықтан өткізу деңгейін 13-кестеден көруге болады:

13-кесте

Жылдар	Жаңа кадрлар даярлау		Білімі жоғарлатылғандар	
	барлығы	жұмысшылар	барлығы	жұмысшылар
1960	5,7 мың	5,4	6,6	6,1
1965	7,7	7,5	9,6	7,7
1966	8,1	7,8	9,7	6,9
1967	7,8	7,4	13,1	9,6
1968	6,6	6,5	12	9
1969	8,3	8,2	11,6	8,5

1958 жылы 24 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесі мен 1959 жылғы наурыздағы ҚазКСР «Мектептің өмірімен байланысы және КСРО-дағы халыққа білім беру жүйесінің одан әрі дамуы туралы» заңы қабылданады. Осы заңға сай барлық жерлердегі сияқты Орал қаласында да міндетті сегізжылдық жалпы білім енгізілді және осы міндетті жүзеге асыруды камтамасыз ету шаралары жүргізілді. «Жалпы сегізжылдық оқытуды жүзеге асыру мен мектеп пен өмірдің байланысын нығайту туралы» заңды жүзеге асыру мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың және ата-аналардың басты назарында болуы керек деп есептелінді. Өйткені бұл мемлекеттік міндет, оны сәтті шешу республика еңбекшілерінің мәдени деңгейін одан әрі көтерумен байланысты болды.

Білім беру мәселесін шешу тек мәдени ғана емес мемлекеттің экономикалық саясаты үшін де маңызды болды. Себебі білім алмайынша өндірісті сәтті жүргізу мүмкін емес еді, өйткені жалпы білімі жоқ жастар өндіріске түседі де білімі болмағасын өндіріс тетігін игере алмай олардың көбі өндірістен кетіп қалды не еңбек өнімділігін төмендетті.

Қазақстандағы жалпыға міндетті сегізжылдық оқуды жүзеге асырудың өз ерекшеліктері де, қиыншылықтары да болды. Алғашқы ерекшеліктердің бірі бұл жылдарда өнеркәсіп кәсіпорындарының тез қарқынмен өсуіне, тың жерлерді игеруге байланысты халық миграциясына сай халық құрамының өзгеруі тек бір мектепте ғана емес бір сынып та бірнеше ұлт өкілдерінің оқуы. Әсіресе қазақ мектептеріне деген сұраныстың, әрі оны ашуға деген талпыныстың болмауынан қазақ балалары орыс мектептерінде оқыды. Мұның қайшылығы жалпыға бірдей білім беруде бір ұлттың мәдениетіне нұқсан келтірсе, екінші жағынан интернационалдық достықты, бірлікті нығайтты.

Жалпыға бірдей сегізжылдық білім берудегі ең басты міндет 7-15 жас аралығындағы мектеп жасындағыларды есепке алу, олардың мектепке баруын бақылау, интернат ашу, оқушылардың тамағын ұйымдастыру тағы басқалары ең алғашқы кезектегі мәселелер болды. Бұл мәселелерді сәтті шешу жолында жүргізілген жұмыстар 1950-жылдардың аяғында жалпы білім берудің мәселелерін шешуге мүмкіндік берді. Әсіресе 1959 жылы мектеп жасындағыларды есепке алу жаңа нұсқау бойынша Кеңестердің жергілікті атқару комитеті мен статистика органдары арқылы жүргізілді. Мұндай есепке алу ісі оқушылардың мектепке бару деңгейін, оқушылардың шығып қалу себептерін анықтауға мүмкіндік берді. Депутаттар Кеңесі жанынан мектептердегі депутаттар тобы, жаппай оқыту постылары құрылып, оған мектеп өкілдері, квартал комитеттерінің, ата-аналар қоғамының өкілдері енді. Әсіресе постылар ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, материалдық көмекті қажет етуші оқушыларды анықтап, оқушыларды білім алуға тарту шараларын жүргізді. Осыған сәйкес 1950-1970 жылдарда Орал қаласының маңызды көрсеткіштерінің бірі – қаланың білімділік деңгейі мен денсаулық сақтау ісі және мәдени өмірінің жағдайы болды. Жоғарыда атаған заңдар мен бұйрықтарға орай қаладағы білім беру бөлімі

мектептерді қайта құру және өндірістік оқуды енгізу бағытында бірқатар жұмыстар жүргізген. 1954 жылдың 1 қаңтарында қалада 30 мектеп болған, оның тек біреуі ғана қазақ мектебі болған, онда 13830 оқушы оқыды. 1954–1964 жылдар арасында қалада №31,32,40,39 мектептер мен вокзал ауданында мектеп – интернат ашылды. 1963 жылдың өзінде қалада 32 мектеп жұмыс жасап, оның ішінде 11 мектеп өз жұмысын өндірістік оқумен ұштастырды. Бірақ осы кезеңдегі қала халқының өсуі мен қаланың қажеттілігінің өсуіне мектептер сай болмады.

Сондықтан жаңа мектептер салу мен жұмыс жасап тұрған мектептерді кеңейту жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ 1961 жылы тамызда ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы «Республикадағы балаларды емдеу –профилактикалық мекемелерін, мектеп құрылысының жағдайы мен оны жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдады. Бұл Кеңес органдарын денсаулығы нашар, ақыл-ой, физикалық жетілу жағынан кемістігі бар балаларды оқытуға көңіл бөлуге, санаториялық типтегі мектептерді ашуға міндеттеді. Сөйтіп арнаулы мектептер ашыла бастады. Егер 1959-1960 оқу жылында республикада 15 арнаулы мектеп (онда 1400 оқушы) болса, 1963-1964 оқу жылында ол екі есеге өсіп, 30-ға жетті, ал оқушы саны 4100 болды.

Жалпы 1950–1951 жылдарда республикада 8668 мектеп, оның 4054 қазақ мектебі болса, Орал қаласында 29 мектеп болған, оның 1 ғана қазақ мектебі болды. Қаладағы барлық мектепте 548 мұғалім жұмыс жасаған. Олардың білімділік деңгейінің қандай дәрежеде болғанын мынадан көруге болады: 190-жоғарғы педагогикалық мамандығы барлар; 57-толық емес жоғары білімді; 72-мұғалімдер институтында сырттай оқитындар; 196-орта педагогикалық білімі барлар, 12-жалпы орта білімі барлар, 21-орта білімі барлар. Әсіресе математика, физика, шет тілдері мамандары жетіспеді. Бұл кезеңде қаладағы мектептерді дамыту ісіне республикалық бюджеттен арнаулы қаржы бөлініп отырды. Мысалы, 1950 жылы 1 миллиард 465 миллион сом бөлінсе, 1957 жылы 2 миллиард 207 миллион сом бөлінген. Бірақ ол толықтай тиісті дәрежеде игерілмеген. 1953-1954 жылдары облыста 537 мектеп болса, 1953 жылы қалада –29 мектеп жұмыс жасап, онда 12570 оқушы оқыды. Бірақ оның тек 1 қазақ мектебі болып қала берді.

1955–1956 жылдарда республикада– 9420 мектеп болса, оның 3395 қазақ мектебі болған, ал 1960–1961 жылдарда –9017, оның 3031 ғана қазақ мектебі болды. Сонымен 1950-1951 жылдары қазақ мектептері жалпы білім беретін мектептердің 47% құраса, 1960-1961 жылдары тек 34 % құраған, ал Орал қаласында қазақ мектебі бір мектеп қалпында қалды, жаңадан қазақ мектебі ашылмады. Мұндай өзгеріс, яғни орыс мектептерінің санының басым болуы, ең алдымен сол кезеңдегі одақтық мемлекет басшысы болған Н.С.Хрущевтің біздің республикадағы тың жерлерді игеру жөніндегі арнайы саясатымен байланысты болды. Осы кезеңдегі әсіресе Батыс Қазақстандағы білім беру ісінің жағдайы туралы мәселе 1961 жылы қарашада Минпрос коллегиясында қаралғанмен бұл қазақ мектептерін ашуға қатысты мәнді шешім. Ал 1966 жылғы 10 қарашада СОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі «Жалпы білім беретін орта мектептің жұмысын одан әрі жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдап, онда «кеңес мектебі алдағы уақытта да жалпы білім беретін еңбек және политехникалық мектеп болып дамуға тиіс, оның басты міндеттері оқушыларды ғылым негіздерімен тиянақтап қаруландыру, жастарды өмірге, мамандықты саналы түрде таңдауға даярлау болуға тиіс» деп көрсетілген. Сөйтіп қала мектептері оқушыларды оқыту мен оларға идеялық-адамгершілік тәрбие берудегі зор жетістіктерімен қатар еңбекке баулу жүйесін жетілдіруде де айтарлықтай табыстарға жетті. Мұның өзі тек оқу-тәрбие тұрғысынан ғана емес практикалық тұрғыдан да маңызды әрі қажет болды, өйткені мектеп бітірген оқушылардың аз ғана бөлігі жоғарғы оқу орнына түсті де, ал дені өндіріске жұмыс істеуге барды.

Білім беру жүйесінің дамуы ең алдымен қаржыландыру мәселесіне тікелей байланысты екені түсінікті. Мысалы, 1953 жылы білім беру ісіне – 8 818 000 сом ақша бөлінсе, 1965 жылы қаладағы ағарту ісіне–3 240 000 ақша бөлінген. Қаржыландыру ісінің аз да болса мұндай өсімі мектеп ісінің алға басуына мүмкіндік берді. Жалпы 1950-1970 жылдардағы қала мектептерінің өсу динамикасын В.2 -қосымшадан көруге болады.

Бұл кезеңде мектептермен қатар мектепке дейінгі мекемелер жүйесі де өсе бастады. Төртінші бесжылдық жылдарынан бастап аналар мен балаларға қамқорлық жасалып, түрлі жәрдемдер беріле бастайды. Соның бірі осы балалар мекемесінің көбеюі.

Мұндай балалар мекемесінің көбеюі өндіріс жұмысшыларының еңбек жағдайының қалыптасуына жағдай жасау талабынан туындаған еді. Мысалы, 1953 жылы қаладағы бала бақшаларда 370 бала тәрбиеленсе, 1963 жылы 50 балалар мекемесі болып, онда 4432 бала тәрбиеленген, ал 1965 жылы қалада 60 мектепке дейінгі мекемеде 7 мың бала тәрбиеленген. Бірақ бұл игі істің өкінішті жағы бұл мектепке дейінгі балалар мекемесінің қазақ тілінде болмауы. Бұл мемлекет ұйымдарының жергілікті қазақ ұлтының ерекшелігімен санаспау саясатынан туындаған жағдай еді. Халықтың санасын оятып, сауатын ашатын білім беру орындарының мұндай бір бағытта дамуы жергілікті қазақ ұлтының ерекшелігін, оның ұлттық белгісін ескермеуінен қаланың білім беру ісінің жаппай орыстандырушылық бағытта дамуын көрсетті. Ұлттық тілдегі оқу мекемелерін, балаларды тәрбиелеу орындарын ашу бағытында ешқандай шаралар жүргізілмеді. Орыстандыру саясаты тек білім беру ісінің барлық сатысында да орын алды.

Қаланың білімділік деңгейінің маңызды көрсеткішінің бірі – орта арнаулы және жоғарғы оқу орындары болып табылады. 1950-1970 жылдар жоғары мектеп пен орта арнаулы оқу орындарын да дамыту кезеңі болды. 1953-1954 жылдарда қалада 7 техникум, онда 2733 студент оқыды. Ал Жоғарғы оқу орны педагогикалық институт және жоғарғы оқу орны санатындағы мұғалімдер институты болды, 1953-1954 жылдары онда оқыған студенттер саны мынадай болды:

	1953	1954
Педагогикалық институт	78	1121
Мұғалімдер институты	409	210

Білім беру ісін дамытудың бір жолы мектеп мұғалімдерінің саны мен сапасын арттыру болды. Мұғалімдерді даярлауда Орал педагогикалық институты ерекше орын алды. 1947 жылы онда 770 студент оқыса, оның 325-і қазақ болды. Соғыстан кейінгі жылдарда мұғалім кадрларды даярлаушы педагогикалық институт пен осы кезеңде мұғалімдер даярлауды өзіндік орны болған Мұғалімдер институтын бітірушілер саны мынадай көлемде болды:

14-кесте

	Педагогикалық	Мұғалімдер	
--	---------------	------------	--

Бітірген жылдары	институт		институты		Барлығы
	Күндізгі	Сырттай	Күндізгі	Сырттай	
1946/47	83	3	53	12	151
1947/48	78	32	94	26	230
1948/49	93	46	106	46	291
1949/50	118	23	114	42	297

Жалпы орта білім алуға көшуге орай 5-7 сыныптар үшін мұғалімдер даярлаған мұғалімдер институты 1954 жылы жабылады, осы уақытқа дейінгі аралықта бұл оқу орнын 2 мыңдай мұғалім бітіріп шықты. Ал 1937-1947 жылдар арасында педагогикалық институттан 1200 мектеп мұғалімдері даярланған, оның 500-і қазақтар болды.

1946-1961 жылдар арасында Орал педагогикалық институтының күндізгі бөлім бойынша 3568, сырттай бөлім бойынша 1642 мұғалім даярланды. Бұл істе О.И.Гришина, Қ.Ж.Сүйінішалиев, М.М.Тілеужанов, Х.К.Кенжеғұлов сияқты ұстаздар еңбегі ерекше орын алды. Зиялы қауымды әлеуметтік қорғау саласында 1949 жылы мектеп мұғалімдерінің жалақысы арттырылып, еңбек еткен жылдары үшін төленетін пенсия ұлғайтылды.

Қаладағы жоғарғы оқу орнының қатары 1963 жылы ауылшаруашылық институтының ашылуымен толықты. Бұл жалпы Батыс Қазақстан аймағын ауыл шаруашылығы мамандарымен қамтамасыз ететін бірден бір оқу орны болды.

Орта және жоғарғы мектеппен қатар қаланың білім беру саласында өзіндік орын алған орта арнаулы оқу орындары болды. Олар педагогикалық училище, фельдшерлік мектеп, музыкалық училище, ауылшаруашылық техникумы болды. Бұл оқу орындары қала мен облыс аудандарына қажетті мамандарды даярлады. Мысалы, 1946/47 оқу жылында бұл оқу орындарын мынадай көлемде түлектер бітірген: педучилище-240 (107 қазақ), фельдшерлік мектеп -297, ауыл шаруашылық техникумын -267 оқушы бітірген. Бұл түлектер Орал қаласы мен облыстың халық шаруашылығының маңызды салаларында еңбек еткен. Орал қаласындағы жоғарғы және орта арнаулы оқу орындары мен ондағы студенттер санының деңгейін В.З-қосымшадан көруге болады. Қаладағы екі жоғарғы оқу орындарындағы студенттер

саны 1970/71 оқу жылындағы 8642-ден 1976/77 оқу жылында 9439-ға өскен, ал 8 орта арнаулы оқу орындарындағы студенттер саны 6635-тен 7456-ға өскен.

СОКП XXIV съезі жастарға білім және тәрбие беру жүйесін одан әрі жетілдіру қажеттігін де атап көрсетті. Оныншы бесжылдықта қаланың ағарту бөлімі жалпыға бірдей орта білім беруге көшуді аяқтай отырып, айтарлықтай жетістіктеге жетті. 1976-1980-жылдарда қаладағы білім беру жүйесі 1176 орындықты екі жалпы білім беретін мектептермен, 2680 орындықты 11 балалар бақшасымен толыққан.

1980-жылдардың басынан бастап жоғарғы және орта арнаулы оқу орындарында қазақ бөлімдері ашылып, мектеп түлектерін қабылдай бастайды. Бұл бір жағынан өлке халқының білім алуға ұмтылысын арттырса, екінші жағынан оқу орындарындағы студенттер қатарының көбеюіне, қаланың білімділік дәрежесінің артуына әкелді.

Миллиондаған еңбекшілердің жасампаз еңбекке көшуі елдің бүкіл өмірін, оның ішінде мәдени-рухани және идеологиялық өмірін қайта құрумен де байланысты болды. 1945 жылы Қазақ КСР Халық комиссариаты жанында мәдени-ағарту мекемелерінің істері жөніндегі комитет құрылады, ол кейін киноматография, өнер істері жөніндегі комитетпен бірге республикалық Мәдениет Министрлігінің құрамына енеді. Соғыстан кейінгі жылдарда осы мекемелер негізгі мәдени-ағарту жұмыстарын бақылап, жүзеге асырды.

Жалпы соғыстан кейінгі уақытта енді ғана бас көтерген елде материалдық жағдай ақсап, қаржы тапшылығы кең орын алып отырды. Осындай қиындықтарға қарамастан елдің бейбіт жағдайға көшуіне орай халықтың жаңа өмірге ынтасын арттырып, жағдайын көтеру мақсатында үкімет бірқатар шараларды қолға алады. Соның бірі қаладағы мәдени-ағарту органдарының жұмысын жолға қою, оларға соғыстан кейінгі ел алдындағы бесжылдық жоспарды орындау міндеттерін жүзеге асыруды жүктеу болды. Мұны 1946 жылы Орал қаласының мәдениет бөліміне бекітілген 14 клуб пен кітапхана жүзеге асырды. Олардың жұмысының негізгі бағыттары – төртінші бесжылдық жоспарды үгіттеу, насихаттау болды Сондықтан соғыстан кейінгі жылдарда осы мекемелер өз алдарына қойылған міндеттемені түрлі жұмыс түрлері мен бағыттары арқылы

жүргізген. Жүргізілген жұмыстардың негізгі формалары – лекциялар, баяндамалар оқу, киноконцерттер қою болды. Мысалы, 1946 жылы ол мынадай деңгейде болды. Лекциялар мен баяндамалар-72, Концерттер мен қойылымдар -55, киносеанс-60. Мұның өзі соғыстан кейінгі кезеңде 1947-1948 жылдары Орал қаласы мен қала төңірегіндегі елді-мекендерді қамтыған мәдени-бұқаралық жұмыстардың 4 түрлі бағытта жүргенін көрсетеді. Олар:

1. баяндамалар мен дәрістер оқу бағытында;
2. клубтар мен қызыл бұрыштардағы жұмыстар бойынша;
3. кітапханалар жұмысы арқылы;
4. көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмыстары бойынша. 1947 жылы қаладағы мәдени-ағарту жүйесінде 60 мекеме, яғни 23-клуб, 23-кітапхана, 14-қызылбұрыш болған. 1947 жылы мәдени-ағарту мекемелері арқылы 115 қойылым көрсетіліп, 23450 адамға мәдени қызмет көрсетілген. Соғыстан кейінгі кезеңдегі қаланың мәдени-ағарту жұмыстарына қаладағы өндіріс орындары мен оқу орындары, мекемелер түгелге дерлік қатысқан. Мысалы, 1947 жылы қаладағы мәдени-ағарту жұмысына қатысушылар мен олардың жүргізген жұмыстары мынадай болды:

15-кесте

Өндіріс орындары	Атқарылған жұмыстар			
	Лекция	кеш	концерт	киносеанс
Землячка зауыты	4	8	6	1
Ворошилов зауыты	7	2	2	-
Арматура зауыты	8	3	3	-
Мемлекеттік банк	6	3	3	2
Нан комбинаты	5	1	1	-
Ет комбинаты	9	5	-	32

Мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізген мекемелердің ішінде неғұрлым белсенділері Ворошилов зауыты, Кірпіш зауыты, Арматура зауыты мен ет комбинаттарының клубтары болса, «Землячка» зауытының, №13 диірменнің, тері зауытының тағы басқа клубтарының жұмыстары төмен деңгейде болды.

Жалпы еңбекшілердің клуб жұмыстарына қатысуы халықтың бейбіт өмірге

деген құлшынысын көрсетті. Дегенмен мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарында бұл кезде едәуір кемшіліктер орын алды. Олар:

1. партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының басты ұйымдар ретінде мәдени қызмет ісіне араласпауы, тиісті дәрежеде көмек бермеуі;
2. кәсіпорын жұмысшыларының, жалпы еңбекшілер тобының кеңінен мәдени-ағарту жұмысына қатыстырылмауы.

Сондықтан халықты жаңа өмірге тартудың басты құралы ретіндегі мәдени-ағарту жұмыстарын жолға қою мәселесі Қалалық Кеңесте маңызды мәселелердің бірі ретінде көтеріледі. 1948 жылы 15 мамырда қалалық КП(б) комитеті жанындағы кәсіподақ кеңесінде «Қаладағы мәдени-ағарту жұмыстары және кәсіподақ ұйымдарының міндеттері туралы» мәселе қаралды. Бұл кеңестің шешімі бойынша 1948 жылы ҚазКСР Мемлекеті мемлекеттік бюджеттен әлеуметтік-мәдени шараларға 2,024 миллион сом, соның ішінде Орал қаласына 1946 жылмен салыстырғанда 256% көлемінде, ал облысқа – 3 млн. 445 мың сом қаржы бөлді. Мұндай мөлшерде қаржының бөлінуі мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесінің өсуіне алып келді. Мысалы, 1948 жылы қаладағы мәдени-ағарту жүйесінде 23-клуб, 30-кітапхана, 21-қызыл бұрыш жұмыс жасады. Бірақ 23 клубтың 5-і арнайы еңбек ақы алатын қызметкерлердің басқаруы арқылы жұмыс жасаған, ал қалған 18-і партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының тапсырмалары бойынша жұмыс жасаған. Бұл мәдени-ағарту мекемелерінде 1948 жылдың 1-қаңтары мен 1-мамыры аралығында 68-лекция оқылып, 411-концерт, кино қойылып, 13 рет үгіт бригадалары селоларға шықты. Бұл жұмыстарды жүзеге асыруда №15 РУ, облпромсоюз клубтары ерекше көрсеткіштерімен көзге түсті.

Ал 1949 жылы мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесінде 24 клуб, 31 кітапхана, 9 қызыл бұрыш жұмыс жасады. Олар барлығы 488 лекция мен баяндамалар оқыған, оның ішінде 65-і халықаралық тақырыпта, 68-і саяси тақырыпта, 107-сі тарихи тақырыпта болды. Сондай-ақ 71 көркемөнерпаздар үйірмесі халыққа қызмет көрсеткен, оған 110-қазақ, 913 орыс және басқа ұлт өкілдері қатысып және олар 575 концерт пен қойылымдар көрсетті. Мұның өзі қаладағы мәдени-ағарту мекемелерінің

жағдайының айтарлықтай түзеліп, соғысқа дейінгі деңгейінен әлдеқайда көтерілгенін көрсетті. Бірақ мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысындағы кемшілік олардың маусымды жұмыс жасауы, мереке-мейрамдарға ғана қатысты қызмет көрсетуі, көпшілігінің арнаулы жетекшілерінің болмауы болды.

Мәдени-ағарту мекемелерінің бірі ретіндегі кітапханалар ісіне келсек, 1948 жылы 1-қаңтарда Орал қаласындағы облыстық кітапханада 45787 дана кітап болды. Оның 14754-кітабы қазақ тілінде болған, оның өзі де ескі әріптермен жазылды. Ал қалалық кітапхана қоры -6285 кітап, қалалық балалар кітапханасы қоры – 3167 кітап қоры болды. Ал жалпы қаладағы 23 кітапханада – 188330 мың дана кітап болды. Бұл кітапханалар қалалық қаржы бөліміне қарады. Оның үстіне соғыстан кейінгі кезеңде кітапханалардың материалдық базасы өте төмен болды, құрал-жабдықтар, сөрелер жетіспеді, комсомол, кәсіподақ ұйымдары кітапхан ісін ұйымдастыруға тиісті дәрежеде қатыспады, көмек те бермеді. Кейбір кітапханалардың орындары талапқа сай болмады. Әрі бұл кезеңде әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерді өтеуге қала бюджетінен бөлінген қаржы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын қамтамасыз етуге аздық етті. Әсіресе мәдени-ағарту қызметкерлерін даярлау мәселесі күрделі мәселелердің бірі болды. Осыған орай 1948 жылы 14-желтоқсанда Қазақстан КП ОК бюросы «Кітапханалар жұмысының жағдайы мен жақсарту шаралары туралы» шешім қабылдады, онда кітапхана жұмысын түбірінен қайта құрудың нақты жолдары атап көрсетілді. Мұның өзі мәдени-ағарту жұмысын жақсарту жолындағы нақты шешім болды. Егер қазан төңкерісіне дейін қалада 3 800 кітабы бар 1 кітапхана болса, 1950-жылдардан бастап кітапханалар саны да, оның қорлары да өсе бастады. Мысалы, 1954 жылы қалалық кітапханада 22 012 кітап қоры, ал 1965 жылы – 99 546 кітап қоры болды. Ал 1970 жылы 288672 данаға жетті. 1968 жылы 1 қаңтарда қалалық кітапханалардағы оқырман саны 85 мыңға жетті [80;5]. Жалпы 1970-жылдардан бастап қала еңбекшілері ағарту, саяси, білім беру бағытында 18 қызмет ету аймағына бөлініп, әрбір кітапханаға белгілі бір қызмет ету аймағы бекітілді. Мұның өзі кітапханалар жұмысын жолға қойып, халықты оқырман болуға тартуға ықпал етті. Нәтижесінде оқырмандар саны 4492 адамға, кітап беру ісі 115027 данаға өсті. 1970 жылы 1 қаңтарда

кітапханалар жүйесіндегі кітап қоры 1651922 данаға өсті. Әрбір қала оқырманына орташа есеппен 17 кітаптан, әрбір тұрғынға 12 кітаптан келді. Кітапханалардың кітап қорын толықтыру үшін 1972 жылы кітап алуға 33 мың сом, соның ішінде қалалық бюджеттен 30 мың сом, орталық қордан 3 мың сом, қалалық кеңес жанынан қосымша 2,2 мың сом ақша бөлінді

. Мұның өзі кітап қорларының өсуіне ықпал етті. Оны мына цифрлар дәлелдейді.

	1972жыл	1973жыл	1974жыл	1975жыл
Кітап қорының өсуі	1634581	1776697	1899582	2010204

Әрбір кітапхана кеңестік құрылыстың ісіне, мемлекеттің жоспарлары мен нұсқауларының іске асуына көмектесуші идеологиялық орталық болғандықтан кітапханалардың ең маңызды міндеті – қызмет көрсетуді жақсарту және оқырманға рухани жағынан өсуге көмектесу болды. Осыған орай кітапханада үгіт-насихат жұмыстары, саяси оқуларды, кітап көрмелерін ұйымдастыру, қызықты адамдармен кездесулер жүргізіліп отырды.

Сондықтан мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізіп, мәдениет саласында қызмет етіп жүргендердің білім деңгейін жетілдіру үшін қоғамдық негізде кеңестер, слет, семинарлар ұйымдастырылады. Мұның өзі мәдени-ағарту жұмысының жандануына жаңа серпін туғызды. Мәдени-ағарту жұмыстарына алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдері де қатыса бастады. 1947 жылы еліміздің алдыңғы қатарлы ғалымдары, қоғам қайраткерлері творчестволық зиялы топ өкілдерінің басшылығымен саяси және ғылыми білімдерді халыққа кеңінен тарату жөніндегі «Білім» қоғамы құрылады. Осы қоғамның филиалдары 1948 жылдан бастап Қазақстанның қалаларында жұмыс істей бастайды, саяси үйірмелер, партия мектептерін ұйымдастырады. Осы қоғам ықпалымен 1948 жылдың 1-қаңтарынан 15 наурызына дейінгі аралықта Орал қаласында халықаралық қатынастар бойынша -11, ғылыми-жаратылыстану тақырыбында -17, саяси тақырыпта -9, тарихи тақырыпта -3, басқа тақырыптарда -8, барлығы 48 баяндама мен дәріс оқылған. Жалпы 1948 жылы қалада 44 саяси үйірме, 120 - ВКП(б)-ның қысқаша курсына оқу жөніндегі үйірме жұмыс жасады.

Мәдени-ағарту жұмыстарының ішінде көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмыстарын ерекше атап көрсетуге болады. 1947

жылы 64 көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс жасаса, оның 60-орысша, 4-қазақша болып, оған 661 адам қатысқан, ал 1948 жылы оның саны 84-ке жеткен, оның 8-і қазақша болып, жалпы 1142 адам қатысты, 1950 жылы 94 болды. Мұның өзі халықтың мәдени өмірге белсене араласа бастауының, халық энтузиазмінің көрінісі болып табылды.

Үкімет пен жетекші ұйымдардың, партия-комсомол ұйымдарының басшылығы арқылы бұл жылдарда қаладағы мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесі үнемі кеңейіп отырды. Мысалы, қалалық мәдени-ағарту бөлімінің бастығы Быстровтың мәліметі бойынша 1950 жылдың аяғына таман қалада 79 мәдени-ағарту мекемелері жұмыс жасап, қала кітапханалары 233429 дана кітап қорымен халыққа қызмет көрсетті. Бұл 1949 жылмен салыстырғанда 8,1% өсімді көрсетті. Көркемөнерпаздар коллективі 1949 жылы -39 болса, 1951 жылдың басында - 45 болып, олар халыққа 289 концерт беріп, ал клубтар мен кітапханалар 405 дәріс оқыды. Мәдени-ағарту мекемелерінің ішінде киноқұрылғыларды ерекше атап өтуге болады. Кеңестік кезеңде кино «коммунистік тәрбие берудің» маңызды құралы болып есептелді. Бұл кезеңде Оралда 3 кинотеатр болды, оның ішінде «Заря», «Крам» кинотеатрларының материалдық жағдайлары жан ауыртар жағдайда болып, өте қолайсыз орналасты, жабдықтары жетіспеді. Сондықтан 1947 жылдан бастап кино қызметін атқарған негізінен киноқұрылғылар болды. Сөйтіп соғыстан кейінгі кезеңде халықтың өмірге ұмтылысы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысының жандануына өз ықпалын тигізді.

Бұл жылдарда қаланың мәдени-ағарту саласындағы ақсап жатқан сала- мұражай ісі болды. Мұражай жұмысындағы басты кемшілік ұлттық кадрлардың қызмет істемеуі, тіпті қазақтардың мұражай ісі басқарушыларының қатарында ғана емес техникалық және қамту қызметкерлерінің қатарында да болмауы еді. Қазақ қызметкерлерінің болмауынан мұражайдағы жәдігерлерге қазақша түсініктеме берілмеді, кейбір жәдігерлер ескерусіз қалды. Бұл жағдайлар Қаз КСР-і Халық Ағарту Комиссариатының қорытынды баяндамаларында да айтылды. Бірақ мәселе қағаз жүзінде ғана қалып отырды.

Халықтың материалдық жағдайын жақсартудың бір көрінісі ретіндегі еңбекшілердің мәдени демалысын ұйымдастыру ісі де

1950–жылдардан бастап жолға қойыла бастады. Егер қазан төңкерісіне дейін қалада 40 трактор мен сырахана болса, 1952 жылы қалада жұмыс жасаған «Қызыл таң», «Заря», Фурманов атындағы бақтағы кинотеатр, Чапаев атындағы затондағы тұрақты кинокөрсеткіш және жылжымалы кинотеатрларда 988 мың көрермен 6710 сеанс көріп, қала бюджетіне 3105 мың сом кіріс түсірді. 1965 жылы қалада 7 кинотеатр, 16 клуб, 30-ға жуық қызыл бұрыш, 3 жазғы би алаңы, А.И Островский атындағы орыс драма театры, 49 кітапхана, 38 киноқұрылғы жұмыс жасап, халыққа мәдени қызмет көрсетті. 1960–жылдарда қаладағы кинотеатрлар қатары 260 орындықты Ленин комсомолы атындағы, 312 орындықты «Аврора», 500 орындықты «Мир» кинотеатрларының салынуымен толықты. 1967 жылы қалада 9 кинотеатр, 100 әртүрлі кітапхана, 16 клуб еңбекшілерге қызмет көрсетті. Әсіресе өнеркәсіп орындарының көпшілігінде кітапханалар ұйымдастыру кең етек алады. Бұл кітапханалар жұмысы оқырмандарды тартумен қатар түрлі көрмелер ұйымдастыру, әдеби кештер, кездесулер өткізу бағытында жүрді.

Халық арасында мәдени-ағарту жұмыстарын кеңінен насихаттау үшін 1958 жылдан бастап қоғамдық негізде мәдени университеттер ашылып жұмыс жасайды. Мұндай мәдени университеттердің мақсаты жұмысшыларды, қызметкерлер мен зиялы қауым өкілдерін, жоғарғы және арнаулы оқу орындарының студенттерін мәдениет пен өнердің дамуының жалпы мәселелерімен, негізгі міндеттерімен таныстыру. Онда оқылатын баяндамалар деректі-хроникалы фильмдер көрсету, суретшілер шығармаларына көрме ұйымдастыру және орыс, қазақ композиторлары мен ақындарының таспаға жазып алынған шығармаларын тыңдаумен үнемі толықтырылып отырған. Бұл университеттің жұмысына қаланың мәдени-ағарту мекемелерінің, музыкалық оқу орындарының мұғалімдері, «Білім» қоғамының лекторлары қатысты. Алпысыншы жылдары мәдени университеттер қатары саяси және ғылыми білімдерді насихаттайтын халықтық университеттер жүйесімен толықты. 1963 жылы штаттан тыс лекторлар мен «Білім» қоғамының мүшелерінің қатысуымен партия мен үкімет шешімдерін насихаттау бағытында 1174 лекция оқылды. Жалпы қаладағы барлық бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарына басшылық жасап отырған еңбекшілер депутаттарының қалалық

Кеңесінің ролі артып, мәні күшейеді. Оған шаруашылық және мәдени құрылыстың міндеттерін жүзеге асыруда мыңдаған қала еңбекшілерін біріктірген 820 қоғамдық ұйымдар үлкен көмек көрсетті.

КОКП Орталық Комитетінің 1954 жылғы ақпан Пленумының қаулысына сәйкес кәсіподақтардың жұмыстарын қайта құру мен жақсарту бойынша бірнеше шаралар жүзеге асты. «Кеңестік кәсіподақтар туралы» жаңа ережеге сәйкес облыстағы кәсіподақтар іріленді, облыстық кәсіподақтар кеңесінде шаруашылық салалар бойынша нұсқаушы топтар мен техникалық инспекциялар қалыптасты. Кәсіподақ ұйымдарының құрамындағы мүшелер саны да өскен. 1960 жылдан бастап кәсіподақтар құзырына барлық шипажайлар мен демалыс үйлерін басқару берілген. Мысалы, 1960-1961 жылдары кәсіподақ ұйымдарының жолдамасы бойынша қаланың 7500 жұмысшылары мен қызметкерлері шипажайларда дем алып, емделген, 8 мың бала пионер лагерінде демалды.

Қаланың мәдени-ағарту жұмыстарының қол жеткен табыстарына клуб мекемелерінің қосқан үлесі зор болды. Бұл кезеңде кітапханалармен қатар клубтар да 998 әртүрлі мәдени шаралар өткізіп, 184 спектакль мен концерт қойды. Клубтар концерттер, лекциялар, кездесулер, әр түрлі тақырыптық кештер өткізе отырып, халық таланттарын табуда да көп жұмыстар атқарды. Бұл кезеңдегі клуб жұмысының негізгі бағыттары үйірмелік жұмыстар мен көркемөнерпаздар жұмысын ұйымдастыру болса, 1960-жылдардан бастап клубтар үйірмелік жұмыстан бірте-бірте мәдениет үйлерін, студиялар, халық театрларын, филармонияларды ұйымдастыруға көше бастайды. 1950- жылдарда көркемөнерпаздардың 43 үйірмесі еңбекшілерге қызмет көрсетті. Әсіресе № 2 автобаза, байланыс бөлімшесінің клубтары жақсы жабдықталуымен және жұмыстарының кең көлемде болуымен ерекше көзге түсті. Ал 37-ДЭУ, музыкалық училище клубтары өз жұмыстарын тиісті дәрежеде жүргізбей, өз аттарына партия комитеті тарапынан сын алды. Олар көбіне тек кинофильмдер көрсетумен шектелді. Негізінен 1960-жылдарда халыққа мәдени қызмет көрсетудің ең көп тараған, әрі көпшілікті қамтитын түрі – кино көрсету болды. 1967 жылы Орал қаласында 9 кинотеатр болды. Кинотеатрлар кинофильмдерді сапалы көрсетумен қатар өте ауқымды тәрбие жұмыстарын да жүргізіп

отырды. Кинотеатрларда киноклубтар, кинолекториялар жұмыс жасап, тақырыптық фильмдер, кештер, көрермендер конференциясы жиі өткізіліп тұрды. Бірақ барлық жұмыс орыс тілінде жүргізілді. Кинотеатрлардың көрермендермен ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстарын өте жақсы жүргізгендері үшін, киноаппараттарын үлгілі дәрежеде ұстап, кинодан түсетін жоспарын асыра орындау жұмысының қорытындысы бойынша 1967 жылдың I кварталында «Мир» кинотеатры III сыйлыққа ие болған (директор Баймуханов), ал III кварталда Гагарин атындағы кинотеатр алды (директор Портянов). Бұл кинотеатрлар № 6,40 мектептер мен Землячка атындағы зауытпен, К. Цеткин атындағы фабрикамен үнемі байланыс жасап отырды. Бұл бір жағынан кинотеатрларға өз көрермендерінің қатарын толықтыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, еңбекшілердің, оқушылардың өз демалысын ұйымдастыруға мүмкіндік берді. 1981 жылы қала кинотеатрлары қала халқына мынадай түрде фильмдер көрсеткен (16-кесте):

16-кесте

Кинотеатрлар	Көрсетілген фильм саны
Мир	107
Гагарин атындағы	120
«Чапаев»	115
Ленин комсомолы атындағы	168
Аврора	160

Бұл кинотеатрларда көрсетілген фильмдердің көпшілігі халықты патриотизмге, интернационалдық рухқа тәрбиелеген кеңестік фильмдер болған.

Негізі 1968 жылдан бастап мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстары XXIII съездің шешімдерін насихаттауға бағытталды. Осы жылдан бастап бескүндік жұмыс аптасына көшуге орай қалалық мәдениет мекемелері еңбекшілердің демалысын ұйымдастырудың нақты шараларын жасады. Қалалық демалыс паркінде 16 мереке өткізіліп, 327 концерт қойылды. 1960-жылдарда әлеуметтік-мәдени шараларға Қаз КСР Мемлекеттік бюджетінің жұмсаған шығыны 743,4 млн сом болды. Осындай қаржыдан Орал қаласы да өз үлесін алып, мәдени-ағарту шараларын жүзеге асырды.

1965 жылы барлық қалалардағы сияқты Орал қаласы комсомолдары да өндіріс мәдениетін көтеру үшін жарысқа

шықты Олар өндіріс орындарының тазалығы мен өнім сапасы үшін күрес жүргізді. Орал қаласы жастары «Бесжылдыққа жастардың шеберлігі мен ізденісі» деп аталатын бүкілодақтық жарысқа қатысты. Жастар арасында «Қаланың үздік тоқары», «Жас және үздік маман жұмысшы» атақтарын алу көптеген жарыстар өткізілді. Жас аспаздар, құрылысшылар жарысы өткізілді. Сондай-ақ 1970 жылы Қазақстан әйелдерді қоғамдық өндіріске тарту жөнінде Одақта 8 орында болды. Әйелдер үлесі 1957 жылы 37,5% болса, 1973 жылы 44,4% болды. Әйелдер еңбегінің дәстүрлі салалары жеңіл және тамақ өнеркәсібінде жұмысшы коллективтерінің басым бөлігі әйелдер болды. Негізі республикада өндірісте жұмыс жасауға қабілетті әйелдер саны көп болды, бірақ олар толық дәрежеде қамтылмады. Оның негізгі себебі балалар жүйесі мекемелерінің жеткілікті салынбауы, тұрмыс қызметі өнеркәсібінің нашар дамуы, көп балалы аналар үшін толық емес жұмыс күні мен үйге жұмыс беруді тиісті дәрежеде пайдаланбау болды.

Сегізінші бесжылдық жылдарында Қаз КСР-нің өмірінде айтулы оқиғалар көп болды. 1967 жылы Ұлы Октябрь революциясының 50 жылдығы, 1970 жылы Ұлы Отан соғысының жеңісінің 25 жылдығы, ҚазССР-і мен Қазақстан Компартиясының құрылуының 50 жылдығы, түрлі мерекелер болды. Осы мерекелер мен айтулы шараларға қала халқы белсене қатысты.

СОКП XXIV съезінің шешімдері халық шаруашылығындағы ғылыми-техникалық пргресті жеделдету үшін қуатты фактор болды. Бесжылдық жоспарда алға қойған міндеттер ойдағыдай жүзеге асырылып, бұл жылдарда жұмыстың жоғарғы сапалылығы үшін күрес, шығынды аз жұмсап, көп жұмыс атқаруға ұмтылу, шаруашылық есепті, еңбектің озық әдістерін (бригадалық мердігерлік т.б.) енгізу еңбек коллективтерінің ұранына айналды.

1970-1985 жылдарда мәдениет саласының материалдық-техникалық негізін нығайтуда біраз жұмыстар атқарылып, 1970 жылдарда қалалық мәдени-ағарту мекемелері едәуір жетістіктерге жетті. Мәдени-ағарту мекемелері халыққа мәдени қызмет көрсете отырып өндіріс коллективтерінің шаруашылық және мәдени құрылыстағы міндеттерін шешуге ықпал етті. Бұл кезеңде қалада 400 оқушыны қамтыған музыкалық училище, 450

баланы қамтыған 3 музыкалық мектеп, 6 тұрақты кинотеатр, 3 клуб, 6 мемлекеттік стационарлық, 17 кәсіподақтық киноқұрылғы, драма театры, облыстық филормония болды.

Әрбір кинотеатрдың көрерменмен жұмысының негізгі формасы ретінде - кинофестивальдар, кездесу, кино-премьералар, фотокөрмелер, кинолекторийлер өткізді. Балаларға арналған Гагарин атындағы кинотеатрда «Буратино», «Малыш» киноклубтары жұмыс жасады. Сондай-ақ мәдениет үйлері мен өндіріс мекемелері жанында клубтар, көркемөнерпаздар үйірмесі де ұйымдастырылды. Мысалы, Ворошилов атындағы зауыттың мәдениет үйінде 7 үлкендерге, 13 балаларға арналған үйірмелер, Механикалық зауытта жоғарғы сынып оқушылары үшін «Дружба» клубы, «Ұн-жарма» комбинатында «Уралочка» халықтық би ансамблі жұмыс жасады. Бұл кезеңдегі мәдени-ағарту мекемелеріндегі үгіт-насихаттың тиімді әдістерінің бірі - өндіріс коллективтерінің жетістіктерін насихаттау, мәдени-бұқаралық жұмыстың алдыңғы қатарлы тәжірибесімен алмасу болған. Бұл бағытта еңбек пен мәдениет эстафетасы, еңбек мерейтойлары өткізілді. Мысалы, 1974 жылғы еңбек эстафетасына Ворошилов зауыты, Механикалық зауыт, ұн-жарма комбинаты, Темір жол мекемесі, Землячка атындағы зауыт, ет комбинаты қатысты. С.Августинович басқарған қалалық мәдениет бөлімі ҚазКСР Министрлер Кеңесінің «Бұқаралық демалысты ұйымдастыруды жақсарту мен халыққа мәдени қызмет көрсету шаралары туралы» шешімін орындай отырып көптеген бұқаралық мәдени шараларды өткізді. Соның бірі 1974 жылы Киров атындағы паркте 8 театрландырылған көріністің өткізілуі. Сондай-ақ облыстық филормонияда 1401 концерт беріп, 3450000 адамға қызмет көрсетіп, жоспардағы 2750000 орнына 32 кіріспен 5200 пайда алса, «Ән қанатында», «Орал толқыны» эстрадалық бригадалары да тек қала емес селоларға да мәдени қызмет көрсетті.

1980-жылдарда Орал қаласындағы екі аудан Өнеркәсіп және Ленин аудандары өздеріне тиесілі өнеркәсіп орындарының жұмысын бақылап, жүргізумен қатар халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету шараларын жүзеге асырып отырды. Әр ауданның мәдени-әлеуметтік комплекстері Мемлекеттік банкте арнаулы есепшот ашып, оған әр ауданның кәсіпорындарынан ақша аударылып отырған. Мысалы, 1986 жылы Өнеркәсіп ауданының

есебіне – 22 мың сом, Ленин ауданының есебіне- 27 мың сом түскен. Осы қаржыға сай әр аудан мәдени-демалыс шараларын өткізді. Бұл кезеңде қалада жалпы 27 клуб, 2 мәдениет үйі, 104 кітапхана, 2 өнер мекемесі, 2 методикалық орталық, 3 музей, көрме залы, 6 кинотеатр болды. Бұл мәдени мекемелер осы кезеңде қалада өмір сүрген – 218400 адамға мәдени қызмет көрсетті.

Қалалық мәдениет бөлімі партияның XXVIII съезінің шешімдерін жүзеге асыру мақсатында мәдени шаралар қызметін жақсартудың жаңа әдіс-тәсілдерін іздестіруге, барлық мәдени мекемелердің комплесті қалалық мәдени-бұқаралық шараларды өткізу жұмыстарын реттеуді жақсартуға ерекше көңіл бөле бастады. Бұл кезеңде мәдени жұмыстардың жаңа формалары енгізіліп, дәстүрлі түрлері қайта жандандырылды. Мысалы, әзіл-сықақ кештері, ақындық кештер, халық шығармашылығының фестивальдары өткізіліп, КВН командаларының кездесулері жаңартылып, қалалық 14 үгіт бригадасы 14 ауданды аралады. Осы кезде қалада 78 жаңа коллектив пайда болды. Олардың қатарында орыс халық аспаптар оркестрі, фольклорлық-этнографиялық топтар тағы басқалары құрылды. Қалада қолданбалы көркемөнер көрмелері, еңбек коллективтерінің рапорттары, көркемөнерпаздар коллективтерінің есептері, жанұялық ансамбльдердің байқау - жарысы, облыс аудандарының күндері өткізілді. Мысалы, 1985 жылды Ворошилов атындағы мәдениет сарайында 40 жанұялық ансамбльдердің жарыс-сайысы өткізіліп, онда Жалпақтал ауданынан Мерғалиевтер, Сырым ауданынан – Досқалиевтер, Орал қаласынан – Савельевтер ерекше көркемөнер топтары ретінде көзге түсті. Тек 1988 жылдың өзінде қалада 4 ірі театрландырылған спорттық - көркемөнер мерекелері: «Қаланың 375 жылдығы», «Наурыз», «Орал қаласының ерлікпен қорғанысының 70 жылдығы» және Жаңа жыл мерекесі өткізілді. Сондай-ақ достас республикалар музейлерінің көрмелері дәстүрге айналып, Орал тұрғындары Орынбор, Қазан, Калининград, Черкасск, Наманган музейлерінің көрмелерімен танысты. Облыстағы ірі өндіріс ошағы ретіндегі Қарашығанақтың игерілуіне орай өлкетану музейі Қарашығанақ жөніндегі материалдарды жинақтап, 1989 жылы қыркүйекте «Қарашығанақ –достық құрылысы» деген көрме ұйымдастырды.

Халықты мәдени-эстетикалық бағытта тәрбиелеу мақсатында 1988 жылдың өзінде 1 миллион сом қаржы бөлініп, жұмсалды. Қала кәсіпорындары мен мекемелерінің шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыруға көшуіне орай мәдени орындар да өзін-өзі қаржыландыру жолдарын іздестіріп, жаңа жағдайға бейімделе бастады. 1988 жылдан бастап қаланың мәдениет үйлері өзін-өзі қаржыландыруға көшіп, олар халыққа ақылы қызмет көрсетудің мынадай түрлерін ұсынып, жүзеге асырды:

- жастардың би кештері, жаңа жыл, көктем, күз мерекесі балдары;
- жасы келген адамдар категориясына арналған «Отыздан асқандарға», «Жақсы көңіл-күй», той тағы басқа ақылы кеш шаралары өткізілді.

1981-1984 жылдар арасында мәдени шараларға қаржы бөлудің нәтижесінде 21 мың сомға екі жаңа атракцион тұрғызылып, 900 мыңнан астам қаржы кітапханалар қорын толықтыруға жұмсалды. Бұл жылдарда Орталықпен мәдени байланыстар жүргізіліп қала еңбекшілеріне өнер көрсету үшін әйгілі әртістер Л.Лещенко, Е.Рахмадиев және фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер, «Отырар сазы» сияқты коллективтер келіп, сондай-ақ жергілікті «Бипыл», «Уралочка» сияқты халық коллективтері де өнер көрсетті.

1981-1984 жылдар арасында қалада кітапханалар саны 102-ден 109-ға, клубтар мен мәдениет үйлері 19-дан 21-ге дейін өсті. 1984-1985 жылдары қалада қалалықтардың спортпен айналысуы үшін 3 стадион, 45 спорт залы, 27 футбол алаңы, 25 аула алаңдары болды. Халықтың демалысын ұйымдастырудың бір жолы – аула клубтарын ұйымдастыру болды. 1988-1989 жылдарда қалада «Ровесник», «Романтик», «Прометей», «Факел» сияқты 7 аула клубтары жұмыс жасады. Әрине мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуде кемшіліктер де орын алды. Бұл ең алдымен қаланың екі өнеркәсіпті ауданға бөлінуімен байланысты болды, өйткені әр аудан бойынша мәдениет бөлімдері құрылмады, штаттар бөлінбеді. Мұның өзі жұмысты кең көлемде жүргізуге кедергі жасады. Қаланың мәдени жұмыстарының басты бағыттарының бірі – орақ ору кезінде диқандарға үгіт бригадаларын жіберу болды. Осыған орай 1984 жылдың өзінде 2 үгіт поезд бен 6 үгіт бригадасы Камен, Зеленов, Казталовка

аудандарына барып, 18 концерт қойып, 12 лекция оқыды. Жалпы осы жылда селоға 112 концерт қойылып, 89 лекция оқылды.

Орал қаласы – тарихи қала болып есептеледі. Сондықтан қала тарихын бейнелейтін тарихи ескерткіштер де мәдениет бөлімі назарынан тыс қалмады. 1981 жылы тарихи ескерткіштерді есепке алып, құжаттау ісі жүргізілді. Бұл жұмыстың нәтижесінде 38 ескерткішке есеп карточкасы жасалып, мемлекеттік қорғауға алынған, ал 48 ескерткіштің тізімі ғана жасалды. Бұл жылдарда тарихи ескерткіштерді қорғау ісіне оқушыларды тартуға ерекше ден қойылды. Осыған сай кейбір мектептерде археологиялық бағытта үйірмелер ашылды. Әсіресе №6 мектеп оқушылары Орал педагогикалық институтымен бірге археологиялық экспедицияларға қатысты.

Сондай-ақ бұл кезеңде қала кәсіпорындарындағы мәдени-тұрмыстық шаралар мен еңбекшілер демалысын ұйымдастыру шараларына да қалалық еңбекшілер депутаттарының Кеңесі ерекше мән беріп отырды. 1981 жылғы 27 маусымдағы №377 «Құрылыс ұйымдарындағы жұмысшылардың еңбегі мен тұрмысын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстардың жағдайы» туралы шешіміне орай қаладағы құрылыс кәсіпорындарында 169 көркемөнерпаздар коллективі құрылып, жұмыс жасады.

Қаланың мәдени-рухани өмірінің бір саласы – ғылым. Қаланың ғылыми өмірінде ерекше орын алған облыстың, қаланың дамуы үшін үлкен маңызы бар деп есептелген басты кен орны – Қарашығанақ пен батыс өңірдегі мұнай-газ қорын зерттеу ісі болды. 1975-1986 жылдары облысты басқарған М.Б.Ықсанов Орал өңірінде геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуге едәуір қаржы бөліп отырды. Кенішті Одақтық деңгейге көтеру мақсатында ғалымдар Орал мұнай-газ барлау экспедициясының бастығы С.М.Камаловтың басшылығымен Одақтың әр түкпірлеріндегі ғылыми-зерттеу институттарымен байланыс жасай отырып, 1986-1989 жылдарда 1500 ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мұның өзі аймақта үлкен кен қорының барын анықтады.

Кеңестік кезеңде ұлттық мәдениет пен дәстүрлердің дамуы шектеліп, ұлттық сана имперлік саясат шеңберінде тұншықтырылып келген болатын. Клубтар, мәдениет кешендері мен кітапхана қорларының басым бөлігінің орыс тілді болуы ұлттық мәдениеттің дамуына басты кедергі болды. Сондай-ақ

білім беру жүйесіндегі мектепке дейінгі мекемелердің қала халқын бала бақшамен қамту деңгейінің 61% құрауы, бір жарым мыңнан астам өтініштің қанағаттандырылмауы сияқты жағдайлар мәдени өмірдің дағдарысқа ұшырап, осы жылдарда шешімін таппаған мәселелер қатарының көбейіп отырғанының бір дәлелі болды. 1980-жылдардың ортасына дейін қалада 2 ғана қазақ мектебінің, С.Сейфуллин атындағы мектеп-интернат пен Сауықтыру мектеп-интернатының ғана болуы ұлттық мәдениет пен тілдің дамуына жол берілмегенінің басты куәсі болды. Бұлардың өзі де облыстық деңгейдегі мектептер болды, қалалық бірде-бір қазақ тіліндегі мектеп пен бала бақша болмады. Сондай-ақ 1980-жылдардың ортасына қарай қалада жұмыс жасаған 29 клуб, 3 мәдениет үйі, 110 кітапхана, 2 өнер мекемесі, 3 музей мен 6 кинотеатрдағы жүргізілген жұмыстардың да басым бөлігі орыс тілінде болды. Мұның бәрі қалалық партия комитетінің бақылауымен және тікелей нұсқауымен жүзеге асырылды. Сонымен қатар мәдени ошақтардың ұйымдық-басқарылу жүйесінің ведомстволық түрі оның бытыраңқылық сипатта болуына әкелді. Мысалы осы жылдарда қаладағы 28 клуб пен 2 мәдениет үйі 5 ведомствоға, 110 кітапхананың 21-і мен 1 мәдениет үйі ғана қалалық Кеңеске қарады. Сондықтан ведомстволар арасындағы келіспеушіліктер, бытыраңқы жұмыс жасау мәдени жұмыстардың дамуына кедергі жасады. Тек 1980 жылдардың екінші жартысында басталған қоғамдық-саяси өмірде жүзеге аса бастаған қайта құру мәдени-реакрациялық жүйеге де оңды өзгерістер әкеле бастады.

Сонымен аталмыш жылдар аралығында қаладағы білім беру жүйесі де және мәдени-ағарту саласының дамуы да идеологияның ықпалында болғанына, орыстандырушылық бағытта болғанына қарамастан айтарлықтай өзгерістерге қол жеткізді. Мысалы, қалада 1963 жылы ауыл шаруашылық институтының ашылуы облыс үшін жақсы жаңалық болды. Сондай-ақ мектеп аралық оқу комбинаттары құрылып, оқушыларды кәсіпке бағдарлауда табысты жұмыс жасады. Мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесі, олардың қызметі қалпына келтірілді.

3 1991-2000 ЖЫЛДАРДАҒЫ ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ДАМУЫ

Қазақстанның тәуелсіздік алып егеменді мемлекет болуы, экономикада кеңес өкіметі жылдарындағы төтенше орталықтандырылған жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшуі тарихтағы ерекше бетбұрыс болды. 1991 жылғы республикада жүргізілген социологиялық зерттеулердің қорытындысы көрсетіп бергендей Қазақстан үкіметінің бұл алған бағытын халықтың 85% қолдаған [146;18]. Оның ішінде Орал қаласының тұрғындарының болғандығы даусыз. Үкімет республика экономикасын нарықтық қарым-қатынасқа көшіру үшін 1991 жылдың ақпан айында Жоғарғы экономикалық кеңес құрады. Кеңестің мақсаты нарықтық қатынастарды енгізудің мүмкін жағдайларына байланысты мәселелермен шұғылдану болды. КСРО ыдырағаннан кейінгі кездегі осы реттемелі әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономикаға Орал қаласы да біртіндеп көшті. Орал қалалық Кеңесі №1573 қаулысымен 1991 жылдың 28 қыркүйегінде Координациялық Кеңес пен қаланы реттемелі нарықтық экономикаға көшіруге даярлау бойынша жұмыс комиссиясын құруға шешім қабылдады. Бұл кезеңде республикада нарықтық реформаны жүзеге асыруға бағытталған үш бағдарлама қабылданған еді. Олар:

1) 1991-1992 жылдарға арналған мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасы; дағдарысқа ұшырағандарға қарсы шұғыл шаралар және әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету бағдарламасы, яғни экономиканы тұрақтандыруға және нарыққа көшуге арналған бағдарлама;

2) 1993-1995 жылдарға арналған мемлекеттік меншіктен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасы.

Бұл бағдарламалардың негізгі мақсаты -өндірістік қатынастардың жаңа түрін қалыптастыру, шынайы нақтылы меншік иелерін жасау, меншік иелерінің жаңа тобын құру болды. Осы кезден шағын және орта бизнесті дамытуға негіз салынды.Көтерме-сауда буынын қоса алғанда бұрынғы кеңестік сауда жүйесін өзгерту басталды. Қызмет көрстеу саласында бәсекелестік орта пайда болды.

3)1995-1999 жылдарға арналған бағдарлама. Ол 1995 жылғы желтоқсандағы заң күшіне енген «Жекешелендіру туралы» Жарлықтан басталып 1999 жылға дейін жалғасты. Осы кезден жекешелендірілуші объектілер тек ақша қаражатына жүзеге асырылды.

Әрине бұл бағдарламаларды жүзеге асыру кезінде республикадағы сияқты Орал қаласы да үлкен дағдарысты бастан кешірді. Әсіресе дағдарыс экономика саласында ерекше орын алды. Ең алдымен өндіріс салаларына соңғы үлгідегі құрал-жабдықтар жетіспеді. Оның үстіне КСРО-ның тарауына байланысты республикалар арасындағы экономикалық қатынастардың үзілуі, бір-біріне тауар жіберу жөніндегі міндеттемелердің орындалмауы, қаржы-несие мәселелеріне байланысты қиындықтар келіп қосылып, экономикалық жағдайды шиеленістірді. Нәтижесінде өндіріс көлемі қай салада болмасын жылдан жылға қысқарып құлдырады. 1991 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемі облыс бойынша 1992 жылы 18,8 пайызға қысқарды. Өнім шығарудың күрт төмендеуі машина жасау саласында-23%, тамақ өнеркәсібінде - 28%, ал өндіріс көлемінің күрт төмендеуі жекелеген кәсіпорындар бойынша ет комбинатында -27,4%, арақ-шарап зауытында -33%, Орал нан өнімдері комбинатында -33,5% болды.

Сондықтан үкімет осындай күрделі экономикалық дағдарыстан шығу жолдарын іздестіреді. Нарықтық экономикаға көшу мәселелерімен айналысатын жаңа мемлекеттік басқару органдары құрылады. Нарықтық қатынастарға көшуде республикада Мүлік жөніндегі, Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттер мен Салық, Кеден инспекциялары мен Орал қаласында бұл мекемелердің Батыс Қазақстандық бөлімдері құрылады. Осыдан соң Қазақстан мен оның аймақтарының экономикалық өмірінде үлкен өзгерістер кезеңі басталады. Оның басты көрінісі мемлекеттік меншікпен қатар жеке меншіктің жаңа формаларының қалыптасуы болды. Олар республиканың бүкіл аймағындағыдай Орал қаласында да акционерлік қоғамдар, жалдық және кооперативтік кәсіпорындар, біріккен кәсіпорындар, бірлестіктер, серіктестіктер түрінде құрылды. Мысалы, 1991 жылы Орал қаласында «Комфорт», «Вклад», «Уют» жөндеу-құрылыс кооперативтері, «Дархан» сауда-саттық кооперативі, «Ихлас» сурет-көркемдеу ісі кооперативтері жұмыс

жасады. Сондай-ақ меншіктің арендалық түріне өнеркәсіп кәсіпорындарының 5% көшті.

Меншіктің мұндай жаңа формаларын құру мен дамыту жөніндегі заңдар қабылданған кезде оларды екі жыл бойы салықтан босата отырып, олардың тұтыну рыногын тауармен толықтыруына, өндіріс көлемін өсіруіне көмектесу мақсаты қойылған еді. Бірақ өкінішке орай шағын кәсіпорын иелері қарызға алған қаржысын өнім өндіруге жұмсамады. Олар қаржыны сапасы төмен, шетелдерде өтпей жатқан тауарларды әкеліп сату тиімді деп есептеп, соған жұмсады. Сондықтан олардың қаржысы өндірісті айналып өтіп, делдалдық жабық аймақта айналымда жүрді. Бұл кезде қала көшелері дүңгіршіктерге, олар арақтың ондаған түріне, қалбырдағы сыраларға, әртүрлі сусындар мен шырындарға, сағыздарға, спорттық костюмдер мен косметикалық тауарларға толды. Сөйтіп қала кооперативтері мен шағын кәсіпорындар өнім шығармай алыпсатарлық арқылы табысқа кенеліп, алғашқы «байлардың» пайда болу процесі жүрді.

Негізі 1991 жылы халық шаруашылығын дамытуға облыс бойынша 4,4 миллиард сом, қала бойынша 882,5 миллион сом қаржы жұмсалды. Бұл кезде облыс экономикасының барлық саласында 276 мыңдай жұмысшылар мен қызметкерлер жұмыс жасап, өнеркәсіп өндірісін 2,6%-ке өсірді. Бірақ жалпы өнім өндіру 1990 жылмен салыстырғанда 8%-ке, өндірістің жалпы өсу қарқыны 1,3%-ке төмендеді.

Жалпы 1990-жылдардың басында қала экономикасының дамуы қоғамдық өндірістің деңгейінің төмендеуімен сипатталды. Қала экономикасы бүкіл республика аймағындағыдай ауыр дағдарысты бастан кешірді. Облыс бойынша өндіріс көлемі 1991 жылмен салыстырғанда 1992 жылы 18,8%-ке қысқарды және 16651 млн сомды құрады, 3754,2 млн. сомның өнімі алынбай қалды. Қаланың өзінде өндірісте өнім өндіру 17,3%-ке төмендеді. Қаладағы 39 кәсіпорынның өндіріс деңгейі төмендеп кетті. Өндіріс көлемінің ең үлкен төмендеуі қаланың ірі өндіріс ошақтары болып есептелетін «Уралсърремаш» өндірістік бірлестігінде -42,9%, «Диана» фабрикасында -25%, тері зауытында -29%-ке азайған. Маңызды өнімдердің 63 түрінің 46 түрі бойынша өнім шығару 73%-ті құраған, яғни 1991 жылғы деңгейіне жете алмады. 1992 жылдың он бір айының ішінде

өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы 20%-ке жетті. Нәтижесінде қалалықтар 1991 жылмен салыстырғанда өнеркәсіп өнімі мен күнделікті тұтынатын товарлардың бестен бір бөлігін ала алмады. Өндіріс көлемінің қысқаруы өнім шығарудан айқын көрінді. Мысалы, 1994 жылдың 8 айының ішінде қала кәсіпорындары 1 млрд 366 мың теңгенің өнеркәсіп өнімдерін шығарды. Ол 1993 жылмен салыстырғанда 417 мың теңгеге кем шығарылғанын көрсетеді. Бұл кезеңде қаладағы ең ірі өндіріс орындары болып саналып келген «Омега», «Зенит», «Металлист», «Агрореммаш», «Уралмебель» тағы басқа кәсіпорындар қысқартылған жұмыс аптасымен жұмыс жасады. Оның басты себептері шикізаттың жетіспеуі, тұтынушылардың төлем қабілеттерінің болмауы. Оның үстіне республиканың көптеген кәсіпорындары сияқты Орал кәсіпорындары да Ресейдегі және басқа республикалардағы кәсіпорындармен өнім алмасып жұмыс істеуге бейімделгендіктен кейінгі кездегі мемлекетаралық экономикалық-қаржылық қатынастардың, келісімдердің орындалмауы, кәсіпорындардың бір-бірінің алдында келісім тәртібін сақтамауы салдарынан толық қуатпен дұрыс деңгейде жұмыс істей алмаған. Бұл жерде мемлекет және кәсіпорын басшылары да тиісті дәрежеде ұйымдастырушылық қабілетті, жауапкершіліктің үлгісін көрсете алмағанын да атап көрсетуге болады. Бұрын кәсіпорын басшылары жоспардың орындалуына жауапты болса, бұл жылдардағы олар жауап беруге тиісті өндірістік көрсеткіштің болмауынан экономикалық жауапкершіліктің жоғалуына әкелді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев бұл жылдардағы экономикалық дағдарыстың 85% кәсіпорындар арасындағы шаруашылық байланыстардың үзілуінен деп атап көрсетті. Оның көрінісі облыс орталығы ретінде Орал қаласында орналасқан кәсіпорындар мен мекемелердің Одақтағы ірі өндіріс орындары мен мекемелерімен байланысының үзілуі болды. Мысалы, Орал жөндеу зауытының Горький автозауытымен, Механикалық зауыттың Минск трактор зауытымен, «Агротехснаб» мекемесінің Ростов-на-Дон зауыттарымен келісімдерінің орындалмауынан шаруашылық байланыс үзіле бастады.

Бұл жағдай өнеркәсіп орындарынан жұмысшылар мен қызметкерлердің кетіп қалуына алып келді. Мысалы, 1991 жылы 30435 адамнан 1992 жылдың аяғында өнеркәсіптік-өндірістік қызметкерлер саны 29102 адамға азайған, яғни 5%-ке қысқарды.

1990-жылдардағы еркіне жіберілген бағаның шарықтап өсуі қоғамдық өмірдің барлық саласына өз әсерін тигізді. Өнеркәсіпте көтерме сауда бағасы өсті, 1991 жылмен салыстырғанда бұл 1992 жылы 10 есеге өсті. 1992 жылдың өзінде қаладағы баға өсімі тек өнеркәсіптің өзінде- 3,4; құрылыста- 3,6; азық-түлік тауарларының бағасы -24,2 есеге өскен, соның ішінде нан мен нан өнімдеріне -12, сүт пен сүт өнімдеріне, астыққа – 16-36 есеге, сиыр еті, өсімдік майы, көкөніске- 4-24 есеге, азық-түлік емес товарлардың бағасы – 12,6 есеге, тасымалдау тарифы -12 есеге, байланыс қызметі -20,3 есеге, тұрмыстық қызмет көрсету -14 есеге өскен. Баға қымбатшылығы сатып алушылық сұранысты тежей түсті. Мысалы, 1991 жылға қарағанда 1992 жылы халық сатып алған тауарлардың жалпы көлемі 23,4%-ке аз болды. Қоғамдық өндірістің төмендеуі әсіресе энергия жүйесіне бағаның өсуіне орай күшейіп, 1994 жылдың 8 айының ішінде 23,4% құрады.

1990 жылдардың бас кезіндегі өндірістің жаппай қысқаруы жағдайында ішінара кейбір мекемелер өнім шығару көлемін сақтап қана қоймай алдыңғы жылдармен салыстырғанда көтеріңкі деңгейде жұмыс жасағандары да орын алды. Мысалы, «Уралполипласт», «Аяз»АҚ, «Нан комбинаты», «Арақ-шарап зауыты»тағы басқалары болды.

Осы кезеңде республикалық деңгейде жұмыс жасаған Орал қаласында орталығы орналасқан 1991 жылдың 11 қазанындағы ҚР Үкіметінің №601 шешімі бойынша құрылған газ өнеркәсібімен айналысушы барлық мекемелерді біріктіруші «Қазақгазпром» мемлекеттік концерні болды (президенті Е.Р.Әзербайев). Ол 1992 жылы 6-шілдеде ҚР-ның Энергетика және Отын ресурстары министрлігінің №48 шешіміне сай «Қазақгаз» ұлттық компаниясы болып қайта құрылады. Ал 1993 жылы 9 тамызда ҚР МК-нің №851 шешімімен «Қазақгаз» мемлекеттік Холдинг Компаниясы болып өзгереді. Ол өз қарамағына 30-дан астам мемлекеттік және бірлескен мекемелерді біріктіре отырып, орталық кеңесі Орал қаласында орналасқанмен республика көлеміндегі газ өндіру және оны тасымалдау, газбен қамту мәселелерімен шұғылданды. Осы салаға қосымша көмек ретінде қалада «Құрылысгаз», «Газқамту» мекемелері құрылды. Бұл мекемелер республика көлеміндегі мұнай-газ өнеркәсібінің

дамуына өз үлесін қосып, Үкіметтің заңдық-жарғылық жобалары мен нұсқауларына сай өз жұмыстарын ұйымдастырып отырды.

Осыған қарамастан қала экономикасы бұл жылдарда жаппай дағдарысты бастан кешіріп, өнім шығару көлемі азайып, өндірістің дамуы тоқтай бастады. 1992 жылы қаладағы 39 кәсіпорын өндірісі құлдырады. 63 түрлі маңызды өнім түрлерінің 46 түрі бойынша өнімділік 1991 жылғы деңгейіне жете алмай 73%-ке ғана орындалды. 1994 жылдың өзінде қала кәсіпорындары халық тұтынатын товар өндірісін 18% қысқартты, ал өмірлік қажетті азық-түлік өнімдерінің барлық түрлерін, нан, макарон және майонезден басқасын 20%-ке қысқартты [103,21]. Сөйтіп 1991-1996 жылдарда Орал қаласындағы өндіріс көлемі бірнеше есе қысқарып, қаржыландырудың барлық көздері бойынша күрделі салымдар көрсеткіші ең төменгі деңгейге жетеді. Мұның өзі нарықтық экономикаға көшуде жіберілген қателіктер республиканың экономикасын тұтастай қамтумен қатар Орал қаласына да өз әсерін тигізгенінің дәлелі болды.

Нарықтық экономикаға көшу кезінде мұндай дағдарыстардың орын алуы жіберілген қателіктерге байланысты болды. Олар:

Бірінші, экономикалық реформа моделінің барлық елге бірдей сай келмейтінін ескермей, Ресей үлгісімен жүру;

Екінші, экономикалық реформаның реттілікпен, белгілі бір жүйемен жүрмеуі: қажетті заң жүйесі жасалмай тұрып, жеке меншікке көшуде ең алдымен бағаны ырықтандыру. Бұл елде инфляцияға алып келді.

Үшіншіден, заңдар қабылданғанмен, олар сөз жүзінде қалып қойды, өйткені заңды жүзеге асыратын механизм жасалмады.

Төртіншіден, инфляцияны тежемеу, ақша-несие ресурстарының бей-берекет жұмсалуды, ақша айналымының қатаң бақыланбауы.

Бесіншіден, қылмыс, жемқорлық, заң бұзушылық әрекеттердің өріс алуы, олардың қоғам дамуына кедергі жасауы.

Алтыншыдан, басшы орындағылар экономикалық дағдарыс мәселесін тежеу мен одан шығу механизмін білмеді.

Сондықтан республикада дағдарыстан қалай шығу керек деген мәселе көтерілді. Тұтастай республикада да, қаланың өзінде де тез арада экономикалық гүлденуге қол жеткізу туралы арманнан бас тартып, кезек күттірмейтін шаралар мен экономикалық реформаларды тереңдету бағдарламаларын жүзеге асыру жұмыстары қолға алына бастады. Ең алдымен республика

көлемінде бағаны ырықтандыруды белгілі бір жүйеге келтіру керек деген тұжырым пайда болды. Бірақ бағаны ырықтандыруда әр кәсіпкер, әр кәсіпорын ең жоғарғы таза пайда алуды мақсат етті де нәтижесінде баға өсіп, экономиканың төмендеуі тоқталмады.

Осындай жағдайда Қазақстан республикасының осы жаңа кезеңдегі жүзеге асырған алғашқы шараларының бірі – жекешелендіру ісі болды. 1991 жылы қабылданған жекешелендіру заңына орай басқа аймақтармен қатар Орал қаласында да Жекешелендіру Басқармасының филиалы ашылады. Оның мақсаты экономиканы демонополизациялау мен жеке меншіктенушілер тобының қалыптасуы мен кәсіпкерлікті қолдау процесіне ықпал ету болды. 1991 жылдан бастап және алғашқы кезекте өте кіші көлемдегі (бір немесе бірнеше кісінің қызметімен іске қосылған) ұсақ, шығыны көп, төмен рентабельді сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарын (дүкен, шаштараз, жөндеу цехы, асхана сияқты жерлерді) жекешелендіру жүргізілді. Мысалы, 1992 жылы осы салалар бойынша облыста 89, қалада 60 кәсіпорын жекешеленсе, 1993 жылдың 1 қаңтарына қалада 14 дүкен (дүкендердің жалпы санның 10%), қоғамдық тамақтанудың 20 кәсіпорны (жалпы санның 10%), тұрмыстық көрсету кәсіпорнының 16-сы (жалпы санның 37%), 11 павильон мен дүңгіршектер жекешеленді. Дүкендердің көпшілігі, сауда саласының 45 мекемесі өңдеуші кәсіпорындар, колхоз, совхоздар баланысына берілді. Бірақ бұл істің бір кемшілігі - негізінен бұл жұмыс орындарының көпшілігі іс басындағыларға ғана тиесілі болды. Жалпы қалада 43 дүкен жекешеленіп, 146 дүкен арендалық шартпен жұмыс жасаған, оның 87-сі азық-түлік дүкені болды. Жалпы алғанда бұл кезеңдегі қаладағы жекешелендіру ісі баяу жүрді, сауда саласы мекемелерінің 70%-тейі мемлекеттік сектордың бақылауында қалды. Осыған қарамастан Республикалық және коммуналдық меншіктегі өнеркәсіп объектілерін жекешелендірудің облыстық бағдарламасына 1992 жылы 111 кеңшармен қатар қаладағы нт-консерві комбинаты, «Агротехсервис» бірлестігі, «Уралськсельстрой» концерні енгізілді. Жекешелендіру басталған кезден 1993 жылға дейін қалалық меншік комитеті 48,0 млн сомның объектілерін сатты. Ал облыс бойынша 1992 жылы 130 объект жекешелендіріліп, нәтижесінде бюджетке 159

миллион сом аударылған, оның 132,2 миллион сомы республикалық, 26,8 миллион сомы жергілікті бюджетке аударылды.

Екінші кезекте кәсіпорындармен қатар қалалық Кеңес пен ведомстволар баланысында тұрған тұрғын үйлерді жекешелендіру ісі жүргізілді. Бұл кезеңде қаланың жалпы пәтер қоры - 47000 болған, оның 22000 - Жергілікті Кеңеске, 25000-ведомствоға тиесілі болды. 1992 жылы осы баланстардағы 47 мың пәтердің 4,5 мыңы жекешеленді. Жекешелендіру басталған кезде шаруашылық есеп бөліміне 16525 өтініш қабылданды. Осы өтініш нәтижесінде 8136 пәтер жекешеленген, оның ішінде 3254-жергілікті кеңестерге, 4882-ведомстволарға, 1704-өмірлік пайдалануға берілсе, оның ішінде 678-сі мүгедектерге, 12-әскери қызметкерлерге, 35-медицина қызметкерлеріне, 30-мұғалімдерге, 107-зейнеткерлерге, 4-интернационалист-жауынгерлерге берілді. Жалпы қаладағы жекешелендіру мәселесіне орай үкімет пен ведомстволар балансында болып келген тұрғын үйлердің 91% жекешелендірілді.

Ал 1993 жылдан бастап жоғарғы деңгейдегі кәсіпорындардың жекешелендірілуі басталады. Сондай-ақ 1993 жылдың қазан айынан бастап орта деңгейдегі мекемелердің акциялары заң жүзінде құрылған «Инвестициялық жекешелендіру қорларына» тендер жолымен сатылып, жеке адамдарға беріле бастайды. Жекешелендіру мен нарықтық қатынастар процесінің қарқынының күшеюі нәтижесінде облыста 1212 кәсіпкерлік субъектілері әрекет етті. Оның 986-сы –кіші кәсіпорындар, 21-кооперативтер, 45-коллективтік кәсіпорындар, 72 серіктестік, 10 акционерлік қоғам, 8 сақтандыру фирмасы болды. Қаланың өзінде 908 кәсіпорын қызмет істеп, онда 19 мың жұмысшы жұмыс жасады. Бірақ бұл кәсіпорындар нарық механизмін толық түсінбегендіктен қала экономикасының перспективалық дамуына емес, керісінше коммерциялық әрекетте жұмыс жасады.

1990 жылдардың басындағы қала экономикасындағы дағдарыстың көрініс алуының бір себебі қаржы тапшылығы болды. Мысалы, 1993 жылы қаржының жетіспеуі 520 миллион сомды құрады. Мұндай тапшылық ең алдымен қала бюджетіне келіп түсетін кірістің уақытында түспеуіне, коммерциялық әрекет жолымен айналып кетуіне байланысты болды. Осы қаржы қорын дұрыстау үшін 1993 жылы 14 қаңтарда мемлекеттік ресурс пен

қаржыны пайдалану дұрыстығын тексеру үшін арақ-шарап зауыты (дир. Жүкеев), кондитер фабрикасы (дир. Родионов), «Казгалантерейторг» (дир. Кузнецова) кәсіпорындары тексерістен өткізілді. Бұл тексеріс барысында қаланың бірқатар кәсіпорындары мен мекемелеріндегі көптеген бұрмалаушылық фактілер анықталды. Мысалы, Орал арақ-шарап зауытының өзі 56 рет бұрмалаушылық жолмен 16,4 миллион сомның тауарын, кондитер фабрикасы 10,4 миллионның, «Казгалантерейторг» кәсіпорны 2 миллион 890 мың сомның өнімін коммерциялық жасырын жолмен сатқандығы анықталды. Сөйтіп бұл кәсіпорындар бюджетке түсетін ақша көлемін азайтты.

Қала экономикасын дағдарыстан шығару үшін 1996-1998 жылдарға арналған экономикалық реформаларды тереңдету және қаланың атқарушы билік органдарының әрекетінің жоспары мен атқару шараларының бағдарламасы жасалады. Бұл бағдарлама ең алдымен әлеуметтік сала объектілерін қысқартуды, ақылы қызмет көрсетуді өсіруді, бюджеттің қаржылану режимін қатайтуды көздеді. Осы бағдарламаға орай 1995 жылы қыркүйекте қаланың әкімшілік аппараты қалада құнды қағаздар рыногын ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Осы бағытта Ресей Федерациясының шектес облыстары мен Павлодар қаласындағы құнды қағаздармен жұмысты зерттеп, нарық қатынасының жаңа формасының бірін пайдаланады. Яғни 1996 жылдың қаңтарынан қалада бюджет пен бюджеттік ұйымдар мен мекемелер арасында вексельдік есептесу жүйесін енгізеді. Сондай-ақ қалалық әкімшілік бюджеттік салықтың түсімін өсіру үшін, мекемелердің финанс жағдайын жандандыру үшін, төлем төлей алмаушылық мәселелерін шешу үшін өнеркәсіптік клиринг жүйесін енгізеді. Оған өнеркәсіп мекемелері мен ұйымдардың басым бөлігі қатысады.

Негізінен қалада өндірістің құлдырау процесінің азайып, экономикалық дағдарыстан шығу 1997 жылдан бастап көрініс ала бастады. Бұл ең алдымен инфляция деңгейінің төмендеп, өндіріс көлемінің өсуінен байқалды. Осы кезеңдегі инфляция деңгейінің төмендеуі былайша көрініс алды:

1994жылы – 157,5 %, 1995 - 152,7 %, 1996 123%, 1997 -104,8%, 1998-104,0%, 1999 -116%, 2000 -108,4%.

1994 жылы бюджеттің 27,2 млн теңгесі немесе 33,7% халық шаруашылығы объектілерін қамтамасыз етуге бөлінгендіктен осы кезеңде өндіріс көлемінің өсуі мынадай деңгейде орын алды: 1995 жылы -93,1%, 1996-100,1%, 1997- 105,2%, 1998-104,2%, 1999-123,4%, 2000-125,8% .

Орал қаласындағы инфляцияның төмендеуі мен өндіріс көлемінің ретке келе бастауына әсер еткен 1995-1999 жылдар арасындағы инвестицияның келуі болды. Оның қала экономикасының жекелеген салаларына қандай мөлшерде келгенін С.1-қосымшадан көруге болады. Мысалы, өнеркәсіп саласына 1995 жылы 2240 млн теңге инвестиция келсе, 1997 жылы -3199,3 млн, 1999 жылы -51263,3 млн, 2000 жылы -96313 млн теңге инвестиция келді. Ал құрылыс саласына инвестиция 1997 жылдан қарқынды түрде келе бастайды. Ол 1997 жылы-2,4 млн болса, 1999 жылы -390,2 млн сомға жетті. Осы инвестицияның келуі нәтижесінде қала экономикасының жекелеген салалары дами бастады. 1998 жылға қарай қаланың жалпы өнімінің 53% өнеркәсіп, 12% көлік және байланыс, 4% ауыл шаруашылығы, 31% басқа салалар құрады.

Бұл кездегі қаланың негізгі өнеркәсіп салалары:

- машина жасау;
- тамақ және ұн-жарма шығару;
- ауыл шаруашылық өнімін қайта өңдеу;
- жеңіл өнеркәсіп болды.

1990 жылдардың аяғында қаладағы түрлі меншіктегі және әр саладағы 110-нан астам кәсіпорындар әртүрлі өнімдерді шығарды. Ең ірі және даму деңгейі жоғары сала - машина жасау саласы болып, оның маңызы күннен күнге артып отырды, бұл ең алдымен одан түсетін пайданың молдығымен байланысты болды. Бұл кезеңде қалада машина жасау саласының негізін үш қорғаныс кәсіпорны – «Зенит» АҚ, «Омега» АҚ, «Металлист» АҚ және екі ғылыми-зерттеу институты –«Гидроприбор», «Микрография» құрады. Олар Қазақстанның әскери-теңіз күштерінің, Интергаз ААҚ, КПО б.в., Ренко-Ақсай ЖШС-нің және өзге елдердің тапсырысымен жұмыс жасады. Негізінен бұл кәсіпорындар өнеркәсіптің мұнай, газ өндіру саласы үшін қажет жабдықтарды, әскери кемелер, катерлермен қатар су асты құралдарын, өнеркәсіп құралдарын, ауа, су ортасы экологиясын

өлшейтін құралдарды, медицина мен тамақ өнеркәсібіне арналған құралдарды шығарады.

Жалпы 1997 жылы Орал қаласындағы өнеркәсіп құрылысының жеке салаларының үлес салмағына келсек ол мынадай деңгейде көрініс алды:

Машина жасау саласы -18%

Құрылыс өнеркәсібі - 3%

Тамақ өнеркәсібі -20%

Жеңіл өнеркәсіп -7%

Ұн-жарма -17%

Қуат (энергетика) -19%

Басқа салалар -16% .

Қала өнеркәсіп орталығы болғандықтан өзінің қатарлас саласы ауыл шаруашылығын қамтамасыз етуші ролін осы кезеңде де жалғастырды. Бұл мақсатты орындай отырып, ауыл шаруашылығы үшін «Мотор» шағын кәсіпорны «Тай-12» шағын тракторын шығарып, механикалық және «Агромашжөндеу» зауыттарымен бірлесе отырып Т-4, ДТ-75, МТЗ-82 тракторларына арналған қосымша бөлшектер жасаудың жаңа технологиясын енгізді. Сөйтіп бұл өндіріс орындары фермерлер сұранысын қанағаттандыра отырып, өз өнімдерін Белоруссия, Ресей, Өзбекстан мен Қытайға шығару жөнінде шарт жасасты.

Халыққа қажетті тұтыну тауарларын қамтамасыз етуде «Диана»АҚ, «Нұралы»АҚ, «Тері»АҚ, «Аяз»АҚ көп істер атқарды. Диана АҚ «ЛЛ және Персагинг корпорейшн» фирмасымен 120 мың әйелдер киімін тігіп беру туралы шарт жасасты. Мұндай келісім шарттар өнеркәсіп орындарының жағдайының көтерілуіне, өндіріс құрал-жабықтарын жетілдіріп, жаңартуға және талапқа сай келетін жаңа технологиямен өз өнімдерін шығаруға мүмкіндік берді.

Жергілікті шикізатты пайдалана отырып халыққа қызмет көрсетуші кәсіпорындар, әсіресе тамақ өнеркәсібінің дамуына үлес қосушы кәсіпорындар «Береке»АҚ, «Орал» және «Желаев» дәнді қайта өңдеу комбинаттары, «Нұржанар» АҚ, «Шабыт» АҚ тағы басқалары болды. «Береке» АҚ сүт өнімдері түрлерін көбейту және оларды шығару көлемін арттыру жұмыстарын жүргізіп, 15-тен аса жаңа өнім түрлерін шығару технологиясын игерді..

1992 жылы қаланың экономикалық өмірінде өзіндік орын алған әртүрлі меншік түрінде жұмыс жасаған жұмысшылар санын Д2-қосымшадағы кестеден көруге болады.

1999 жылы қалада 50 өнеркәсіп кәсіпорны жұмыс жасаған, оның 21-і қосымша пайдамен жұмыс жасаса, 29-шығынмен жұмыс жасаған кәсіпорындар болды. Осы кезеңде қаладағы шаруашылық жүргізуші субъектілер саны -2860-қа жеткен, оның 310-мемлекеттік, 2514-жеке, 36-шетелдік болды. Шаруашылықтар көлеміне қарай ірісі - 48, орташасы -214, шағыны -2598 болып бөлінді. Бұл кәсіпорындар өндірген өнеркәсіп өнімінің көлемі 1999 жылы -31,6 миллиард, 2000 жылы 80,6 миллиард теңгеге жетті. Мұның барлығы қала экономикасын сауықтыру, жолға қою бағытында атқарылған жұмыстар еді. Тәуелсіздіктің жиырма жылының соңғы он жылының ішінде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде қаланың өнеркәсібі өндіріс көлемін артыруда едәуір жетістіктерге жетті. Мысалы 2011 жылдың қаңтар-қыркүйек айына қаладағы өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 55,0млрд. теңгеге жетіп, өсу қарқыны 109,4% құрады.

Өнеркәсіп өнімдерінің жалпы көлемінде өңдеу өнеркәсібіне 67,4%, электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау 26,8% тиесілі, сумен жабдықтау жүйесіне -5,6%, кен өндіру- 0,2%.

Қаланың 25 ірі кәсіпорындарымен жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша 15 кәсіпорын өнім көлемі бойынша алдыңғы орында болды. Олардың қатарында «ЗКМК» АҚ-62,1%, «УМЗ ААҚ»-11,3%, «Металоизделий»з-д-4,6 есе, «КазАрмапром» ЖШС-2,5 есе, «ҚҚМ ОӨК»-86,7%, «ҚҚС ОӨК»-41,2%, «Шаныбек»ЖШС-6,2%, ЖК«Исаев»-79,9%, ШТФ«Надежда»-21,6%, Желаев ХПП на-34,6%, «Уральскагпрореммаш» АҚ-31,6%, «ЗККСМ»- 2,3 есе құрады. Жоғары көрсеткіштер өндіріс көлемінің артуымен түсіндіріледі.

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығындағы ел экономикасын көтерудің бірден бер жолдарының бірі – шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту болды. 1990 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақстандағы «ҚазКСР-індегі шаруашылық іс-әрекетінің еркіндігі мен кәсіпкерлікті дамыту туралы» заңы қазақстандық жеке кәсіпкерлік істің дамуына негіз салды. Сондай-ақ КСРО Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 8 тамыздағы №790 «Кіші кәсіпорындарды құру мен дамыту жөніндегі шаралар туралы»

шешіміне сай нарықтық қатынастарға көшуде кіші кәсіпорындар жүйесінің құру ісінің тез дами бастағанын да атап өтуге болады.

Қазақстандағы кәсіпкерлік құрылымның дамып, өсуіне 1992 жылдың 5 мамырындағы «Қазақстан Республикасындағы 1992-1994 жылдарда кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» шешімі ықпал етті. Осы кезеңде кіші кәсіпорындардың өсу қарқыны жүзеге асты. Бұл ең алдымен кіші кәсіпорындарға жеңілдік берген, мемлекеттік бюджеттен қаржылық қолдау берген салық саясатымен байланысты болды. Осы кезеңде жеке еңбек әрекетіне патенттік жүйе жойылып, Орал қалалық Кеңесінің шешіміне орай 323 азаматты кәсіпкерлікпен айналысуға тіркеу мен куәлік беру ісі жүргізілді. Оның 80%-і сауда-саттық қызметпен айналысуға куәлік алды.

«Шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі шаралар» туралы Қазақстан Республикасының Президентінің жоғарыда аталған Жарлығы бойынша 1997 жылдың 19 маусымынан бастап шағын кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі аймақтық бағдарлама жасалды. Осы бағдарламаға сай бос тұрған ғимараттарды өндірістік мақсаттарға пайдалану үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру ісі қолға алынды. Іскер азаматтарға тендер арқылы қаладағы 23 объект сатылып, пайдаланылмай тұрған 20 ғимарат жалға берілді. Олардың қатарында «Квант», «Экспо» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер болды. 1990 жылдардың аяғында қалада 2 мыңнан астам жеке кәсіпкерлер тіркелді. Шағын кәсіпкерліктің әртүрлі салалар бойынша дамығанын 1998 жылғы қаңтар айындағы мәліметтегі Орал қаласындағы шағын кәсіпкерліктің құрылымынан көруге болады:

- | | |
|---------------------------|----------------------------|
| 1. өнеркәсіп -6% | 5. қоғамдық тамақтану - 1% |
| 2. ауыл шаруашылығы – 1 % | 6. қызмет көрсету -19% |
| 3. құрылыс – 12 % | 7. туризм - 1% |
| 4. сауда – 53% | 8. көлік - 4% |
| басқалары - 3% . | |

Бұл шағын кәсіпкерлік іс екінші санаттағы банкілердің қаржыландыруы арқылы жүргізілді. Қаржылар бұл банкілер арқылы 3-6 айлық қысқа мерзімге және жоғарғы %-тік бағаммен (30-38%) беріліп отырды. Осы екінші санаттағы банкілер арқылы 390 шағын бизнес тұлғаларына 1 миллиард теңгеден астам несие берілді. Нәтижесінде 2000 жылдың аяғында облыс бойынша

шағын бизнеспен айналысушылардың күшімен 18 миллиард теңгенің өнімі өндірілді. Шағын кәсіпкерлікті дамытуда 1992 жылы құрылған «Шағын бизнес орталығы» ассоциациясы мен бизнес - инкубатор ерекше орын алды. «Шағын бизнес орталығы» ассоциациясы 1996-1998 жылдарда шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік емес шетел қорлары арқылы 600 мың доллар, мемлекеттік еңбекпен қамтамасыз ету қорлары арқылы 4 млн теңге тартты. Шағын кәсіпкерлікті қолдап, дамыту бағытында бұл кезеңде қалада 2 шағын бизнес орталығы, бизнес-инкубатор, 3 кеңес орталығы жұмыс жасап, кәсіпкерлерді заңдылықтар туралы және нормативтік мәліметтермен қамтамасыз етіп, бизнестік жоспарларын дайындауға көмек көрсетті. Сондай-ақ нарықтық экономикаға сай өз өнімдерін насихаттау үшін ет, шұжық өнімдері мен ұннан жасалған тағамдарға, ішімдік пен минералды су, сыра өнімдеріне «сапа күні» өткізіліп отырды.

Жалпы нарықтық экономика кезіндегі аймақтық саясаттың құрамдас бөлігі ретінде шағын бизнестің кәсіпкерлік ортасының қалыптасуы қаланың халықшаруашылық комплексінің дамуымен өзара байланысты үздіксіз процесс болды. Өйткені кәсіпкерлік қызмет белгілі бір деңгейде өзінің іс-әрекетінде жетістікке жетуге бағытталған халықтың белсенділігін көтерді, жұмыссыздық мәселесін белгілі бір мөлшерге төмендетті, финанс жүйесін жандандырды, халықтың сатып алушылық қабілетін өсірді. Шағын бизнестің ұсақ өндірісі нарық сұранысына тез бейімделе алушылығымен ерекшеленді.

Сондай-ақ шағын кәсіпорындар жүйесінің дамуы жергілікті шикізат ресурстары мен өндіріс қалдықтарын кеңінен пайдалануға да мүмкіндік берді. Оны Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2005 жылдың 18 ақпанындағы Қазақстан Халқына арналған Жолдауындағы: «... біз шағын және орташа кәсіпкерлікті дамытудың принципті түрде жаңа идеологиясын жасауымыз керек. Әрбір кәсіпқой қазақстандық осы ортаға еніп, инновациялық экономикада өзін таба білуі керек», - деген сөзі кейінгі жылдардағы Жолдауларда да нақтылана түсті.

Президент тапсырмасын орындау барысында қалада шағын бизнес дамытылды. 2011 жылдың 1 қазанына қаладағы есепті деректер бойынша қалада 21829 шағын бизнес субъектісі

тіркелген, (соның ішінде 3431 заңды тұлға, 18398 жеке кәсіпкерлер) олардың 18385 (2381 заңды тұлға, 16004 жеке кәсіпкер) қолданыста (84,2 %), еңбек ететіндер саны 37707 адамды (18978 заңды тұлға, 18729 жеке тұлға) құрайды.

Шағын кәсіпкерлік субъектілерімен 60757,0 млн.теңге сомасында өнімдер (жұмыстар, қызметтер) өндірілді. Өнім өндіру, жұмыстар мен қызметтердің жалпы көлемінде сауданың ең жоғары салмағы сақталады.

Салық комитетінің нақтыланған деректері бойынша қаладағы өнеркәсіп өндірісі бүгінгі таңда ет пен бидайды қайта өндеуге мамандандырылған, заңды және жеке тұлғаларға бағынышты нан-бөлке, макарон және кондитер өнімдерін, т.б. тауарлар (өнеркәсіп пен азық-түлік тауарлары) өндіретін 79 шағын қайта өндеуші цехтармен іске қосылған, олардың қолданыстағысы 37 мини-цехтар, 357 адам еңбек етеді, 107 нысанның қайта жоспарланып іске қосылуына сәйкесті 51 дүкен, 14 офис, 5 мейрамхана, 14 дәмхана, 9 автокешен, 3 тіс оңдайтын бөлме, 3 дәріхана, 2 сұлулық салоны, 3 шаштараз, 2 сауда және 1 қонақ үй жұмыс жасайды.

1990-жылдардың аяғында қала экономикасының оңға басуына қала бюджетіне түсетін кірістің өсуі де ықпал етті. 1 қала 990 жылдардың басында қала бюджетінің кірісі 70% болса, 1999 жылы ол 97,9 % құрады. Оған ең алдымен ықпал еткен салық түсімдері болды. Мысалы, заңдық тұлғалардан -171313 млн. теңге, жеке адамдардан -4,85 млн. теңге, меншік салығы – 121,1% , кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін төленетін салық-100%, айыптар, әкімшілік санкциялардан түскен салық -63,8%, жалпы кіріс -732613 триллион теңгені құрады. Сондай-ақ Қарашығанақ жобасының іске асуы да қала кәсіпорындарының жұмысының жолға қойылуына ықпал етті. Қаладағы 38 кәсіпорын өндіріс көлемін 53%-ке, 20 өндеуші өнеркәсіп өндіріс көлемін 0,44%-ке өсірді. Транспорт, құрал-жабдықтар өндірісі 77,1% болды. 2000 жылдың қаңтар-ақпан айларында қала бюджеті 83%-ке орындалды.

Егемендік алғаннан кейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының тұтас даму арнасында қала тұрмысында елеулі өзгерістер болды. Алғашқы өзгерістердің бірі қаланың саяси - әкімшілік құрылымындағы өзгеріс болды. Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 13 қаңтардағы «Жергілікті

басқару және халық депутаттарының жергілікті Кеңесі туралы» заңына сай 1992 жылы 15 ақпандағы №1 бұйрық бойынша қалалық еңбекшілер депутаттарының кеңесінің өкілеттілігі тоқтатылып, Орал қалалық әкімшілігі құрылды. Қала әкімшілігі қала өмірін өзінің 8 бөлімі арқылы бақылап, басқарды.

Осындай саяси құрылымдағы өзгерістермен қатар қаладағы маңызды өзгеріс ең алдымен әрбір адамға кәсіппен шұғылдануға мүмкіндіктің тууы болды. Әлеуметтік жағдайды жақсарту, экономиканы дамыту және оны тұрақтандыру, өмір талабына сай жоғарғы еңбек ақыны, зейнетақыны және жәрдем ақыны арттыру міндеттері тұрды. Сондай-ақ 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған Ата заңның өзінде де «қоғамның басты құндылығы халық, яғни адам» деп атап көрсетілді.

Сондықтан Үкімет жергілікті халыққа барынша жағдай жасауды, олардың тұрмысын жақсартуды жергілікті әкімшілік орындарға тапсырды. Осыған орай өндірістегі үлкен қиындықтарға қарамастан қалалық әкімшілік әлеуметтік саланың жұмыс жасауына азды-көпті көңіл бөліп отырды. Әлеуметтік саланы қамтамасыз етуге бюджеттің 90% бөлінді. 1993 жылғы бюджет жобасы бойынша кіріс 1 млрд 105 млн. сомды, шығыс – 4 млрд 766 млн. сомды құрады. 3,5 млрд жетіспеушілік болған, ал оны жабатын мүмкіндік болмады. XX ғасырдың 90-жылдарының бас кезіндегі республикадағы бюджеттік дағдарыс қаланың әлеуметтік саласына да әсер етті. Сондықтан 1993 жылдан бастап қала әкімшілігі қаржы тапшылығына орай әлеуметтік сала шығындарын, коммуналдық шаруашылық шығындарын қысқартты. Мұның өзі халықтың тұрмыс жағдайының төмендеуіне әкелді. Өте қиын жағдайда қалған халықтың қорғалмаған бөлігі, зейнеткерлер, мүгедектер, көп балалы жанұялар болды. Сондықтан қалалық әкімшілік қалыптасқан жағдайда қарап отырмай халықтың осы топтарының жағдайын жасауға, оларға әртүрлі көмектер беруге әрекет жасады. Қалалық азық-түлік дүкендеріне әлеуметтік жағдайдың 18 категориясы бойынша 20 мыңнан аса азаматтарды тіркеп, олар төмен бағамен азық-түлік алды. Жағдайы төмен 3200 жанұяға тегін және жеңілдік бағамен отын берілген, оның ішінде 1140 мүгедекке отын тегін берілді. Халықты ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ету үшін 33 мың жанұяға бақша

учаскелерін, 38 мың жанұяға бау-бақша учаскелерін берді. Осылайша халықтың әл-ауқатын қолдау жұмыстары жүргізілді.

Халықтың басым бөлігінің тұрмыстық деңгейінің төмендеуіне бірден-бір әсер еткен осы жылдардағы инфляцияның өсуі болды. Бұл төлем дағдарысымен, халық тұтынатын даяр өнімді шығарудың төмендеуімен, өндіріс орындарының дағдарысқа ұшырауымен түсіндірілді. Мысалы, 1993 жылдың сегіз айында қала кәсіпорындары 1 млрд. 366 миллион теңгенің өнеркәсіп өнімін шығарған, бұл алдыңғы жылдың деңгейімен салыстырғанда 417 миллионға аз болды. Осының өзі халықты қамтамасыз ету деңгейінің төмендегенінің дәлелі болып табылады.

Экономикалық реформалар процесі тереңдеп, еңбек рыногындағы жағдай шиеленіскен кезеңдегі ең күрделі мәселе халықты жұмыспен қамту мәселесі болды. Бұл мәселе ең өзекті мәселенің біріне айналды. КСРО ыдырағаннан кейін көптеген өндіріс орындарының жұмысының тоқталып қалуы немесе қысқартылуы жұмыссыздар қатарын көбейтті. Бұл кезеңдегі қаладағы жұмыссыздар қатарының көбеюі өндіріс орындарындағы жұмыс орнының қысқартылуы мен ауылдан келгендер есебінен өсті. Өйткені жаңа қоғамдық қатынастар жағдайындағы қаланың жағдайы, урбанизация мәселесінің ескерілмеуі ауылдан келген халықтың дағдаруына әкелді. Оның үстіне облыста газ өндіру саласын дамыту қолға алынып, шетелдік компаниялар келгенмен олар жергілікті халықты жұмысқа алмай жұмыскерлерді өздері әкелді. Осыған орай бұл кезеңдегі қаладағы ең бір күрделі жағдай кедейшілік пен жұмыссыздықтың өсуі болды.

Үкімет елдегі қалыптасқан қиын жағдайдан шығу үшін республиканың барлық жерлерінде де халықты еңбекпен қамтитын орталықтарды құрды. Олардың мақсатты жұмыссыздарды тіркеп мүмкіндігінше еңбекпен қамту, көмек беру болды. Мысалы, 1992 жылы еңбекпен қамту орталығына қаладағы жұмыссыздардың 9517-сі тіркелген, оның 3 мыңдайы еңбекпен қамтылған. Осы жұмыссыздардың 77%-і әйелдер болып келген.

1993-1994 жылдары қаладағы еңбекпен қамту орталығына 3209 адам келген, 792 адам тіркелген, оның 283-і көмек алған. Жұмыссыздар қатарында әсіресе әйелдердің үлесі басым болған.

Жұмыссыздықтың кең етек алып отыруына орай жергілікті басшылар халықты жұмыспен қамту үшін әртүрлі шаралар ұйымдастырған. Мамандығы жоқ адамдарға жұмыспен қамту орталығы жанынан арнайы осы заманға қажетті мамандықтар бойынша курстар ұйымдастырған. Мысалы, компьютермен жұмыс жасау, аспаз, шаштараз, слесарь, сварщик т.б. Бұл кезеңде аталмыш орталықпен тығыз байланыста жұмыс жасаған «Андас» оқу орталығы, бұрынғы №1 кәсіптік училищенің негізінде мамандар даярлайтын курстары бар оқу орталығы құрылды. Жұмыссыздық қазіргі кезеңде де орын алып отырған қоғамдағы келеңсіз жағдайдың бірі. 1999 жылы 4296 жұмыссыз болса, соның 1093 ғана жұмысқа орналастырылды. Ал 2000 жылы 6038 жұмыссыздың 5% ғана қамтамасыз етілді. Сондықтан тәуелсіз мемлекет болғанға қарамастан жұмыссыздық мәселесі әлі де толық шешімін таппаған мәселе екендігі қала өмірінен көрініс алып отыр.

Жұмыссыздықпен қатар орын алған күрделі де келеңсіз жағдай кедейшілік болды. 1992 жылғы тексеру барысында облыс бойынша 6 мынан астам адам кедейшілік халде күн кешіп отырса, қаланың өзінде оның 3361-і болды. Сондықтан осы категориядағы адамдар үшін қайырымдылық асханалары ашылып, тегін түстікпен 600 адам тамақтандырылды.

Жұмыссыздық пен кедейшілікпен күрес қала әкімшілігінің назарынан тыс қалмаған мәселе, ол кейінгі жылдарда да жалғасын тауып отырды. Жыл сайын «Ваканттық бос орындарға жәрмеңкелер» ұйымдастырылып, жұмыспен қамту мәселелерін ішешу жұмыстары жүргізіліп отыр. Мысалы, 2011 жылы қалалық жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жұмысқа орналастыру бойынша 5611 адам өтініш жасаған, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 23,3% кемігендікті көрсетеді. Тіркелген жұмыссыздар саны 934 адамды құрайды, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 251 адамға өскен, 2677 жұмыссыз жұмысқа орналастырылған.

2011 жылдың есепті кезеңінде 4657 жаңа жұмыс орындары құрылды (жоспар - 4841 орын). Оның ішінде сала бойынша: өндіріс саласында –500 жаңа жұмыс орны, ауыл шаруашылығында – 301, сауда саласында - 511, көлік және байланыс саласында - 138, білім саласында - 145, денсаулық саласында - 349, коммуналдық шаруашылық саласында - 501,

басқа салаларда –1002, уақытша жұмыстарда - 1210 жұмыс орны құрылды.

Қала бойынша экономикалық белсенді халық саны 2011 жылы 120,3 мың адам құрады, былтырғы жылмен салыстырғанда 2,5% өсті.

Бір жұмысшының 2011 жылы орташа еңбек ақысы 69401 теңге құрады, алдыңғы жылмен салыстырғанда 9,6% өскендікті көрсетеді (анықтамалық: ҚР бойынша - 85255 теңге, облыс бойынша - 84080 теңге). Есепті кезеңде барлық экономикалық қызмет түрлеріндегі жалдамалы қызметкерлер еңбекақысының артқаны байқалды: өндіріс саласында - 73566 теңге (125,1%), көлік саласында- 144871 теңге (124,0%), қаржы саласында- 108299 (115,7%), байланыс саласында 90611 теңге (102,8%).

Дегенмен әлі де болса ең төменгі еңбек ақы білім беру, ауыл, орман және балық шаруашылығы салаларында орын алып, сәйкесінше 53677 теңге(127,1%) және 38793 теңгені (96%) құрап отыр.

2011 жылы күнкөріс деңгейінің шамасы 16032 теңгені құрады, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 17,1% өскендікті көрсетеді.

Қазақстанның әлеуметтік саласындағы басты мәселелердің бірі –зейнетақымен қамтамасыз ету ісі болды. Экономикадағы тұрақсыздық жағдай халықтың ең қорғалмаған тобына, яғни зейнеткерлер мен тұрмысы нашар жанұяларға қатты әсер етті. Қаладағы халықты әлеуметтік қамту ісімен айналысу үшін халықты әлеуметтік қамту басқармасы құрылады. Халықты әлеуметтік қамту басқармасы өз жұмысында Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы» заңы мен Үкімет қаулыларын басшылыққа алып отырды.

Бұл кезеңде қалада зейнетақы мен көмек алатын 47146 адам болды, оның 30991-і жасының толуына қарай, 5800-і көп балалы және жалғыз бастылар, 724-і тұрмысы нашар жанұялар ретінде көмек алды. Бұлар алатын зейнетақы мөлшері -261 теңге, бала кезінен мүгедек ретінде алатын зейнетақы мөлшері -247 теңге болды. Мұндай мөлшердегі зейнетақы тұрмыстық жағдайды қамтамасыз етуге жеткіліксіз еді. Сондықтан әлеуметтік қолдау бағытында 1994 жылдың 1 қаңтарына дейін қалада 10 мың адам жеңілдік алып отырды.

Бірақ республика Президентінің «1994 жылғы республика бюджеті туралы» Жарлығына сай 1 сәуірден ай сайынғы компенсация түрінде әлеуметтік жеңілдік берудің жаңа механизмі енгізіледі. Жеңілдік тек соғыс ардагерлері мен мүгедектерге ғана қалдырылды. Ал 1 тамыздан бастап ай сайынғы компенсация да тоқтатылды. Бірақ осы белгіленген ай сайынғы компенсацияны уақытында берудің мүмкіндігінің болмауы компенсация төлеудегі қарызды туғызды. Бұл кезеңде I,II топтағы мүгедектерге компенсация төлеу қарызы тек 1994 жылдың шілде айын қоса алғанда 1,5 млн теңгеге жетті.

Осы жылдарда әлеуметтік қамту бөліміне әлеуметтік жағдайына байланысты 6 мыңнан астам көп балалы аналар есепке тұрып, гуманитарлық көмек алды. Сонымен қатар әлеуметтік жағынан қамтылмағандарға көмек ретінде «Парыз» мемлекеттік мекемесінің бөлімдері арқылы жеңілдік бағамен азық-түлік берілді. Сондай-ақ «Ветеран» дүкені азық-түлікті төмен бағамен сатты. Осындай жеңілдіктер нәтижесінде жыл басынан 33,4 млн. теңгенің товары сатылған.

Әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі бойынша берілген көмек түрлерінің мөлшерін, қанша тағайындалғанын, қаншасы төленгенін С.2-қосымшасынан көруге болады. Бірақ қала әкімшілігі экономикалық қиын жағдайда кедейшілік пен жұмыссыздықпен күрес бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында бірқатар жұмыстар атқарғанмен ол аяғына дейін жеткізіліп, толық дәрежеде шешімін таба алмады.

Қала өмірінің барлық саласын дерлік қамтыған дағдарыстың бір көрінісі – қаржы тапшылығы болды. Яғни қаладағы халықтың тұрмысына байланысты мәселелердің шешілмеуі ең алдымен 1990 - жылдардағы қала бюджетіне байланысты болды.

Бұл кезеңде қала бюджетінің тапшылығына орай туындап отырған жағдайды шешуге толық мүмкіндік болмады. Өйткені экономикадағы дағдарыс қала бюджетіне де нұқсан келтірді. Бюджеттің кіріс бөлігі тиісті дәрежеде орындалмағандықтан қаржы тапшылығы орын алды. Мысалы, 1993 жылы қаржының жетіспеуі 520 млн. сомды құраған.

Мұндай қаржы қорының жетіспеуінің басты себебі қала бюджетінің реттелген кірісінің негізгі бөлігінің облыс бюджетіне түсуінен қала бюджетінің аз ғана бөлікті иеленуі болды. Оны мына 17-кестеден көруге болады:

Кіріс көздері	Қала бюджетіне	Облыс бюджетіне
1.Қосымша құн салығы	30%	70%
2.Кіріс салығынан	10%	90%
3.жанбасы салығынан	50%	50%

1994 жылдың сегіз айында қалалық салық төлеушілерден 187,5млн теңге кіріс алынса, қала бюджетіне тек 71,5 млн. теңге алынған. Сондай-ақ кәсіпорындардан бюджетке түсетін қаржылардың уақытында түспегені анықталған. Мысалы, 1992 жылы «арақ-шарап зауыты» 8,1 млн. сом ақшаны бюджетке аудармай коммерциялық іске пайдаланғаны тексеру барысында анықтады. Осы жылдарда мұндай жағдайлар жиі көрініс алып отырды.

1994жылы бюджеттің 50%-і шамамен 80,6 млн теңгенің 47,6 млн теңгесі қаланың әлеуметтік саласын дамытуға жұмсалған. Қала бюджетін толықтыру ісімен тікелей айналысушы салық инспекциясы үнемі тексеру істерін жүргізіп, тиісті шараларды қабылдап отырған. Әлеуметтік қорғау бөлімінде де бірқатар жұмыстар атқарылды. Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылдың 12 тамызындағы №128 «Зейнеткерлер мен халықтың аз қамтылған тобын әлеуметтік қорғау жөніндегі аймақтық қайырымдылық қорларын құру туралы» жарлығына орай бұл іс қала кәсіпорындары арасында қолдауға ие болып «Қазақгаз» (Е.Р.Әзербәев), «Астық» АҚ (Б.И.Өскембаев), Кредсоцбанк (В.Н.Кариянов) 1 млн. теңгені қорға аударды.

2000 жылдың бірінші жартысында 309 мүгедектің үйіне тексеру жүргізіліп, оның 82-не көмек беріліп, 18-і интернат-үйіне тапсырылды. Халықтың тұрмысы төмен тобын қамтамасыз ету үшін берілетін көмектер осы кезеңде де жалғасын тауып отырды. Қала бюджетінің өсуіне орай 1990 жылдардың аяғы мен 2000 жылы қаладағы мүгедектерді қорғау ісі жүзеге асырылды. ҚР Үкіметінің 1996 жылдың 12 сәуіріндегі №437 «Тұрмыс жағдайы төмен адамдарға тұрғын үй көмегін беру тәртібі туралы» шешімі мен БҚО әкімінің 1999 жылдың 7 қазанындағы №200 «Тұрмысы төмен азаматтарға адрестік материалдық көмек беру туралы Ережеге» сәйкес қалалық еңбекпен қамту және әлеуметтік қорғау

Басқармасында «Тұрғын үй» бөлімі жұмыс жасайды. Бұл бөлім 2000 жылдың 4 айында орташа 1200 теңгеден 20 миллион 818 мың сомға 5891 жанұяға тұрғын үй көмегін берді. Жалпы 1999 жылдың аяғы мен 2000 жылдың басында қаладағы 2087 адамға 5211450 теңге адрестік көмек бөлініп, оның 2000000 теңгесі төленді. Оның қандай көлемде болғанын Д1-қосымшадан көруге болады. Мысалы, 1999жылдың 20 қарашасы мен 2000 жылдың 1 маусымы арасында 540 адамға тегін тамақ берілген, оған «Казкоммерцбанк» АҚ 1 млн 781 мың теңге аударды. Әлеуметтік көмек беру ісіне қаланың көптеген өндіріс орындары қатысқан. «Водоканал» ААҚ 130 зейнеткерге ұн, 22000 теңге, «Диана»тігін кәсіпорны 546 зейнеткерге киім, 344500 теңге ақша берген. Сондай-ақ 2087 адамға 5211450 теңге адрестік көмек берді. Жалпы 2000 жылдың I кварталында 21 мекеме –кәсіпорындардан 2000 зейнеткерге 2266030 теңгенің көмегін көрсетті.

Нарықтық қатынастар кезіндегі қала өмірінің ажырамас бөлігі –базар болды. Базар – бір жағынан, «жұмыс орындарын» беруші, екінші жағынан, қала бюджетін толықтыру көзі болды. Мысалы, 1994 жылы орталық азық-түлік базарында сауда орындарының саны 950 болса, 1996 жылы 1950-ге жетті. Ал зат базарында 1994 жылғы 1318- орын 1996 жылы 2377-ге жеткен. Мұның өзі қаладағы жұмыссыздардың едәуір бөлігінің осы базарда күн-көріспен айналысқанын көрсетті. Базардың қала бюджетін толықтырушы көз екенінің дәлелі осы зат базарынан 1996 жылдың 1 қарашасында қала бюджетіне 8 миллион 961 мың, азық-түлік базарынан 10 миллион 677 мың теңгенің түсуі. Сондай-ақ бір мезгілдік талон беру есебінен екі базардан 41,1 миллион теңге кіріс түсті.

Бірақ халыққа қызмет етудегі базардың өзіндік көлеңке жақтары да көрініс алды. Ол өлшегіш құралдардың, таразылардың дәл болмауы, стандартқа сәйкес келмеуі. Мысалы, тексеру кезінде 576 базар таразысының 171-нің жарамсыздығы анықталған жағдайлар орын алған. Мұндай жағдайлар қаланың нарықтық экономикасының көлеңке жақтары болды.

Жалпы алғанда тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі Орал қаласы экономикасының даму барысын қарастыра отырып оның дамуын екі кезеңге бөлуге болады. Оның біріншісі, 1991-1998 жылдар қала экономикасының құлдырау мен дағдарысты бастан кешіру кезеңі; екіншісі, 1999 жылдан кейінгі кезең нақты

шаралардың қабылдануы мен инвестицияның келуі нәтижесінде экономиканың жандану кезеңі.

Тәуелсіздіктің осы екінші кезеңінен бастап қала экономикасының дамуының қарқыны өсе бастайды. Бұл кезеңде қаланың дамуы нарық механизімін игеру, кәсіппен айналысу мен өмір сүру жолдарын табу, жаңа өндіріс салаларының дамуы сияқты бірқатар жаңалықтар мен өзгерістерден көрініс алды. 1999 жылдан бастап жекешелендірудің төртінші кезеңі іске асуда. Бұл кезеңде мемлекеттік меншікті басқару және онымен айналысу мәселелері бойынша мемлекеттік мекемелер арасындағы өкілеттіліктерді бөлуге жаңа көзқарас қолданыла бастады.

Жоғарда келтірген мысалдардан көргеніміздей тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Орал қаласының экономикалық және әлеуметтік саласының дамуындағы жаңа тенденцияларды айқындалып, қаланың одан арғы даму мүмкіндіктері көрсетілді.

Қаладағы өткір мәселенің бірі –тұрғын үй мен коммуналдық қызмет көрсету мәселесі болды. Халықтың тұрмыс жағдайының төмендеуі коммуналдық қызмет төлемін үнемі кешіктіруге әкеліп, 1994 жылы халық қарызының 5,2 миллион теңгеге жеткізді. Әсіресе «Алаугаз» АҚ газын пайдалану қарызы 2,2 млн. теңгеге жетіп, осы себептен тұрғындарға уақытында газ берілмеген жағдайлар орын алды.

Құрылыс мәселесі де назардан тыс қалмады. 1992 жылы 80 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл 1991 жылмен салыстырғанда 25 мың шаршы метрге артық болған. 1992 жылы ет комбинаты ауданында 1296 оқушыға арналған мектеп, 6-шы ықшам ауданда 280 орынды, тері комбинаты ауданында 140 орынды бала бақша салынған. Бірақ осы жылдарда қала халқының өсуіне орай оқушыларға мектептер жетіспеді. Әсіресе Зачаганск, 6-шы және солтүстік-шығыс-2 ықшам аудандарында мектепке қажеттілік жоғары болды. Бұл мектептерді салу үшін миллиардтан астам қаржы, ал коммунальдық объектілерді салу үшін, жылу магистральдарын жөндеп, қайта жабдықтау үшін ондаған миллион қаржы, өте қиын жағдайда тұрған 28 тұрғын үйді жөндеу үшін 100 млн. сом қажет болды. Қиын болса да қалалық әкімшілік өндіріске қажет объектілерге көңіл бөлді.

Халықтың ең басты мұқтажы тұрғын үй мәселесіне келсек, 1994 жылдың басында қалалық бюджет есебінен тұрғын үй салу мен халықтың жеңілдіктегі категориясын тұрғын үймен қамту мәселесін шешуге 2,5 млн. теңге бөлінді. 1994 жылы кәсіпорындар мен халық күшімен 19,2 мың шаршы метр тұрғын үй салынған, бұл 1993 жылы салыстырғанда 19,3 % аз болды.

Оның үстіне бұл осы кезеңде қалалық тұрғын үй бөліміне тіркелгендердің барлығының мәселесін шешуге жеткіліксіз еді. Өйткені бұл кезеңде қалалық тұрғын үй басқармасында кезекте тұрғындар 1994 жылы 1-қыркүйегінде мынадай көлемде болды: Ұлы Отан соғысы мүгедектері мен қаза болғандар жанұялары-263,

ҰОС қатысушылар мен интернационалист жауынгерлер – 589,

Запастағы әскери қызметкерлер – 105,

Көп балалы жанұялар мен бала кезінен мүгедектер -347,

Ауыр науқаспен ауратындар – 262,

Жетім балалар үйінің тәрбиеленушілері -38,

Жалғыз басты аналар – 290,

Чернобыль қасіретіне қатысушылар – 38 болды.

Мұндай мөлшердегі қажеттілік үлкен қаражатты талап етті. 1994 жылы бөлінген 491,3 миллион, 1995 жылғы -709,6 миллион теңге инвестиция қоры бұл сұранысты толық қанды өтей алмады. Ал 1998 жылдан тұрғын үй құрылысына инвестиция бөлінбеді. Сондықтан да тұрғын үй құрылысы көлемі тез қысқарды. Егер 1991 жылы 159,3 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, 1993 жылдан бастап бұл көрсеткіш төмендеп отырды. Мысалы, 1994 жылы -50,6 мың шаршы метр, 1997 жылы -33,8 мың шаршы метр, 1999 жылы - 15,9 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Оның ішінен 73 пәтер Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен соғысқа қатысушыларға берілді. Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы дағдарысқа ұшырап, тоқталып қалды. Оның орнына тұрғын үйдің мемлекеттік емес жүйесі, жеке тұрғын үй салу секторы қалыптасты. Егер 1990 жылы тұрғын үйдің 78% мемлекеттік құрылыс есебінен тұрғызылса, 1999 жылы тұрғын үй құрылысының 90% жеке сектор есебінен тұрғызылды. Әрине тұрғын үй құрылысының жеке секторының дамуы қаладағы баспанасыз адамдардың мәселесінің шешілуінде үлкен қиындықтар туғызды. Өйткені қаладағы баспанасыз адамдардың

барлығының бірдей үй салуға шамалары жетпеді. Осыған орай Қазақстан Республикасы үкіметінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі № 437 шешіміне сай қалада әлеуметтік жағдайлары төмен азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысы берілген, ол кейінгі жылдарда да жалғасын тауып отырды. Мысалы, 2000 жылдың төрт айында орта есеппен 1200 теңгеден 5891 жанұяға 20 миллион 818 мың теңге тұрғын үй көмегі берілді.

Жалпы тұрғын үй қорына келсек 1991 жылы облыста 9071 мың шаршы метр болса, қалада 4111,4 шаршы метр, оның 890,5-жеке, 322,9- мемлекеттік секторға тиесілі болды. Ал 1999 жылы облыста 9547,4 мың, соның ішінде қалада 4719,4 мың шаршы метр тұрғын үй қоры, оның 4591,1-жеке, 128,3 – мемлекеттік секторға тиесілі болды.

Қаланың экономикасының өсуі демографиялық ахуалдың жақсаруына да өз әсерін тигізді. Кеңес Одағы жылдарында қала халқының негізгі құрамы әр ұлтты орыс тілді халықтардан тұрды. 1897 жылғы ресми санақта белгілі болғандай қалада 45,5 мың адам өмір сүрсе, одан кейінгі 100 жылдың ішінде қала халқының саны 6 есеге өсіп, негізгі қала халқының құрамын басқа ұлт өкілдері құраған. Ал 1997 жылғы ресми статистикалық мәліметтер бойынша қала халқы 239,2 мың адамға өскен. Дегенмен, негізгі тұрғылықты қала тұрғындарының арасында басқа ұлт өкілдерінің өз елдеріне қоныс аудару процесі белең алсада, ауыл тұрғындарының қалаға көшіп келуінің есебінен, қала халқының саны өсіп, ұлттық құрамы да өзгерді. Мысалы, 1989 жылғы жалпы облыс халқының 42,4 пайызын құраған қала тұрғындарының ішіндегі қазақтардың үлесі-12, орыстар-25,2, басқа ұлт өкілдері-5,3 пайызды құраса, 1999 жылғы ресми санақ бойынша облыс халқының 40,8 пайыздық үлесінде қазақтар-16,2, орыстар-20,6, басқа ұлт өкілдері-4 пайызды құраған. Қала халқының құрамында қазақтардың пайыздық үлесінің өсуіне бірден-бір ықпал еткен маңызды факторлардың біріншісі, тәуелсіздік жылдарында ауылдың қалаға қарай көшу процесі болса; екіншісі алыс және таяу шетелден қазақтардың туған жерге оралу процесі болды.

Сондықтан қала халқының өсуіне байланысты тұрғын үй мәселесі одан әрі өткір мәселеге айналып отыруына орай 2011

жылы тұрғын үй құрылысына 6555,7 млн. теңге немесе облыстық жалпы инвестиция көлемінің 74,4% бағытталды.

Барлық қаржыландыру көздері есебінен алаңы 93969 шаршы метр 920 пәтер іске қосылды, бұл өткен жылдың деңгейіне 96,8% құрайды, соның ішінде жұртшылық қорлар есебінен 55249 шаршы метр. Қала әкімшілігінде жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскелерін алуға 53282 азамат кезекте тұр. Осыған орай бүгінгі таңда қалада мемлекеттік бағдарлама бойынша тұрғын үй құрылысына, әлеуметтік нысандар құрылысына жер учаскелерінің тапшылығы өзекті мәселе болып отыр.

Бас жоспар түзету жөніндегі жұмыстардың аяқталды. Бас жоспарға сәйкес қаланы дамыту батыс (Деркөл к. жағы) және солтүстік-шығыс бағытында (Трекин а. және Новеньки а. жағы), қаланың орталық бөлігіндегі тұрғын үй қорларын қайта құралымдаумен жоспарланып отыр. Бас жоспар мен қала дамуының бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2011 жылы орындалды: Әйтиев атындағы тынымбақты абаттандыру, Қонаев атындағы тынымбақты абаттандыру, жана спорт алаңдарының орналастыру, Киров атындағы саябақтағы жаяу жүргіншілер көпірі және 5-шағынауданда Салтанат үйінің құрылысы басталды. Қазіргі уақытта Деркөл кентінде ТЖЖ дайындалып жеке тұрғын үй құрылысына арнап 1300-ге жуық жер учаскелерін беру басталды.

Мұның өзі тұрғын үй саласында жеке сектордың басым бола бастағанын көрсетті. Бұл мәселе қаладағы демографиялық жағдаймен байланысты. Мысалы қала халқының саны 2010 жылдың өзінде 3,7% көбейіп, 262,8 мың адамды құрады. Бұл тұрғындар санының миграциялық өсуіне негіз болып отыр, өйткені ауыл тұрғындары көбінесе тұрғылықты тұратын жері ретінде Орал қаласының облыс орталығын тандайды. Орал қаласының негізгі миграциялық донорлары жақын аудандар Зеленов, Ақжайық, Теректі болып саналады. Ең белсенді және сыртқы миграциялық айырбас бұрынғыдай Ақтөбе, Атырау, Алматы, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облысы және Алматы мен Астана қалалары арқылы жүзеге асырылып отыр.

Халықтың табиғи өсімі 2011 жылдың соңында 1933 адам құрады, бұл алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 116,6% болып отыр. Ал 2011 жылдың екі айына АХАЖ органдарында 3817 туылған нәресте тіркелген, бұл алдыңғы

жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 106,1% болып отыр. Өлгендер саны 1884 адам құрап, алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өлім 3% азайды. Дегенмен халықтың өлу себептері құрылымында бұрынғыша қан айналым жүйелері аруулары басым болып қалып отыр.

Күрделі де қиыншылық кезеңде қала халқын азық-түлік өнімдерімен жекелей қамтамасыз ету мақсатында коллективтік бақшашылық үшін 514,6 гектар жер бөлініп, 39693 қалалық жанұяларға бау-бақша учаскелері берілді. Бұл кезеңде қала халқын қамтамасыз ету үшін 5085 тонна картоп, 3731 тонна көкөніс қажет болды. Ал қаланың сауда ұйымдары тек 2837 тонна картоп пен 456 тонна көкөніс даярлай алды. Мұның өзі азық-түлік тапшылығын күшейтті.

Сөйтіп 1991-1996 жылдарда экономикалық дағдарыс құбылысы өндірістің барлық саласын қамтып, халықтың жағдайын күйзелтті.

Дегенмен 1997 жылдардан бастап өндіріс көлемінің өсуімен қатар инвестицияның келуімен халыққа қызмет көрсету саласы да дамыды. Бұл кезеңде қызмет көрсету саласының құрылымы мынадай көлемде болды:

- Білім беру ісі - 2%
- Дәрігерлік қызмет -4%
- Тұрмыстық қызмет -4%
- Байланыс қызметі -10%
- Тұрғын үй сақтандыру -6%
- Үй-жай қызметі -43%
- Жолаушылар көлігі -19%
- Банк қызметі -2%
- Құқықтық қызмет -2%

Басқалары -8%.

Қызмет көрсету саласында ерекше орын алған сауда болды. Бұл кезеңде сауда жүйесінде 200-ден астам әртүрлі тауарлар сататын дүкендер, 7 ірі сауда үйі, 75 кафе мен асханалар, 15 ашық және павильондық түрдегі базарлар, 26 шаштараз, 5 киім тігу, жөндеу ательесі, 20 аяқкиім шеберханасы, «Гарант» телеательесі мен тұрмыстық техниканы жөндеу шеберханасы болды. 1997 жылы жалпы тауар айналымының 40% (21,8 млн) экспортқа, қалғаны импортқа тиесілі болды. Сыртқы саудада қаланың негізгі серіктестері Ресей (80%), Беларусь, Қырғызстан,

Өзбекстан, Украина, Молдова, ал европалық елдерден – Ұлыбритания, Греция, Италия, Чехия, Франция, Азиядан – Түркия, Сауд Аравиясы, Қытай болды. Шеттен келетін негізгі тауар түрлері –резина бұйымдар, дәрі-дәрмек, қант, алкоголь, тоқыма, түрлі химиялық өнімдер болса, сыртқа –тері, шикізат, жүн, ұн, ет өнімдері шығарылды.

Ал 2000 жылдың 9 айында қала кәсіпорындары 6 млрд теңгеге өнім шығарып, бұл 1999 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,3% артық өнім шығаруды көрсетті. «Зенит», «Аяз» акционерлік қоғамдары мен «Аист», «Надежда» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестіктер қаланың тұрмыстық жағдайын көтеру мақсатында Қарашығанақ кен орнын игеруші шетелдік фирмалармен белгілі бір жұмыс түрін атқару үшін немесе қызмет көрсету үшін шарт жасасты. 1990-жылдардың ортасына дейін қала халқы өте үлкен тұрмыстық ауыртпалықты бастан кешіргенмен, 1990-жылдардың аяғынан қала халқына өмір сүрудің сан алуан көздері ашылды. Оны С.3- қосымшадан көруге болады.

Сөйтіп тәуелсіздік жылдарында қала әкімшілігінің көлеңкелі жайттарды жою шараларын жүзеге асыру барысында халыққа қызмет көрсету салалары ретке келтірілді. Нәтижесінде халықты толық қамтамасыз ету мақсатында 2011 жылдың 1 қазанына қала бойынша халыққа қызмет көрсету саласында 1345 дүкен мен сауда үйлері, 28 базар, қоғамдық тамақтандырудың 344 объектілері, 183 шаштараз, киім тігу мен жөндеу бойынша 21 ателье, 85 авто шеберхана, 135 дәріхана, 47 автозаправкалық станциялар, аяқ киімді тігу мен жөндеу бойынша 48 шеберхана, 33 монша мен сауналар жұмыс істейді.

Қала халқына қызмет етудің бір түрі жолаушы тасымалы болып табылады. Кеңес кезінде қалада 12-13 маршрут болып, 100 шақты автобус жолаушыларды тасымалдаса, нарық заңы жаңа өзгерістерді әкелді. 1993-94жылдарда қалада күніне 50 автобус халыққа қызмет көрсетті. Бұл қажетті мөлшердің 60% ғана болды. Сондықтан бұл салада да халық қажеті толық өтелмеді. Тек 1999 жылдарда ғана жолаушылар тасымалдау ісі жолға қойылып, қаланың барлық бағыттарына жолаушы көліктері шығарылып, 2000 жылы 52 маршрут 500-ге жуық автобус халыққа қызмет көрсетті.

Негізінен 1990 жылдардың аяғында қаладағы автокөлік түгелдей жекешеленді. Жолаушыларды жекеменшік көлікпен тасу қызметі дами бастайды. Жолаушыларды тасумен айналысатын автобус парктері де нарықтық қатынастар жағдайына көшіп, акционерленіп, маршруттар тендер бойынша қызмет көрсете бастады. «Автопарк» кәсіпорны, «Дилижанс» АҚ құрылып, оның жұмыстары жолға қойылды. Жол мәселесіне қатысты мәселелермен қалалық жолды пайдалану мекемесі айналысып, 1990 жылдардың аяғында қаланың 379 шақырым жолын асфальттаған. Қаладағы 34 мыңнан астам автокөліктің 25% 5 тоннаға дейінгі жүктерді таситын көліктер болды, олар жыл сайын 71 миллион тонна жүк тасымалдап отырған.

Қазіргі таңда қаланың жүк автомобиль көлігі қызметін «Эра» ӨК, «Авто» ӨК, «Амрита» ЖШС, «Оралавто» ЖШС, «Мөлшер» ЖШС, «Пластикавтотранс» ЖШС, «Uniserv» ЖШС, «Казавтотранс» АҚФ, «Avto-Trast-Contract» ЖШС, «Қазавтотранс-Батыс» ЖШС, «Трансагенство» ААҚ, «Автокомбинат» ЖШС, «Казросимпорттранс» ЖШС, «КК Орал-Камаз» ЖШС, «Дат-Көлік» ЖШС, «Темірат» ЖШС кәсіпорындары ұсынады. Қоғамдық көлік бойынша Орал қаласында 7 кәсіпорын 35 қала маршруты және 14 саяжай маршруты бойынша қызмет көрсетеді. Жол желісіне күніне 6 автобус және 172 шағын автобус, ал саяжай маршрутына-14 автобус және 1 шағын автобус шығады. Мұның өзі қала халқының көлік қызметімен қамтамасыз етілгенін көрсетеді.

Халыққа қызмет көрсетудің келесі түрі – темір жолға келсек Орал қаласының темір жолы Привольжск және Батыс Қазақстан темір жолы магистраліне қызмет етті. Темір жол құрылымын жетілдіру бағытында 1997 жылы 31 қаңтарда ҚРҮкіметінің қаулысымен Алматы, Тың және Батыс Қазақстан темір жол бөлімдері біріктіріліп, республикалық мемлекеттік «Қазақстан темір жолы» кәсіпорны құрылды. Ал 2002 жылы бұл кәсіпорын «Қазақстан темір жолының ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамға айналды. Темір жол көлік қатынасының барлық түрлері бойынша тасылатын жүктің төрттен үш бөлігін, жол жүретін адамдардың үштен бір бөлігін өз үлесіне алады. Темір жолдың Локомотив паркі иелігіндегі 57 тепловоздың 27-сі жүк тасымалына, 1-і маневр жасауға, 17-сі жолаушылар тасуға арналған. Темір жол желілерін қайта жаңғырту ісі, жаңа

бағыттарды енгізу ісі қолға алынып отыр. Автомобиль, темір жол көліктерімен қатар әуе жолы қызметі де жолға қойылған. Қала сағатына 200 жолаушыны қабылдап, өткізе алатын уақыт талабына сай жабдықталған аэровокзалды иеленумен қатар, 1993 жылы Орал қаласының әуежайы «халықаралық» деген статус алып, Ганновер, Лондон, Алматы, Ақтау тағы басқа бағыттағы ұшақтарды қабылдады.

1990-жылдардың басында қаланың мәдени өмірі де дағдарысты бастан кешірді, әсіресе халыққа білім беру ісі, интеллигенция жағдайы қиындады, олар «жаңа кедейлер» қатарын толықтырды. Мұғалім еңбегінің құнсыздығы, оның үстіне жалақының кешіктіріліп берілуі педагог кадрлардың білім беру саласынан кетіп қалуына әкелді. Мысалы, 1993-1994 оқу жылында қалада 330 мұғалім педагогтық жұмыстан кеткен, оның 137-сі басқа жаққа көшті. Өйткені мұғалім жалақысы оның тұрмыстық жағынан қамтылуына жетпеді. Мысалы, орташа еңбек ақы мөлшері 8334 теңге болып отырған кезде 1998 жылы мұғалімнің жалақысы 6946 теңге болып, ең төменгі жалақы мөлшерін құрады.

1994 жылдың басында қаланың білім беру басқармасының жүйесінде 37 жалпы білім беретін мектеп пен 1 жұмысшы жастар мектебі, онда 33979 оқушы болса, 1999 жылы 55 жалпы білім беретін мектеп, онда 40784 оқушы болған. Дағдарыс кезеңінде қиындыққа ұшырап қысқарған мектепке дейінгі балалар мекемесі болды. Қала бойынша 1991 жылы 93 мектепке дейінгі балалар мекемесі, онда 15772 бала тәрбиеленген болса, 1997 жылы 33 мектепке дейінгі балалар мекемесі, онда 5673 бала, 1999 жылы 28 бала бақша, онда 4418 бала тәрбиеленген және 17 мектептен тыс мекемелер болды.

Осы кезеңдегі бала бақша мекемелерінің қысқаруы оның ғимараттарының көпшілігін мектеп үйлеріне берумен де байланысты болды. Мысалы, 4-ықшам аудандағы «Тұлпар» балалар бақшасы №24 мектепке, «Елочка» бала бақшасы №42 мектепке берілді. Бірақ қала халқының өсу жағдайында мұндай орын босату ісі мектеп пен мектепке дейінгі мекемелерге деген сұранысты қамтамасыз ете алмады. Қала халқының өсу қарқынына орай мектептерде орындар жетіспеді, оқу өте қолайсыз жағдайда жүргізілді, мектепке дейінгі мекемелерге ұзақ уақыт бойы кезекте тұруға тура келді, тіпті кейбір балалардың

орынның жетіспеушілігінен бала бақшаға баруға мүмкіндігі болмады.

Дегенмен тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттің стратегиялық даму жоспарларынан бұл мәселеде шет қалмай, бала бақшамен қамту мәселесі де біртіндеп жолға қойылып, бала бақша 1999ж.33-ке, 2008ж. 39-ға, 2011ж. 43-ке жетіп, мектеп алды даярлығын жүзеге асыру үшін мектептер жанынан шағын орталықтар ашыла бастады.

Дағдарыс кезеңінде мектептердегі күрделі мәселелерді шешу үшін мектеп пен рынок байланысы орнатылып, «Школьник» деп аталатын кооператив құрылып, ол 1994 жылдың I жарты жылдығында 84 мың теңгенің өнімін шығарып, өткізді. Нарықтық қатынастар бағытында №5,16,17,21 мектептердің оқу шеберханалары жақсы тәжірибелерді жүзеге асырды. Олар 1994 жылдың он айының ішінде 53,4 мың теңгенің өнімін жасап, өткізді. Бұл жылдарда дағдарыс қысымшылығына қарамастан мектептердің барлығы сақталып, көптеген трестер мен мекемелерге қараған бала бақшалар балансқа алынды. Бірақ мектептегі ең күрделі мәселе еңбек ақының төмен болуы. Бұл жылдарда орташа жалақы мынадай көлемде болған:

Мектеп директоры – 1393 теңге;

Мұғалім – 760 теңге;

Тәрбиеші – 319 теңге;

Төменгі жалақы – 150 теңге.

1994 жылы бюджеттің 60%-інің шамамен 80,6 млн. теңгенің халыққа білім беру ісіне -38,5% жұмсалған. Қала бюджетінен тиісті дәрежеде қаржының бөліну мүмкіндігінің жоқтығына орай мектептер жыл сайынғы жөндеу жұмыстарын базалық мекемелердің, демеушілердің, ата-аналардың есебінен жүргізген. Осылайша мәдениеттің қайнар көзі – мектеп ісі 1990 жылдардың аяғына дейін өте үлкен қиыншылықты бастан кешіріп, бұл қаладағы білім беру ісінің төмендеуіне әкелді. Тек 1990 жылдардың аяғынан бастап қалаға келген инвестиция мектеп өміріне де өз айшығын берді. Мектеп ісі жанданып, мектептер заманға сай компьютерлендіріліп, жөндеу жұмыстары қолға алынды. Тіл мәселесінің көтерілуі мен жергілікті ұлттың үлесінің қалада басым орын ала бастауы қазақ тіліндегі мектептердің ашылуына мүмкіндік берді.

1991 жылы қалада 45 мектеп, оның 2 ғана таза қазақ мектебі, онда 33107 оқушы болса, 1999 жылы 55 мектеп, онда 40784 оқушы, ал 2000 жылы 41312 оқушы оқып, 1999/2000 оқу жылында -2879 мұғалім жұмыс жасаған. Қазақ мектептерінің қатары 10-ға жетіп, 5 аралас мектеп жұмыс жасады.

Өтпелі кезеңнің қиыншылығына қарамастан тәуелсіздік алғаннан бастап білім беру ісінде маңызды өзгерістер жасалды. Жалпы орта білім беретін мектептер 2000-2011 жылдары шетел компанияларының қолдауымен жаңа үлгіде №10,42,44, Н.Ә.Назарбаев интеллектуальдық мектептерінің, есту қабілеті нашар дамыған балалар мектебінің қосымша ғимаратының жаңа құрылыстарымен толықты.

Жоғарғы оқу орындарына келсек 1992 жылы қалада 3 жоғарғы оқу орны болған, онда 8470 студент оқыған, оның 2393-і қазақ болды. Ал 8 орта арнаулы орнында 7325 оқушы оқыған, оның 1339-ы қазақ болған. 1999 жылы қалада филиалдарымен қоса алғанда 15 жоғары оқу орны, оның 6-ы мемлекеттік болып, онда 12,9 мың студент оқыған болса, 2009 жылы 4, оның 2-і мемлекеттік оқу орын болды. Тәуелсіздік жылдарында қаланың ЖОО дамуының басты көрінісі ғылыми зерттеу орталықтарының қалыптасуы мен ғалымдар қатарының өсуі болды. Мысалы, 2003 ж. 6, 2008ж. 10 ғылыми зерттеу ұйымдары, 2003 ж. 5 ғылым докторы, 40 ғылым кандидаты, ал 2008 ж. 28 ғылым докторы, 187 ғылым кандидаты болды. Олардың қатарында М.М.Фартушина, Т.З.Рысбеков, Б.Қ.Бірімжаров, М.Н.Сдықов, И.Н.Кенжалиев, П.Р.Букаткин, Б.Ғ.Шынтемірова, Х.И.Қожабергенова, Қ.К.Бозымов т.б тәуелсіз Қазақстанның маман кадрларын даярлауда елеулі үлес қосты. Ғылыми-зерттеу ұйымдарының ішінде 2002 жылы құрылған Батыс Қазақстан тарих және археологиялық орталығы (дир.т.ғ.док. М.Н.Сдықов) қала мен облыстың тарихи-мәдени ескерткіштерін зерттеуде маңызды орын алып отыр.

Білім беру ісімен қатар жүретін Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі бағыттарының бірі –халықтың денсаулығын қорғау мәселелері. Адамның денсаулығын қорғау мәселесі кез келген өркениетті қоғам мен мемлекеттің басты міндеті, әрі борышы болып табылады. Қазақстан республикасының Ата заңының 29-бабында республиканың әр азаматының өз денсаулығын қорғауға, сақтауға құқығы бар екені де атап

көрсетілген. Осы маңызды сала -денсаулық сақтау ісіне келетін болсақ өтпелі кезеңде бұл саланың жағдайы да мәз болмады. Бұл кезеңде қалада 785 кереуетке есептелген 6 аурухана мекемесі мен поликлиникалар, 120 кереуеттік балалар үйі мен жедел жәрдем станциясы болды. 1993ж 10 мың адамға 38,8 кереуеттен келсе, 1994жылы 1 августіне 31,8 кереуеттен келген. Қаржыландырудың қиындығынан облыстың барлық балаларына хирургиялық көмек беретін қалалық балалар ауруханасында 100, перезентханада 65 кереует қысқарған. Басқа бюджеттік мекемелердегі қызметкерлер сияқты денсаулық саласында істейтін дәрігерлер мен медбикелердің қатары да еңбек ақысының аздығына, денсаулық сақтау мекемелерінің қысқаруынан азайды. Мұның өзі дәрігерлік көмек көрсетудің төмендеуіне әкелді. Мысалы, облыс пен оның орталығы қалада дәрігерлік көмек көрсету 1991жылмен салыстырғанда 1994 жылы 10 мың адамға кеміген. Бұл бүкіл облысқа хирургиялық көмек көрсетудің, босанатын әйелдерге көмек берудің, туылу деңгейінің төмендеуіне әсер етті. Мұның нәтижесінде қаладағы жас балалар өлімі көбейіп, өкпе, инфекциялық аурулар күшейді. Мысалы, 1993 жылы бір жасқа дейінгі 33 бала өлсе, 1994 жылдың өзінде 54 бала өлген.

Денсаулық саласын жетілдіру, қаржыландыру жүйесін түпкілікті өзгерту мақсатында 1994 жылдың 1 сәуірінен қалалық денсаулық сақтау мекемелері (инфекциялық аурухана мен балалар үйінен басқасы) сақтандыру медицинасына көшеді. Бұл мемлекеттік бюджет пен мекемелер мен ұйымдардың емдеу мекемелерінің диагностика, емдеу мен профилактикалық жұмыстарға шығынын қамтамасыз ету үшін бөлген төлемдерінің есебінен жасалған ерекше ақша қоры ретіндегі жаңа сақтандыру полисі болды. Мұнда қаржыландыру жұмыс беруші мекемелер мен кәсіпорындардың төлемі есебінен ұлғайтылды.

Сөйтіп үкімет тарапынан, жергілікті әкімшілік тарапынан жүргізілген шаралар қаланың денсаулық сақтау ісінің жұмысын біртіндеп жолға қоюға мүмкіндік берді. Егер 1991 жылы қалада 97 денсаулық сақтау мекемелері болып олар 1995 жылы 58-ге қысқарды. 1995 жылдан бастап денсаулық сақтау ісіне де инвестицияны тарту ісі қолға алынды. Қаладағы денсаулық сақтау саласына 1995жылы- 7,5 млн, 1996ж. – 23,1 млн теңге инвестицияның келуінің барысында дәрігерлік мекемелер орындары жөнделіп, жаңа медициналық құрал-жабдықтар

алынып, жаңа қосымша ғимараттар салына бастады. Үкімет денсаулық саласын қалпына келтіру үшін 1997 жылы 17 маусымда «ҚР-ның азаматтарының денсаулығын қорғау туралы» арнаулы заң қабылдады. Осы заңда жүзеге асыру мақсатында 1998 жылы 18 мамырда елбасының «ҚР азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту» жөніндегі бірнеше кезеңдік шараларды бекіту туралы жарлығы жарияланды. Жарлық бойынша республикадағы қалыптасқан күрделі эпидемиологиялық жағдайды ескеру, дәрігерлік қызмет көрсету және денсаулық сақтау ісі қызметкерлерінің санын көбейту көзделді. Осындай шаралар нәтижесінде 90-жылдардың аяғында қалада 65 мемлекеттік емдеу-поликлиналық мекемесі, 12 аурухана, 3 ішкі істер басқармасының медициналық мекемесі, онда 1083 дәрігер, 2391 орта дәрігерлік қызметкерлер жұмыс жасап, халыққа қызмет көрсетті. Қаладағы денсаулық сақтау саласында атқарылған істер республикадағы салауатты өмір сүру салтын насихаттаудың басты негізі ретінде жүзеге асты.

Қала өмірінің барлық саласын ұйымдастырушы қала әкімшілігі өзіне келіп түскен барлық шешімдер мен нұсқауларды, заңды бақылауға алып, жүргізіп отырған. Мысалы, 1999 жылы келіп түскен 78 шешімнің 63-і бақылауға алынып, 37-сі орындалып, 4-і бойынша шаралар жасалған. 2000 жылдың I жартысында қала әкімі аппаратының жалпы бөліміне 1796 құжат келіп түскен, оның ішінде 4-Президиум бұйрығы, 31- Үкімет Қарары, 46-облыс әкімінің шешімі, 1708-мекемелер мен ұйымдардан келіп түскен. Бұл документтер мынадай мәселелерді қарастырған: 108- тұрғын үй мәселесі бойынша, 57- құрылыс, күрделі жөндеу, құрылыс үшін жер учаскелерін бөлу, 29- коммунальдық мәселелер, көріктендіру, жол жөндеу, 44- транспорт пен байланыс мәселесі, 53- сауда мәселесі, 58- әлеуметтік қамту мәселелері, 1330 – басқалай мәселелер туралы болған.

Жалпы қала әкімшілігінде мынадай көлемде шешімдер қабылданған:

Жылдар	Жазбаша	ауызша
1998 ж.	1797	424
1999 ж.	1438	845
2000 ж.	1838	998

Мұндай шешімдердің орындалуы қатаң бақылауға алынып отырды. Мысалы, 1999 жылы қала әкімінің 62 шешімі мен нұсқауы бақылауға алынған, онда нақты тапсырмалар мен орындалу мерзімі де нақты көрсетілді. Неғұрлым сапалы ақпаратты берушілер Білім беру басқармасы (Бисембаева С.И.), Экономика басқармасы (Алиева К.А.), Санэпидемстанция (Куяниченко А.Н.) болды. Қаладағы басты көкейтесті, маңызды шешімін табуға тиісті мәселелер қала әкімшілігінің арнаулы мәжілістерінде қаралып отырған. Мысалы, жанұя мен әйелдер ісі жөніндегі мәселе, жасы ұлғайған адамдар жылын өткізу тағы басқалары.

Сондай-ақ облыс көлемінде өршіп отырған туберкулез ауруына қарсы күресу үшін 1998 жылдың 15 қазанында қала әкімшілігі жанынан координациялық кеңес, СПИД-пен күрес орталығы құрылған, Қазақстан Республикасы үкіметінің 1992 жылғы 22 желтоқсанындағы №1778 «Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заңын жүзеге асыруға сай 1999 жылы қалалық әкімшілікте 5 рет мәжіліс өткізіліп, 29 куәлік берілген.

Қаланың қоғамдық-саяси және мәдени өмірінің белсенді ұйтқысы «Факел», «Арай», «Ровесник» сияқты мәдени-ағарту бірлестіктері мен кітапханалар жанындағы «Адам және Заң», «Контакт», «Замандас» клубтары болды. Олар көптеген әңгімелер, кездесу кештерін ұйымдастырып, салауатты өмір салтын насихаттаған.

Қоғамды қайта құру, қоғамдық-саяси ахуалды жандандыру барысында әртүрлі ұлттар арасындағы қайшылықтардың күшеюі Орал қаласында да өз көрінісін тапты. Бұл ең алдымен қазақ тілі мәселесіне байланысты болды. Егемендігін еншілеп, еңсесі көтерілген республикамыздың күнделікті өмірінің көкейтесті мәселесіне айналған қазақ тілінің Орал қаласындағы жай-күйі қандай деген мәселеге келсек тұрғындардың көбі тек ауызекі сөйлесіп, күнделікті тұрмыстық тілмен шектелетіні орын алған. Мысалы, 1999 жылғы санақ бойынша 221855 қала халқының 120361-і қазақ тілін мүлде білмейтіндер, 101494- қазақ тілін білетіндер, 37899-қазақ тілін оқып жатырғандар болған.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде еркін орныға алмауына себеп болған жағдайлар:

- Ұзақ жылдар бойы қазақ тіліндегі қалалық мектеп пен бала бақшаның болмауы;
- Ұлт өкілдерінің қазақ тілін толық мойындамауы.
- Қос тілділік мәселесінің ұзақ талқыға салынуы.
- Мектептерде ұзақ уақыт бойы қазақ тілінің тиісті дәрежеде оқытылмауы және тіл маманымен қамтамасыз етілмеуі.

Мысалы, 1991-93 жылдарда қаланың орыс мектептерінде 23 қазақ тілі пәні мұғалімі жетіспеген, бұл пәнді орта арнаулы білімді немесе басқа мамандық иелері жүргізген.

Мұндай жөнсіздіктерді түзету мақсатында қаладағы балалар бақшасының жанынан қазақ топтары құрылады, қазақ мектептерінің саны көбейтіледі, орыс мектептерінде қазақ тілі пәнін оқыту енгізіледі, жоғарғы және арнаулы оқу орындарында қазақ топтары ашылып, орыс топтарында қазақ тілі пәні оқытыла бастайды. Нәтижесінде 1999 жылы қалада 10 қазақ мектебі жұмыс жасайды.

Республиканың барлық аймақтарында азды-көпті орын алған демографиялық өзгеріс Орал қаласында болды. Нарықтық экономика кезіндегі қиыншылықтарды жеңе отырып, дамып, өркендеген Орал қаласы 1990-жылдарда халықтың қоныстануының негізгі орталықтарының біріне айналды. 1997 жылы қала халқының саны 241,0 мың адамға жетіп, қала тұрғындары мынадай құрамда болған: ересектер -112 мың, 7 жасқа дейінгі балалар -29 мың, оқушылар -39,6 мың, орта арнаулы оқу орындарындағы студенттер -7,7 мың, жоғарғы оқу орындарындағы студенттер -6,9 мың, зейнеткерлер – 45,8 мың. Қала халқының ішінде еліміздің, соның ішінде Орал қаласының өтпелі кезеңде бастан кешкен қиындықтарына шыдамай басқа ұлт өкілдері басқа аймақтарға қоныс аударды. Облыс бойынша ТМД елдеріне көшкен 678 эмигранттардың 446-сы, яғни 66% Орал қаласының тұрғындары болған. Мысалы, облыс бойынша басқа ұлт өкілдерінің санына тоқталсақ, 1999 жылғы санақ мәліметі бойынша облыста 399030 қазақ, 174018 орыс, 19634 украин, 3577 белорус, 2434 немістер болған. Қалада 222,9 мың адам тұрған, оның 81897-қазақ, 119532-орыстар, 5676-татарлар, 7870-украиндар, 1362-немістер, қалғаны басқа ұлт өкілдері болған. Осындай мөлшердегі қала халқын қамтамасыз ету үшін 37 қалалық, 10 қала маңындағы, 33 аудан аралық, 5 халықаралық маңыздағы маршруттар шығарылған. Осы жылдардағы қала

халқының өсуі мен азаюына бірден-бір әсер еткен фактор таяу және алыс шетелден келген халық миграциясы мен оралмандардың келуі болды. Мысалы, 1996 жылы қалаға 5452 адам келсе, 4816 адам кеткен. Ал 1999 жылы 2969 адам келіп, 7049 адам кеткен, оның ішінде алыс және таяу шетелден 447 адам келіп, 5515 адам кеткен. 1990-жылдардағы ең бір өткір мәселе – жастар мәселесі болды. Облыс бойынша жастар халықтың жалпы санының 57,2% құраған. 1993 жылы облыстың халық шаруашылығында 246217 адам еңбек еткен, соның 25,4% 30 жасқа дейінгі жастар болған. 1993 жылдың I жартысында еңбек биржасына 1356 жас тіркелген, соның ішінде 1992 жылы оқу бітіргендерден 96-сы –КТУ түлегі, 92-техникум, 30-жоғарғы оқу орнын бітіргендер болған. Сонымен жастар мәселесінде ерекше орын алған бірінші, жұмыс пен кәсіпкерлік іс, екіншісі –тұрғын үй мәселесі болды. 1993 жылдан бастап тұрғын үй мәселесін шешу үшін жастарға несие беру ісі жүргізілуде. 1993 жылдың I жартысында несие алған 1209 жастың 867-сі несиені үй салуға, 176-сы үй сатып алуға алған.

Елдегі дағдарыс кезеңінде жастар кәсіпкерлік іспен айналысуды өздерінің әл-ауқатын арттырудың көзі деп есептеп, өздерінің көзқарастарын өзгерте бастайды. Оның дәлелі, егер 1992 жылы қаңтарда жастардың тек 18% кәсіпкерлікпен шұғылданса, 1993 жылы ол 57%-ке жеткен. Сондай-ақ осы кезде жастардың «Ақ жаңбыр», «Посткриптум» сияқты шығармашылық ұйымдары құрылып, жұмыс жасайды.

Әлеуметтік мәселелердің ішінде шешімі өте қиын, кедергісі көп мәселе – экологиялық жағдай. Кеңестік кезеңде бұл мәселе назардан тыс, декларативтік сипатта қалған мәселе еді. Тек 1991 жылы 18 маусымда тұңғыш рет республика тарихында «Қазақ КСР-де айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы» заң қабылданып, қоршаған ортаны қорғау мәселесі көтеріле бастады. Қоршаған орта адам денсаулығы мен болашақ ұрпақты аман сақтаудың ортасы екені, сондықтан оны тиімді пайдаланып, қорғау қажеттігі республикалық экология және биоресурстар министрлігі тарапынан қолдауға ие бола бастады. Осы кезден бастап бұл өкілеттік орган қоршаған ортаны қорғау ұйымдары мен одақтарына мүше бола бастады және олардың ұсыныстарын қолдауға тырысты. 1994 жылдан бастап Үкімет экологияға, қоршаған ортаны қорғауға қатысты көптеген заң жобаларын

қабылдай бастайды. Мысалы, 1995 жылы таза ауа, ауыз сумен қамтамасыз ету туралы заңдар, 1997 жылы 15 шілдеде «қоршаған ортаны қорғау» туралы заң қабылданды. Осы заңның 14-ші бабында «Табиғи ресурстарды игеру табиғатты пайдаланушы жек және заңды тұлғалар келісім шартқа отырып, экологиялық талаптарды орындауға тиіс» деп көрсетсе, 29-бабында «Қоршаған ортаны ластағаны үшін төленетін ақы ластайтын заттарды шығарғаны және оны тастағаны, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін ұйымдар мен азаматтардан алынады» деп аталған. Ал бұл төлемдер мөлшерін әрбір облыс әкімінің шешімімен облыс мәслихатының сессиясы бекіткен.

1990-жылдардан бері қарайғы уақыттың ішінде облыс аймағымен қатар қаланың да экологиялық жағдайы күрделеніп отыр. Облыстың қоршаған ортасын ластаудың басты көзі – Қарашығанақ кен орны. Бұл кен орнындағы өндіріс процесі кезіндегі атмосфераға шығаратын улы заттарының мөлшері 1997 жылы 4,3 мың тоннаны құраған. Бұл улы заттар ауа арқылы таралып облыс халқының денсаулығының нашарлауына, адамдардың өмір жасының ұзақтығының азаюына әкеліп отыр. Облыс пен оның орталығы қаланың ауасының ластануының тағы бір көзі – автокөліктер. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап облыс, қала экономикасының өсуі автокөліктердің көбеюіне әсер етті. 1999 жылы облыс бойынша 53 мыңдай автокөлік тіркелген, олар жыл сайын шамамен 45 мың тонна улы қалдықтарды атмосфераға таратып отырады. Мұның өзі облыс пен қалада түрлі аурулардың күшеюіне әкелді. 1996-1997 жылдары Батыс Қазақстан облысында тері аурулары -34,5 есе, анемия болып туғандар -30,7 есе, есту мүшелерінің кемістігімен ауратындар – 23,5 есе, асқазан ауруларымен ауратындар – 18,5 , астма аурулары -14,7, гипертониялық аурулар -9,7, туберкулез 2 есеге, психикалық аурулар -2,3 есеге өскен.

Осындай экологиялық жағдайдың зардаптарын азайту мақсатында облыста да, қалада да жергілікті әкімшілік санитарлық-экологиялық айлықтар ұйымдастырады. Мұндай айлықтар кезінде қала аумағы лас-қоқыстардан тазартылып, ағаштар отырғызылып, көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі. Мысалы, 1998 жылы қалада жүргізілген сенбілікте 251,2 гектар жерге ағаш отырғызылған.

Орал қаласында қалалық әкімшіліктің шешіміне орай 1998 жылдан бастап әр аптаның бейсенбісі санитарлық күн деп белгіленген. Қоршаған ортаның тазалығын сақтау мен қорғау ісін қаладағы санитарлық-эпидемиялық станция, экологиялық полиция бөлімі тексеріп отырған.

Орал қаласы творчестволық ұйымдарды тартқан орта болды. Тәуелсіздікті алу нәтижесінде қала мәдениетпен өнердің биік дәрежесіне жетті. Оның дәлелі кеңестік кезеңде жабылып қалған қазақ драма театрының қайтадан ашылуы, орыс-қазақ драма театрларының қатар өмір сүруі. Бұл кезеңде қалада халыққа мәдени-саяси бағытта қызмет көрсетуші филармония, 6 кинотеатр, 4 мұражай, 11 мәдениет сарайлары мен клубтар, 1 миллион том кітап қоры бар 24 кітапхана болды. Қаланың мәдени келбеті ретінде жұртшылыққа танымал әртістер Қ.Қожақов, В.Попов, С.Таудаева, Ж.Рахимова, Ш.Есенғұлова тағы басқалары болса, өнер ұжымдары ретінде қалыптасқан «Ақ жайық» ансамблі, «Адажио» балет студиясы тағы басқалары болды.

Адамдарды салауаттылыққа тәрбиелеу мақсатында қалада спорт-туризм ісі де дамыды.

Ел басымыз Н.Ә.Назарбаев елдің әлеуметтік даму стратегиясын нақты көрсетті. Бұл стратегияның негізгі бағыттары.

- еңбекке қабілетсіз және дәулеті аз топтарды, яғни зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы отбасыларды, оқушы жастарды мемлекеттік қолдау және әлеуметтік жебеу жүйесін құру;
- Ғылымға, мәдениетке, білім беруге және денсаулық сақтауға мемлекеттік қолдау;
- Жұмыссыздықпен күрес, әлеуметтік мәселелер жиынтығын шешу, кедейшілікті жою, экологиялық қауіптің алдын алу;
- Ана мен бала денсаулығын қорғау мәселелеріне көңіл бөлу болып табылған еді.

Осыған орай 1990 жылдардың аяғынан республиканың маңызды орталықтарының бірі ретіндегі Орал қаласы әкімшілігі мемлекеттік бағдарламалар бағыттары бойынша жұмыстар жүргізуді қолға алды. Бұл бағдарламаларды жүзеге асыруда инвестицияның орны ерекше болды. Әсіресе 2000 жылдардан кейінгі инвестицияның жүйелі тартылуы нәтижесінде қаланың

дамуы қарқынды жүрді. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 2005ж. 91859,9; 2008 ж. 225963,4 млн теңгеге жетсе, оның салалар бойынша бөлінуі мынадай сипатта жүрген:

	2005 ж.	2008 ж.
Білім беру саласы	9007	42441
Денсаулық сақтау	17289	28358
Әлеуметтік және коммунальдық қызмет	4406	39228
Құрылыс монтаж жұмыстары	4558834	800193

Ал 2010-2011 жылдардағы негізгі капиталға тартылған қала инвестициясының көлемі 25626,1 млн. теңгені (алдыңғы жылға 128,6%) құрады, соның ішінде: бюджет қаражаты есебінен – 13004,8 млн.теңге (146%), ұйымдар мен кәсіпорындардың қаражаты есебінен – 11159,9 млн. теңге (124%), шетел қаражаты есебінен – 1461,3 млн. теңге (73%).

Бұл қаражатқа қалада 150 төсекке арналған онкологиялық диспансердың құрылысы аяқталды, «Самал» шағын ауылында 360 орындық балабақша, Зашаған кентінде 110/35кВ подстанциясының құрылысы және канализациялық тазартқыштың құрылысы жалғасып, жергілікті бюджеттен Круглоозерное кентінде амбулатория салынды.

Негізгі капиталға тартылған барлық инвестицияның 25,9%-ға жуығы өнеркәсіп саласына (6634,9 млн.теңге), білім саласына – 8,2% (2090,1млн.теңге), саудаға – 4,4% (1130,9 млн.теңге), көлік саласына – 13,6% (3488,8 млн.теңге) бағытталды.

Жалпы 2010-2011 жылдарда қаланың құрылыс салушыларының жұмыстарының барысында нақты құны 6013,1 млн. теңгені құрайтын 130 нысан іске қосылды, соның ішінде: жалпы алаңы 3043 шаршы метр болатын 36 сауда дүкендері, 2340 орындық кафе және асхана, 2 сауда үйі, 3 автотұрақтар, спортзал, авто жуу және т.б.

Сонымен біз жоғарыда нақты тарихи құжаттар арқылы дәлелдеп көрсеткеніміздей тәуелсіздік жылдарында қаланың инфрақұрылымы мен мәдени өмірі айтарлықтай өзгерді. Алдағы уақытта да қаланың жан-жақты дамуы осы бағытта жүзеге асса онда қала республиканың алдыңғы қатарлы дамыған, көрікті қалаларының біріне айналатыны сөзсіз.

Сөз соңы

2006 жылдың 3-4 қазан аралығында Орал қаласында өткен Қазақстан-Ресей достық форумында Ресей президенті В.В.Путин «Біздің ортақ форуммыздың кездесу орын ретінде Орал қаласы, талас жоқ, өте сәтті таңдалып алынғанын атап көрсетуге тиіспін. Бұл аумақ Ресей мен Қазақстанның мемлекеттік шекараларының ең ұзын бөлігін құрайды. Яғни ол 1532 шақырымға созылып жатыр. Әрі онымен бес бірдей Ресей аймағы шектеседі. Орал қаласының тек өзіне ғана тән қайталанбас кескін-келбеті мен айшықты ажары бар екен. Ол Ресей мен Қазақстандағы қалалардың бірде-біріне ұқсамайды. Сондай-ақ бұл қаланың аса бай тарихы бар екені бәрімізді де қызықтырады. Әрі оның келешегінің кемел болатынына да күмәнім жоқ. Орал қаласының тағы бір басты ерекшелігі ол Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде орналасқаны деуге болады» деп өз пікірін білдірген еді. Біздің ел басымыз да Батыс Қазақстан облысының орталығы ретінде қаланың әдемі де әсем қала екендігін айта келіп, Орал әлем назарындағы шаһар екендігін жеткізді. Қаланың мұндай сипаттамаға ие болуы оның ұзақ жылдар бойғы даму, өркендеу тарихына байланысты екендігі сөзсіз. Еуразия кіндігінде орналасқан Орал қаласының тез де, қарқынды дамуы соғыстан кейінгі кезең болды. Соғыстан кейінгі төртінші бесжылдық жоспары жалпы Орал қаласының экономикалық деңгейінің көтерілуіне және оның ары қарай дамуына жол ашса, қала өнеркәсібінің қарқынды дамуы сегізінші және он екінші бесжылдықтар арасында жүзеге асты.

Қала кәсіпорындарының шығарған жалпы өнімі үнемі өсіп отырды. Әсіресе өндірістің жетекші салалары ретінде: машина жасау, тамақ өнеркәсібі, құрылыс индустриясы 1950-1970 жылдарда қарқынды дами бастады. Бұл салалар ішкі республикалық еңбек бөлінісінде Орал қаласының өзіндік қомақты үлес алуына мүмкіндік берді. Қалада ірі өндіріс ошақтарының салынды. Мысалы, жаңа асфальт зауыты, сүт зауытымен, қабырға материалдарын шығару зауыты, жылу-энергетикалық орталығы, нан зауыты, «Сантехдеталь» кәсіпорны болды. Бұл өндіріс орындарының барлығы жоспарлы экономикаға толық сәйкестендіріліп, жоспарлар мен міндеттемелерді орындау бағытында жұмыс жүргізді. Қала құрылысын жетілдіру, дамыту мен жақсарту, көркейту мен

көгалдандыру ісі қала әкімшілігі үшін қай уақытта да кезек күттіртпейтін мәселеге айналды. Нәтижесінде қазіргі таңда қала республикадағы тарих қойнауына бай, сәнді де әдемі қалалардың біріне айналды.

1946-1970 жылдар арасында қаланың экономиканы қалпына келтіру, өндірісті жүйеге келтіру міндетін жүзеге асыруында мына шараларды маңызды деп айтуға болады:

-Одақ белгілеген соғыстан кейінгі бесжылдықтар жоспарын орындау жолындағы жұмысшылардың еңбегін ұйымдастыру жұмыстарының жүргізілуі;

-1950-1970 жылдары қалада жаңа өндіріс орындарының ашылуы;

-1970-1990-ші жылдарда қала экономикасын өндірісті техникалық тұрғыдан қайта жабдықтау, өндіріс технологиясын жаңарту, өнімнің сапасы мен түрлерін жақсарту, еңбекті жетілдіру жолдарын іздестірумен және қайта құруға бағытталған әрекетімен ерекшеленуі. Бірақ осы қайта жабдықтау ісі көбінесе салғырттау жүргізіліп, қолда бар мүмкіндіктер толық пайдаланылмады. Кейбір кәсіпорындар мен өндірістік бірлестіктер өз өндіріс орындарын кешенді түрде техникалық қайта жабдықтаудың орнына өндіріс қуатын арттыруға шамасы келмейтін жекелеген механизмдер мен машиналарды ғана жаңартумен шектеліп отырды. Бөлінген күрделі қаржының өзі де жартылай игерілген. Кейде кәсіпорындарды техникалық қайта жабдықтау мен қайта құру шаралары ресурстарды үнемдеу жағына жеткілікті көңіл бөлмеді. Нәтижесінде өндірістің ысырапқорлық сипаты; халықтың қатысуынсыз, заводтардың күш-қуатын есептемей, шикізат қорларын ескермей жасалған өнім шығаруда сапа емес, сан қууға негізделген жоспар қуушылық, жұмысшылардың ынта-ықыласын төмендетуге әкелген тоқыраудың, экономикалық дағдарыстың айқын көрінісі 1970-1980-ші жылдарда Орал қаласында да көрініс алса да, X-бесжылдықта қала едәуір жетістіктерге қол жеткізді. Мысалы, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 16,1 пайызға өсіп, мемлекеттік жоспарды 7,8 миллион сомға артық орындады. Яғни бұл көрсеткіш 40-жылдармен салыстырғанда 30 есеге өскен. Осындай жетістіктер қала территориясының кеңеюіне, тұрғындар санының өсуіне, қала құрылысының дамуына оң әсер етті. Мысалы, 1959 жылы қала тұрғындары 113381 мың(29,7%), қазақтары -

9962(2,6%) болса, 1999жылы 251761(40,8%), қазақтар -99624(16,2%) болса, 2011 жылы қаланың жалпы халық саны 291355 мың болды.

Кеңестік кезеңде қаланың өндіріс орындары мен қала еңбекшілерінің селоға шефтік көмегінің айқын үлгілері орын алды. Қаланың мәдени-саяси даму жағдайынан кеңестік кезеңде ұлттық мәдениет пен дәстүрлердің дамуы шектеліп, ұлттық сана имперлік саясат шеңберінде тұншықтырылып келгенінің көрінісі айқын байқалды. Клубтар, мәдениет кешендері мен кітапхана қорларының басым бөлігінің орыс тілді болуы қалада ұлттық мәдениетті дамытудың басты кедергісі болды. 1980-жылдардың ортасына дейін қалада 2 ғана қазақ мектебінің, С.Сейфуллин атындағы мектеп-интернат пен Сауықтыру мектеп-интернатының ғана болуы ұлттық мәдениет пен тілдің дамуына жол берілмегенінің басты куәсі болды. Бұлардың өзі де облыстық деңгейдегі мектептер болды, қалалық бірде-бір қазақ тіліндегі мектеп пен бала бақша болмады. Сондай-ақ 1980-жылдардың ортасына қарай қалада жұмыс жасаған 29 клуб, 3 мәдениет үйі, 110 кітапхана, 2 өнер мекемесі, 3 музей мен 6 кинотеатрдағы жүргізілген жұмыстардың да басым бөлігі орыс тілінде болды. Мұның бәрі қалалық партия комитетінің бақылауымен және тікелей нұсқауымен жүзеге асырылды.

Қала облыс орталығы ретінде бүкіл облыс экономикасы мен мәдениетінің дамуына қолайлы жағдай жасап, жетекшілік роль атқарды. Ауыл шаруашылығының дамуын қамқорлыққа алып, облыс аудандарын кадрлармен, техникамен жабдықтады. Қала еңбекшілері жыл сайын елдің ортақ қазынасына өздерінің қомақты үлестерін қосып отырды.

Еліміз егемендік алғаннан кейін де қала өзінің орталық ретіндегі ролін сақтап қалуда. Қаланың қоғамдық-саяси өміріндегі тарихта өз орнын алатын тәуелсіздікке ұмтылу бағытындағы 1991 жылғы қыркүйек оқиғасын ерекше атауға болады. Қаланың әкімшілік басқару жүйесі де бірқатар өзгерістерге ұшырайды. Мысалы, қала әкімінің қызметі, қазақ тілі қоғамының, мәдениет бөлімінің жұмыстарын айтуға болады.

Қаланың экономикалық даму бағыты бірден нарықтық жағдайға бейімделіп, қазіргі таңда өндіріс орындарының жұмыстары оң нәтижелерге қол жеткізуде. Оған бірден-бір себепші болып отырған Елбасының республика аймақтарының

әлеуметтік-экономикалық дамуын жүзеге асыру бағытындағы саясатын бейнелейтін әр жылдардағы қабылданған «ҚР-ның халқына арналған Жолдауларына» байланысты. Қала республикамызда ғана емес көрші және шет мемлекеттермен де жоғары экономикалық, саяси, мәдени бағытта қарым-қатынастар орнатты. Бұл байланыстар негізінен ХХ ғасырдың 60-жылдарында бастау алып, шет елдерге мия өнімдері, теритон бұйымдары, арматура өнімдерін шығарумен танымал болды. Сонымен қатар қазіргі таңдағы Орал қаласының экономикалық-саяси беделін айқындайтын тарихи оқиғалардың бірі шекаралық облыстардың ынтымақтастық форумының 2006 жылдың 3-4 қазан аралығында өтуі. Форум аясында маңызы зор бірнеше құжаттарға қол қойылды. Қазақстан мен Ресей шекаралас облыстары басшыларының кездесу орны ретінде Орал қаласының таңдалуы кездейсоқтық емес. Себебі екі мемлекет арасында 94 бірлескен кәсіпорын жұмыс істеп, олардың тауар айналымы 10 млрд. АҚШ долларын құраса, соның 840 мың доллары Батыс Қазақстан облысының еншісінде.

Қазіргі таңда жалпы Батыс Қазақстан облысында әлемнің 34 елінен 211 шетелдік және 140-тан астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Республиканың экономикасына тартылған шетел компанияларының инвестициялық үлесінің басым бөлігі Батыс Қазақстан облысының өндіріс орындарының еншісінде. Мұның өзі қаланың нарықтық экономиканың талаптарына сай, ірі серіктес маңызы бар аймақ бола алатындығын айғақтайды. Оның дәлелі қаладағы жұмыс істеп тұрған ірі өндіріс ошақтары ретіндегі «Диана» фабрикасы мен «Зенит», «Омега», Жөндеу зауыттарына «Иновациялық-технология» мемлекеттік бағдарламасының енуі болып табылады.

Қала көркін абаттандыру және көшелерді көріктендіру ісі 2000 жылдан бастап қарқынды қолға алынды. «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында қала көшелерін көгалдандыру, тазалық айлықтарын өткізу, көше жолдарын кеңейту және тегістеу жұмыстары жасалуда.

Республиканың жалпы әлеуметтік деңгейінің өсуі Орал қаласының тұрғындарының өміріненде айқын көрініс тапты. Аймаққа тартылған шетел компаниялары әлеуметтік саланың дамуына да қомақты инвестициялық қаржы бөлуде. Мысалы шетелдік КПО компаниясы қаржыландырған қаланың

орталығынан бой көтерген қазақ драма театры, мұз айдыны, № 30,44, 34 жалпы білім беретін соңғы үлгіде салынған қазақ мектептері, жүзу бассейні, облыстық жұқпалы аурулар ауруханасын айтуға болады. Сондай-ақ шетел компаниялары қаланың тарихи маңызы бар және ескі ғимараттарды күрделі жөндеуден өткізуге де ат салысуда. Республикадағы «Мемлекеттік тұрғын үй» бағдарламасының орындалуы отандық инвестициялар мен жеке сектор есебінен өсуде. Қалада тұрғын үй құрлысының қарқынды жүруінің нәтижесінде қаланың территориялық көлемі ұлғаюда. Жаңадан № 6-шы, 7-ші, «Арман», «Көктем», «Ғалымдар ауылы», «Жақсы ауыл», «Жұлдыз», «Самал» мөлтек аудандары бой көтерді. Қала халқының әлеуметтік жағдайының жақсаруына байланысты халықтың тұрмыс деңгейі көтерілді. Соңғы үлгідегі тұрмыстық бұйым түрлерінің көбеюіне байланысты, халық сұранысының артуы нарықтық өмірге бейімделген ірі сауда орталықтарының ашылуына негіз болды. Мысалы, «Сулпак», «Достық», «Электроника планетасы» және тағы басқа сауда үйлерін, «Орал», «Променад» сауда және ойын-сауық орталықтарының ашылуын айтуға болады. Қала тұрғындарының жалақысы орта есеппен 1993 жылмен салыстырғанда 8,5 есеге өскен. Мысалы, 1993 жылы орташа жалақы 1822 теңге болса, 2000 жылы 12061 теңгені, ал 2006 жылы 15300 теңгені, 2011 жылы орташа еңбек ақы 69401 теңге құрады.

Әлеуметтік-тұрмыстық деңгейдің жақсаруы қала халқының негізгі бөлігінің шағын және орта кәсіпкерлікпен шұғылдануына негіз болды. 1999 жылғы санақ бойынша қала халқының 23,6% кәсіпорындар мен ұйымдарда жұмыс жасаса, 0,9%-жеке адамдарда, 0,1-өз кәсіпорындарында жұмыс жасаса, 1,7%-жеке кәсіпкерлік іспен айналысқан болса, қазіргі таңда жеке кәсіпкерлік іспен айналысу көрсеткіші екі есеге өсті. Сондай-ақ қала халқының бір бөлігі жұмыссыздар тобын құрайды. Елбасының «елдегі кедейшілікпен күрес» бағдарламасына сәйкес қалада тұрғындарын жұмыспен қамту орталығы ашылып, онда 6 мыңнан аса жұмыссыздар тіркелген. Орталық оларды жұмыспен қамту мақсатында арнайы курстарға оқытып, еңбек жәрменкелерін ұйымдастырып отырады.

Орал қаласындағы мәдени-білім ағарту саласында біршама игі істер атқарылуда. 2001 жылғы ресми мәліметтер бойынша

55 жалпы білім беретін мектеп, оның 9 таза қазақ мектебі, 4 аралас мектеп, 29 бала бақша, 7 жасөспірімдер клубы, 200 адамдық штаты бар мәдени-ағарту бірлестігі жұмыс жасаса, олардың саны қазір өсуде. Облыстық 2005 жылғы статистикалық мәлеметтерге жүгінсек, қалада 2 мемлекеттік және 8 мемлекеттік емес жоғарғы оқу орындары, 9 колледж, 3 театрлық-көрермендік мекеме, 9 мұражай, 4 кинотеатр мен 3 мәдениет пен демалыс саябағы, 206 клубтар мен 372 кітапханалар жұмыс істейді. Творчестволық коллективтер арасында «Ақжайық» вокальды-хореграфиялық ансамблі, «Орал сазы» фольклорлық ансамблі, «Назерке» хореграфиялық ансамблі, қазақ халық аспаптар оркестрі қаланың мәдени өмірінің жандануына негіз болуда.

Тәуелсіздік жылдарындағы Орал қаласының жалпы дамуындағы жетістіктердің нәтижесі мен қиындықтарын негізге ала отырып, қаланың одан әрі өркендеуінің 2010 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық жоспарын қала әкімшілігінің басшылығымен 2000 жылы қабылданған еді. Бұл жоспардың негізгі басымдық бағыттары мыналар болып табылды:

- Мұнайгаз саласы арқылы экономикалық өсу, шикізат өңдейтін кәсіпорындарды, осы салаға қызмет ететін қосалқы кіші және орта өндірісті дамыту;
- өнеркәсіп секторын импорт алмастыруға бағыттау, шығарылған өнімнің сапасы мен бәсекелестік қабілеттілігін көтеру;
- Өзіндік жеке электрэнергиясын дамыту;
- Ауыл шаруашылық өндірісін дамыту;
- Транспорттық-коммуникациялық инфраструктураны дамыту;
- әлеуметтік саланың (білім беру, денсаулық сақтау, халықты жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғау) тұрақты және сапалы жұмысын қамтамасыз ету;
- салық жинау базасын кеңейту мен жергілікті бюджетті нығайту;
- Ресей Федерациясының шекаралас облыстарымен көршілік достық қатынастарды нығайту.

Сонымен Орал қаласының 1946-2011 жылдардағы даму тарихын қорыта келе мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- Орал қаласының облыс орталығы болып қалыптасуына, жергілікті кәсіпшіліктің дамуына Ресей аумағына жақын орналысып, оның бірнеше облыстарымен шектесуі және темір жол торабының жан-жақты экономикалық байланыс жасауға мүмкіндік беруі әсер етті;
- XIX ғасырдың аяғынан басталған миграция ағыны, қоныс аударушылардың көп келуі оның соғыстан кейінгі 1950-1970 жылдардағы тың игеру кезінде жалғасын табуы демографиялық құрылымға әсер етіп, жергілікті халықтың үлес салмағы кеміп, орыстанушылық белгілер күшейді;
- Орталықтың өктемдігі қала экономикасын шикізат көзіне айналдырып, кәсіпорындарды салуда экологиялық жағдай, жергілікті халықтың мүддесі ескерілмеді;
- Маман жұмысшыларды даярлауға облыс, қала басшылығы көңіл бөлмеді, өндіріс тұтқаларына қазақ ұлтының өкілдері тағайындалмай, шеттетілді. Оны біз Д-қосымшада мысал ретінде келтірдік.
- Қаланың қоғамдық өмірі мен мәдени орталық ретінде дамуы жалпы облыс тұрғындарының мәдени өсуіне, рухани жағынан баюына жақсы ықпал етті, бірақ ол орыстандыру сипатында жүрді;
- Қала тарихында ерекше орны бар, ұйымдастырушылық қабілеттерімен көрінген, қаланың мәдени-әлеуметтік және экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосқан бірқатар абзал азаматтар болды. Олар Орал қаласы орталығы болған Батыс Қазақстан облысының басшылары М.Б.Ықсанов, Қ.Қ.Жақыпов, Н.Ескалиев, қала экономикасының дамуында өзіндік үлес алған П.А.Атоян, З.С.Сатаев, Қ.Қ.Арыстанғалиев, Х.А.Сафин, А.А.Гора, С.М.Камалов, ғылым, білім және мәдени саланың дамуына үлес қосқан М.М.Тілеужанов, С.А.Ақмурзин, И.Н.Кенжалиев, Жайсаң Ақбай, С.Ш.Жұбаев т.б.

Орал қаласының тәуелсіздік жылдарындағы оң өзгерістерді сараласақ

- Облыс және қала әкімшілігіне қазақ ұлтының өкілдерінің басшылыққа келуі. Қ.Көшербаев, қала

әкімдері болған О.Рахимбердин, В.М.Мұқатаев және тағы басқалары:

- Қала экономикасының нарыққа бейімделіп, өндіріс орындарына инновациялық-технологиялық бағдарламаның енгізілуі:
- Қала орталығынан соңғы үлгідегі қазақ мектептері мен мәдени ошақтарының ашылуы:
- Жастар мәселесінің қолға алынуы:
- Халықтың әлеуметтік-тұрмыстық деңгейінің көтерілуі:
- Қала құрылысының өсуі.

Жалпы 2010 жылдың қорытындысы бойынша облыс әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне орай республикада төртінші орынға тұрақтады. Осы кезең ішінде 875,6 млрд теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндірілген. Өңдеу өнеркәсібінің өсімі 174 пайызға жеткен. Облыс экономикасын дамытуға 210,8 млрд теңге инвестиция салынған. Орташа жалақы көлемі 15,7 пайызға артты.

Орал қаласы әлеуметтік-мәдени даму рейтингісі бойынша екінші шаһар деген атақ алды. 2009 жылы Маңғыстау облысында өткен Қалалардың халықаралық ассамблеясы сессиясында осы беделді ұйымға толық мүше болып қабылданған Орал қазір ТМД елдері ішіндегі тарихы мен мәдениеті бай таңдаулы қалалардың бірі атанып отыр.

Кемелдікке ұмтылған Орал қаласының әлеуметтік-экономикалық тарихи-мәдени келбеті осындай.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. А., «Ата мұра». 1999.-296 бет.
- 2 Ғарифолла Есім. Қазақстанның болашағы қалаларға байланысты. // Жас Алаш, 2001. 20 қазан.
- 3 Перцик Е.Н. Города мира. М.,1999. – 380 с.
- 4 Қозыбаев М.Қ. История и современность. Алма-Ата: Ғылым,1991.-254с.
- 5 Кушаев Г.А.Этюды древней истории Степного Приуралья. Уральск. Диалог 1993.-171с.
- 6 Рысбеков Т.З. Өскен өлке тарихы. Орал, 1997– 179 б.; Менің Қазақстаным. Орал, 2001.-205 б.
- 7 Чесноков Н. Уральску -350 лет. Алматы,1963; На куполе – столетний отблеск: Уральск сто лет назад. Уральск, 2003.-134 с.
- 8 Данилевский К., Рудницкий Е. Урало-Каспийский край (Уральская губерния и бывшие земля Уральского казачьего войска и Уральская область). Уральск,1925.; Дроздов Г.Н. Уральский округ и его районы. Уральск, 1930; Карманный справочник на 1937 г. Алма-Ата, 1937.
- 9 Горячева А.А. Город Верный в конце XIX века. В кн.: Вопросы истории Казахстана /уч. Записки КазГУ. т. 43. Вып. 9. – Алматы.- 1962; Туманшин К.М. Основание и развитие Петропавловска и уезда во второй половине XVIII-первой половине XIX вв. // Учен. Записки Кустанайского гос. Пединститута. Т. VI. История. 1961.; Чемирбаева Б.И. История возникновения и развития Риддера (1786-1917). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Алма-ата, 1969.-36 с. Алпысбаева Г. Проблемы социально-экономического развития г. Акмолы (1832-1917гг). Автореферат диссертации на соиск. учен. степ. канд. ист.наук. – Алматы, 1997.-38 с.
- 10 Москалев Г.Е. Особенности географического положения Яйцко- Уральска //Уральск,1956.- 80 с.; Хозяйственный облик дореволюционного Яйцка-Уральска. Уральск , 1956. - 82 с.
- 11 Ишмурзин У. История Джамбула (1864 – 1917 г.г.) – Алматы, 1969.; Алексеенко Н.В. Усть–Каменогорск. Алматы. Казахстан, 1970.-102 с.;

Елагин А.С. Кустанай: вчера, сегодня и завтра. Алматы, 1979.– 247 с.; Ердаuletов С.Р. Тараз – Аулие- Ата - Джамбул. Алматы: Казахстан, 1983 – 144 с.; Семипалатинск. Алматы. Наука, 1984 – 224 с.; Нұрғалымова К.С. Ақтөбе қаласының тарихы(1946-1991жж.)тарих ғыл.кандидаттық дәреже Алу үшін даярл. Диссертация, Алматы, 1994.-138б.; Кузутбаева Б.К. Социально-экономические развитие г. Актау(1959-2001гг). дис. на соис.степ. док.ист.наук. Алматы,2001-149с.; Қырықбаева Э.О. Семей қаласының тарихы: әлеуметтік-экономикалық және мәдени аспектісі (1946-1990жж.) тарих ғыл.док. атағын алу үшін даярл. диссертация. Алматы, 2000.-230б.

12 Герасимова Э.И. Уральск. Исторический очерк (1613-1917гг) Алматы. Наука, 1969.-214 с.

13 Искаков У.М. Города Казахстана: проблемы социально – экономического развития. Алматы. Наука, 1985.– 160 с.; Города в системе расселения Казахстана// экономика-демографический аспект/ АН РК Совет по размещению производительных сил. Алма-Ата,1992.-216с. Проблемы социально-экономического и этно-демографического развития городов Казахстана. (тематический сборник научных трудов под ред.колл. Ж.К. Касымбаева) Алматы, 1985.-101 с.

14 Басенов Т. Портреты городов Казахстана. Алматы:Казахстан, 1967.-52 с.; Двоскин Б.Я.,Голиков Н.Ф. Будущее городов Казахстана. Алматы,1975.-19 с; Сарсембаев Т. Социалистические преобразование в Казахстане и развитие городов. Алматы. Знание, 1970.-263 с.

15 Елагин А.С. Города Казахстана в период строительство социализма// Актуальные проблемы истории советского Казахстана.-Алматы: Наука,1980.-344 с.; История городов Казахстана (Отв. Ред.Елагин А.С.) Алматы: Ғылым, 1984. - 224 с.

16 Қасымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861-1917гг. (социально-экономический аспект) Алматы,1990. – 104 - б.; История г.Акмолы (1852-1917гг.) Алматы, 1995.-345 с.

17 Сармурзин А.Г. Деятельность КПСС. по индустриальному развитию Казахстана (1959 – 75 г.г.) Алматы: Наука,1981 – 304 с.; Кошанов А.К. Индустриальный прогресс Казахстана в период развитого социализма. Алматы, 1979.-301 с.; Ашимбаев Т.А. Экономика Казахстана за 70 лет.Алматы: Наука, 1987-160 с.; Коваль В.И. Механизмы тормажения и социально-экономическое

развитие Казахстана в 70-80годы // О прошлом для будущего. Алматы, 1990.- 227 с.

18 Чуланов Г. Промышленность Казахстана за годы Советской власти. Алматы, 1951.-101 с.; Кийкбаев Н.Промышленность Казахстана в первой пятилетке. Алматы. Казгосиздат, 1951.- 95 с.; Кольцов В.Развитие промышленности Казахстана. Алматы, Казгосиздат, 1961.-284 с.; Симаков К. Очерк развития промышленности Казахстана. Алматы. Казахстан, 1970.-212 с.; Әбутәліпов Ж. ҚазССР халық шаруашылығы он екінші бесжылдықта.-Алматы. Білім, 1987.-142 бет.; Абишев Б.Н., Нурмухамедов С.Б. Казахстан на современном этапе развития социализма. Алматы, 1977.

19 Нусупбеков А.Н. Формирование и развитие советского рабочего класса в Казахстане. Алматы. Наука, 1966 - 242 с.; Нусупбеков А.Н. Вопросы истории Казахстана (Избранные труды). Алматы. Наука, 1989. - 344 с.; Алтаев А.Ш. Социальное развитие рабочих Казахстана (1970-1990гг.) Алматы: Ғалым, 1996.-250 с.; Асылбеков М.Х., Нурмухамедов С.Б., Пан Н.Г. Рост индустриальных кадров рабочего класса в Казахстане. – Алматы, 1976. - 249 с;

20 Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально – демографические процессы в Казахстане (1917 – 1980 г.г.) Алматы: Ғылым, 1991 – 192 с.; Алексеенко А.Н. Население Казахстана в 1920 – 1900 г.г. Алматы: Ғылым, 1993 – 125 с.

21 Сембаев А.И. Очерки по истории казахской советской школы. Алматы. Казучпедгиз, 1958. – 315 с.; Задорожный Г. Школы Казахстана (1846-1970гг.) Алма-Ата,1975.-246 с.

22 Рустемов Л.З. Подготовка педагогических кадров в условиях развитого социализма. Алматы. Наука, 1985. – 132 с.; Жуламанов К. Совершенствование высшего образования в Казахстане (1966-1975гг.) Алматы, 1976. – 189 с.; Рысбекова С.Т. История социального развития интеллигенции Западного Казахстана (1965-85 гг). Дис.на соис.учен. степ.кандидата ист.наук. Алматы, 1999.; Балахметова Г.К. Подготовка педагогических кадров в Казахстане (1970-85 годы). автореф. на соис.учен. степ.доктора ист.наук. Алматы,1999.- 30 с.

23 Канапин А. Новые формы культурно-просветительной работы.-Алма-Ата, 1963.-112 с.; Джандильдин Н. Расцвет культуры и науки в Советском Казахстане. Алматы, 1956.-76 с.;

Табылдиев Х.Б. XX ғасыр басындағы оқу-ағарту ісінің жай-күйі.// Ізденіс, 1997. №3.; Атырау облысының құрылу және даму тарихы // Материалы научной конференции. Атырау, 1998.; Назарбаева Г., Әбжанов Х.М., Қазақстан: тарих, тұлға, теория. Алматы, 2004. – 344 бет.; Назарбаева Г., Әбжанов Х.М. Қазақстан: тарих пен тағдыр. Алматы: «Кітап баспасы» ЖШС, 2004. – 296 бет.; Ельчибаева О.Т. Развитие областных библиотек Казахстана в 1946-1970 годах. - Автореферат диссер. На соиск. учен. степ. кан.ист.наук. Алма-Ата, 1975.

24 Тлепина Ш.В. Национально – культурные центры Республики Казахстан: становление, деятельность, проблемы (1985 – 1995 г.г.) Алматы, 1997–207 с.;

Баймагамбетов С.З. Современная государственная культурная политика Республики Казахстан: разработка, реализация и проблемы (исторический анализ). Дис. на соиск.степ.кан.ист.наук. - Алматы, 1997.-171 с.; Бардаков В.В. Советы народных депутатов Казахстана в осуществлении проблемы жилищного и культурного строительства в 80- годы. Дис.на соиск.степ.канд. ист.наук. М., 1990.; Капаева А.Т. Государственная политика в области культуры в Казахстане II пол. 40-х – конец 80-х годов XX века.- автореф. на соиск уч. ст.д.и.н. Алматы, 2004.-58 с.

25 Самарин Р.И. Очерки истории здравоохранения Казахстана. Алма-Ата,1958.-150 с.; Душманов С.Х. История здравоохранения Западного Казахстана: автореферат диссерт. доктора пед. наук. – М., 1992 – 29 с.

26 Виноградская С. Белый город –Атырау. Алматы, 1995.-135 с.; Абуев К.К. Кокшетау: исторический очерк. Кокшетау, 1997. - 293 с.; Нурбаев К.Ж. История г.Павлодара (1917-1940гг.) Дис. на соиск.степ.кан.ист.наук.- Алматы,1998.-171 с.

27 Мамыров Н.К. Проблемы развития экономики и образования в Казахстане.-Алматы: Экономика, 1998. - 354 с.; Казахстанское экономика на пути становления и прогресса. Алматы, 1994.-115 с.; Парамонов В.В. Экономика Казахстана (1990 – 1998) Алматы: Ғылым, 2000.– 196 с.; Проблемы региональной экономики (под. ред.Д.К.Кабдиева). Алматы: Экономика, 1998. – 129 с.; Ашимбаев Т. Экономика Казахстана на пути к рынку: тенденции и размышления. Алма- ата: Казахтан, 1994. – 168 с.; Фейзуллах Будак Қазақстан: өткені, бүгіні мен ертеңі. Анкара. Билиг, 2000. - 358 б.

28 Рысбеков Т.З. Советы Қазақстан (1938-1986гг.) Алматы. Наука, 1988.-151с.; Рысбеков Т.З., Мухлисова З.К., Иночкин В.А. История Западно-Казахстанской области. Уральск, 2003. - 236 с.; Бірімжаров Б.Қ. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы 1946-2000 жылдарда. Орал, 2005. - 244 бет.; Рысбеков Т.З., Бірімжаров Б.Қ., Құрманалин С.Б., Жақсығалиев Ж.Ж. Батыс Қазақстан облысының тарихы. Орал, 2001.-174 б.; Ж.Жаңабайұлы Жақсығалиев Орал Һәм Уральск орыс отаршылары таңған атау тұра береме? .. әлде Қарт Жайықтың қысқаша тарихы // Жайық үні. 2005, 3 ақпан, №6.

29 Сдыков М.Н. История население Западного Казахстана (1897-1989гг.). Алматы, 2004. – 408 с.; Россия-Казахстан: Фронтьерские миграции (сборник научных трудов под общей редакцией Ж.Зайончиковской, М.Сдыкова.), Москва-Уральск, 2002.-236 с.; Қаржаубаева А.И. Роль миграционных процессов в формирование современного населения Западного Казахстана (конец XIX-XXвв.) Автореф.дис. на соиск. учен. степ.канд.ист.наук. Уральск, - 2004.- 24 с.

30 Жайсаң Ақбай Нарын – казахия. –Уральск-Полиграфсервис, 2000; Жайсаң Ақбай Ритмы АқЖайық. Уральск, 2002.

31 Решение партии и правительства по хозяйственным вопросам. Сб. документов. М., 1968. т.3 . 250 с.

32 Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 4-қор.1-тізім. 6, 28, 109, 148, 424, 1643, 3645, 3657, 3658, 3348, 2964, 2964, 3342, 3921, 3648-істер.

33.БҚОММ 4-қор, 2-тізім, 10, 511, 1643, 1655, 2323, 3921, 2824, 3613, 4826, 4947-істер.

34. БҚОММ.4-қор, 3-тізім, 141, 759-іс. 2126, 2128-іс.

35.БҚОММ. 4-қор, 4-тізім, 515-іс.

36.БҚОММ 4-қор, 7-тізім, 292-іс.

37 БҚОММ. 4-қор, 15-тізім, 3351-іс.

38 БҚОММ. 4-қор, 18-тізім, 3618-іс.

39 БҚОММ 4-қор, 28-тізім, 2-іс.

40 БҚОММ. 26-қор, 1-тізім, 512, 707, 882, 1162, 1900, 2073, 2420,2486, 2503, 2587, 2588, 2590, 3029-істер.

41 БҚОММ. 26-қор, 2-тізім, 374, 1379, 2016, 2085, 2398, 2590-істер.

42. БҚОММ 30-қор, 1-тізім, 722-іс.

- 43 БҚОММ.37-қор, 18-тізім, 1-іс; 20-тізім, 280-іс; 39-тізім, 4-іс; 60-тізім, 1-іс.
- 44 БҚОММ.317-қор, 1-тізім, 140, 772, 768-істер.
- 45 БҚОММ. 626-қор, 1-тізім, 47-байлам.430-іс; 2-тізім, 520-іс.
- 46 БҚОММ. 659-қор.1-т.633-іс.
- 47 БҚОММ. 693-қор, 3-тізім, 15-іс; 4-тізім, 203-іс; 9-тізім, 13-іс; 25-тізім, 8, 278, 350, 923; 31-тізім, 867-іс; 32-тізім, 10, 566, 2947 -істер.
- 48 БҚОММ. 420-қор, 1-том. 109-іс.
- 49 БҚОММ. 1759-қор.1-т.7-іс.
- 50 БҚОММ 1770-қор, 1-тізім, 2, 4, 17, 35, 55-істер.
- 51 БҚОММ. 1772-қор, 1-тізім, 1, 2, 23, 42, 134, 242, 254-істер; 2-тізім, 276-іс.
- 52 Қазақстан Республикасының Президенттік мұрағаты. 1137-қор. 11-тізім. 1652-іс.
- 53 ҚРОММ.1692-қор.1-т.2480-іс.
- 54 КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет Пленумдарының қарарлары мен шешімдері. Алматы, Қазақстан.1973. 7т.- 548 б.
- 55 Экономика Казахстана за 60 лет(становление и развитие) Алматы.,1977.-138с.
- 56 Сактаганова З.Г. Советская модернизация экономики Казахстана в 1946-70гг.: критика исторического опыта.Алматы, 2004. - 53 с.
- 57 Народное хозяйство Уральской области. Статистический сборник. Уральск, 1970.- 300 с.
- 58 Формировать рабочий класс// Приуралье.1988, 30декабрь.
- 59 Уральск индустриальный // Приуральная правда, 1967, 18 октябрь.
- 60 Бірімжаров Б.Қ. Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы 1946-2000 жылдарда.Орал,2005.-244 бет.
- 61 Рысбеков Т.З.Советы Казахстана (1938-1986гг.) Алма-Ата. Наука, 1988.-151с.
- 62 Трезво оценивать достигнутое, изживать недостатки // Приуралье,1983. 13 декабрь. - №237.
- 63 Сообщение бюро Уральского обкома КП Казахстана //Приуралье,1988, 24 ноябрь.
- 64 Сисенбайұлы Н.Қ. 1991, қыркүйек – «Орал оқиғасы». Ақтөбе, «Лазер», 2001.-300 бет.

- 65 Всесоюзное совещание по градостроительству. М.,1960. - 217 с.
- 66 Задорожный Г. Школы Казахстана (1846-1970гг.) Алма-Ата,1975.-246с.
- 67 ҚРОММ. 1692-қор, 1-тізім, 1920-іс.
- 68 Уральск от выборов до выбора.// Приуральная правда, 1980. -19 февраль
- 69 Ельчибаева О.Т. Развитие областных библиотек Казахстана в 1946-1970годах.-Автореферат диссер. Кан.ист.наук.-Алма-Ата, 1975.-38 с.
- 70 Наш Казахстан: цифры и факты. Алматы. Казахстан.1970 – 223с.
- 71 Джандильдин Н. Расцвет культуры и науки в Советском Казахстане. Алматы, 1956.-76 с.
- 72 Парамонов В.В. Экономика Казахтана (1990 – 1998) Алматы: Ғылым, 2000 – 196 с.
- 73 Қазақстан Республикасының Президент мұрағаты. 1137-қор.48-тізім.507-іс.
- 74 Назарбаев Н.Ә.Қазақстан – 2030. Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы, Алматы, Білім,1997.- 176 бет.
- 75 На трудном пути к рынку. Приуралье,1992.31 декабрь.
- 76 Статистический ежегодник области. Стат. сборник. 1996-1999. Уралтск.,2000.-153с.
- 77 Қаржы көзін іздесек.// Орал өңірі. 1993,22 қаңтар.
- 78 Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі статистикалық есебі.Орал,-2001.-93 б.
- 79 Уральск на пороге XXI века. Уральск,2000.108 с.
- 80 Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқына Жолдау.// Орал өңірі. 2005,18 ақпан.
- 81 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 2003. -36 бет.
- 82 Рахимберди О. Жизнь города языком цифр. // Пульс, 1994,13 октябрь. №42
- 83 Городская экономика:экзамен или выживания//Приуралье.1996.28 март. №13

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

ФЗО –фабрика-зауыт оқуы

ОСОАВИАХИМ – Общество Содействия Обороне, Авиации и Химическому строительству (қорғаныс, авиация мен химия құрылысына ықпал ету қоғамы)

ДОСААФ –Добровольное Общество Содействия Армии, Авиации и Флоту (Армия, Авиация және Флотты қолдаудың Ерікті Қоғамы)

АҚ –Акционерлік Қоғам

ААҚ –Ашық Акционерлік Қоғам

ЖЭО –Жылу Электр Орталығы

ОАК –Орталық Атқару Комитеті

ЖШС-Жауапкершілігі шектеулі серіктестік

КОКП – Кеңес Одағының Коммунистік партиясы

КСРО – Кеңес Социалистік Республикалар Одағы

Қосымшалар

Қосымша А

Қаланың экономикалық-әлеуметтік және мәдени дамуының көрсеткіштері

А.1 Қаладағы өндіріс орындарындағы өнім өндіру көрсеткіші

Мекемелер	Жалпы өндірілген өнім (мың сом есебімен)			
	1947 жыл		1948 жыл	
	сомасы	%	сомасы	%
1.Одақтық өнеркәсіп орындары	20462	94	28200	112
2.Республикалық өнеркәсіп орындары	9018	100	10532	92,5
3.Жергілікті өнеркәсіп	836	78	1050	105
4.Өнеркәсіп кооперативтері	5676	103	7297	122,7
5.Мүгедектер кооперациясы	1117	102,4	1212	118
Қаладағы барлық өнеркәсіп орындары бойынша	37111	94,8	48388	108,7

Дерек көзі: БҚОММ. 4-қор. 1-тізім.3657-іс.4-парақ.

А.2
1965 жылғы Орал қаласының өндірістік көрсеткіші

Мекемелер атауы	өнеркәсіптік персоналдың жалпы саны	Соның ішінде жұмысшылар	Жалпы өнім (мың сом есебімен)
Жылу-энергетикалық орталық	285	211	2253
Арматура зауыты	382	296	1918
Механикалық зауыт	935	793	4567
Жөндеу зауыты	1229	1053	10152
Автожөндеу шеберханасы	71	58	371
Құрылыс-монтаж құралдарының зауыты	412	336	1452
Мебель фабрикасы	449	381	1516
Қабырға материалдарының зауыты	310	267	863
Құрылыс материалдарының комбинаты	250	204	1373
К.Цеткин фабрикасы	693	594	2817
Тері аяқ комбинаты	1182	1033	10828
Тері комбинаты	988	848	13447
Ет комбинаты	1396	1160	48766
Сүт комбинаты	367	279	9429
Шарап зауыты	79	59	2084
«Союзлакрица»ның мия цехы	57	48	835
Оқу-өндірістік мекемелер	133	102	987
Нан-кондитерлік тағамдардың өндірістік бірлестігі	615	544	7124

Дерек көзі: БҚОММ. 693-қор. 25-тізім.350-іс.2-17-парақтар.

А.3 1980 жылғы Рационализаторлық ұсыныстар мен өнертабыстар

Салалар	Жұмысшы жастар саны	Комсомол дар саны	Түскен		Қабылданғаны		Енгізілгені		Экономикалық тиімділік
			Рационализаторлық ұсыныстар	өнертабыстар	Рац. Ұсыныс	өнертабыс	Рац. Ұсыныс	өнертабыс	
Өнеркәсіп	9621	5221	630	6	297	3	204	3	341000
Құрылыс	4001	1382	297	3	222	2	109	2	117604
Транспорт	2239	689	187	2	82	-	54	-	81244
Барлығы	15861	7292	1114	11	601	5	367	5	539848
2. 1981 жылдың 9 айындағы көрсеткіш									
Өнеркәсіп	9695	5431	621	4	275	3	223	2	482000
Құрылыс	4115	1485	253	4	213	1	115	1	84823
Транспорт	2381	827	181	3	53	1	31	-	58351
Барлығы	16191	7743	1055	11	541	5	369	3	635174

Дерек көзі: БҚОММ. 693-қор. 32-тізім.566-іс.7-парақ.

Қосымша В**1950-70 жылдардағы денсаулық сақтау мен білім беру ісінің даму деңгейі****В. 1 1950-70 жылдардағы денсаулық сақтау ісінің даму деңгейі**

Денсаулық сақтау мекемелері мен ондағы кадрлар	1950	1955	1960	1965	1966	1967	1968	1969
Дәрігерлік-ауруханалық мекемелер саны	11	10	14	15	14	14	16	17
Барлық дәрігерлік мекемелердегі кереует саны	763	1035	1325	1923	2023	2173	2593	2758
Амбулаториялық-поликлиникалық мекемелер	4	9	21	24	23	24	26	21
Тұрақты балалар яслилері	11	12	15	13	12	12	10	11
Дәрігерлер саны	147	99	274	357	383	410	434	454
Орта білімді медициналық персоналдар саны	438	800	1135	1513	1607	1690	1881	1981

Дерек көзі: Народное хозяйство Уральской области. Стат.сбор. Уральск,1970.

В.2 Жалпы мектептер саны мен ондағы оқушылар саны

Мектеп типтері	1950-51	1955-56	1960-61	1965-66	1966-67	1967-68	1968-69	1969-70
Барлық мектептер Ондағы мұғалімдер оқушылар	46 606 16337	51 758 15210	55 862 18378	35 1137 24691	36 1175 25422	34 1250 26558	33 1305 27896	36
Бастауыш мектеп Ондағы мұғалімдер Оқушылар саны	30 130 4309	29 89 2531	31 84 2312	8 62 1930	9 60 1753	6 31 956	6 43 920	5 36 698
7 жылдық мектеп ондағы мұғалімдер оқушылар саны	5 134 3752	4 65 1241	5 141 3105	-	-	-	-	-
8 жылдық мектеп ондағы мұғалімдер оқушылар саны	-	-	2 52 1036	9 282 5888	9 277 6012	8 254 5792	7 220 4697	9 247 5298
Орта мектеп Ондағы мұғалімдер Оқушылар саны	10 331 8203	17 589 11370	16 564 11839	16 756 16607	16 789 17344	18 897 19455	20 990 21925	22 1118 24425

Дерек көзі: ҚРОММ. 1692-қор. 2-тізім.3309-іс.43-45-пп.

В. 3 Жоғарғы және орта арнаулы оқу орындары мен ондағы студенттер саны

	1950-51		1955-56		1960-61		1965-66		1966-67		1969-70		1969-70	
	Оқу орн ыны ң саны	Студ ент саны	Оқу орны ның саны	Студ ент саны	Оқ у орн ы ны ң сан ы	Студ ент саны	Оқу орн ыны ң сан ы	Студ ент саны	Оқ у орн ы ның сан ы	Студ ент саны	Оқу орн ыны ң саны	Студ ент саны	Оқу орн ыны ң саны	Студ ент саны
ЖОО	2	2907	1	4072	1	4406	2	6386	2	7040	2	8431	2	8672
Орта оқу орын дары	5	2284	8	3480	7	3659	7	5371	7	6207	8	6509	8	6643

Дерек көзі: Народное хозяйство Уральской области. Стат.сбор. Уральск, 1970.

Қосымша С

Қаланың 1991-2011 жылдардағы даму көрсеткіштері

С.1 Батыс Қазақстан облысына инвестицияның келу деңгейі (миллион теңге есебімен)

Жылдар Салалар	1992 (сом)	1994	1995	1997	1999	2000
Өнеркәсіп	2901,5	801,6	2240	3199,3	5126,33	96313
Құрылыс	2,0	-	1,4	2,4	390,2	1811,9
Тұрғын үй шаруашылығы	1141,8	491,3	478,2	508,4	-	-
Білім беру ісі	348,5	19,4	67,4	54,0	4,3	693,6
Денсаулық сақтау	87,1	12,3	7,5	228,5	1365,7	361,9
Мәдениет	36,0	1,1	2,8	17,1		
Коммунальды шаруашылық	490,5	161,7	269	222,7		

Дерек көзі: Западно-казахстанский область за годы независимости. 1991-2001. Уральск, 2001.

С. 2 Әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі бойынша берілген көмек түрлері


Көмектің атауы	Тағайындалғаны		Төленгені	
	саны	Ақшасы(мың)	саны	Ақшасы(мың)
1.Бірмезгілдік жанұялық көмек	3915	5198.30	2407	2752.80
2.Баланың дүниеге келуіне жәрдем	168	370.40	126	274.40
3.Мүгедек балаларды үйде оқытуға	175	777.20	125	274.30
4.жұмыс істеген азаматтарды жерлеуге көмек	42	305.70	39	283.40
5.Жұмыссыздарды жерлеуге көмек	31	224.90	21	151.90
6.Жұмыссыздарға материалдық көмек	1095	3745.90	-	2492.5 қарыз
7.Тұрғын үй көмегі	3135	20818.20	-	-
8. Көздері көрмейтіндерге жолақы	203	1058	203	872.50

Дерек көзі: БҚОММ. 317-қор. 1-тізім.768-іс. 24-парақ.


С. 3 1990-жылдардағы қала халқының өмір сүру көздері

Рет саны	Халықтың өмір сүру көздері	өмір сүрушілердің жалпы саны	% есеппен
I. Жалдамалылық көздері			
1.	Мекмеме ұйымдарда жұмыс жасаушылар	25413	23
2.	Фермерлік шаруашылықта жасаушылар	108	0,1
3.	Жеке адамдарда жалданушылар	1297	1
II. Өз бетімен өмір сүру көздері			
1.	Жеке шаруа шаруашылығында	43	0
2.	Жеке кәсіпорындарында	175	0,1
3.	Жеке кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналысушылар	2190	1,8
4.	Жеке қосымша шаруашылықта	407	0,3
5.	Стипендия	1306	1,6
6.	Зейнетақы	12310	17
7.	Жұмыссыздықтан басқа төленетін жәрдемақы	3098	3
8.	Жұмыссыздық үшін төленетін жәрдемақы есебінен	3398	4,1
9.	Мемлекеттік қамтамасыз етудің басқа түрлерінен	6813	5,3
10.	Басқа адамның асырауындағылар	43376	42,1
11	Жеке меншік кірістен	191	0,1

Дерек көзі: Итоги переписи Казахстана. Алматы, 2001.т.2.111с.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау

2011 жылы Тұрғын үйлерді іске қосу



■ бюджет есебінен

■ жұртшылық қорлары есебінен

Қосымша Д

**Қалалық партия комитетінің І хатшылары мен Қалалық
атқару комитетінің Төрағаларының тізімі**

Д. 1 Қалалық партия комитетінің І хатшылары

1946-1949 жж. –Орехов Г.
1950-1952жж. – Мыльников А.П.
1953ж. – Инютина Д.С.
1954-1955жж. – Гусев И.Е.
1956-1961жж. – Гапонов З.П.
1962-1964жж. –Курбатов В.Е.
1965-1974жж. –Костарев С.Е.
1975-1982жж. –Волейко Л.С.
1983-1984жж.- Полюхов В.В.
1985-1988жж. –Дергунов А.В.
1988-1989жж. –Кондратенко В.А.
1989-1991жж. –Джунусов В.К.

**Д. 2 Қалалық атқару комитетінің Төрағалары (Қала
әкімдері)**

1. 1946-1947жж. –ШопениИ.
2. 1947-1948жж. –Светлов Ф.
3. 1948-1950жж. –Козырев А.
4. 1950-1954жж. –Петров
5. 1954-1956жж. –Беялиев О.
6. 1956-1957жж. –Гребенюк М.
7. 1957-1961жж.- Павлов Н.
8. 1961-1962жж. –Самодуров И.
9. 1963-1968жж. –Лосевич
10. 1968-1973жж.-Погорелов
11. 1973-1977жж.- Мальцев И.А.
12. 1977-1978жж. –Жукеев Т.С.
13. 1978-1982жж. –Молдашев К.
14. 1982-1986жж.- Тулебаев К.
15. 1986-1989жж. –Баянғалиев К.З.
16. 1989-1991жж. – Жақыпов Қ.К.
17. 1991 - Молдашев Б., Ашиғалиев К., Рахимбердин О., В. Мұқатаев., С.Оразов

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Қалалар тарихын зерттеудің өзектілігі.....	5
1 Қаланың 1946-1990 жылдардағы әлеуметтік– экономикалық жағдайы	
1.1 Қала экономикасының негізгі салаларының дамуының бағыт- бағдарлары.....	15
1.2 Әлеуметтік жағдай және қала тұрмысының жаңаша үрдістері.....	59
2 1946-1990 жылдардағы қаланың әкімшілік құрылымы мен мәдени дамуы.	
2.1 Қаланың әкімшілік басқару құрылымы	79
2.2 Қаладағы білім беру жүйесі мен мәдени өмір өзгерістері.....	99
3. Тәуелсіздік жылдарындағы Орал қаласының дамуындағы жаңа тенденциялар	125
Сөз соңы.....	165
Пайдаланған әдебиеттер мен деректер.....	173
Қысқартылған сөздер.....	180
Қосымшалар.....	181

Тапсырыс: №7. Көлемі 10,7 б.т. Таралымы 500 дана.
Офсет қағазы.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің баспа орталығы.
Орал қаласы, Сарайшық көшесі, 34.



Журасова Алтынай Шұғайқызы - тарихшы, тарих ғылымдарының кандидаты. 1965 жылы Батыс Қазақстан облысы Казталовка ауданы Қызылту селосында дүниеге келген. Бірік орта мектебін аяқтағаннан кейін Орал педагогикалық колледжіне оқуға түсіп, оны үздік дипломмен аяқтаған. 1991 жылы Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің тарих факультетін бітірген. 1991-1993 жж. Орал педагогикалық колледжінде, 1993 жылдан бері М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінде оқытушы болып қызмет етіп келеді. 2007 жылы «Орал қаласының тарихы: әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму аспектілері (1946-2000жж.)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. 3 оқу құралының, 2 оқу-әдістемелік құралдың және 40-тан астам ғылыми мақаланың авторы.